

**Қ. СЕЙДАНОВ, С. ҚИРАБАЕВ,
А. БЕКТАЕВ**

ӘДЕБИЕТ

**ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ
10-СЫНЫБЫ ҮШІН ОҚУЛЫҚ**

1-басылымы

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*



**Чўлпон атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент — 2017**

УЎК 821.512.122(075)
КБК 83.3(0)я721
С 31

Пікір жазғандар:

***Бағдат Уразов** — Гүлістан Мемлекеттік университеті,
қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы;*

***Гульнара Тойлыбаева** — Шыршық қаласы 16-мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы*

Редакторы:

Ө. Байқабылов

Шартты белгілер:



— Сұрақтар мен тапсырмалар

**Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары
есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-05-985-6

© Қ. Сейданов және басқ. 2017
© Чўлпон атындағы БПШҮ, 2017



АЛҒЫ СӨЗ

Егер тарих қойнауына тереңірек үңіліп, ой көзін қада-сак, онда өзбектер мен қазақтардың шығып келу тарихы бір, түбі бір туысқан халық екендігін анық аңғара түсеміз. Сондықтан да Өзбекстан Республикасының тұңғыш Президенті И.А. Каримов: «Біз бір алып шынардың бұтақтарымыз», — десе, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «...қазақты өзбектен, өзбекті қазақтан ажыратуға болмайды», — дейді.

Шынынды да, сан ғасырлардан бері ауылы аралас, қойы коралас болған, төсекте басы, төскейде малы қосылған, бұл екі халықтың әдет-ғұрпында, тілі мен салт-дәстүрінде, мәдениеті мен әдебиетінде, бір-біріне жақыннан жанаса түсетін ұқсастықтары өте көп. Оны біз ауыз әдебиеті үлгілері мен ежелгі әдеби мұралардан, тарихи деректер мен мұрағат құжаттарынан да анық байқай аламыз. Бұл орайда «Орхон-Енисей жазба ескерткіштері» — деп аталатын, Енисей және Орхон (Моңғолия) өзендері бойынан және Целенге, Талас бойларынан табылған әдеби мұраларды, сондай-ақ Махмут Қашғаридың «Диуани луғат-ат түрк», Жүсіп Баласағұнидің «Қудатку білік», Ахмет Югнакидің «Хибатул хаққайық», Ахмет Яссауидің «Дивани хикмет», Бабырдың «Бабырнама» сияқты т.б. жәдігерліктерді айтып өту орынды.

Сондай-ақ, Орта ғасырда латын тілінде жазылып, 1303 жылы жарыққа шыққан «Кодекус—Куманикус («Қыпшақ тілінің сөздігі») атты еңбекте жазылған «Отырғаны оба жер, басқаны бақыр шанақ» — үзеңгі, «Көк лағым көгенде жатып семірді» — қарбыз, «Жол үстінде иіл қайыс» — жылан, «Аузын ашсан, өкпесі көрінеді» — есік ашқанда көрінетін үй ортасындағы от, «Ерте тұрдым, алып ұрдым» — есік, т.б. осы сияқты жұмбақтардың да, күні бүгінге дейін екі халықта да ешқандай өзгеріссіз қолданылатынын ескерсек, онда қазақ пен өзбек халқының әдеби-мәдени мұралары-

ның да түп төркіні мен тарихы бір екенін анық аңғарамыз.

Екі халық ауыз әдебиеті үлгілерінің сюжеттік желілері де бір-бірімен іштей астасып, өз төл тума шығармаларына айналып кеткенін де жиі кездестіреміз. Мәселен, өзбек пен қазақ халқының кейбір аңыз әңгімелері мен ертегілері, эпостық және лиро-эпостық туындылары, жұмбақтары мен мақал-мәтелдері, тұрмыс-салт жырлары бір-бірімен іштей жымдасып кеткендігі соншалық, олардың мынау—қазақтыкі, немесе мынау — өзбектікі деп ажырату қиын. Бұл ретте «Төрт дәруіш», «Сырттандар», «Сүлеймен мен диканшы», «Самарқант хан», «Жұмбақшыл патша қыз бен Қаракұл», «Қожанасырдың қарыз беріп, қарыз алуы» сияқты т.б. әңгімелер мен ертегілердің: «Көз қорқақ, қол батыр», «Ананың көңілі— балада, баланың көңілі — далада», «Не ексең, соны орасың», «Ексең егін, ішесің тегін», «Айран ішкен құтылыпты, шелек жалаған тұтылыпты», «Еңбек ет те, міндет ет», деген сияқты т.б. мақал-мәтелдер де ешқандай өзгеріссіз күні бүгінге дейін екі халық арасында бірдей қолданылады.

Сондай-ақ, Жиренше шешен, Алдар көсе, Қожанасыр туралы аңыз әңгімелердің де екі халыққа ортақ екендігін айтуға болады. Оның үстіне, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ләйлі-Мәжнүн», «Тахыр-Зухра», «Фархад-Шырын», «Шырын қыз», «Қыз Жібек» секілді лиро-эпостық дастандардың да өзара үндестіктерін де аңғару қиын емес. Әсіресе, Ескендір туралы айтылатын талай-талай аңыз әңгімелер мен «Алпамыс» және «Көрұғлы», «Рүстем-Дастан», «Шәкір-Шәкірат» секілді туындылар да — екі халықтың ортақ әдеби мұрасы.

Міне бұдан, қазақ пен өзбектің әдеби-мәдени мұралары да бір арнадан өріп, кең өріс ала түскендігін көреміз.

Осылайша, қазақтар мен өзбектердің сан ғасырлар бойы бірге өмір сүріп, біте қайнасқандығы, өзара әлеуметтік өмірде, күнделікті тұрмыста бірге болуы, олардың ортақ әдеби мұраларының бірге дамуына үлкен септігін тигізген.

Мәселен: Аса талантты өзбек ақыны Ғафур Ғұлам өзінің «Қазақ елінің ұлы тойына» атты өлеңінде, екі халықтың тарихи тамырластығын:

Мың жылдарға шылау бермес,
Туыскандық тарихымыз.
Екі басқа бір маңдайдай,
Сәулелі жарығымыз.

...Бір кітаптың екі беті,
Тұтас-жалғас жеріміз.
Бір-біріне күндей раушан.
Сыры бірге еліміз, —

десе, қазақ ақыны Діқан Әбілов өзінің «Арнау» өлеңінде:

Төскейде мал, төсекте бас түйіскен,
Дос елдерміз, шын жүректен сүйіскен.
Әзіліміз, қалжыңымыз бір думан,
Кезек жеңіп, кезек шығып күліскен.

Тендес елміз ол кезде де, бұл кезде,
Ортақ бақыт, ортақ арман көздерде.
Бір өзеннің қос кемері сияқты,
Жарыса өскен жарастық бар біздерде! —

деп, тарихи шындықтың беттерін шынайы аша түседі.

Екі елдің ұлы ойшылдары мен ғұлама ғалымдары да, өздері өмір сүрген қоғам туралы және тұрғылықты жердің киелі елді мекендері мен оның әсем табиғаты туралы да өздерінің келелі ой-пікірлерін жазба түрінде қалдырып отырған.

Соның бірі — жиһанкез, әрі ақын, тарихшы, белгілі мемлекет қайраткері Бабыр (1438—1530) өзінің әлемге әйгілі «Бабырнама» еңбегінде қазақ халқына, оның бай тарихы мен табиғатына байланысты құнды деректер келтірген. Мәселен, Отырар, Түркістан, Сайрам сияқты қазақ халқының ежелгі елді мекендері мен Сейхун (Сырдария), Арыс өзендері, тағы басқа да жер-су аттарын ерекше сүйіспеншілікпен тілге алған.

Оның «Бабырнамасында» қазақ халқының жалайыр, арғын, қыпшақ сияқты ру аттары мен Жәнібек, Қасым хан, Әдік сұлтан, белгілі ақын, әрі тарихшы Мұхаммет Хайдар

Дулати сияқты т.б. ел азаматтары туралы тарихи мәліметтер көптеп кездеседі.

Ал қазақтың ұлы ақыны Абай өзінің «Екінші қара сөзінде» туысқан өзбек халқы жөнінде ой толғай келіп: «... өзбектің екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерлерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ» — дейді де, онан соң: «... өзімен өзі әуре болып, бірімен бірі ешбір шаһари жауласпайды», «... ептілік, қырмызылық, сыпайылық бәрі соларда», — дейді.

Сондай-ақ, Абай ол екі халықтың туыстығы туралы да былай деп жазады: «...біз әуелден өзбек жұртымен аталас едік», — дейді.

Міне бұл жазылғандардан екі халық өзара бір-бірінің тағдырына, тыныс-тіршілігіне сан ғасырлардан бері нем-кұрайды қарамағанын анық аңғаруға болады.

Аллаға шүкір! Егеменді ел, Тәуелсіз мемлекет болғанымызға да, 26 жыл боп барады. Бүгінгі екі Республиканың Президенттері Ш.М. Мирзиёев пен Н.Ә. Назарбаев өз мемлекеттерінің өсіп-өркендеуіне айрықша үлес қосумен қатар, екі елдің достық қарым-қатынасының дамуына да ерекше мән бере түсуде. Мәселен, Өзбекстанда бір миллионнан астам қазақтардың балалары үшін, 394 қазақ мектептері жұмыс істеп, ол мектептер Өзбекстанның Білім стандартына сай жазылған, өз ана тіліндегі оқулықтармен толық қамтамасыз етіліп, үлкен қамқорлыққа бөленіп отыр.

Ал, Қазақстандағы бес жүз мыңға жуық өзбектердің де балаларына, Қазақстан тарапынан дәл осындай қамқорлықтар мен мүмкіндіктер жасалған. Бұл — Тәуелсіздіктің бізге берген үлкен жемісі!

1994 жылдың 23—25 мамырында Өзбекстан Республикасында Қазақстан күндері үлкен салтанатпен өткен болса, 1995 жылдың 25—26 мамырында Қазақстан Республикасында Өзбекстан күндері болып өтті. Онда екі елдің ақын-жазушылары мен мәдениет, өнер қайраткерлері, бизнесмендер бір-бірімен кездесіп, үлкен әдеби-мәдени экономикалық алды-берді, сауда-саттықтар шараларды жүзеге асыра түсуде.

Екі халықтың ортасындағы мұндай әдеби-мәдени экономикалық байланыстарды, екі ел арасына салынған алтын

көпір деуге болады. Сондықтан да, бұндай кездесулер келешекте де өз жалғасын таба түссе нұр үстіне нұр болмақ.

Күні кешегі, тоталитарлық дәуірде өзге халық былай тұрсын, өз ішімізден шыққан «елім», «жұртым», «халқым» дейтін көзі ашық, көкірегі ояу зиялы арыстарымыздан көз жазып қалғанымыз да бәрі тарихтан белгілі. Сол жылдары көне тарихымыз әдейі тұмшаланды. Тіпті, дінімізді «апын» деп түсіндірді де, тіліміз бен дінімізді жою үшін де талай келеңсіз іс-әрекеттер жасалды. Халық бостандықты, тәуелсіз өмір сүруді ансады.

XX ғасырдың 80 жылдарының соңында, қоғамымызға қайта құру самалымен келген жариялылықтың арқасында, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді. Елімізде үлкен бір серпіліс пайда болды. Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізді! Енді халқымыз кезінде жоғалтқан құнды дүниеліктерін тарих қойнауынан қайта тауып, қайта жарыққа шығарып келеді.

Қазақ-өзбек әдебиетінің XX ғасырдағы ірі тұлғалары да бұрынғы арыстарымыз — Сәкен Сефуллин мен Абдулла Қадиридін, Мұхтар Әуезов пен Айбектің, Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсірепов пен Абдулла Қаһардың, Әбділдә Тәжібаев пен Міртемірдің, Мұхаметжан Қаратаев пен Иззат Сұлтановтың, Зулфия мен Тұрсынхан Әбдірахманованың, Сырбай Мәуленов пен Мирмухсиннің салып кеткен достығы қарым-қатынастары мен шығармашылық игі байланыстары кең өріс ала түскен болатын.

Онан соң бұл байланысты, достық қарым-қатынасты Әділ Якубов пен Әбдіжәмил Нұрпейісов, Өзбекстан қаһарманы, халық ақыны Абдулла Арипов пен ақын әрі драматург Нұрлан Оразалин, белгілі ақын, хас талант иесі Мұхтар Шаханов және аса талантты тарлан ақындардан Еркін Вохидов пен Олжас Сүлейменов одан әрі кең өріс алдыра түсті. Өйткені, олардың өзара достығы мен шығармашылық байланыстары бүгінде екі елдің достығы рәмізіндей сипат алып отыр.

Міне, бұл — өзбек-қазақ халықтары ортасындағы ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы достықтың жалғасы айрықша дами түскендігін аңғартады.

Қорыта айтқанда, өмір бойы базары мен мазары бір болып келген, түбі бірге туысқан қазақ пен өзбек халықтарының достығы — мәңгі бола бермек.

Демек, бұлардаң тарихы, әдебиеті мен мәдениетінің де түп төркіні бір болумен бірге ол жылдар, ғасырлар өткен сайын дамып, жаңа-жаңа сипаттала бермек. Солай екен, 10-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығында, өзбек пен қазақ халқының ақын-жазушыларының әдеби байланыстары мен пікірлері туралы да мәліметтер беру, бүгінгі күннің де өзекті, мәселесі деген сөз.





XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



ШОҚАН УӘЛИХАНОВ
(1835—1865)



Шоқан (Мұхаммедқанафия) Шыңғысұлы Уәлиханов — XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш және талантты өкілдерінің бірі. Ол — өз дәуіріндегі орыстың прогресшіл ғылымы мен әдебиеті, мәдениеті дәстүрінде тәрбие алған, әр алуан ғылым саласын меңгерген және оны алғаш зерттеген адам. Оның философия, этнография, тарих, экономика, құқық, география, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы туралы құнды еңбектері бар. Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде туған. Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы сол жерде аға сұлтан болған. Кейін туған елі — Көкшетауға көшіп келіп, Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында өткен.

Жасында ауыл мектебінде мұсылманша хат таныған Шоқан кейін орыс мектебі тәрбиесінде өскен. 1847—1853 жылдары ол Омбыдағы Кадет корпусында оқиды. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ұштауда бұл оқу орнының мәні ерекше. Онда әскери сабақтарға қоса жалпы Ресей географиясы мен тарихы, батыс, орыс әдебиеттері, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері жүрген. Корпустың оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған.

Кадет копрусына алғаш оқуға түскен кезде Шоқан орыс тілін білмейді екен. Бірақ ол өзінің зеректігімен тілді тез үйренген. Өзі қатарлас оқушылардан анағұрлым озық оқыған. Шоқанның корпуста бірге оқыған досы және кейін үлкен этнограф-ғалым болған Г.Н. Потанин: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді... Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін», — дейді.

Екінші курстан бастап-ақ Шоқан өзінің таңдаулы ұстаздарымен қарым-қатынаста болған. Оған әсіресе орыс тілі мен әдебиеті тарихының оқытушысы Костылецкий мен тарих пәнінің оқытушысы Гонсевский күшті ықпал еткен. Өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ойшылдарымен пікірлес Костылецкий сабағын Белинский идеяларының негізінде жүргізген. Ал Гонсевский әр елдің азаттық жолындағы күресі тарихын көбірек әңгімелеген. Осы оқытушыларының әсерімен Шоқан сол кезден бастап орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілерін, орыстың төңкерісшіл демократтарының еңбектерін оқыған. Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Герцен, Белинский т.б. орыс классиктерін және батыс әдебиетінен Диккенс, Теккерей, Руссо шығармаларын, «Современник» журналын үзбей оқып, әлеуметтік өмірдің және әдебиет ағымының қай бағытта, қалай дамып бара жатқандығын аңғара алатын, өз кезінің саналы азаматының бірі болған.

Шоқанның зерттеушілік қабілеті де корпуста оқып жүргенде оянған. Жазғы демалыс кездерінде ол ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді, халық жырлары мен дастандарын жазып алумен шұғылданған. Мысалы, Шоқанның алғашқы жазып алған шығармаларының ішінде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры болған.

1852 жылы Костылецкийдің көмегімен Шоқан көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры И.Н. Березинмен танысады. Березин Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын алған, ал өз тарапынан Шоқанды ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартқан.

Шоқанның сол кездің алдыңғы қатарлы ой-пікірмен таныстығын оның жолдастарының көбі үлгі тұтқан және

Шоқан олардың Еуропа мәдениетіне бет бұруына себепші болған. «Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік, — деп жазады Г.Н. Потанин. — Өзінің бізден артық білетіндігін, не біздерден білімі жағынан жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жолдастардың арасында болатын жай әңгімелердің өзінде-ақ оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз «Еуропаға ашқан терезе» сықылды болды».

Шоқанның сабақтан тыс уақытта көп оқып, зерттеген еңбектерінің бір саласы сол кездегі саяхатшылардың өмірі мен ісі туралы жазылған кітаптар болды. Мұның өзі оған үлкен әсер етеді. Ол саяхатшы болуды, ең алдымен, Орта Азияны аралап, зерттеуді армандайды.

Кадет корпусын 1853 жылы 18 жасында бітірген Шоқан Омбыда әскери қызметке қалдырылады. Бір жылдан кейін Батыс Сібір, Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын басқаратын генерал-губернатор Гасфорттың адъютанты болып тағайындалады. Осы қызметті атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласады.

1855 жылы Шоқан Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралайды. Қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы, діни ұғымдары жайында материал жинап қайтады. Бұл материалдар негізінде кейін ол «Тәңірі (құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектер жазады.

1856 жылы Шоқан қырғыз елін зерттеу экспедициясына қатысады. Қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарының тарихы, этнографиясы жайлы мәліметтер жинайды, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жазып алады. Бұдан кейін Құлжа қаласында болып, Жоңғария тарихымен шұғылданады. 1857 жылы тағы да қырғыз елінде болады. Осы сапарларда жинаған материалдарды ол «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы», «Ыстық көл сапарының күнделіктері», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы» атты еңбектерін жазуға пайдаланады.

Бұл еңбектерді орыс ғалымдары аса зор бағалаған. Оларда жергілікті халықтардың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, әдет-ғұрпы жан-жақты зерттеледі. Табиғатты және ел тұрмысын Шоқан жазушылық шеберлікпен суреттеген. Осыдан барып оны орыс достары «Қазақ тақырыбына жазатын орыс жазушысы» деп атаған.

Шоқанның демократтық, ағартушылық көзқарасын анықтауда бұл еңбектердің үлкен маңызы бар. Оларда Шоқан қоғам өмірінің дамуы мен келешегіне орыстың төңкерісшіл-демократтарының тұрғысынан қарайды. Ой-тұжырымдарын өз халқының тіршілігі мен мәдени дамуының жағдайларына лайық дамытады. Әдебиет мәселелері жөнінде Шоқан сол кездің өзінде-ақ көп тың пікірлер айтқан.

Шоқан әр халықтың әдебиетіне оның қоғамдық, әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста қарайды. Әсіресе, оның қазақ поэзиясының халықтың рухани серігі болып келгендігін айта отырып, ол: «Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырып салма ақындар не жыршылар жыр етсе, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмыталмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар тастап кеткен», — деп жазды.

«Оңтүстік Сібір руларының тарихы туралы ескертпелер» атты еңбегінде ол халық аңыздары мен ертегілерінің негізін де өмірмен, шындықпен байланыстырады. «Егер Гомердің поэзиялық аңыздарынан Геродоттың ел аузынан жинаған ертегілерінен аздап болса да тарихтық қасиет тапсақ, егер өмірді қаншама бұрмалап баяндағанмен, әрбір ертегінің негізінде шындық жатады десек, қазақтардың бір-біріне жалғасып жататын аңыздарында, өмір бейнесінде, қазіргі әдет-ғұрпында бұрынғы ата-бабаларының тарихи мәні бар оқиғалары жататынына күмәнданбауымыз керек», — деп жазады ол.

Шоқан еңбектерінде әр дәуірдегі халық әдебиетінің бағалы нұсқаларын жасаған және ауыз әдебиетінің тандаулы үлгілерін жырлап жеткізген Орынбай, Шөже, Жанак, Арыстанбай, Нұрымбай сияқты ақындардың есімдері

келтіріледі. Шоқан олардың бірқатарынан халық әдебиетінің үлгілерін жазып алған. Солардың ақындық, жыршылық еңбектері негізінде ол қазақ өлеңдерінің халықтығы жайлы құнды пікірлер де айтады.

Осы тектес материалдарға сүйене отырып, Шоқан көшпелі елдердің мәдениеті жоқ деп санайтын және оны менсінбейтін кейбір Еуропа ғалымдарының пікіріне дау айтады. «Көшпелі елдерді аң тәрізді жауыз тобыр санап, беталды жүрген тағылардың есебінде түсінетін жалған ұғым қазірдің өзінде де Еуропада үстем болып келеді, — деп жазды Шоқан. — Олар көшпелі монғол немесе қазақтар дегенді тұрпайы, мал тәрізді тағылар деп ұғады. Ал, шындығына келгенде, сол тағылардың көбінің жазба түрінде немесе ауыз әдебиеті, аңыз-әңгімелері бар. Өлеңге, әсіресе, суырып салма өлеңге бейімділік барлық көшпелі елдердің өздеріне тән ерекшелігі деуге болады».

Қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинай, зерттей жүріп, Шоқан олардың славян халықтарының, әсіресе, орыстардың ауыз әдебиетімен байланысын анықтайды, және оның себебін екі халықтың тарихи тағдырластығынан іздейді. «Көп уақыттан бері қазақтың ертегілерін, мифтерін, эпикалық жырлары мен халықтарының, әсіресе, славяндардың осы тектес шығармаларымен бір сарындастығына қайран қалдым», — дейді ол «Жоңғария очерктерінде». Бұл пікірді Шоқан орыс-қазақ ертегілерін, мақал-мәтелдерін салыстыра отырып дәлелдейді.

Өмір шындығының ұқсастығы әдебиетте де тақырып, сюжет ұқсастығын Шоқан қазақ пен араб поэзиясын салыстыра отырып айтады. «Дала өмірін жырлаған поэзия болғандықтан, бұл екі елдің поэзиясы да бір-біріне өте ұқсас. Екеуінің сюжеті де дала өмірі тәрізді, үнемі біркелкі болып келеді. Екеуінде де көшпелі тұрмыс, сұлу табиғат, рулардың қарым-қатынасы, талас-тартысы суреттеледі», — деп жазады.

Шоқан көшпелі халықтарда өлеңді суырып салып айту өнерінің күштілігіне назар аударады. «Көшпелі елдердің қай-қайсысының болсын бір өзгешілігі — олар өлең-жырға бай, шебер келеді», — деп жазады ол. — Бәдәуилердің¹ ақын

¹ Бәдәуилер — көшпелі араб рулары.

келетіндігі Еуропа халықтарына әбден мәлім. Арабия дала-сын аралағандардың бәрі де жас балалардың өздеріне қойылған сұрауларға қисынды, ұйқасты өлеңменен жауап қайтаратынын айтып, ауыздарының суы құриды. Моңғол, түрік тектес рулар да дәл осындай. ... Мұндай қасиеттердің болуына көшпелілердің алаңсыз көшпелі өмірі әсер етті ме, әлде ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдыздары көп ашық аспанды сұлу табиғаты әсер етті ме, кім білсін!».

Шоқан тарихи маңызы бар шығармаларға көңіл бөлді және оларды, жалпы фольклорды, оның өсу кезеңдерін танып, білу үшін ғажап құнды мұра екенін атап көрсетті. Мысалы, ол қырғыз халқының «Манас», «Семетей» туралы дастандарын эпостың кемеліне келіп жетіскен кезін көрсететін және көлемі жағынан дүние жүзінде теңдесі жоқ, оқиға құру, адам бейнелерін жасау жағынан да аса құнды туындылар ретінде бағалаған. Жазуы жоқ елдердің өткен тарихы мен салтын тануымыз үшін мұндай ұзақ желіге құрылған, күрделі эпостардың үлкен мәні барлығын Шоқан дұрыс түсініп, соны «Манас» үлгісінде көрсетпек болған. «Манас», — дейді Шоқан — қырғыздардың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам — Манас төңірегіне топталған энциклопедия. Бұл жағынан, ол даланың «Иллиадасы»¹ тәрізді. Бұл аса зор эпопеяда қырғыз халқының өмірі, әдет-ғұрпы, географиясы, діни дәрігерлік ұғымдары, шетелдермен қарым-қатынасы түгел қамтылған... Екінші эпос — «Семетей» — «Манастың» жалғасы. Бұл — қырғыздың «Одиссеясы»².

«Манас» жырын бірінші рет баспаға ұсынып, орыс ғалымдарына таныстырған да Шоқан.

Шоқан әдебиет теориясының да кейбір мәселелерімен шұғылданған, қазық поэзиясының жанр, түр, өлең құрылысын зерттеген, қазақтың өлең құрылысымен орыс ғалымдарын таныстыруды ойлаған.

Қазақ өлеңдерін Шоқан *жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең, өлең* деп беске бөледі. Олардың қайсысы ескі түр, қай-

¹«Иллиада» — Гомердің шығармасы. Ескі грек өмірін кең қамтыған туынды.

²«Одиссея» — Гомердің шығармасы. Бұл да сондай.

сысы жаңа түр екендігін, қайсысын кімдер айтатынын әңгімелейді. Шоқанның қазақ өлендерін бұлай жіктеуі сыртқы түрі жағынан алғанда шамаға келеді. Ол қазақ өлендері құрылысын жыршылардың өлең айтқанда қобыз не домбыраға қосып айтуына қарап жүйелеген.

Шоқанның демократтық, гуманистік ой-пікірлерінің толысуына оның оқыған кітаптарымен қатар Омбыға жер ауып келген орыс ойшылдары мен жазушылары көп әсер еткен. Бұл жылдары ол петрашевшіл С. Ф. Дуровпен, саяхатшы П.П. Семенов — Тянь-Шанскиймен, атақты орыс жазушысы Ф.М. Достоевскиймен танысып, достасады.

«Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз, — дейді Ф.М. Достоевский Шоқанға қайтарған жауап хатында (1856). — Ендеше мен туралап-ақ айтайын: мен сізге ғашықпын. Мен сізді жақсы көргендей ешуақытта да, ешкімді де, керек десе, туған бауырымды да жақсы көрген емеспін... Сіз менен өзіңіздің қызметіңіз жөнінде және жалпы жағдай жайында ақыл сұрайсыз. Менің ойымша істеп жүрген жұмыстарыңызды тастай көрмеңіз. Сіздің материалдырыңыз көп. Қазақ даласы жайында мақала жазыңыз.... Қазақ даласының не екенін, оның маңызы және өз халқыңыздың Ресейге қандай қатысы барын, Ресей халқына түсіндіріп беретін ең бірінші қазақ болу дегеннің өзі ұлы мақсат, ардақты іс емес пе? Оның бер жағында, орыстар арасында өз Отаныңыздың ағарту жолындағы іздеушісі болуыңыздың өзі қандай игілікті. Еуропаша толық білім алған ең бірінші қазақ екеніңіз есіңізде болсын. Оның үстіне, тағдыр сізге адамгершілік қасиеттер дарытып, тамаша адам етіп жаратқан».

П.П. Семенов Тянь-Шанский өзінің Жетісу бойындағы зерттеулерін жүргізгенде Шоқанмен ақылдасып отырған. Ыстықкөл сапарында біраз жерлерді екеуі бірге аралаған. Шоқан еңбектерін ол да зор бағалаған. Семенов — Тянь-Шанскийдің ұсынуымен 1857 жылғы 27 ақпанда Шоқан Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайланады.

1858—1859 жылдары Шоқан өзінің әйгілі Қашқарияға саяхатын жасайды. Қашқария бұл кезде Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Шоқан сол өлкенің жаратылысы, тарихы, этнографиясы жайында көп мәліметтер жинай-

ды, Шығыс тарихына байланысты тың деректер табады. Қашқария мәліметтері Шоқанның дүниежүзілік география ғылымына қосқан зор жаңалығы болып есептеледі.

«ҚҰЙРЫҚТЫ ЖҰЛДЫЗДАЙ ЖАРҚ ЕТП»

1859 жылдың аяғында Шоқан Петербургке барып, онда 1861 жылдың көктеміне шейін болады. Бұл жылдар — Шоқан өмірі мен ғылыми-шығармашылық қызметінің аса елеулі кезеңі.

Шоқанның Петербургке барған кезі — 1861 жылғы басыбайлылық тәртіпті жою жөніндегі реформаның қарсаңы еді. Төңкерістік ой-пікірлер мен патша саясатының қатты шиеленіске келген кезі болатын. Чернышевский, Добролюбов, Некрасов сияқты алдыңғы қатарлы ақын-жазушылар «Современник» журналының бетінде басыбайлы қоғамды сынап, шаруаларды патшаға қарсы күреске үндеді. Бұл пікірлер Шоқанға қатты әсер етті. Астанада ол ескі достары П.П. Семенов Тянь-Шанский мен Ф.М. Достоевскийді кездестірді, көрнекті орыс ғалымы А.Н. Бекетовпен, шығыс зерттеушілері Ф.Р. Остен — Сакенмен, И.И. Захаровпен, Е.П. Ковалевскиймен, ақындар А. Майковпен, Н. Курочкинмен, Я. Полонскиймен танысып, араласады. Білімін толықтыру мақсатында Петербург университетінде дәрістер тыңдайды. Сонымен қатар Шоқан ғылыми жұмыспен шұғылданып, өзінің саяхаттары жайлы еңбектер жариялайды.

Петербургтен денсаулығы нашарлап оралған Шоқан 1861—1863 жылдар арасында елінде болады. Бұл кезде ол сахара өмірінің қайшылықтарын, әлеуметтік теңсіздік пен төменгі таптың жүдеушілігін, үстем тап өкілдерінің мейрімсіздігін көзімен көреді. Әділ басшы болу мақсатымен Атбасар уезіне аға сұлтан болуды да ойлайды. «Мұндағы мақсатым — өз халқымды әкімдер мен зорлықшыл бай казактардан қорғау еді», — деп жазады Шоқан 1862 жылы досы Потанинге жолдаған хатында.

Сол жылы А.Г. Майковқа жазған хатында Шоқан бұл пікірін одан әрі аша түседі. Мәселен: «Жергілікті сұлтан-

дармен және қара сүйек қазақтардан шыққан байлармен қазір аразбын, — дейді ол. — Себебі олар өздерінің бұрынғы құлдарын қазір азат болғанмен, өте жаман халде ұстайды, құлдар олардан қалай кетудің жолын білмей, қорлыққа көне береді. Мен олардың қожаларынан жалшыларыңды жақсы ұстандар, еңбек ақысын дұрыс төлендер дегенді талай рет талап еттім».

1863—1864 жылдың қысында Шоқан Омбыға барып, Сібір қазақтары үшін жасалып жатқан сот реформасын дайындау ісіне қатысады. Осы жолы ол «Сот реформасы туралы жазбалар» атты өзінің атақты еңбегін жазады. Шоқанның демократтық көзқарасын тануда бұл еңбектің маңызы аса зор. Бұл еңбегінде Шоқан: «Біздің заманымызда халықтың нағыз мұң-мұқтажына тікелей қатысы бар, халыққа ең маңызды, ең керекті реформа — экономикалық және әлеуметтік реформа. Ал саяси реформа сол экономикалық реформаларды жүзеге асырудың құралы есебінде жүргізілмек. Өйткені әрбір адам және бүкіл адам баласы өзінің өрлеу жолында түпкілікті бір мақсатқа ұмытылады... Ол мақсат — тұрмысын жақсарту. Прогресс дегеніміздің негізінің өзі — осы. Біз осы тұрғыдан алып қарасақ, адамның тұрмысын жақсартуға жағдай туғызатын реформалар ғана керекті де, ал осы мақсатқа қандай болса да кедергі келтіретін реформалар болса, ондайлар халыққа зиянды, керексіз реформа болып табылады», — деп жазады.

1864 жылы наурыз айында Шоқан генерал Черняевтің шақыруымен Әулиеатаға (қазіргі Тараз қаласы) келеді. Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны Ресейге қосуды жақтаған ол, Черняев отрядында біраз уақыт қызмет істейді. Бірақ, патша генералының жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылығын көріп, тез бөлініп кетеді. Содан Верный (қазіргі Алматы қаласы) қаласына келіп, одан әрі Тезек төренің аулына барып (бұрынғы Талдықорған облысы, Шоқан атындағы шаруашылық) тұрақтайды. Сол жерде үйленіп, шаңырақ көтереді.

Сөйтіп жүргенде ескі өкпе ауруы қайта қозып, Шоқан 1865 жылдың сәуірінде қайтыс болады. Оның сүйегі Алтын-емел тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады.

Шоқан өлімі қазақ халқына және оның орыс достарына тым ауыр тиеді. Шоқан басына ескерткіш орнатуда және оның шығармаларын жинап бастыруда орыс ғалымдарының еңбегі орасан зор болады. Орыстың географиялық қоғамы тарапынан 1904 жылы басып шығарылған Шоқан шығармаларына жазған алғы сөзінде академик Н.И. Веселовский: «Шоқан Уәлиханов Шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп мойындап, түркі халқының тағдыры туралы онан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті!» — деп жазған болатын.

Шоқанның өмірі мен еңбектері туралы орыстың ұлы ұлдары Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, П.П. Семенов — Тянь-Шанский, И.Н. Березин, И.И. Ибрагимовтар өз естеліктері мен мақалаларын жариялады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шоқан Уәлихановтың өз заманының қандай озық ойлы адамы болғандығын әңгімелеп беріңдер.
2. Ғалымның әдебиет туралы айтқан пікірлерін айтып беріңдер.
3. «Шоқан және оның орыс достары» деген тақырыпта шығарма жазыңдар.
4. Шоқан Уәлиханов туралы кім қандай шығарма жазған? Өз пікірлеріңді айтып беріңдер.





ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841 — 1889)



ҮМІТ ЕТКЕН КӨЗІМНІҢ НҰРЫ — БАЛАМ»

Үміт еткен көзімнің нұры — балам,
Жаныңа жәрдем берсін хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,
Оқуға көңіл бөлсең, басыларсың.
Ата-ананды өнер білсең, асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең, не етер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың ортасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

Бұл өлеңді Орынбор қаласында оқып жүрген жас Ыбырайға атасы Балқожа би жолдаған екен. Өз заманының беделді адамдарының бірі болған, заман ағымын аңғарғыш, оқу-өнердің маңызын жақсы түсінген Балқожа би 5 жастағы Ыбырайды, Орынборда ашылмақ болған орыс-қазақ мектебіне жаздырып қойған екен.

Ыбырай 1841 жылдың 20 қазанында Қостанай облысының Затобол ауданында дүниеге келеді. Әкесі Алтынсарин ерте өліп кеткендіктен, атасы Балқожа бидің тәрбиесінде өседі.

1850 жылы Орынборда алғаш ашылған сол мектепке оқуға түскен 30 баланың бірі — Ыбырай болады.

Қазақ балаларын орысша оқыту арқылы олардан қазақ даласын билейтін патша чиновниктеріне көмекші әкімдер даярлау мақсатымен ашылған бұл мектепке, Балқожа би де өз немересін сол үмітпен оқуға береді.

Бірақ Ыбырай онда жан-жақты білім алуға ұмтылады. Сондықтан да ол сабақты ерекше ынтамен оқиды. Сөйтіп, мектепті 1857 жылы «өте жақсы» деген бағамен бітіреді.

Содан кейін екі жылдай Ыбырай өз елінде тілмаштық қызмет атқарады. Қазақ қоғамында болып жатқан қайшылықтарды тереңірек түсініп, оның болашағы жайлы ойлана бастайды.

Ол 1859 жылы Орынбордағы Шекаралық комиссияға тілмаш болып ауысады. Бұл кезде Ыбырай Шекаралық комиссияның төрағасы, Шығысты зерттеуші белгілі ғалым, профессор В.В. Григорьевпен жақын танысып, жақсы қарым-қатынаста болады. Атасы Балқожаны жақсы білетін ол, Ыбырайға аса ілтипатпен қарап, өзінің аса бай кітапханасынан пайдалануға мол мүмкіндіктер береді. Сол кітапханада Григорьевтің көмегімен ол орыс жазушыларының шығармаларын, орыс және дүние жүзі ағартушыларының еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі жайлы кітаптарды көп оқиды.

Өз заманасындағы озық ой иелерінің пікірлерімен танысады. Әдебиет, саясат, ағарту салаларындағы журналдарға назар аударады.

Осылайша өз бетімен оқудың нәтижесінде білімін байыта түскен Ыбырай, өзінің болашағын тілмаш болудан емес, халыққа пайдалы қызмет істеуден іздей бастайды. Оның бойында ағартушылыққа деген ынта кең өріс ала түседі. Сөйтіп, сол заманның прогресшіл ағартушылық ой-пікірі негізінде оның көзқарасы қалыптаса бастайды. 1860 жылы Орал сыртындағы қазақтар үшін (Троицк мен Торғай, Ырғыз бен Қазалы қалаларында) төрт бастауыш мектеп ашылмақ болады. Ыбырай Торғайдағы мектепке мұғалім болуға өзі сұранып, рұқсат алады.

КӨПТЕН КҮТКЕН ІС, ЯҒНИ ҰСТАЗДЫҚ

Ыбырай мектеп ашу мақсатымен 1860 жылы Торғайға ауысады. Дегенмен, жергілікті орындардың жәрдемі жеткіліксіз болып, мектеп ашу ісі біразға созылып кетеді. Соған қарамастан Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, жұрттың оқуға ынтасын арттыру үшін біраз баланы өз үйінде оқыта бастайды.

Ыбырайдың арман еткен мектебі Торғайда 1864 жылы ғана ашылады. Ол туралы өзі де: «Осы жылы қаңтардың 8 күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы қабылданды. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім», — дейді ол өзінің белгілі Шығыс зерттеушісі, профессор Н.И. Ильминскийге жазған хатында.

Ыбырай мектептегі сабақ пен бүкіл тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен хабар беруге тырысады. Тәрбие жұмысын Ыбырай оқу арқылы әкім дайындау мақсатында емес, адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға айрықша мән береді.

Халықпен етене араласу арқылы Ыбырай мәдениет пен білім жолына ұмтылудағы туған халқының көңіл-күйін жақсы ұғады. Бұл оны ағартушылық іске рухтандыра түседі. Сондықтан да ол: «Қазақтар мені құшағын жая қарсы алды. Мектепке балаларын беруге ынталы адамдар толып жатыр», — деп жазады Торғайға барған соң Н.И. Ильминскийге.

Ыбырай үнемі Ильминскиймен халықтың жағымды мінез-құлқы, болашағы туралы өз ойларын бөлісіп отырады. Мәселен, қазақ даласын үш жылдай аралаған. Сіздің қазақ халқыңыз ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін, — деп жазды Ыбырай оған. — Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз», — дейді. Туған халқы туралы озық ойда болу — Ыбырайдың демократтық көзқарастарының негізі болды және сеніммен жұмыс істеуіне көмектесті. Сонымен бірге Ыбырай ел ішіндегі теңсіздік, әділетсіздік, қанаушылықты

да көре білді. Әкімдердің зорлықшыл сорақылықтарын сынға алды. Езілуші бұқараның мүддесін қорғады. Мәселен: «Қызмет бабында мен қазақтармен жиі-жиі ұстасып қаламын», — деп жазады Ыбырай 1864 жылы Ильминскийге жазған хатында. — Олардың ішінде менің өз туыскандарым да бар. Олардың сырын жақсы білемін, көбін тіпті жек көремін. Қазақ арасындағы қызмет адамдарын да көңілім тіпті сүймейді. Олар кедей қазақтарды, қарсылық көрсете алмай, қасқырдың аузында жем болатын қорғансыз момындарды — адамшылықтың шегінен шыға арсыздықпен тонайды, талайды. Соларды көргенде ... өте қатты күйінемін... Сондықтан олар мені бұл арадан қуып жіберудің амалын істеп жүр», — дейді.

Осы негізде Ыбырайдың ағартушылық-демократтық көзқарасы қалыптасып, дами түсті. Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін ол ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұғады. Сол ниетпен бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды.

1876 жылы Ыбырай Петербург, Казан қалаларына барды. Орыстың ағартушылық жүйесін, орыс ағартушыларының еңбектерін зерттейді. Соларға еліктеп, қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлай бастайды.

«ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ»

Оқулық жасау жұмысына Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің ең негізгі шараларының бірі деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді.

Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы Орынборда басылып шығады. Ол туралы өзі: «Бұл кітапты құрастырған мен», — деп жазады хрестоматияның алғы сөзінде — Біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім», — дейді.

Осы мақсатпен Ыбырай «Қазақ хрестоматиясын» балаларға арнаған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырады. Оларың біразын өзі жазады, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан алып, еркін аударады. Сонымен бірге кітапқа қазақтың халық әдебиеті үлгілерін іріктеп кіргізеді.

«Қазақ хрестоматиясы» арқылы жеткен Ыбырайдың бүкіл әдеби мұрасы оның көркем шығарма жазуды ағартушылық идеясына бағындырғанын айқын көрсетеді. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, оны жақсы, үлгілі істерге үйрететін күшті құрал деп ұғынады.

Сонымен бірге, Ыбырай әдебиетті қоғамдық құбылыс ретінде бағалай білді. Ол шығармаларын өмірдің өзекті мәселелерін суреттеуге арнады. Жеке оқиғалар мен фактілерге өз ой тұрғысынан баға беріп, оны жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсынды. Мұның өзі Ыбырайдың қоғам өміріндегі әдебиеттің қызметін бағалауда орыстың демократтық әдебиетінің басты қағидаларын негіз етіп ұстай білгенін танытады.

«Қазақ хрестоматиясын» Ыбырай орыс алфавиті негізінде жасады. Сол үшін де ол: «Орыс әрпін қолданумен байланысты қазақ тілі орынсыз кірген араб, татар сөздерінен тазарады. Орыс әрпін қолданғанда ғана қазақ кітаптары дұрыс жазылатын болады», — дейді. Сөйтіп Ыбырай, қазақ тілін орыс графикасына көшіруді тұңғыш рет ұсынады.

«КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!»

Бүкіл өмірін ағарту ісіне арнаған Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде де ағарту идеясын көтереді. Ел арасына кең жайылып, жатталып кететін шығарма арқылы санаға әсер етуді көздейді. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері осындай мақсатта туған.

Ақын өзінің «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңінде жастарды оқуға, білім алуға шақырады. Мәселен:

Оқысандар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық, —

дейді.

Ақын өлеңнің әр шумағында оқудың пайдасын жан-жақты түсіндіреді. Барлық нәрсе оқуда, білім бұлағынан нәр алуға деп, әдемі байламдар жасайды.

Мал, дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстың байлығы
Күннен-күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.
....Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған.
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған.
Өнер-білім бәрі де
Оқуменен табылған, —

деп, оқудың мәні мен мағанасын аша түседі.

Сөйтіп Ыбырай, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек қана байлықта деп ұғынатын, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық — білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Есті бала мен ессіз баланы қарама-қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу керектігін де әдемі жеткізеді.

Ыбырай өзінің «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алуға мақсат неде екенін кеңінен аша түседі. Өлеңнің негізгі идеясы — қараңғы қазақ қауымына озық мәдениетті елдердің үлгі-өнегесін көрсету.

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып, жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
...Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын іштірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай, —

дейді акын.

Оқудағы мақсат — ел билейтін әкім болу деп ұғатын ескішіл замандастарына қарама-қарсы Ыбырай жастардың білімді адам болудағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оның ілгерілеуіне жетекшілік жасау, өз елін «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден, көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алдыратын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі аса мол Ыбырай арманын өзі орындай алмаса да, оны жастар орындайды деп үміттенеді. Өмір көркі, болашақтың иесі — жастар деп ұғынып, оларға үлкен сеніммен қарады. Сөйтіп, жастарға арнап былай деп жазды:

Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер — жігіт көркі» деп,
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым.
Сіздерге бердім батамды!

Бұл өленде екі түрлі жағдай — жақсы мен жаманды, білімділік пен надандықты салыстыра суреттеу әдісі, жас балаларға өмірдің жағымды, жағымсыз жақтары туралы әсер қалдыру мақсаты әдейі алынған. Жаманның жамандығы әрқашан жақсымен қатар тұрғанда ғана анық аңғарылады. Сондықтан Ыбырай өз дәуірі оқырмандарының ұғымына барынша жеңіл етіп, салыстырулар жасайды. Жоғарыда келтірілген өлеңнің екеуі де халық жырларының өлшеміне негізделіп жазылған. Оның көп тіркестері мақал-мәтелге айналып кетуінің сыры да осында жатыр.

«ТАУЛАРДАН ӨЗЕН АҒЫП САРҚЫРАҒАН»

Ыбырайдың «Өзен», «Жаз» деген өлеңдері табиғат көріністерін сипаттауға арналған. Мұндай тұтас лирикалық, пейзаждық өлеңдер Ыбырайға дейін қазақ поэзиясында көрініс тапқан емес. Оқырмандардың көңілін табиғаттың сұлу көріністеріне аудару арқылы ел сүйу, жер сүйу, Отан сүйуге тәрбиелейтін патриоттық өлеңдер орыстың демократтық, гуманистік әдебиетінің үлгісі деуге болады. Екі өлеңде де Ыбырай табиғат көрінісін жалаң алмай, халық тіршілігімен байланыстыра сипаттайды. Сол арқылы табиғат пен адамның байланысын, табиғаттың адам ісіне, еңбекке, ой-сезіміне тигізер жанды әсерін бейнелейді.

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпты,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын ішсең ашылады,
Дененде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар,
Өзеннен рақат тауып, басылады.

Мұнда ақын тау өзенінің табиғи күшін суреттеу арқылы өз сезімінің асқақ көрінісін де жан-жақты таныта түседі. Бүкіл тіршіліктің «өзеннен рақат тауып» жатқанын айту да өзеннің қоғам өміріндегі орнын аңдатады.

Ақынның «Жаз» өлеңінде көктемгі табиғаттың әсем суреттері тамаша көрініс тапқан. «Ұшпақтың күн сәулесі жерге түсіп», «Аспаннан рақыммен күн төнгенде», «Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша, жайқалып шыға келер жердің гүлі», «Кеш болса, күн қонады таудан асып, шапаққа қызыл алтын нұрын шашып» сияқты т.б. суреттер мен бейнелі сөздер Ыбырайдың табиғат көріністерін суреттеудегі ізденістерін анық көрсетеді.

Ақын бар тіршілікті көктем күнінің мейрімді шағымен байланыстыра суреттейді. Қырдағы жаз көріністеріне сүйсінуі, мал баққан елдің қыстан қысылып шығып, жазға келгенде тынысының кеңуі, қуаныш-шаттығы нанымды сыр шерткен. Мәселен:

Бір малы шаруаның екеу болып,
Қыстаудан ауыл көшер алуан-алуан.
Күлісіп, құшақтасар, әзіл етер,
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған.

Жүгіріп киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып ықыласпен келген жылға...
Алыстан мұнарланған сағымдары,
Шақырып, тұрар күліп кел деп мұнда.

Ыбырайды осы өлеңдерімен қазақтың жазба әдебиетіне табиғат лирикасын алғаш алып келген ақын дей аламыз.

«ЕҢБЕКПЕН ТАБЫЛҒАН ДӘМ ТӘТТІ»

«Қазақ хрестоматиясына» енген әңгіме-новеллаларында Ыбырай жастарды еңбекті сүйеге, оқу-өнерге ұмтылуға, Отанын, елін сүйетін патриоттық сезімге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға баулиды. Жалқаулықты, қиянат жасауды, надандықты сынап, жас ұрпақты ондай әдеттерден аулақ болуға шақырады.

Еңбекті сүю және қадірлеу — Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

«Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш» әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысын, сен де еңбек ет, босқа жатпа дейді.

«Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетімен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады», — дейді ол.

«Әке мен бала» әңгімесінде мынадай оқиға сөз болады:

«Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған бір ескі тағаны көріп, баласына айтты: «Анау тағаны, балам, ала жүр», — деп. Бала әкесіне: «Сынып қалған ескі тағаны не қылайын», — деді. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан 3 тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, одан біраз өткен соң және бір шие, сонымен, бала әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп шие теріп жеді. Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты: «Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың», — деді.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесінде Ыбырай еңбекке деген қоғамдық, таптық көзқарасты бейнелейді. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкендерін суреттеу арқылы сол балалардың өмір тануы, тіршілікке икемділігі жайлы мәселеге әлеуметтік мән береді.

Жазушының шығармаға жасы құрбы екі баланы алып, оларды бай мен кедейдің өкілі етіп суреттеуінің сыры да оның идеясынан айқын көрінеді. Жарлы баласы Үсен — тұрмыстың тепкісін көре жүріп, ысылған еңбек адамы. Ауыл көшіп, жұртта қалған екі баланың далада тамақ тауып жеуіне, ауылдың қалай қарай көшкенін аңғаруына, түнде далаға түнегенде ит-құстан сақтауына Үсеннің тапқырлығы мен еңбекқұмарлығы себеп болады. Ал бай баласы Асан — өмір үшін күресудің жолын білмейтін, шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан. Кісі еңбегімен күн көріп, жаман үйренген,

бейнетсіз тоғышар болып өскен бай баласының басына күн туғандағы дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы келешек Үсендер жағында екенін аңғартады. Сөйтіп, жастарға өмірден ешнәрсе үйренбей, жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді, өнерге бейім, еңбек сүйгіш жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздайды.

Елді отырықшылыққа, егіншілікке үгіттеу — «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінің негізгі түйіні. Сейтқұлдың барлық іс-әрекеттеріне жазушы өмірге жаңаша талап жасап, отырықшы болуға, тіршіліктің пайдалы түріне көшуге ұмтылған адамның бейнесін көреді. Сейтқұл өзімен қоныстас отыз үйлі кедейді отырықшы болып, егіншілікпен шұғылдануға үйретеді.

Әңгімеде Сейтқұлға оның ағасы қарсы қойылады. Ол ұрлық-барымтамен күн көруді әдет етіп, ақыры торға түсіп, белгісіз біреудің қолынан қаза табады. Ал Сейтқұл төңірегіндегілер Қабырға өзенінің бойына орналасып, жер жыртып, егін егеді. Бұлардың еңбегінің жемісті екеніне көзі жеткен кедейлер тағы да келіп қосылып, ақыры Сейтқұл ауылы төрт жүз шамалы үй болады.

«Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімелері Ыбырайдың өз дәуірінің өзекті мәселелерін реалистік үлгіде көтеріп, суреттеуге ұмтылғанын көрсетеді. Қазақ қоғамының сипаты мен дамудың прогрестік бет алысын жазушы дәл байқап, реалистік бейнелер арқылы аша білді. Ескі салттардың ыдырауы мен үстем таптың әлеуметтік негізінің осал екенін де жақсы аңғартады.

МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЫ

1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. Ол жаңа үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданады. 1879—1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, -Троицк, Ақтөбе) уездік жаңа мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылады. Бұл мектеп қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды.

Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөледі. Бұған ескішіл әдет-салттарға қарсы күрестің бір саласы есебінде қарайды. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы — ұлы ағартушының бұл тұрғыда жасаған үлкен енбегі.

Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды күн тәртібіне қояды. 1881 жылы Орск қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды.

Ыбырайдың инспекторлық және ағарту саласындағы қызметін аталған мектептерді ашу ісімен шектеуге болмайды. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысының жанды ұйтқысы болды. Оқу-тәрбие ісін жаңаша ағартушылық бағытта ұйымдастырды. Бұл тұрғыда ол мұғалімнің атқаратын рөлін айрықша бағалады. «Халық мектептері үшін ең керектісі — оқытушы, — деп жазды ол. — Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды».

Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді. «Қазақтарға — осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа — кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру — қалай дегенмен де аса қажет болып отыр», — деп жазды ол 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында. Осы жолда, халық пен оны ағарту мүддесін қорғау жолында, ол көп қиыншылықтар да кездестірді. Ел ішіндегі ескішіл көзқарастарды, паракорлық пен өсекшілдікті аяусыз әшкерелеп отырды. «Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек», — деп санады. Бұл — Ыбырайдың демократтық, ағартушылық көзқарастарының толысқандығының көрінісі.

Оқытудан, мектеп жұмысынан бос кезінде халық көпшілігімен қоян-қолттық араласып, олардың мұң-мұқтаждарына көңіл бөлген Ыбырай халық ортасынан шыққан талант иелері — ақын, әнші, әр алуан өнерпаздардың өсу, ілгерілеуіне көмек көрсетіп, жетекшілік еткен.

Көп ақындар Ыбырайды өздерінің рухани қамқоры деп білген. Сондықтан да олар Ыбырайдың іс-әрекетіндегі бұқарашылдықты, ел қамын жеп, жұрт пайдасын ойлауын, ел арасындағы дау-шар мәселелерінде турашыл әділдігін өздерінің өлең-жырларына арқау еткен. Оны әділдікті қолдаушы адамның үлгісі етіп алған. Мысалы, Сейдахмет ақын өзінің «Бір нашардың әділ төреге айтқан сөзі» деген өлеңінде бай мен кедейдің арасындағы бір дауға төреші болған оқымысты қазақтың әділдігін көрсетеді. Дауды тындап болып, оқымысты шындық кедей жағында, байдікі — дәуекестік, әлсізге жасап отырған зорлық екенін айтады да, билікті кедейдің пайдасына шешеді.

Қазақ халқын мәдениетке үндеп, халық ағарту мәселесінде көп еңбек еткен қазақтың тұңғыш педагогі, әрі ақын, әрі жазушы Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы дүниесалған.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ыбырай Алтынсарин өмірінен мәлімет айтып беріңдер.
2. Неліктен Ыбырай әкімшіліктен гөрі мұғалім болуды таңдады?
3. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясын» жазуға не себеп болды?
4. Ыбырайдың оқуға, өнер-білімге шақырған қандай өлеңдері бар?
5. Ыбырай қайсы өлеңдерінде табиғатты қалай жырлаған?
6. Ақын өлеңдерінің жаңалығы неде?
7. Ыбырай әңгімелерінің тақырыбы, көркемдік ерекшелігі қандай?
8. «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінің негізгі мәні неде?
9. «Қазақ хрестоматиясында» нендей мәселелер көтерілген?





АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ **(1845—1904)**



XIX ғасырдың II жартысында жасаған ұлы Абай, қазақ жазба әдебиетінің негізін салумен бірге, қазақ әдеби тілінің негізін де қалаған дала данышпаны. Ол — ерен ойлы философ, нағыз реалист ақын, әрі, өз жанынан ән де шығара білген — композитор, тамаша аудармашы, кең тынысты кемеңгер — саяси қайраткер.

Абай 1845 жылдың 10 тамызында қазіргі Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей облысы) облысына қарасты Шыңғыс тау бөктеріндегі Қарқаралы өңірінде аға сұлтаны болған Құнанбайдың екінші әйелі — Ұлжаннан өмірге келеді.

Оның шын есімі — Ибраһим. Зере әжесі кішкентайынен өз бауырына басып, өз тәрбиесіне алғандықтан, оны ылғи да еркелете жүріп: «Абай бол қалқам, абайла!», «Абай бол балам, абай бол!» — деп жүріп, келе-келе оны «Абай» атап кетеді.

Құнанбай негізінен 4 әйелді болған. Оның бірінші әйелі, бәйбішесі — Күнкеден: Құдайберді дүниеге келсе, інісі Құтмағамбетке айттырылған Ұлжан, тұрмысқа шықпай тұрған шағында жесір қалғандықтан, оны Құнанбай екінші әйел етіп алады. Одан — Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан дүниеге келсе, үшінші әйелі Айғыздан — Халиулла, Ысмағұл есімді екі ұл өмірге келеді.

Бірақ, қартайған шағында үйленген төртінші әйелі — Нұрғанымнан ұрпақ болмайды. Сондықтан да Абай өзінің «Сегіз аяқ» атты өлең жолдарында:

«Атадан алтау, анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жайым жоқ» –

деген болатын.

Сөйтіп Абайдың жастық, балалық шағы, аса сабырлы да, дархан мінез, кең пейіл, аңыз-әңгімелер мен ертектерді аса көп білетін, зерделі де зейінді әжесі – Зере мен әзіл-оспаққа аса бейім, абысын-ажындар арасында ерекше құрметке ие бола білген, көзі ашық, көкірегі ояу – Ұлжан тәриесінде болады.

Алғаш Абай, өз ауылындағы Ғабитхан деген молдадан дәріс алып, сауатын ашады да, онан соң енді ғана 10 жасқа аяқ басқан шағында, Семей қаласындағы Ахмет Риза деген кісінің медресесінде 3 жыл оқиды. Онда араб, парсы тілдерін жетік меңгерумен бірге, Ислам діні жайлы да аса мол мағлұматтарға да ие болады. Бірақ Абай, дін сабақтарын оншалық місе тұта бермей, өз бетінше іздене түсіп, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілдерінде жазылған хисса – дастандар, ертектермен бірге, Шығыс ақындарының шығармаларымен де кеңірек таныса бастайды.

Әсіресе, Шығыстың жыр дүлдүлдері саналған: Фирдауси, Низами, Науаи, Қожа Хафиз, Сағди, Физули секілді ұлы тұлғалардың шығармаларына ден қойып, олардан рухани нәр ала түседі.

Оның үстіне, өмірге аса зерек те зейінді болып келген Абай, медреседе оқып жүрген үшінші жылының соңына таяу, сол Семей қаласындағы «Приходская школа» деген орыс мектебіне барып, не бәрі 3 ай оқып, тәп-тәуір орысша сауатын аша түсу мүмкіндігіне ие болады.

Орайы келгенде ерекше ескерте кетерлік жәйт, Құнанбай өз балалары арасында, жарық дүниеге ерекше зерек боп келген Абайдың, зейінділігі мен алымдылығын жіті байқайды да, оны ел басқару ісіне айланыстырмақ болып, 13 жасында өз қамқорлығына алады. Нәтижеде Абай, әкесі Құнанбай жанында жүрген шағында, атқа мінер би-болыстардың неше түрлі қулық-сұмдықтарын өз көзімен көреді. Әрі, қазақ даласында енді ғана ыдырай бастаған феодалдық қатынастардың сан алуан кереғар қайшылықтарын да аңғара бастайды.

Сөйтіп, әлеуметтік теңсіздіктердің сырларын, үстем тап иелерінің зорлық-зомбылықтарын, аштық пен жалаңаштық, кертартпа іс-әрекеттердің келеңсіз сиқын да байқап, одан құтылу жайларын да ойластыра түседі. Әсіресе, патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен барынша паракор орыс чиновниктерінің, елдегі би-болыстардың арамзалық іс-әрекеттерін барған сайын анық аңғарып, оларды да терең тани бастайды. Енді, Абайдың оларға деген жиіркеніші күннен күнге өсіп, ұлғая түседі де, көкірегінде жиіркеніш сезім оянып, соларға қарсы күресу жолдарын ойластыра бастайды.

Өз ойынша: «Елге пана боларлық, пайдалы іске қол ұратын, адамгершілігі аса зор, әділ басшы болсам» — деген адал ниетпен, 1875 жылы «Қоңыр-Көкше» деген елді мекенінде өткен болыстық сайлауға қатысып, жеңіліп шығады. Нәтижеде, 1876—1878 жылдары «Қоңыр-Көкше» елді аймаққа болыс болады.

Оның үстіне, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тамаша дәстүрін жете білген Абай, өз билігі тұсында әділдікке, адалдыққа ерекше мән береді. Ел ішіндегі әр түрлі дау-дамайларды шешуде, түрлі әкімшілік-құқықтық істерге белсене араласуда, барынша әділ шешім шығаруға ұмтылады. Сөйтіп, өз қолындағы билікті пайдалана отырып, аса әділ болауға тырысады. Әлсіздерге зорлық-зомбылық көрсеткен болыс-билерге тікелей қарсы шығып, әсіресе ұрлық, зорлық, барымта жасағандарды қатаң жазалай түседі.

Сөйтіп Абай, жылдар өткен сайын нағыз халық қамқоршысына айнала бастайды. Бірақ бұл, үстем тап иелері — шонжарларға, би-болыстарға оншалық ұнай қоймайды. Нәтижеде, олар тарапынан оязға арыз жазушылар легі күннен-күнге көбейе түседі. Міне соның бірі, Ұзақбай Бөрібаев деген би: «Абай, «Таймақ көл» елді мекеніндегі жерімді тартып алды!» — деп, жалған жала жауып, Абайдың берекесін алады. Бұл арыз 10 жылға созылып, ақыры досы — Михаэлистің араласуымен, 1884 жылдың 27 тамызында П.В. Маковецкийдің тікелей шешімі нәтижесінде, «жалған жала» деп табылып, арыз түгелдей жоққа шығарылады.

Сондай-ақ, 1885 жылдың мамыр айында Шар өзені жағалауындағы «Қарамола» деген елді мекенде, Семей қаласы-

ның генераль-губернаторы Цекилинцкийдің басшылығымен, Семей губерниясына қарайтын бес уездің, жүзден астам болыс-билері бас қосқан, төтенше Құрылтайы болып өтеді. Дәл осы бас қосуда, төбе би болып сайланған Абайға, «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеуді арнайы тапсырады. Нәтижеде, Абай бастаған топ мүшелері, 93 баптан тұратын заң ережесін, үш күн, үш түн дегенде әрең әзірлейді. Онда, зорлық-зомбылық пен ұрлыққа, әйелдерді ұрып-соғу, азап беруге арналған баптары, күллі жұртшылықты елең еткізеді.

Содан Абайдың абыройы асып, күнен-күнге биіктей түскен сайын, оның дұшпандары да көбейе бастайды. Тіптен, 1890 жылы Байғұлақ, Күнту деген шонжарлар бастаған 16 атқамінерлер, Жирнеше қыстауы маңындағы «Ши» деген жерде, Абайға қастандық жасауға да сөз біріктіріп, бел байланысады.

Бірақ, Абай үстінен: «Барымта алды, ауылды шауып, әйел қорлады» деген сияқты ұстам тап иелері тарапынан түскен шағым хаттар да нәтижесіз қалады. Оның үстіне, 1891 жылы Оразбай бастаған дау-дамай, 1897 жылға дейін созылып, ол шиеленістің, ұрыс-керістің соңы, 1898 жылы болып өткен Мұқыр сайлауында, аса үлкен жанжалға барып саяды.

Бұл — Абай өміріне түгелдей қауіп туғызып, оған қастандыққа әкеп соқтырады. Сондықтан да ұлы Абай, өзінің барынша ақ екендігін, Сенатқа жазған хатында айғақты деректермен дәлелдеп береді де, ел басқару ісінен түбегейлі бас тартады.

Сөйтіп Абай, әбден есі кіріп, егде тартқан шағында биліктен түгелдей қол үзіп, атқамінерліктен іргесін аулақ салады. Өзі жасаған ортадан әбден налып, қатты ренжиді. Олардың көңіл соқырлығынан аса көп азап шегеді. Сол үшін де ұлы ақын өзінің «Сегіз аяқ» атты өлеңінде:

Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының,
Жалғыз қалдым тап шыным, —

дейді ақын, өзі өмір сүрген ортаға нали түсіп.

Нәтижеде, шығармашылық жұмысқа бет бұрып, енді ақ қағазға өз ойларын түсіруді мақсат тұтады. Бұл орайда Абайдың өзі де, «Бірінші қара сөзінде»: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік, алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік», — дейді де, одан әрі «Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, баулаусызын көрдік, бәрі қоршылық екендігін білдік» — дейді де, онан соң тағы да: «Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын» — деп ақын, қатты өкінеді.

Сөйтіп ақын өз өміріне, өмір сүрген ортасына налып, қатты қайғырады. Бара-бара ол: «Ел баққысы» да, «Мал баққысы» да, тіптен «Ғылым баққысы» да келмейді. Өңшен сауатсыз, әппербақан, әділетсіз үстем тап иелерінен көңілі қалғандығы сонша, олардан түгелдей безіне түседі.

Сондықтан да, дала данышпаны, ұлы Абай, өз ортасына симайды. Оны түсінер, қадір-құрмет тұтар жанды өз айналасынан таба алмайды. Іштей налып, ішқұса бола бастайды. Мәселен ол: «Ғылым бағу жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретесің, білмегенінді кімнен сұрайсың?» — деп, өзі жасаған ортаның көргенсіздігінен нали түседі де, ақыры барып-барып, «Ақыры ойладым, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байландым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» — деген байламға келеді де, қолына ақ қағаз бен қалам алып, есейген шағында ақындыққа түгелдей бет бұрады.

Сөз орайы келгенде, ерекше ұқтыра кетерлік жәйт, 1870 жылы саяси қуғын-сүргін көріп, Петербургтен Семейге айдатып келген Михаэлиспен, 1880 жылы орыс демократтары болған Н.И. Долгополов, А. Леонтьевпен танысуы, Абайдың саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптаса түсуінде, өзінің бір жөн игі әсерлерін тигізеді.

Кезінде, кейбір әдебиет зерттеушілер, ұлы Абайдың орыс әдебиеті және мәдениетімен жете танысуы, «дәл осы кісілер

ықпалымен болды» деген ойды алға тартқан да болатын. Бірақ, бұл ой негізінен орынсыз деп білеміз. Өйткені, ғұлама ғалым, академик М.О. Әуезов та, дәл осы жайлы өз ойын білдіре келіп: «Ал, орыс тілін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған Абай, озғын ойды бұлардан үйренбеді» — деп, ашық айта түсіп, одан әрі: «Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Шедрин, Некрасовтардың өз мұраларын оқып, кең, терең тәрбие алады» — деп, өте орынды байлам жасайды. Біз де, бұл ойға толық қосыламыз.

Егер, тарихи мәліметтерге жан-жақты назар аудара түссек, онда 1891 жылдан бастап, Абай басына аса көп ауыртпалықтар түсе бастағандығын байқаймыз. Өйткені, сол жылы, өзінің өте жақсы көретін інісі — Оспан бұл жарық дүниеден бақилыққа аттанса, онан соң көп ұзамай, оның соңынан іле — шала орысша әскери білім алған баласы Әбдірахман да дүние салады.

Сөйтіп, қайғы — қасірет шегіп жүрген шағында, аса дарынды ақын баласы Мағауия да өмірден озады. Нәтижеде, Мағауия қазасынан қырық күн өткен соң, әбден ішқұса болып, тәркідүние бола бастаған Абай, 1904 жылдың 23 маусымында, 59 жасында, бұл пәниден көз жұмып, о дүниеге аттанып кетеді.

Ұлы ақынның денесі, Шыңғыстау етегіндегі Жидебай елді мекеніне жерленген, сүйікті інісі Оспанның жанына қойылады.

Бүгінгі таңда, ол жерде халқымыздың ерен ойлы, асыл перзенттері болған, ұлы Абай мен немере інісі, кең тынысты, кемел ақын Шәкәрімнің, сәулет өнерінің ең соңғы үлгісімен салынған, қос бірдей мұнарасы, анадайдан көз тартып, көңілді сергіте түседі.

Сөйтіп, қорыта айтқанда ұлы Абай, өзі жасаған ортадан әбден налып, өксіп өмір сүргенмен, қазақ поэзиясының дамуына ерен үлес қосып, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызына айналады.

Қазақ поэзиясын серпінді әуенмен тым биікке көтеріп, оның ірі тұлғасына, кеменгер көсемі бола білді. Нәтижеде, дархан дарын, аса биік тұлғасы дәрежесіне көтерілді.



Абай жайлауда

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Қазақ әдебиетінің даму тарихына, оның ішінде поэзия жанрының кең өріс ала түсуіне, аса мол сүбелі үлес қосқан, бірден-бір жаңашыл (новатор), кең тынысты — кемеңгер, нағыз релист ақын ұлы Абайды, дала данышпаны десек, ол артық айтқандық емес, ол бірден-бір шынайы шындық.

Сондықтан да, белгілі ғұлама ғалым, әрі тамаша ақын Ахмет Байтұрсынов, өзінің 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған «Қазақтың бас ақыны» — деген мақаласында: «... онан асқан бұрынғы — соңғы заманда, қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ» — десе, Абайдың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеген, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты, асқар биігі» — деп, аса жоғары бағалаған болатын.

Шынында да Абай, қазақ әдебиетінің көкжиегінде, шын мәніндегі теңдесі жоқ, ерен ойдың жүйрігі, кемел де кемеңгер — тамаша суреткер дәрежесіне көтерілген, дала да-

нышпаны. Қазақ жазба әдебиетінің көш басары, бірден-бір ірі тұлғасы.

Өйткені, оның көркем поэзиясында, өзі өмір сүрген қоғамдық орта мен замананың келбеті, ұсқынсыз өмірдің сыр-сипаты, негізгі тірлік-тыныстары, шын мәніндегі — шындығы, бұлтарыссыз асқан шеберлікпен сыр шерткендігі сонша, ақын өлеңдері салған жерден-ақ өз жетегіне үйіре түседі. Мәселен Абай, өз ел-жұртында болып жатқан әділетсіздік пен теңсіздікті терең тани отырып, өзінің «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір — екі ай», «Болыс болдым, мінекей» деген сияқты т.б. өлеңдерінде, қазақ халқының жұпыны тірлік-тыныстарын өте орынды, шынайы сезіммен әдемі жеткізеді. Бұл орайда ақынның 1888 жылы жазған; «Қараша, желтоқсан мен сол бір — екі ай» атты өлеңіне назар аударсақ, оны анық аңғара түсеміз:

Қараша, желтоқсан мен сол бір — екі ай,
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй.
Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзеуде отырап бай.

дей келіп, онан соң кедей мен байдың сиқын, бір-бірінен айырмашылығын, поэзия тілімен шебер өрнектей түседі. Мәселен ақын:

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тонған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.
Кемпір — шалы бар болса, қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда жел де азынап.

деп, жарлы — жақыбайлардың аянышты тұрмыс-тіршіліктерін анық сипаттай түсіп, одан әрі байлардың өмірінен де хабар бере келіп:

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
Үйі жылы, киіз тұтқан айналасы.

Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп — жұлып.
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.

дейді де, одан әрі мейрімсіз бай мен жалшының жәй күйін ақындық шеберлікпен:

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Андастырған екеуін, Құдайым — ай!

деп ақын, өзі жасаған замананың келбетін, тірлік-тыныстарын қалай болса дәл солай, ақындық жүреппен сезініп, барынша ашып көрсетеді. Өлеңде титтей де жасандылық жоқ. Нағыз шындықтың шырайы өлең жолдарында өрнектеле түскен.

Міне, сөйтіп ұлы ақын, өз өлеңдерін «қиыннан қиыстыра» отырып, өлеңнің мәні мен мағанасына айрықша көңіл бөледі. Жадағай ой, жаңсақ пікірлерге мүлдем жоламайды. Өлеңдерінде өмірдің шын сыры, терең шындығы асқан шеберлікпен сипатталған.

Абай, поэзия әлеміне 1855 жылы 10 жасында кіріп келеді. Бұл орайда, оның ең алғашқы өлеңі ретінде «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...» атты өлеңін тілге алсақ, бұдан басқа «Йузи — раушан», «Физули, Шәмси, Сәйхали», «Сап, сап көңлім, сап көңлім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» сияқты өлеңдерін де, ерекше сүйіспеншілікпен атай аламыз.

Дегенмен Абай, 1880—1897 жылдар аралығында қолына қалам ұстап, көбірек өлең жазуға ден қояды да, өзінің ақындық арынын жан-жақты таныта бастайды. Бұл ретте, оның 1882 жылы жазған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңін атап өткенді жөн деп білеміз. Өйткені бұл өлең, өзінің табиғилығымен ғана емес, табиғаттың тамаша көріністерін асқан шеберлікпен жеріне жеткізе

білгендігімен де, айрықша назар аударарлық көркем шығарма. Мәселен:

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар андығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас — бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңша адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда.
Іздің бетін түзетіп аңдағанда,
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.

деп, бүркіт пен бүркітшінің қимыл іс-әрекеттерін тапқырлықпен тамаша суреттейді.

Тіптен ақынның 1886 жылы жазған «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» атты өлеңіне назар аударсақ, онда ақынның ақындық арынының тым тереңдігін байқаумен бірге, қазақ халқының салт-дәстүрін, аттың сыр-сипатын жан-жақты біліп, бағалайтындығын да анық аңғара түсеміз. Мәселен ақын:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабак.
Аузы омыртқа шағыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

дейді де, одан әрі:

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

деп ақын, аттың келбетін, сыртқы көрінісін, болмыс — бітімін асқан шеберлікпен жеріне жеткізе сипаттай білген.

Сөздің шынын айтқанда, аттың сыр-сипатын Абайға дейін де, онан соң да дәл осылай жеріне жеткізе сипаттауды, бірде-бір ақынның өлең жолдарынан көре алмаймыз. Бұл — Абайдың ұлылығы, кемеңгерлігі.

Ал Абай, жасы қырыққа келген шағында көркем әдебиетке ден қойып, өзінің ақындық арынын кең өріс алдыра түседі. Нәтижеде ұлы ақын, өзінің шығармашылық жолын үш жүйеде өрбіте түскен. Оның бірі — өз жанынан шығарған төл тума өлендері болса, екіншісі — «Қарасөздері» деп аталатын — «Ғақлиялары». Ал үшіншісі — өзге тілден, оның ішінде орыс поэзиясының ұлы тұлғалары, жарық жұлдыздары болған А.С. Пушкин, Ю.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов сияқты т.б. ақындардан аударған аудармалары.

Оның үстіне, Абай өлендерінің барлығы дерлік көңіл күй лирикадан тұрады десек, ол да артық айтқандық бола қоймас. Бірақ ұлы ақын, поэма жанрына оншалық көп бой ұра бермеген.

Әсіресе ақын, өзінің көңіл күй лирикаларында, табиғаттың тамаша бейнесін, адамдардың кескін-келбетін, тұртұлғасын жасауда, өзінің асқан шеберлігін жан-жақты таныта алған. Тіптен, ақын өлендері адамдардың ішкі-сыртқы, қылық-қасиеттеріне дейін, мінез, болмыс-бітімдеріне дейін шебер ашып бере алғандығымен де аса құнды. Мәселен ақын:

Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?
Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,
Алмасы өкпе болар қол батпаған.
Бұлардың кейбірінің мінездері,
Ешнәрсе көрмегенсіп бұртақтаған.
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,
Орынсыз адамдармен жыртақтаған.

деп, жеңіл мінез, желөкпелеу қыздардың мінездерін де жеріне жеткізе, ашып сипаттай алғандығы сонша, әрбір қыз—

келіншектің өздеріне тән болмыс-бітімдеріне дейін өте орынды сипаттай алған.

Ақынның қай өлеңін алсақ та, қазақ жерінің жұпар иісі, қазақ халқының ұлттық сыр сипаты, дәстүр тағлымы, сезімді селт еткізе түсетін сүйіспеншілік сырлары, өздеріне тән ерекшеліктерімен орынды көрініс таба білген. Мәселен ақынның «Қыс» атты өлеңіне назар аударалық, онда ақын табиғаттың тамаша сипатын:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
Көрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.

дей келіп, одан әрі:

Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалады.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдамай теріс айланды.
Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.

деп, қыстың әсем келбетін, адамдардың тірлік-тыныстарын жеріне жеткізе жан-жақты сипаттайды.

Тіптен, жансыз қыс көрінісіне жан бітіре, адам көрінісінде сипаттау, бұл бұрын-соңды қазақ поэзиясында көрініс таппаған ерен құбылыс.

Оның үстіне ұлы ақын, Ислам діні кең тараған Шығыс елдерінің әдебиетімен жете танысу арқылы да, өзінің асқан шеберлік шалымын одан әрі шындай түскендігін де анық аңғартады. Нәтижеде Абай, Шығыстық сюжет негізінде екі үш хикаяларды ой елегінен өткізе отырып, өзінің «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» секілді поэмаларын жазып, өзінің ақындық қуатын жан-жақты байқата түсумен бірге,

араб, парсы, ескі шағатай тілдерін еркін пайдалану арқылы да, өзінің асқан шеберлігін танытады. Мәселен ол, 1856 жылы «Әлифби» атты өлеңін жазып, асқан дарындылығымен оқырман жұртшылықты тәнті қалдырады. Мәселен ақын:

Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат еттім,
Би — Бала й дәртіңа нисбәт еттім.
Ти — Тілімнән шығарып түрлі әбиат,
Си — Сәнаи мәдхіңа хұрмат еттім.
Жем — Жамалың қандай ақ рузи маған,
Ха — Халаллық таптым, жаным, сәнан.
Хи — Халайық мен емес, бәрі ынтизар,
Дәл — Дариға ғашық оты бермес аман.

деп, арабтың 29 әрпін негізге ала отырып, қазақ поэзиясына түгелдей жаңалық алып кіреді.

Сондықтан да ұлы Абайды, қазақ әдебиетінің даму тарихында жаңалық әкеле білген реформатор, наватор ақын деумен бірге, оны нағыз шыншыл да сыршыл, кемеңгер ақын дей аламыз. Өйткені ақын, өз халқына қарата: «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел» — деп, ақындықтың жаңа қырын жан-жақты аша түседі.

Абай үнемі өлең мен өнерді, тілді күдірет тұта отырып, жыл мезгілдерін, адам баласының көңіл-күйлерін, сезім сырларын, тірлік-тыныстарын асқан шеберлікпен, өз өлең жолдарында тамаша өрнектей түседі.

Бұл — ақын күдіреті, ақын кемеңгерлігі десек, ол да артық айтқандық емес, бірден-бір шындық. Мәселен ұлы сөздің шын шебері өзінің 1886 жылы жазған «Жаз» атты өлеңінде:

Жаздықүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын бәйшешек.
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының,
Шалғыннан жоны қылтылдап.
Ат, айғырлар, биелер,

Бүйірі шығып, ыңқылдап.
Суда тұрған шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын — тай
Айнала шауып бұлтылдап.

деп, жазғы күнді шілде де боп жатқан тіршілік көріністерін
асқан шеберлікпен өте орынды сипаттай түседі.

Оның үстіне, ақын өзінің 1886 жылы жазған «Интер-
натта оқып жүр, талай қазақ баласы» деген өлеңінде де,
оқудағы негізгі мақсат-мұраттың мәнін аша отырып, жас-
тарды арлы, намысты, халықшыл болуға шақырады. Мәсе-
лен ақын:

Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы —
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата — анасы.
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.

деп, тамаша ойын өрбіте түсіп, онан соң тағы да ақын:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге.
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.

деп сөзін түйе түсіп, онан соң тағы да жастарды ойға бөлеп:

Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.

Қалай сабыр қыласын,
Жазықсыз күнде сөнуге?

деп, жастарды ойлануға, толғануға үндейді.

Үнемі қарапайым халықтың ауыр да аянышты халдеріне жаны ашып, солардың бірден-бір қамын ойлап, қайғы-мұңға батқан Абай, өз қандастары тарапынан қастандық көргендігі былай тұрсын, надандарың көңілін былай қойып, көңілдерін ашпақ болады.

Сөйтіп, күллі елге, жұртшылыққа үлгі, өнеге көрсетпекті басты ниет етеді. Бірақ, ұғатын құлақ, көретін көз болмағандықтан, іш құса бола жүріп, үнемі қайғы-қасірет шеге түсіп, арманда өмірден өтеді.

Бірақ, ұлы ақынның даналығы мен даралығы, данышпандығы, қашанда оқып үйренуді, үнемі зерделей зерттеуді қажет ететін, аса үлкен байлық. Ақын өлеңдері сарқылмас қазына. Әлі де үйреніле түсетін, халқымыздың асыл байлығы, ерен қазынасы.

Шыны керек! Шығыстың ұлы тұлғалары болған, жыр дүлдүлдері Фирдауси, Низами, Сағди, Хожа Хафиз, Науаи, Бабыр, Мақтымқұлы секілді т.б. тамаша данышпандар сияқты, Абай да ғасырлар өткен сайын, ұрпақтар жаңарған сайын жаңа-жаңа қырларынан танылып, жаңара, жасара берерінде дау жоқ. Өзі айтқандай: «Өлді деуге болама, айтындаршы, өлмейтұғын соңына сөз қалдырған» — дегендей-ақ, Абай бір өмір өлмек емес. Үнемі халқымызбен бірге жасап, біте қайнаса бермек.

Абайдың ұлылығы да, кеменгерлігі де сонда, ол қазақ поэзиясына 15-ке жуық өлең түрін, тамаша өлең ұйқастарын алап кіре білген дала данышпаны. Сондықтан да ол, өз өлең жолдарының бірінде, өлеңге аса жоғары баға бере келіп: «Өлең — сөздің патшасы» деп, өлеңді биікке көтере түседі.

Мәселен ақын Абай:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тындаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы, —

дей отырып, өлеңді сөздің ең асылы, барынша құндысы, ең бағалысы дей отырып, әрбір ақынға жауапкершілік жүктейді.

Шынында да, әрбір талғамы мол, таразысы әділ, ойлы ақындар ылғи да өлең сөзге аса жауапкершілікпен қарап, оның буын сандарының біркелкілігіне, белгілі бір ретпен үндесе, ұйқаса түсетіндігіне ерекше мән беруі қажет деген ойды алға тартады. Мәселен кемеңгер ақын:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырған жердің жүзі.
Жан-жануарлар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

десе, 1895 жылы жазған «Әбдірахман өліміне» атты өлең жолдарында:

Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің,

— деген, екі өлеңде көрініс тапқан екі шумақ та, төрт жолдан құралған болса да, әр жолдың буын сандары әрі түрлі екендігін аңғарамыз. Мәселен, алғашқысы 11 буынды болса, соңғысы 8 буынды боп келген.

Әрі, бұл өлеңдердің ұйқасу үлгілері де әртүрлі. Бірі 2, 4 боп келсе, кейде ол 10 не 20 жолдардан құралған бір шумақтан да, кейде бірнеше шумақтан да құрала бергендігін анық аңғара түсеміз. Мәселен, ұлы ақынның «Әбдірахман өліміне» деген өлеңі 20 жолдан құралған, әрі әр түрлі ұйқаспен өрнектеле түскен.

Бұл Абайдың өлең жолдарын өрнектей түсудегі тапқырлығы, әрі шеберлігі десек, ол да артық айтқандық емес, бірден-бір шындық.

Расында да, көп ретте әрбір шумақтағы жолдардың буын сандары, ұйқас түрлері, яғни, бір сөзбен айтқанда шумақтың ырғағы ылғи да біркелкі болып келе бермеуі де мүмкін екендігін Абай өлеңдерінен анық аңғарамыз. Мәселен ұлы Абайдың «Бойы бұлған» деп басталатын өлеңінің мына шумақтарына көңіл көзін қадалық. Мәселен:

Бойы бұлған,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым.
Тұра қаштым жалма-жан.
Өз ойында
Тұл бойында
Бір міні жоқ бендесіп,
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.

Міне осы өлеңнің 1–2 жолдары мен 4–5 жылдары, яғни «бұлған, жылмаң», «бастым-састым» өзара жымдаса ұйқасумен бірге, олардың буын сандары да бірдей, ылғи да 4 буынды болып келген. Бірақ, 3 және 6 жолдардың да буын сандары бірдей — 8 буыннан, әрі «мен сонан», «жалма-жан» болып, өзара ұйқаса түскен.

Бұл қазақ поэзиясында бұрын-соңды болмаған, өлеңнің бірден-бір жаңа түрі. Сөйтіп дала данышпаны, ұлы Абай, қазақ поэзиясына өлеңнің 15 ке жуық түрін, өлең үлгілерін алып кірген шын мәніндегі тарлан талант дәрежісіне көтерілген, нағыз кемеңгер акын бола алды.

Әрине бұл — Абайдың теңдесі жоқ, шоқтығы аса биік — нававторлығы, асқан шеберлігі. Өйткені Абай, кез келген өлеңнің құрылымына орай, оның өзіндік ырғағы мен ұйқасын, өзіндік үні мен әуенін барынша тартымды, әрі орынды қиыстыра білген.

Оның үстіне, Абай өлеңдерінің сыртқы көрінісі ғана емес, іштей жымдаса түскен сөз байланысулары да, бір-бірімен үндесе түсіп, қиысулары да орын-орындарымен байланысады. Сондай-ақ, орналасу жағынан да өзіндік ерек-

шеліктерімен көз тартып, көңілге ұялай түседі. Мәселен Абай өзінің «Жазғытұры» атты өлеңінде:

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.

дейді.

Міне осы өлең жолдарын жай сөзге айландыраар болсақ, онда ол: «Гүл мен ағаш майысып қарағанда, су сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады» болып шығады да, ол өзінің өлеңдік қасиетін түгелдей жоғалтады.

Мұның бірден-бір себебі, екінші қатардағы «су» сөзінің, қара сөз басында тұруында. Оның үстіне, ауыз екі сөз етіп жазған шағымызда, «Гүл мен ағаш майысты» — деп айтсақ та, ешқашан «майысып қарайды» — деп, айта алмаймыз.

Дейтұрғанмен де, Абай өлең сөздерінің барлығы дерлік, дәл осылай ауыспалы түрде келеді деу де әбестік болады. Мәселен: ұлы ақынның жайлау түнінің көрінісін сипаттаған мына бір өлең жолдарына назар аударсақ, оны анық аңғара түсеміз.

Қалың ағаш жапырағы,
Сыбдырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Міне, қараңызшы! Аса тамаша көрініс. Өлеңде жапырақтарға жан бітіріп тұрған нәрсе, өлеңдегі «сыбырласып өзді-өзі» деп, үндесе түскен тіркестер ғана. Өлең өзара жымдаса, үйлесе түскендігі соншалық, басы артық бір де бір сөз жоқ. Әрбір сөз, өз орнын тауып, асқан шеберлікпен қиюласа түскендіктен, өлең шумақтары барынша үйлесе, есіле түскен.

Абай шын мәніндегі нағыз шыншыл ақын. Оның шыншылдығын негізінен үш салаға бөліп қарауға болады. Мәселен: Біріншіден, ұлы ақынның, өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға, қоғамға, заманасына деген көз қарасы анық аңғарылса, екіншіден ақынның әдебиет пен көркем өнерге,

білім мен ғылымға деген көзқарастары жан-жақты аңғарылады. Ал үшіншіден, кейбір жеке адамдардың мінез-құлқына, адамилық табиғатына, мінез-құлқына үңіле отырып, оларға өз бағаларын бере білуі дер едік.

Абайдың аса терең ойшылдығы мен шын мәніндегі сыншылдығы, оның «Болыс болдым мінекей, бар малымды шығындап» — деп басталатын өлең жолдарынан анық аңғарыла түседі. Онда, болыстарды әжуалап, күлкіге айландырса, өзінің «Қарасөзі» болған — «Ғақлияларында», оларды барынша зілді күлкіге айландырады. Мәселен Абай: «Болыс пен биді құрметтейін десен, Құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ» — деп, ел арасында бұзғыншылық жасайтын, парақор би-болыстарды жеріне жеткізе сын астына алады.

Тіптен ақын: «Сыртың — пысық, ішің — нас», «Артын ойлап — ұялмас» — дей отырып, кей ретте; «Партия құрып, пара алған, пейілі кедей байсындар» — деп те, әбден мінеп — шенейді.

Шынында да ұлы Абай, өз тұсындағы қазақ қоғамында белең алған ұсқынсыз іс-әрекеттерді жете аңғарып, қазақтың мінез-құлқындағы кейбір келеңсіздіктерді, өз өлең жолдарында барынша ашық, әрі айқын сын астына алады. Оны біз ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арман», «Терін сатпай, телміріп көзін сатып, теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман» — деп, сынап-мінеп, ашықтан-ашық түйрей түседі.

Сондықтан да ақын өзінің 1886 жылы жазған «Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да» деген өлеңінде:

Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім маданда?

Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ,
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

деп, өзі өмір сүрген қоғамдағы келеңсіздіктердің барлығын дерлік бүркемелестен, ашықтан-ашық өлең жолдарында өрнектей түскен.

Сондай-ақ, ақынның «Би мен болыс алады күшін сатып», «Мен қазақтан кегінді әперем» деп, ел арасында әбден етек алған парақарлық сырларын да жан-жақты аша түссе, «Атаны бала андиды, ағаны іні, ит қорлық немене екен сүйткені», «Берекесі кеткен ел, суы ашыған батпақ көл» деп те, ашықтан-ашық өзі өмір сүрген қоғамда болып жатқан келеңсіздіктердің бәрін түгелдей мінеп-шенейді.

Сөйтіп ұлы Абай, өз тұсындағы қазақ қоғамында белең алған бейберекетсіздіктер мен сорақылық іс-әрекеттерді, оғаш мінездерді, жалпақ шешейлікті, қулық-сұмдықты жеріне жеткізе, барынша сын астына алады.

Бірақ дала данышпаны Абайдың сұқсырдай сұлулықты, барынша әсем-көркемдік тұрғысынан сынап, мінеуі де ерекше көңіл қуанта түседі.

Мәселен ол:

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан,
Сен де — бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Барар едің қай жаққа?

деген өлеңі, бұған толық дәлел бола алады.

Оның үстіне, ұлы ақынның поэзияға, ақынға деген талабы да, оның өлеңдерінде өзінің шынайы шешімін таба түскен. Сондықтан да ол:

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы»

десе, тағы бір өлең жолдарында:

«Өлеңге — әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы»,

немесе

«Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?»

деген жолдарынан анық аңғара түсеміз.

Міне сөйтіп ұлы Абай, көркемдіктің терең сырларын алға тартып қана қоймай, ол сонымен бірге, қолдарына домбыра ұстап, өздерін өзі «ақынмын» деп танып, ылғи да мақтап, марапаттап, арын сатып жүрген ақынсымақтыларды да, кейбір мақал-мәтелдерді өз пайдасына ғана айландыратын билерді де мінеп-шенейді. Құр құлқыны үшін «біреуді алдап, біреуді арбап» жүрген қу-сұм, алаяқтарды да сын астына алады.

Сондықтан да ол: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» дей отырып, көркем сөзді, өнерді бағалай білуге жұмылдыра түседі. Тіптен, «Өткірдің жүзі, Кестенің бізі. Өрнегін сендей сала алмас» — дей отырып, сөз өнерінің құдіретіне аса жоғары баға береді.

Қорыта айтқанда, қазақ жазба әдебиетінің негізін салған, дала данышпаны, ұлы Абай шыққан биіктікке, күні бүгінге дейін бірде-бір ақын шыға алған жоқ. Ол — қазақ жазба әдебиетінің даму тарихында, тұңғыш рет сыншыл реализмнің негізін қалап, қазақ поэзиясының жарқын жұлдызына айналған ұлы тұлға, кеменгер ақын, дала данышпаны десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Бұл — бірден-бір шындық. Ол — бір өмір ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бізбен бірге жасап, біте қайнаса бермек. Ақынның өзі айтқандай:

Өлді деуге болама, айтындаршы —
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

дегендей-ақ, ұлы Абай ешқашан өлмек емес.

Ол ғасырлар өткен сайын даралана көзге түсіп, ылғи да биіктей береді де, анадайдан көз тарып, көңілге ұялай түспек.

АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС

Абай Құнанбаев — XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, ұлы тұлғасы. Ол — қазақ әдебиеті тарихында қазақ жазба әдебиетінің негізін салумен бірге, сыншыл реализмнің де негізін қалаған кеменгер ақын. Академик Омарханұлы Әуезов берген мәліметке қарағанда, Абайдың ұлы ақын, тамаша философ, кемел аудармашы, композитор, ірі қоғам қайраткері болып жетілуінің бірден-бір сыры, ол үш мектептің қайнар көзінен, нәрлі бұлағынан сусындаған. Біріншіден — туған әдебиетінен нәр алған болса, екіншіден — Шығыс классиктерінің мол мұраларынан, үшіншіден — орыс және Батыс Еуропа әдебиетінің тандаулы шығармаларынан сусындаған. Сөйтіп әлем әдебиеті қазынасына өзінің мол үлесін қосу мүмкіндігіне ие болды.

Кешегі қызыл империяның тұсында, Абай нәр алған мектептердің ішінде «Орыс әдебиетінің ықпалы басымдау болды» деп, жиі айтылып келген болатын. Әрине, Абайдың шын мәніндегі ұлы тұлға болып жетілуінде, орыс әдебиетінің де ықпалы болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, Абайдың Абай дәрежесіне көтерілуінде Шығыс шайырларының ықпалы аса басым екіндігі анық байқалады.

Мәселен: ақынның жазған қырық бес қара сөзіне байыппен үңілер болсақ, оған анық қаныға түсеміз. Абай 1859 жылы 14 жасында жазған өлеңінің өзінде:

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз — бу һәммаси,
Мәдет бер, я шағри фәрияд, —

деп, Шығыстың ұлы шайырларын айрықша құрметпен тілге алып, олардан шалқар шабыт жолында медет сұрайды.

Бұл ақынның Шығыс шайырларының шығармашылығынан жастайынан-ақ мол хабары бар екіндігін анық аңғартумен бірге, оның үлкен зейіні мен пайым-парасатының биіктігін байқатады.

Абай ер жетіп ақын болып айырықша танылған кезінде де, Шығыс шайырларына, оның ішінде Физули, Науаи, Низами, Фирдауси, Хожа Хафиз, Бедил, Бабыр еңбектеріне жиі-жиі соғып отырады.

Табиғатында аса зерек боп өмірге келген Абай, өмірдің алуан сырларына тереңірек үңіліп, қоғамда болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктерге ой көзімен қарайды. Өзінше көп оқып, көп ізденеді. Қазақ қоғамында болып жатқан күрестартыстардың негізгі сырларын терең түсініп, зорлық-зомбылықтарды, өз көзімен көріп, жүрекпен сезінеді. Өмірдегі ұсқынсыз іс-әрекеттерге налып қана қоймай, онымен тікелей күреседі. Феодалдық қоғамның зорлық-зомбылығына қарсы тұрып, әділеттілік пен адалдықты арман етеді. Халықты да соған жұмылдыра түседі.

Жастайынан зейінді болған Абай араб, парсы, ескі өзбек тілі —шағатай тіліндегі Шығыс шайырлары еңбектерімен кеңірек танысып, олардан рухани азық алады.

АБАЙ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТИ

Абайдың туысқан өзбек топырағына кіріп келу мәселесіне келер болсақ, «Тандамалы шығармалар» жинағы 1922 жылы Ташкентте қазақ тілінде, араб алфавиті негізінде басылып шыққан. 1923 жылы «Инқилоб» («Төңкеріс») журналында «Әбдірахманға» деген өлеңі өзбек тілінде жарық көреді.

Сондай-ақ, белгілі ғалым Абдурахман Сағди 1923 жылы Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған «Ақ жол» газетінде, «Абай» атты мақаласын жариялайды. Онда Абай өлеңдеріне аса жоғары баға бере келіп, «Жаз» атты өлеңі туралы былай деп жазады: «Ес кетерлік ұсталықпен, тіпті жеңіл һәм табиғи шығарылған» — дейді де, онан соң: ...«Абай барлығы 5313 жол шамасында өлең жазған. Бұлардың ішінен орысшадан тәржімалағаны 1700 шамасында. Соңғыларын шы-

ғарып тастағанда 3612 жол шамасында болады» — деп, терең түйіндеп жасайды.

Сондай-ақ 1945 жылы Абайдың 100 жылдығына орай, Алматыда өткен ұлы жиынға, Өзбекстан Республикасынан Айбек, Ғафур Ғұлам, Абдурахман Сағди, Міртемір, Хади Зариф секілді өзбек жазушылары мен ғұлама ғалымдары қатысады. Сол жылы Абайдың, «Өлендер» жинағы тұңғыш рет, өзбек тілінде басылып шықса, одан соң 1961, 1970, 1995 жылдары да өлендері өзбек тілінде жарық көріп, туысқан өзбек халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналды. Абай өлендерін өзбек тіліне аударуда Ұйғын мен Міртемир, Мақсұт Шайхзада, Асқад Мұхтар, Ғұлам Шады, Раззоқ Абдурашидов, Музаффар Ахмад, Абдулла Рустамов т.б. өзбек халқының аса талантты ақындары көп үлес қосты.

Әрине бұл, өзбек қаламгерлерінің қазақ халқына, дала данышпаны ұлы Абайға деген құрмет, ілтипатының үлкен жемісі деуге болады.

Ұлы ақынның 150 жылдығына орай, Қалдыбек Сейдановтың «Абай адабияти» — «Абайдың мәңгілігі», атты еңбегі 1977 жылы «Шолпан» баспасында жарық көрсе, сол жылы кемеңгер ақынның «Абай» атты өлендер жинағы мен 45 қара сөзі, өзбек тілінде Ғафур Ғұлам атындағы «Әдебиет және өнер» баспасында басылып шығады.

Аталмыш «Таңдамалы шығармалар» жинағына енген ақынның «Ескендір» поэмасын — Міртемір, «Масфұт» дастанын — Ұйғын аударса, өлендерін Ғұлам Шәді мен Раззақ Абдурашидов аударған. Ал қырық бес қара сөзін, белгілі аудармашы Нәсір Фазилов аударып, алғаш рет өзбек халқының рухани игілігіне айналдырумен бірге, жинақтың «Алғы сөзін» де өзі жазған.

Оның үстіне, ұлы ақынның 170 жылдығына орай, 2015 жылы «Жарық жұлдыз» деген атпен өлең, поэмалары мен қара сөздері енген шығармалар жинағы да «Өзбекстан» баспасында жарық көреді. Оның «Сөз басын», «Қазақ халқының ұлы тұлғасы» деген атпен, Өзбекстан Республикасы Тұран Академиясының академигі, профессор Қалдыбек Сейданов жазған.

Сондай-ақ, белгілі өзбек ақыны, 1960 жылы қазақ әдебиетінің ең жақын досы — Міртемірдің ақынға арнап

«Абай — бабай» атты өлең жазуы, оның ұлы тұлғаға деген мейірінің, ыстық ықыласының сәтті жемісі десек, артық айтқандық болмас.

Бұл өленді, Ө. Абайділдәнов «Абай ата» деп қазақ тіліне аударды.

Міне, бұлардың барлығы түбі бірге туысқан өзбек халқының қазақ халқына, оның ұлы тұлғаларына деген ыстық ыласының үлкен жемісі деуге болады.

Енді Ө. Абайділдановтың аудармасына келер болсақ, Міртемірдің өлеңін қазақ тіліне аударуда өзінің асқан шеберлігін әдемі таныта білгендіктен, өлең өрнектерінің қан-сөлін жоғалтпай, ақынның айтайын деген ойын анық жеткізе алған.

Мәселен:

Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.
Халқының ол зердесіне жағып сөнбес шырақты,
Елдің даңқын жырға бөлеп, ойлы отырған сияқты.
Замандардан зарлап өмір, қаншалықты көрді азап,
Туған елдің күш-қуатын бүгін ашты бұл қазақ.
Сол халықтың даналығы бойында еді Абайдың,
Ескерткіші алдында оның бас имесін қалай кім? —

дей келе, ұлы тұлғаның бүгінгі қазақ өміріне емірене қарап, қол жеткізген аса мол табыстарына, дән риза екіндігін ақын ерекше сезініп, қуана тілге алады. Одан соң:

Барған сайын терең бойлап табиғаттың сырына,
Бүгін міне, шықты қазақ — өнер, білім шыңына.
Жеті қабат көк жүзінде ғарышқа да бойлады,
Жұлдыздарға бірге жетпек ақын Абай ойлары.

Жазда барсаң, қыста барсаң — Абай отыр бір қалып,
Кептер барып иығына қонақтайды жыр барып.
Абай ата маңғаз отыр, төбесінде — көк аспан,
Түзде жұлдыз жыпырласып көруге оны таласқан, —

деп, тамаша түйіндеулер жасайды.

Міртемір ақынның қазақ халқын, оның ұлы данышпаны Абайды аса қадір тұтқандығы соншалық, өзінің өрен мейірін, ыстық-ықыласын поэзия тілімен өте әдемі жеткізе алған. Абайдың ұлылығын, данышпандығын шебер сипаттай алғандығы өлең жолдарында анық аңғарылады.

Абайдың өзбек өңіріне өз ақындары сияқты сіңіп кеткендігі соншалық, ол туралы Ғафур Ғұлам, Ұйғын, Міртемір, Сабыр Абдулла, Мақсуд Шайхзаде, Мамарасул Бабаев секілді т.б. ақындар да өз өлең жолдарында оны үлкен құрметпен тілге алған.

Абай туралы өзбек ақын-жазушылары мен зиялы зерттеушілері әлі де көптеген мақалалар жазып, оның тұлғасын, кемеңгерлігін өзбек елінде биіктете түсуде. Бұл — қазақ пен өзбек халқының әдеби-мәдени байланыстарының жаңа қырларын ашуда үлкен мәнге ие болмақ.

НАУАИ ЖӘНЕ АБАЙ

Әлішер Науаи мен Абай екі түрлі дәуірде, екі түрлі тарихи-әлеуметтік, саяси жағдайда, яғни бірі — Орта ғасыр мәдениетінің әбден гүлденген кезі — XV ғасырда, колөнершілер ортасында, қалада өмір сүрсе, екіншісі — XIX ғасырдың екінші жартысында, мидай жазық шөлді мекенде, қазақ сахарасында дүниеге келіп, сонда өмір сүреді. Солай бола тұрса да, олардың өмір жолдары мен шығармашылығында өзара ұқсастық пен үндестік сипаттар молынан кездеседі.

Біріншіден, олардың өмір жолдарындағы ұқсастыққа назар аударар болсақ, Әлішер Науаи Астрабад әкімі болғаны сияқты, Абай да он үш-он төрт жасында әкесі Құнанбайдың қолдап-қуаттауымен біраз уақыт болыс болып, ел басқарады.

Сөйтіп, екеуі де үстем тап иелерінің озбырлығына, әділетсіздігіне шыдай алмай, оларға тікелей қарсы шығып, қарапайым халық жағында болады. Ел арасындағы теңсіздікті зорлық-зомбылық пен қиянатты, әппербақандықты және келеңсіздіктерді өз көздерімен көріп, жаны қиналады. Ақыры болмаған соң екеуі де ел басқару ісінен бас тартады.

Екіншіден, Әлішер Науаи өзінің досы, әрі құрдасы Құсайын Байқараның ел басқару ісіндегі әділетсіздіктеріне тікелей қарсы шығып, оны адамгершілікке, адалдыққа, баулып отырса, Абай да өз әкесі Құнанбайдың озбырлығына, зорлық-зомбылығына, әрі сол кездегі болыс-билердің әділетсіздіктеріне тікелей қарсы шығады.

Оларды мінеп, сынап, үнемі әділетті, ынсапты болуға үндеп отырады. Осылайша, қазақ қоғамында белең алған әділетсіздік пен теңсіздікке налып, жарқын болашақты армандап, әділетті қоғам құруды ансайды.

Әлішер Науаи да Абай да әділет пен адамгершілікті, пәк сезім мен таза махаббатты, адалдық пен азаматтықты дәріптеп, барлық ой түйіндерін ақ қағазға түсіруді басты мақсат етеді. Жауыздыққа, зорлық-зомбылыққа тікелей қарсы шығып, достық пен ынтымақ-бірлікке, теңдікке айрықша мән береді.

Жастарды білім үйренуге үндейді. Өмір туралы кең толғана отырып ақындық, өнер туралы өз пікірлерін ашық айтып отырды. Жалпы өнерге аса үлкен баға береді.

Ұлы ақын Әлішер Науаидың бейнелеу теориясы «Акси-Жиһан» туралы көзқарасы мен Абай Құнанбаевтың дәл осы мәселе жөніндегі ой-түйіндерінде біраз ұқсастықтар, өзіндік ерекшеліктер өз алдына бір төбе, қадау-қадау мәселелер. Өйткені Науаи қоғамдық өмірдегі бес сезім мүшесінің рөлін ерекше бағалап, хауасқа («Харенки захир булбул беш Хауас-Хамса») айрықша мән берген болса, Абай өзінің 38-қара сөзінде «Хауаш хамса заһари» деп үлкен ой үйеді:

Ақыл хауас барлығын
Білмейдүр — жүрек сезедүр —

деп, көп жағдайда адам жүрегі кейбір нәрселерді, оқыс оқиғаларды алдын ала сезетіндігін ескертеді.

Әлішер Науаи ақыл-ойды шындықты білудің негізгі өлшемі ретінде анық айтса, Абай Құнанбаев та бұл мәселеге осы тұрғыдан көңіл аударады. Абай:

Ақыл — мизан, өлшеу қыл...
Ақыл сенбей сенбеніз,
Бір іске кез келсеңіз,

деп, барлық мәселеге ақыл көзімен ой бөліп, ақыл сенгенде ғана соған сене біліңіз деген ойды алға тартады.

Ұлы ақын Әлішер Науаи өзінің «Чар диуан» атты лирикалық туындысында, адам өмірін «Балалық», «Жігіттік», «Орта жастық», «Кәрілік» деп төрт кезеңге бөліп, оның әрбір кезеңі туралы өз ойын жан-жақты білдірсе, Абай оның тек «Жігіттік» кезеңіне ғана айрықша мән беріп, ол туралы өз ойын ортаға салады.

Әлішер Науаидың кейбір ғазелдері мен лирикалық шығармаларында көрініс тапқан ой түйіндері, көтерген көкейтесті мәселелері Абай шығармаларында да өз көрінісін тапқан.

Оны Абайдың «Иузи — раушан» көзі — гауһар, «Көзімнің қарасы» секілді өлендерінен байқауға болады. Бұл өлендер Әлішер Науаидың «Хазайин-ул-моаний» («Мағыналар қазынасы») еңбегіндегі көңіл-күй лирикасымен үндесіп, сарындасып кетеді.

Әлішер Науаи өз лирикасында:

Эй киприги нечун кузи хунхор,
Жонимни неґа килурсан афґар,
Лаълинг ғамидин кунгилда эрди,
Хор қонки, сиришким этди изхор.
Хайхотки, хадринг игиндур,
Жонимда алам, танимда озор.
Юзингни куриб мени рамида,
Ишқ утига булґач гирифтор, —

десе, Абай өзінің «Иузи — раушан, көзі — гауһар» өлеңінде былай дейді:

Иузи — раушан, көзі — гауһар,
Лағилдек бет үші әхмәр.
Тамғы қардан әм биһтар,
Өзең гузәлләра раһбар.
Сеңә ғашық болып кәмтар,
Сұлайман, ямшид Искандар,
Ала алмас барша мулкига, —

дейді.

Әлішер Науаи ұлы адамгершілік пен шын мәніндегі адамилықты аса жоғары бағалап: «Одамий эрсанг демагил адами, Ониким йуқ халқ ғамидин ғами» десе, Абай да: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» — деген тамаша идеяны алға тартады.

Сондай-ақ, Әлішер Науаи «Одамларда одамлар бор, одамларнинг нақшидур, одамларда одамлар бор, хайвон ундан яхшидур», — десе, Абай да «Адамның адамы бар, наданы бар» — деп, ұлы адамдықты, адалдықты барлық нәрседен биік қоя біледі.

Сондай-ақ, Әлішер Науаи: «Өмірді босқа өткізбе, еңбек ет» дей келіп, «Умирини зайъе этма, мехнат қил, Мехнат-ни саодатининг калиди бил», — дей отырып:

Ахли маъни грухта зинхор,
Хеч ор илама ғадолиғдин.
Ким буларга ортиқдур, —

деп, еңбектің адам өмірінде алатын мәнін аша түссе, Абай да өз өлеңдерінің бірінде:

Сақалын сатқан кәріден,
Ақылын сатқан бала артық.
Арын сатқан патшадан,
Еңбегін сатқан құл артық, —

дей отырып, адал еңбектің мәні мен мазмұнын аса биікке көтере түседі. Сөйтіп, ұлы ақынның екеуі де адал еңбек, адам баласын ер атандыратындығын өте әдемі суреттей алған.

Әлішер Науаи өзінің «Хайратул — аброр» («Жақсы жандардың қайраттануы») еңбегінде, өлең сөздің мазмұны мен пішініне айрықша мән беріп, мазмұнын саф алтынға бала-са, Абай да өзінің «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде, оның мазмұнын алтынға, сыртын күміске балайды:

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, —

дейді.

Тіптен Әлішер Науаи өзінің «Фархад-Шырын» дастанында қыс көрінісіне жан бітіре суреттеген болса, Абай да өзінің «Қыс» атты өлеңінде табиғат тылысымына жан бітіріп, жандандыра суреттейді.

Мәселен Абай:

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы — ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
Көрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.

дейді.

Ұлы ақын Әлішер Науаи шығармасында да қысты адам бейнесінде алып, тамаша байламдар жасаған жолдар мол кездеседі.

Міне, екі ақын өлеңдеріндегі осындай сарындас сипаттар мен ұқсастық-үндестіктерді көптен келтіріп, талдау жасауға болады.

Дегенмен, Абай мен Науаидың ара қатынасы, әдеби байланыстары әлі де жан-жақты терең зерттелмей келеді. Екі ұлы тұлғаның ортасында аса күрделі шығармашылық байланыстарды, олардың дүние-танымындағы ұқсастық көзқарастарын ғылыми тұрғыдан зерттеп, ғылым сарабына салу — бүгінгі әдебиет зерттеушілері мен философтардың басты мәселесі.

АБАЙ ПОЭМАЛАРЫ

Абай Шығыс шайырларының шығармаларынан рухани азық алғандықтан, олардың үлгісі негізінде бірнеше поэмалар жазу мүмкіндігіне ие болды. Одан бізге жеткені «Масфұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» атты үш поэмасы. Бірақ соңғы поэмасы аяқталмаған. Үлкен баласы Ақылбай-

ға Әлішер Науаидың «Сабъаи сайёр» — «Жеті кезбе» поэмасы негізінде «Жарроқ» атты поэма жазуды тапсырғанын да Мұхтар Омарханұлы Әуезов өз еңбегінде үлкен сүйіспеншілікпен тілге алады.

Бұлардың бәрі де акынның бұрынғы шығармаларындай қазақ өмірінің шындығын суреттеуге құрылмаған. Олар Шығыс халықтарының аңыз-әңгімелері, ертегілері сюжетіне негізделіп, дастан үлгісінде жазылған дүниелер. Уақиғалары аса шағын, көлемдері тым аз болса да, олардың тәлімдік те, тәрбиелік те мәні зор. Ұлы акын — Абай аңыздарды көбінесе тәрбиелік ой-мақсаттарға бейімдеп, өз шығармасын көпке үлгі етуді ойлаған.

Абай «Масғұт» поэмасын негізінен осы аттас кейіпкердің іс-әрекетіне құрады. Ақылы мен парасаты аса мол адамның мінез-құлқын, адамгершілігін көпке үлгі етеді. Поэманың идеясында әйелді қоғамның ерлерге тең мүшесі деп тану, оның әлеуметтік өмірдегі орнын бағалау жағына көбірек көңіл бөледі. Мұны Масғұттың көзқарасынан айқын танимыз. Ұры тонап жатқан шалды арашалап алған Масғұт шалмен базарлық алуға барады. Ол жерде шал Масғұтқа ақ, сары, қызыл жеміс ұсынады да:

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сары жесең, дәулетің судай тасар.
Егерде қызыл жеміс алып жесең,
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар, —

дейді.

Сонда, Масғұт өзіне қызыл жемісті тандайды. Көп нанданның арасындағы жалғыз ақылды адамның да, байлықпен малқұмарлық аздырған байдың күйіне де талғампаздықпен қарайды. Сөйтіп:

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер.
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ, кімнің басы.



Абай перзенттерінің ортасында

Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
Үйінде тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып,
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма? —

деп, ол әйелмен болған достықты қадір тұтады.

Абай өз поэмасында ер мен әйел теңдігін жақтайды. Оған ерекше көңіл көзін қадайды. Әйелдің де биік парасат иесі екендігін тән алады. Бұл да — Шығыс поэзиясына тән сипат. Әлішер Науаи да өзінің «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад-Шырын» дастандарында әйелдің қадір-қасиетіне айрықша мән береді. Оларды нағыз сүйіспеншіліктің, нәзіктіктің, ақылдылықтың символы ретінде алып, ерекше шабытпен жырлайды.

«Масғұт» поэмасы да осы идеяға сай оқиғаны баяндауға құрылады. Онда суреткерлік емес, ой мен ақыл және дидактикалық сарын басым. Оқиға мен тартыс өмірлік тартыстан емес, ақынның айтайын деген ой-үлгісінен туындаған. «Масғұт» поэмасының жаңа үлгідегі поэма түрінде емес, Шығыс дастандары түрінде жазылуы да осыны аңғартады.

Абайдың «Әзім әңгімесі» Шығыс халықтары арасына кең тараған. Оны «Мың бір түн» ертегісінен алынған бір оқиғаның өлеңмен жазылған түрі деп қарауға болады. Онда көпті алдап жүрген адамдардың аярлық, алаяқтық мінез-құлықтары сыналады. Бірақ бұл поэма аяқталмай қалған.

Абай поэмаларының ішіндегі елеулісі де, ақынның гуманистік ой-пікірін тереңірек танытатыны да — «Ескендір» поэмасы.

«Ескендір» поэмасы Шығыс елдерінде «Ескендір Зұлқарнайын» деген атпен кең тараған. Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі болған қолбасшының өмірі жайлы аңыздарды негізге ала отырып жазған Абайдың аса тартымды шығармасы. Ескендір тақырыбын Еуропа ақындарымен бірге, Шығыстың ұлы шайырлары Фирдауси, Низами, Әлішер Науаи, Әбдірахман Жәми сияқты ақындар да өздерінің жыр жолдарында ерекше сүйіспеншілікпен жырлаған.

Абай бұл тақырыпты өзінен бұрын өткен ақындар үлгісінің ешқайсына бұрмай, өзінше жырлаған. Ақын Ескендірдің өмірбаяндық деректерін дәл келтіреді де, оның дүние жүзін күшпен жаулап алмақ болған қанқұмар саясатын сынауға ауысады. Соған орай поэмаға жас кезінде Ескендірдің тәрбиешісі болған ұлы ғалым, гуманист Аристотельді әдейі алады. Поэма әділдік пен жауыздықтың тартысына құрылады. Жауыздыққа жетелейтін қызғаншақтық пен тойымсыздық екенін көрсете келіп, ақын әділдік пен даналықты, соған қарсы ұсынады. Қақпа мен адамның көз сүйегін символ ретінде алады да, ол жұмбақтарды ақылға шештіреді. Мәселен ақын:

Бұл — адамның көз сүйегі, — деді ханға.
Тоя ма адам көзі мың-мың санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр, көзге құм құйылғанда.
Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Аристотельдің даналық сөзі қанағатсыз Ескендірге ой салады. Нәтижеде ол салған жолынан қайтады. Сөйтіп, ақын Аристотельге Ескендірді бағындырып, жауыздықты әділдікке жеңгізеді.

Поэма аңыз сюжетін сақтағанмен, ақын оны өмір шындығына жақындатып, Шығыс ақындары жырлағандай реалистік негізде суреттейді. Оқиға бір түйінге — әділдік пен жауыздықтың бетпе-бет кездесуіне топталады да, кейіпкердің мінез-құлқы, іс-әрекеті арқылы біртіндеп ашыла түседі.

Поэманың бас кейіпкері — Ескендір шығармадағы оқиға арқауы болып, оның өн бойында көрініп отырады. Ең соңында ғана Абай оны Аристотельге кездестіреді. Ақынның дидактикалық, өсиет-үлгілік қорытындысы осы арада анық аңғарылады.

Поэмада жарқын суреттер мен қажетті баяндаулар, диалог пен лирикалық шегініс те орынды пайдаланылады. Бұл Шығыс классиктерінің нәрлі бұлақтарынан рухани нәр ал-

ған Абайдың шағын поэма жазуға үлкен мүмкіндігі бар екендігін анық аңғартумен бірге, оның шеберлігін де жан-жақты таныта түседі.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

1890 жылдар ішінде Абай өзінің бір алуан шығармаларын қара сөзбен жазған. Оның қара сөздері көркем шығарма түрінде емес, ақынның өзі көрген өмір сабақтары туралы ойларын, содан туындайтын даналық, философиялық түйіндерді жинақтаған публицистикалық үлгіде жазылған.

Оның сөйлем құрылымы, сөз саптау өзгешеліктері де осы мақсаттан туған. Көлемі шағын, мазмұны, мағанасы аса мол, терең болып келеді. Кейбіреулері сұрау-жауап түрінде, өзімен-өзі сырласу, оқырманмен кенесу түрінде беріледі.

«Ақыры, ойладым, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

«Бірінші сөзде» Абай қара сөз жазудағы өз мақсатын осылай түсіндіреді. Ол осы «ойына келген нәрселер» туралы жазуды соңғы өмірінің мақсат-мұраты тұтады. Сол арқылы кейінгі ұрпаққа ақыл-өнеге, өсиет, ғибрат қалдыруды көздейді. Абайдың қара сөздерінің жалпы саны қырық бес. Олардың қайсысы болса да сол дәуірдегі әлеуметтік өмірдің күрделі мәселелерін сөз етуге арналады. Кейбір сөздері тақырыбы, мазмұны жағынан бірін-бірі толықтырып отырады. Абайдың оқырманға ой тастап, тереңнен толғаған мәселесінің бірі — адамның адам болуға үйренуі, естілікке ұмтылуы, кәсіпке мойынсұнуы, дағдыны дамыту жайлары.

«Адам, — дейді ол «Он тоғызыншы сөзінде», — ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады».

Адамның естіген, көрген нәрселерін есінде сақтап, өзіне өмір серігі ете білуінің жолдарын ақын «Отыз бірінші» сөзінде айтады: «Естілген нәрсені ұмытпастықта төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы, берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып ынтамен ұғу керек. Үшінші — сол нәрсені, ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші — ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер бір ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

Бұл сөздер Абайдың адам тәрбиесіне, оның жас ұрпақты ойлы, білімді, есті етіп тәрбиелеу мәселесіне айрықша көңіл қойғанын танытады. Осының бәрін ақын адам өмірін мазмұнды ету үшін айтады. Ол үшін керек қасиеттер мен керексіз, адамның жақсы болуына бөгет жасайтын кеселдерді ашып көрсетеді. Бірлік, тірлік деген сөз ұғымдарының мәнін түсіндіре отырып ол «Алтыншы сөзінде» — ақылға бірлік, малға бірлік емес» десе, сол сөздің екінші жерінде: «Ырыс алды — тірлік» дейді. «Ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жок, ондай тірлік ит те де бар. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Тірлік олар емес, көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Ал ол еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас.
Сырты пысық, іші нас,
Артын ойлап ұялмас, —

болып жүріп тірімін деме, онан да өлімнің өзі артық» дейді. Осы пікірін ақын «Отыз үшінші» және «Он сегізінші» сөздерінде де толықтыра түседі. Ол адам бойындағы ұнам-

сыз мінездерге қоса, мал табудың теріс жолдарын сынайды. Мал табудың адал жолын өнерден іздеуге өсиет қылады. «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді. Жаксы болудың, жұрттан озудың жолын да Абай өнер-біліммен байланыстырады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылдық», — деп жазады. Ғылым-білім жайын сөз еткенде, Абай ең алдымен, орыс ғылымын ауызға алады. Күн көріністің де, мақсатты тіршіліктің де, мал табудың да жолын ол орыс өнерімен байланыстырады. «Орысша оқу керек, — деп жазады ол «Жиырма бесінші сөзінде», — хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады... Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті».

Қазақтың ел болуын Абай жас ұрпақты білім жолына тартуда деп түсінеді. Ол оқуға ықылассыз халықты өкіметтің күшімен көндіру, жастарды оқытуға мол қаражат бөлу мәселелерін алға тартады. Өкіметтің күшімен қазақтың ұл-қыздарын еркісіз түрде мектепке беріп, оларды ғылымның әр саласынан мамандандырып, ой-санасын, жаңаша тәрбиелеп, бұрынғылардан мүлде психология, өзгеше наным-сенімдегі адамдар етіп шығарса ғана, елдің түзелетінін айтады. Сонымен бірге жұрттың бәрін қорқытып, зорлау мүмкін емес. Сондықтан оқуға тартуға жағдай жасау керектігін де көтереді.

Абай кезінде бала оқытудың өзі де қазақта үлкен даулы мәселе болатын. Кейбір көзі ашық азаматтар болмаса, жалпы халық баласын орыс мектебіне беруге қорқатын. Оларды ауыл молдаларынан сауат аштырып, тіл сындырса, қанағаттанатын. Ал Абай өз шығармаларында қазақтың ел болуын, мәдениетті елдер қатарына қосылуын ғылым-біліммен байланыстыра қарады да, жастарды оқытуды бірінші кезекке қойды. Сөйтіп, оны мемлекеттік шара есебінде көтерді.

Абайдың қара сөздерінде қазақтың мақал-мәтелдерін мазмұны мен шығуы жағынан сынай талдауға да орын

беріледі. Өмір сабағының түйіні есебінде мақал-мәтелдің жастарға тәрбиелік, өнегелік мәні барын түсінген ақын оның жас ұрпақты теріс тәрбиелейтін үлгілерін ашып көрсетеді. Ол: «Мал — адамның бауыр еті», «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Малдының беті жарық, малсыздың беті шарық», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», тағы басқа мақал-мәтелдерді мысалға алады да, олар жайлы ойын былай түйеді:

«Бұл мақалдардан не шықты? Мәлім болдың қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малшыларды алдап алмақ, яки ақтап алмақ екен, бермесе, оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық, сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек» («Бесінші сөз»).

Осы ойын «Жиырма тоғызыншы» сөзінде жалғастырады. «Жарлы болсаң, арлы бол» дейді. Арадан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. «Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген, — ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не терден сұрау керек қой...

«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» дейді. Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті дерлік не жаны бар? Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ — ең арсыздың ісі емес пе?» — дейді ол. Ақын «қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығын» да көрсеткен. Өзі де өлеңдерінде, қара сөздерінде көп мақал-мәтелдер жасаған. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Азат басың болсын құл — қолдан келмес іске ұмтыл» деген сияқты Абай сөздері халық арасына мақал боп сіңіп кетті. Олар арқылы ақын елді еңбек етуге, кәсіпке үйренуге шақырады. Елді көтерудің, өзіңнің де қатарға қосылуыңның жолы еңбекте деп түсінді. Оның: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін от-

таған хайуанның бірі боласың. Адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың», — деген сөзі де осындай ғибрат ұсынады. Абайдың өзі шығарған нақылдардың көбі оның «Отыз жетінші» сөзінде жинақталған. Онда:

Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

...Жаман дос — көлеңке.
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың.
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.

...Әкесінің баласы — адамның дұшпаны,
Адамның баласы — бауырын, —

деген сияқты нақылдар бар.

Абайдың қара сөздеріндегі еңбек, ғылым, адамгершілік, әділдік т.б. жөніндегі пікірлер оның ағартушылық, демократтық көзқарасын жан-жақты аша түседі.

«Қара сөздер» Абайдың соңғы туындыларының қатарына жатады. 1900—1904 жылдар арасында ауру ақын өндірітіп ешнәрсе жаза алмаған. Сөйтіп, 1904 жылдың 23 маусымында қатыс болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Абайдың өскен ортасы, халық әдебиетімен байланысы жайында әңгімелеңдер.
2. Абай өлеңдерін өзбек тіліне аударуда қандай өзбек ақындарының орны бар?
3. Абайдың сөз өнері, ән-күй жайындағы пікірінің жаңалығы неде?
4. Абайдың кейбір қара сөздерді оқып келіп, сыныпта айтып беріңдер.
5. Абайдың лирикасындағы халық деген ұғым нені білдіреді, ақынның халықпен байланысы қандай және ол қалай көрінеді?
6. Абайдың «Масғұт», «Ескендір» поэмаларының идеялық мазмұнын ашыңдар да кейіпкерлерге сипаттама беріңдер.





ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858 — 1931)



XIX ғасырда туып, бүкіл саналы өмірін XX ғасырдың алғашқы үш он жылдығында жарқырата көрсеткен, артында келер ұрпаққа мол, жан-жақты рухани мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлы өз уақытының ерекше құбылысы болды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы кез келген озық ойлы қайраткер, азамат сияқты тарихқа, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға үлкен көңіл бөлген, өзіндік қалыптасқан тарихи зердесі болған тұлға екендігін ол қалдырған шығармалардан байқаймыз.

Ол XIX ғасырдың басында-ақ қазақ өлкесінің рухани орталығына айналған қазіргі Семей өңірінің Шыңғыстау бөктерінде, Құнанбай әулеті ту тіккен топырақта 1858 жылы 11 шілдеде дүниеге келген. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған. Құдайберді 37 жасында дүниеден өткенде, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған жеті жасар Шәкәрім жетімдік тауқыметін тарта қоймаған.

Өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабақ ала бастағанын жазады. Әйтеуір, төрт-бес жыл көлемінде қара танып шықса керек. Жеті жасынан бастап өлең сөзге бейімділігін танытады. Оның ерекше зеректігін аңғарған Абай Шәкәрімді өз қамқорлығына алады. Молда сабағынан басқа, орысша үйренеді. Былайғы өмірін өнер-ғылым, білім қуумен қатар, домбыра тарту, гармонияда ойнау, ән салу, саятшылық құру, сурет салу, өлең жазу, ғылымға құмарлану т.б. өнерлерге арнайды. Оның өнеге көрген ортасы — Құнанбай ауылының зиялы тобы, ұлы Абайдың тағылымы болды. Ол жас Шәкәрім-

нің азамат және ақын ретінде қалыптасуына ерекше әсер етеді. Абайдың кеңесімен әр түрлі кітаптар оқуға машықтанған Шәкәрім ақылы кемелденіп, ой өрісі тереңдеп өседі. Ақындық өнерін де таныта бастайды.

Жиырмаға толғаннан кейінгі үш жылын Шәкәрім болыс болып, ел басқаруға арнаған. Бұл жылдарын ол «Еріксіз жемтік шоқыдым», «Ар кетіп, айла жамылдым» деп опынады, ұлық болуды дәреже көріп, лоқығанына өкінеді, сусан ғылымнан жырақтағанына налиды. Әйтсе де ел жұмысына араласу оған өз тұсындағы қоғамның тамырын басып, сырқатын анықтап алуына көмектесті. Шәкәрім шығармашылығынан мүлдем қол үзіп кетпеген, ұстазы Абайдың тапсырмасы бойынша шежіремен айналысады, 25 жасында «Қазақтың түп атасы» деген еңбек жазады.

Ақынның алғашқы жазған өлеңдері жастық, махаббат тақырыбына арналады. Бастапқы өлеңдерінен-ақ, ол Абайдың тіл мәдениетін, ақындық үлгісін пайдаланады. Абай ағасынан ғылым-білім үйреніп, ақылын тындап қана қоймай, кісілікке де, азаматтыққа да үйренеді. Оның сынына түсіп, шығармашылық жаттығудан өтеді. Абайша еңбек етіп, өмір сүруді өзінің бірден-бір мақсаты санайды. Дүниеге көзқарасы да Абай ықпалымен қалыптасады. Жастайынан орыс, түрік, араб, парсы тілін үйренуге ден қояды. «Талпынып орыс тілін үйренумен, надандықтың тазарып кетті кірі» деп жырына да қосады. Осының арқасында ұлғая келе оқығанын сынай білетін ойшылдық танытады. Философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді қадағалап оқиды.

1905–1906 жылдары Шәкәрім ел, жер тану сапарымен Араб, Түрік, Еуропа елдерін аралауға шығады. Меккеде болады. Стамбул кітапханасында отырып жұмыс істейді.

Іздедім, таптым анығын,
Тастадым ескі танығын,
Хақиқат нұрдың жарығын,
Жарылды жүрек көргенде, —

деді шет елдерді аралап қайтқан ақын, ол елдер мәдениеті мен әдебиетін, діні мен философиясын, ғылым салаларын тануға күш салады. Ой өрісі кеңейіп, өмір, қоғам, жан, тән жайында жаңаша байыптай бастайды.

Ұстазы Абай үйреніп, үлгі алған қазақтың төл әдеби нұскаларын Шәкәрім де жастай көкірегіне тоқып өскен. Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалар, адам тағдыры жайында сюжетті дастандар жазады. «Қалқаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек» сияқты лирикалық-эпикалық дастандар ақынның алғашқы табысы саналады.

1908 жылдан бастап Шәкәрім жалғыз өзі елінен жырақтау, бұрын саятшылық мақсатпен тау арасына салдырған Саятқора деген қыстауына қоныс аударады. «Ойға оңаша жер керек» деп шығармашылық жұмыспен оңашаланып оқу, жазумен шұғылданады.

Дегенмен, Шәкәрім кезінде Алашордадан қол үзіп, Кеңес үкіметінің орнауын әділет жолының жеңісі деп білді. Мұның бәрі әділ бағасын алуы тиіс еді. Бірақ оны жеке адамға табынушылықтың қырсығы істетпеді. Ақынға дұшпандары тыныштық бермеді. Молдалар Шәкәрімді «дін бұзар» деп айыптады, бай-жуандар «алжыды» деп лақап таратты, ауылдың белсендісі ескішіл деп өсектеді.

Ақыры Мемлекеттік саяси басқарманың өкілдері ақынды 1931 жылы 2 қазан күні өз жұмысымен оңаша үйінен ауданға бет алып келе жатқан жолда атып өлтіреді. Қарулы тобымен бандыларды іздестіріп жүрген олар бұған солармен байланысты деген айып тағады.

Ш. Құдайбердіұлының әдеби мұрасы өте бай. Оның шығармашылығы жанры жағынан да әр түрлі. Ол поэзия, проза, аударма, трактат саласында жұмыс істейді. Оның бірсыпыра кітаптары Кеңес дәуіріне дейін-ақ жарық көрген. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» және «Мұсылмандық шарты, «Қалқаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек» поэмалары Семейде (1912) басылды. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде бірнеше мақалалары жарияланды. Бірсыпыра шығармалары әр кезде баспасөзде жарық көрді. 1988 жылы ақын аты ақталғаннан кейін шығармалар жинағы жеке кітап болып шықты, шәкәрімтану саласында жаңа зерттеулер жазыла бастады.

Ш. Құдайбердіұлы Қазан төңкерісіне дейін сыншыл реалист ақын ретінде қалыптасты. Идеялық мақсаты жағынан демократтық-халықтық, гуманистік-ағартушылық бағытты ұстанды.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

«Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім», деген Абай мектебінен тағылым алған, оның жолын жалғастырған Шәкәрім де екі жаққа бірдей назар салған. Абай білген Шығыс ақындарынан Шәкәрім де ерте оқып, нәр алған. «Оятқан ерте мені Шығыс жыры» деп алғашқы өнеге мектебін нақты атайды. Классикалық тәжік-парсы поэзиясын да, ортағасырлық туыстас түркі әдебиетін де терең таныған ақынның айырықша қадір тұтқан ақындары Хожа Хафиз, Физули, Науаи болады. Әсіресе, Хафизді жанына жақын тұтады. Германиядағы Гейнені де, Ресейдегі Пушкинді де баураған, жаңа дәуірдегі Еуропа поэзиясына үлкен ықпал жасаған Хафизді Шәкәрім өзінің ең ұлағатты ұстаздарының бірі санаған, Шәкәрімнің Хожа Хафизден аударған өлең-жырларының саны оннан астам. Бұлардың бірсыпырасы тәржіма аталғанымен, Хафиз сарынындағы төлтума шығармалар тәрізді.

Шығыс ақындарының шығармалары ертеден-ақ нәзиралық жолмен аударылып, қазақ арасына кең тараған. Қазақ ақын-жыраулары олардың сюжетін өлеңге айналдырып, талай дастандар жасаған. Осындай үлгімен Шәкәрім де Фзулидің «Ләйлі-Мәжнүнін» 1907 жылы қазақша жырлаған.

Ақынның махаббат тақырыбына арнаған «Шын сырым» өлеңінің өрнегі де, сөз саптауы да үйреншікті қалыптан бөлек. Ежелгі Шығыс поэзиясын еркін игергенін аңғартады.

Бакытсыз жүрегім
Жалындап жанып тұр.
Үмітті тілегім
Орынсыз қалып тұр.
Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп,
Адасқан ғашығың мұңлы әнге салып тұр, —

деуі Хафиз лирикасының әуені, Науаи үлгісіне де жуықтайды.

Шәкәрімнің Шығыс әдебиетімен шығармашылық байланысын мысалдар жазуынан да көруге болады. Адам-

гершілік сапаларды аллегориялық көркемдікпен насихаттауда өз тәжірибесінде ақын «Бояушы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Епті тышқан» сияқты мысалдар арқылы жеткізеді. Арғы төркіні үндінің асыл мұрасы «Калила мен Димнадан» өрбіген мысал үлгілерін Шығыс ақындары талай нұсқада дамытқан. Мысал жанры қазақ арасына ауызша да, ақындар арқылы жазбаша да ерте таралған.

Абай дәстүрімен де, өздігінен іздену және Шығыс әдебиеттерін оқу арқылы да Шәкәрім мысал жанрын жақсы игереді. «Қасқыр, түлкі, бөдене» мысалындағы кейіпкерлер: өктем күш иесі — қасқыр, айлакер түлкі, жазықсыз момын бөдене. Қасқырды түлкі алдап, зығырданын қайнатса, түлкіні бөдене орға жығады. Құлықтың түбі қазамен аяқталып, әділет женеді.

Шәкәрімнің қаламынан туған және тәржімәланған Шығыс пен Батыстың бір қатар туындылары қазақ жұртына мәлім болады. Шәкәрімнің үлкен еңбегінің бірі — орыс мәдениетін игеру жолындағы Абай дәстүріне беріктігі. Оның бас алмай оқыған рухани азығы — XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің классикалық туындылары еді. Шәкәрім де Гоголь, Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Толстой, Некрасов, Салтыков-Щедрин т.б. алыптарды оқыған. Оларды шығармашылық тұрғыдан зерттеп үйреніп, үлгі тұтқан. Бұл сияқты ізгі істеріне кедергі келтіруші, ұлты өзгелерді кәпір дейтін молдалармен аянбай күреседі. Әсіресе, дін, әдет, ескі сенім кедергілерін қатты сынға алады.

Шәкәрім орыс ақындары мен жазушыларының шығармаларын оқып, өзінің тарихи-философиялық, эстетикалық ой-тұжырымдарын қалыптастыруда пайдаланды. Қазақ жастарын өнер-білім, ғылымға, мәдениетке үндегенде, оларды үлгі ретінде ұсынады. «Молдалар өзгелерді кәпір дейді» өлеңінде:

Үйренсе ғылым менен сан өнерін,
Білер еді-ау не берерін.
Танысса ақын ойшыл адамымен,
Табар еді-ау адалдық ар көмегін.
Білсе егер Салтыков пен Толстойын,

Сезсе олардың айтылған терең ойын.
Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алса,
Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын.
Лермонтов, Некрасов ақындарын,
Өнеге етсе солардың мақұлдарын.
Өзімшіл, надандықтан көзі ашылып,
Аңғарар адал жолға жақындарын, —

дейді. Шәкәрімнің ұлтаралық ынтымағы туған халқының тағдырына, оның болашағына деген перзенттік сенімінен бастау алады. Туған халқы өзге жұрттың осындай озық ойлы азаматтарын білсе, шығармаларын оқып, ой-санасын оятса деген арманын паш етеді. Ақын олардың шығармасындағы құнарлы нәрді терең сезінеді. Оны ұлы орыс жазушысы Лев Толстой есіміне қатысты өлеңдері айқындай түседі. Орыс қоғамы Толстойды дінсіз деп қудалап жатқан заманда, Шәкәрім «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» өлеңінде: «Танбаймын шәкіртімін Толстойдың» деп, ұлы орыс жазушысына өзінің таза көзқарасын білдіре отырып, Толстойға жаланың қара күйесін жағушыларға: «Толстой кәпір емес, кәпір өзін», — деп батыл қарсы шығады.

Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың
Мың сопыны алмаймын тырнағына, —

деп, азаматтық сөзін айтады. Ол Толстойдың мораль, ар-ождан, әділдік тақырыбындағы «Асарходан патша», «Үш сауал», т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударады. Өзі де әділдік, ар-ожданды нұсқайтын шығармалар жазады.

Шәкәрім Пушкин шығармаларымен де жақсы таныс болған. Оның «Дубровский», «Боран» повестерін өлеңмен аударып (1908) қазақ ортасына көркемдей жеткізді. Олар қазақтың байырғы өлең-жыр үлгісімен аударылғандықтан, төл шығармадай оқылады.

Үнемі іздену үстіндегі Шәкәрім өзін толғандырған қоғамдық жайларға қатысты философ Шопенгауэрдің еңбектерін де оқып, оның дүние, өмір туралы көзқарасына сын пікір айтады. Американ жазушысы Бичер Стоу Гарриеттің (1811–1896) Америкадағы құл иелену озбырлығы туралы

жазған «Том ағайдың лашығы» атты романын оқып, көптеген ой-пікір үндестігін табады.

Шәкәрім Толстой, Пушкин, Гарриэт Бичер Стоу шығармаларындағы нәрлі сурет, өрнекті оқиғалардан туындайтын небір ғибратты ойларды сахара оқырмандарының жүрегіне рухани сусын етіп сіңірді.

«ҚАЗАҒЫМ, ҚАМ ОЙЛАН!»

Абайдың реалистік дәстүрі — Шәкәрім шығармашылығының негізгі идеялық-көркемдік нысанасы. Шәкәрімнің реализм күші саяси, азаматтық лирикада айқынырақ көрінеді. Ол, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік жағдайларын, теңсіздікті көре біледі, соны әшкерелейді. Өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу парасатты азаматы ретінде халқының, бүкіл елдің басындағы ақиқат жағдайды тани білді. Халық тағдыры оны қатты толғандырды. «Қазағым, қам ойлан, сен де адам едің ғой!» деп, бүкіл қазақ қауымына ұран тастайды. Келеңсіз кеселдердің тамырына балта шабу-дың жолдарын іздейді. Оларды түзетуге болатын дерт деп біледі.

Шәкәрім әлеуметтік әділетсіздік пен таптық теңсіздікті жіктеп көрсеткенмен, бай мен кедей деп оны үнемі тәптештеп жатпайды, күреске айналдырмайды. Қазақтың келеңсіз мінездерін түзеуді ғана мақсат тұтады. «Қазақтың жаманы болмас» өлеңінде:

Жуаны қылады зорлық,
Момыны көргені қорлық,
Теп-тегіс қулық пен ұрлық,
Ал енді қайтіп ел болдық? —

деп, ұлтқа тұтас көзбен қарап, сынайды. Оның бір қатар өлендерінде жалпы көпке ортақ надандық, ұрлық-зорлық, рушылдық т.б. қылықтар шенеледі. Мысалы, «Жуандар» өлеңінде Шәкәрім өзге жанның бәрін басыбайлы еткісі келетін байларды аяусыз сынайды. Сондай-ақ ел билеген жуандардың өктемдігі, зорлығы, паракорлығы, жікшілдігі, халықты қой есепті айдап жүрмек, тіпті қарсыласқанның

басын да алмақ ойы бейнеленсе, «Құлар» өлеңінде ел билеген құлардың жегіштігі, екіжүзділігі, біреуді-біреуге атыстырып-шабыстырып, пайда табуы және жағымпаздығы суреттеледі.

«Бай мен қонақ» өлеңінде қазақ ішіндегі жағымсыз қылықтың бірі — еңбек етпей тіленушілікті, «құлық сауған» арамтамақ, тоғышарлықты шенейді. Бай үйіне келіп қона жатып, қонақасы жеген олар аттанарда бұйымтайын айтып, ақша, мал дәметеді. Бермесе, кектеніп жауласады. Өлеңнің өзіндік мазмұны, құрылысы бар. Бай мен қонақтың диалогі өлеңнің ортасында келеді де, ақындық баяндау өлеңнің басы мен аяғын көмкеріп, соңында қазақтың елдік қасиетін аңсаған азаматтық түйінді ойы беріледі.

Ақынның «Бай мен кедей» өлеңі кедейдің байға қарата айтылған ащы мысқыл монологі түрінде берілген. Лирикалық кейіпкер бай мен мырзаға «қымыз ішсең, көже ішіп мен де жүрмін» дей келіп, өмір өлшеулі, сенің байлығың өміріңе араша бола алмайды дегенді айтады. Байлықтан өнерді артық қояды.

Анық байлық дүниеге біткен өнер,
Білімдінің бәрі де соған төнер.
Арам жиып мақтанған дәулет емес,
Алдымызда бір күн бар есеп берер, —

дейді. Байды кісі жалдамай, өз малын өзі бағуға, кәсіпке көндіруге шақырады.

«МЕН ЖЕТЕЛЕП ӨЛЕМІН, ӨРГЕ ҚАРАЙ ҚАЗАҚТЫ»

Шөкәрім — өзінің ізгі ойларын, халқына деген ақ, адал көңілін өлеңмен өрнектеген ақын. Қай тақырыпты жырласа да, ол Абайдың гуманистік идеясы үлгісінде, реалистік тәсілмен жеткізуге күш салады. Ағартушылықтың бірден-бір жолы халықтың санасын ояту деп түсінеді. Сондықтан ақын адамгершілік, имандылық, ар-ождан, ақылмен іс істеу, адалдық, әділдік, бірлік, еңбек, өнер-ғылымды насихаттау мәселелеріне айрықша көңіл бөледі. Ол: «Шыннан өзге құдай

жоқ, анық құдай — шын құдай» деп, ақиқат-шындыққа бірінші бас қояды. Ақиқатқа жетудің амалы оқу, үйрену дейді.

Шәкәрім өзінің 19 жасында жазған «Жастарға» атты өлеңінде ұлы ұстазының өз өмірінен алатын орны мен мәнін, тіпті кейінгі буын жастарға деген әсер-ықпалын орынды бағалайды. Тақырыбы — Абай көтерген адам болу, азамат болу идеясы. Ол өз ортасынан білімді, әрі ойшыл, ақын, парасатты әділ жан деп Абайды ғана таниды. Содан үйренуді жастарға үлгі етеді.

Кел, жастар, біз бір жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берелік,
Бір білімді, данышпан жан табалық...
...Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық, Абайға жүр, баралық!..
Білімді сол кісіден ізденелік,
«Әдейі іздеп біз келдік Сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік...

Абай есімін бірнеше қайталап атай отырып, ақын Абай ісін, өнегесін алдымызға тартады. Білімді данышпан, шын ғалым Абай дейді. Ол адамгершілік-имандылық қасиетті, жаңа адам, азамат болу үшін қажетті өнегелі мінезді ардақтай отырып, замандастарын кесапат, кертартпалық атаулыдан, Абай сынаған мінездерден аулақ болуға шақырады.

Шәкәрім өлеңдерінің жақсы мен жаманды тең қойып, қарама-қарсы құбылыстардың сырын ашу арқылы нені құптауға, нені жек көруге болатынын суреттеуі де жайдан жай емес. Бұл ақынның ағартушылық көзқарасының өзегі. Мысалы, «Ашу мен ынсап» өлеңінде осы екі ұғымның қарама-қарсы мазмұны ашылады. «Ынсап» — қанағат, тойымдылық, ол қашан да сабырға жақын. Ал қанағатсыздық, ынсапсыздық — ашудың досы. Ақын қайрат, (ой) ақыл, ашу, еріншектік, сабыр, ынсап сияқты қасиеттерді көзге көрінетін деректі нәрседей сөйлетеді. Бірақ жақсы мінез-құлықтың қадірін білмеген елдің надандығына қайғырған лирикалық кейіпкер:

Айла таппай адастым,
Қайғы артылып мойныма,
Ақылымнан шатастым,
Жас төгілді қойныма.

Ойландым да сандалдым.
У жайылды бойыма.
Мұңдасуға қамдандым,
Қайратым мен ойыма —

деп, қайраты мен ойын ақылдасуға шақырады. Осы сәтте еріншек пен ашу келеді. «Елді сөк те жаманда, жамандықтан аман ба, шындықтан қалай қашасың» деп ақыл береді. Осы кезде аяндап жеткен Сабыр:

Жарамас, — деп, сасуың,
Бәріне де хабар сал.
Рақым, ұят, ар қайда?
Қаруыңды жиып ал.
Құр ашудан не пайда?
Қайратың мен сақтығың

Көріне ме маңайда?
Өлше істің ақтығын,
Ынсап бар ма оңайда?
Мені ұстауға шыдай гөр,
Сөйтіп жұмса қайратты
Ынсабына хабар бер ... —

деп, сабырмен, ақылмен кеңесіп іс істеуге шақырады. Көп наданнан жасқанып, топыраққа көміліп қалғандай болған рақым, ұят, ар, сақтық, ынсап келген соң, ақылдаспақ боп, жан-жағына көз сала бергенде, баяғы бауырмал еріншек келіп: «Ауыр қайғы, терең ой өкпеге зиян етеді. Тілімді ал да, мұны қой, түбіңе осы жетеді» деп қылмындайды. Сонда лирикалық кейіпкер:

Ей, еріншек, жүзі қара,
Не қылмадың сен маған?
Сенің қылған ісің ғой,
Харакетсіз көп надан...

Осы көрген көп бейнет,
Бәрі сенен емес пе?
Былшылдамай, арман кет,
Болмас іске егеспе ... —

деп, еріншекті қуып жібереді. Содан кейін рақым, ұят, ар, қайрат, ынсап өзара ақылдасады. Ынсап:

Ел — саңырау, надан ғой,
Құлағы мен көзін аш,
Оқу оқыт, ғылым жай,
Насихатты сөйтіп шаш.

Газетке жаз, кітап жаз,
Бастыр, оқыт қазаққа...
Сусыз егін не шықсын,
Суғар, шыда азапқа...

деп ақыл айтады. Осы сөзді жүрек құптайды. Өлеңді ақын:

Жұқпайды екен айтқан сөз
Ғылымы жоқ наданға,
Кеудесінде болса көз,
Жұғар сондай адамға.

Ондай адам қазақтан
Көп туса осы заманда,
Босар еді-ау азаптан,
Қазақ шығып самалға... —

деп қорытады. Қараңғы надан елдің көзін ашар білімді адамдар көп болса, өнер-білім үйрену арқылы ел азаптан, надандықтан құтылып, еркіндікке, мәдениетке қолы жетер еді деп, болашаққа үміт артады.

Ақынның ағартушылық идеясын дамыта түсетін бір өлеңі — «Насихат». Бұнда қазақ қауымын біреу — бай, біреу — батыр, біреу — білгіш, біреу — есті, айлалы деп топтай келіп, қазақты ілгері мәдениетке бастауға мұрындық болар адам таппай қиналады. Оларға өнердің өміршендігін айтады. «Өнер білсең, он күнде жүзді аласың». Оның:

Адамнан адам озар немен артып,
Бұл сөзді ақылға сал, кірге тартып...

деген сөздерінен ұлы Абайдың «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де — ақымақтық» деген даналық ойы аңғарылады.

Шәкәрім «Сен ғылымға» атты өлеңінде оқыған, ұстаз адамға ақыл-кеңес береді. Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз, білмегенді біле бер, білген ердің шәкірті бол дей келіп, білгенінді басқаларға үйрет, өзгелер пайдалансын. Білгенің мен өнерің орнына жұмсалмаса — өлі дүние. Үйренемін дейтін адамды, ғылым-білімге деген ақ жүректі ажырата біл. Ешнәрсе ұқпайтын наданға, залым адамға үйретпей-ақ қой. Залым адам білгенін айлалыққа, арамдыққа жұмсауы мүмкін. Шын пайдалы ғылымды тап. Дүниені бұзушы жалған ғылым да, залым ойлы ғалым да болады. Одан аулақ бол деп түйіндейді.

Осы идеяны «Адам немене» атты өлеңінде Шәкәрім толығырақ ашып, ғылымы, мәдениеті жетілген Еуропа елі бір-біріне сенбей қару күшіне сүйеніп, күштісі әлсізіне зорлық жасап жүргенін мысалға келтіреді. Ғылым жетістігі осылай зорлық жасауға жұмсалса, ондай ғылым адыра қалсын деуге дейін барады.

Күн көре алмай жақының жатыр өліп,
Шіміркенбей жемтігін жейтін бөліп,
«Ғылым деген бұл болса, адыра қалсын!» —
Демеске бара жатыр ішім толып..., —

дей келіп, «мылтық билеп тұрғанда, әділет жоқ» деген құнарлы пікірге келеді. «Жайнар көңіл, қайнар өмір, ар білімі оқылса» деп, «Ар түзейтін ғылым керек» деген ұран тастайды.

Бүгінгі күнде барша дүние жүзі елдері ядролық апат қаруын жоюды көтеріп жатқанда, Шәкәрімнің сол кезде бүкіл адамзат мүддесі үшін үн қатуы көрегендік деуге болады. Ақын адамға адам жау емес, қандай ұлттың адамы болсын бірімен-бірі бауырдай болуға тиіс деп ойлайды. Мәселен ақын:

Адамның маған бәрі бір,
Не мұсылман, не кәпір.
Тамам адам — бір бауыр,
Бөлінбесе өлген соң, —

дейді. Сөйтіп ақын адам баласын бауырмалдыққа, ынтымақ, бірлікке шақырады.

Шәкәрім өлеңдеріндегі өзекті мәселелердің — оның еңбекке деген көзқарасы. Еңбек етіп мал табу — Абайдан бастап үзілмей келе жатқан тақырып. Екі ақын да ата-бабымыздың өмір үшін күрескен бай тәжірибесін еске салып, елді еңбекпен мал табуға шақырады. Арынды сатпа, терінді сат, адалдық ізде, еңбекке ерінбе деген ойды алға тартады. Құдай ой берді, көз берді, аяқ берді, қол берді, адам етіп жаратты. Енді жатып ішер жалқау болма деген тамаша ойды ашық айтады. Көрінгенге көз сатып жалынба, қол өнерді үйреніп, сонымен де пайда тап деген ұлы ойларды тілге алады. Бұл ақынның «Мал жимақ» атты өлеңінен анық аңғарылады.

Ақын бір өлеңіндегі ғибраттық ойларын келесі бір өлеңімен үнемі толықтырып отырды. Олар тұтас философиялық ойлардың тамаша үлгісіндей елестейді. Мәселен: «Тумақ, өлмек — тағдырдың шын қазасы» өлеңінде де адам өмірінің

мәнділігін әдемі жеткізеді. Өмірде кім жоқ. Патша, батыр, бай, ел ағасы, өнерпаз, ойшыл, білгіш ғұламалар қай-қайсысы да кәрілік пен өлімге дауа жоғын білер ме екен деген ойды ілгері сүреді. Оны ұмытып, арғы атасы әлі тірі жүргендей менменсіп, мақтанып, өлместей боп желігіп кететіндіктерін де ашып айтады. Солар бір күні төбесінен жарқ етіп жайдың тасы түсерін біле ме екен дейді. Ақын өз өлеңінің соңында өмірді өкінбестей етіп мәнді өткізудің бір жолы — қиянатсыз таза ақыл, мейірім, ынсап, адал еңбек, таза жүрек, тату достық деп, ұлы гуманистік ойды алға тартады.

ҮЛКЕН ӨНЕРПАЗ

Шәкәрім жастайынан домбыра тартып, гармоньда ойнап, өлең айтып, сурет салып, ою-өрнек жасап, тасқа әр түрлі бедерлер салып, өзінің үлкен өнерпаз екендігін жан-жақты таныта түскен. Сондықтан да оның бойында ақындық пен қатар сазгерлік, өнерлілік кең өріс алған.

Шәкәрім ақындыққа үлкен талап та қоя біледі. Ақын өз дәуірінің ауыр жүгін қашанда көтеруге тиіс екендігін де мойындайды.

Поэзияның тазалығын, шынайылығын, қашанда көркемдік деңгейінің жоғары болуын қалайды. Ақын мен поэзияның халық алдындағы міндеті мен мақсатына айрықша мән береді.

Мәселен:

Қауымның қалауына тап келгендей
Болғанын, болашағын айт көргендей...

дей отырып, ақынға үлкен талаптар қояды. Поэзияның халық қажетіне жарау керектігін тілге алады. Ақынның «Болғанын» айт дегені — кешегі, бүгінгі шындықты жырла, яғни реалистік поэзия жаса, «болашағын» айт дегені — халықтың арман-тілегін жырла дегені. Оның:

Сүйсініп ақынға елі мән бергендей,
Өлеңмен өміріне сән бергендей, —

деуі, өлең-жырың, өнерің ел өміріне, халыққа рухани азық болсын, халық көкейіне қонып жатсын дегенді білдіреді:

Ерікті билеп алсын айтылған жыр,
Сырты гүл, жарасымды, ішінде сыр.
Жаныңның жарық алар жарығындай,
Мәңгілік өшпейтіндей төгілсін нұр..., —

деуі, поэзияның мазмұны мен пішіні лайықты болсын, еркінді билеп алсын, жаныңа жарық нұр құйсын деп ақыңа үлкен талап жүктейді.

Шәкәрім Абайдың сазгерлік ән дәстүрін де одан әрі ілгері дамыта түскен. Өйткені оның әсем сазға толы «Жастық», «Шын сырым» атты әндері 22—23 жасында жазылса, өмірінің соңына дейін әр жылда шығарылған әуені мен өлеңі үйлесім тапқан жиырмаға жуық әндері де баршылық. Оның әр бір әндерінен адамдық болмысы, өмірге деген көзқарасы, асқақ арманы айқын сезіледі.

Сондай әндерінің бірі — «Бұл ән бұрынғы әннен өзгек» (1919). Ел ішінде кең тараған бұл әнді музыка зерттеушісі А.В. Затаевич нотаға түсірген. Онда ішкі үйлесім, шебер үндестік, жаңаша пішінге, тың өлшемге қоса, ақындар алдына қойылар биік көркемдік талап та бар. Ақындық өнердің сиқырын меңгеремін деген талапкерге, жалпы поэзияға үлкен міндеттер жүктейді.

Ұлы Абай «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» десе, Шәкәрім өлеңді қоспасыз таза күміске теңейді. Оған мыс араластыруға болмайды дейді. Өлең мазмұны қамсыз жастық ғұмырды еске ала келіп, алпыстан асқан адамның кәрілікке бой ұсына бастаса да, адам өмірінің үзілмейтінін әнге қосады.

Ән ырғағына лайықтап, әннің сазын өлшеуіш етіп жазған өлеңдеріндегі жаңаша буын, бунақтар үздіксіз ізденіс жемісі деуге болады. Бұл қазақ поэзиясындағы жаңа үлгі болып саналады.

Шәкәрім Абайдың қазақ өлеңінің дәстүрлі түрлерін дамыту бағытындағы жаңашылдық жолын одан әрі жалғастырып, оған өзіндік кестесін қоса түскен.

ШӘКӘРІМ ПОЭМАЛАРЫ

Шәкәрім қалдырған бай мұраның ішінде «Қалқаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек», «Нартайлақ — Айсұлу» поэмаларының өзіндік орны айрықша. Бұл поэмаларға ақын қазақ жұртында ертерек болып өткен оқиғаларды арқау еткен. Кейіпкерлері тарихта болған адамдар, жер-су аттары да нақты. Бұған қарап оларды тарихи поэма деуге болмайды. Поэмалардағы тарихи деректер оқиғаның қашан, қай жерде болғанын таныстыру мақсатында алынған.

Қалқаман мен Мамыр жайындағы қазақ ортасындағы әңгіме Шәкәрімге айрықша ой салған. Ақын ғашықтар басындағы трагедия мен ел басындағы әлеуметтік жағдайды шеберлікпен ұштастырады. Поэманың сюжеті XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі жоңғар шапқыншылығы қарсаңындағы халық тұрмысының бір көрінісіне құрылған. Бұл қазақ халқының өміріндегі ең бір қасіретті кезең, «ақтабан шұбырынды» оқиғаларының тұсы болатын.

Ақын оқиғаның қай кезде, қай жерде болғанын поэманың басында-ақ былай сипаттайды:

Өткен іс ойға күңгірт, көзге танық,
Көрмесе де білгенге бәрі қанық.
Мың жеті жүз жиырма екінші жыл,
Қазақтың Сыр бойында жүргені анық...

деп бастайды да, одан соң дастанда оқиғаға араласатын Әнет баба, Қалқаман, Мамыр және де басқа кейіпкерлермен таныстырады. Қалқаман мен Мамыр, арғы тегі бір аталас жандардың ұрпағы. Мамырдың әкесі — Мәмбетей руынан шыққан бай. Мамыр ұлдай тәрбиеленіп, астына ат мініп, қарына құрық іліп, жылқы бағады.

Сөйтіп жүргенде Мамыр мен Қалқаман жылқыда жүріп тіл табыса бастайды. Кейін ол есейіп, ғашықтыққа ұласады. Қалқаман қызды алып қашып, ағайын арасында үлкен дау туады. Қыз жағы ешқандай бітімге келіспейді. Екі жасты өлтіру талабын қояды. Жігіт жағы ондай жазаға қарсы болады. Ақырында Мәмбетейдің батыры Көкенай Мамырды атып өлтіреді де, Қалқаманның да өлтірілуін талап етеді.

Әнет баба амалсыз: «Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін, Көкенай сонда атсын» деген тоқтамға келеді. «Егер оғы дарымаса Қалқаманды одан әрі мазаламасын», — деген ойды алға тартады. Көкенайдың оғынан жеңіл жараланған Қалқаман опасыз елінен безіп, Бұхар жақтағы нағашыларына кетіп қалады.

Поэмада Қалқаманның батырлығы суреттелмейді, бірақ оның іс-әрекеттерінде батылдық бар. Мамырды алып қашуы, поэма соңында басқа жаққа кетіп қалуы, оның әділетсіздікке қарсы күрестерінің бірден-бір белгісі деуге болады. Ол ата салттың кертартпа жақтарына қарсы тұрады.

Шәкәрім Мамырдың қазақ қыздарына тән ақылы мен биік парасатын, сезімталдығы мен тапқырлығын Қалқаманмен жылқыда жүріп тілдесуінен-ақ анық байқатады. Ол сабырлы мінезімен жігітке бірден уәде бермейді. Бірақ, үмітін де үздірмейді. Кейін болар іс болғаннан соң, жау оғының алдында айрықша батылдық көрсетеді. Оны ақын:

Кешікпей мен өлемін, сен тірісің,
Іс емес құдай кешер қылған ісің.
Өлтіртпе, тілегім сол, Қалқаманды,
Барарын тәңір алдына білемісің...

дейді Көкенайға тігіле қарап.

Дастанда махаббат драмасына қоса салт-сана тартысы да бар. Бұл әсіресе, поэмадағы Әнет баба мен Көкенай бейнесінен анық көрінеді. Әнет баба — ел ағасы, әрі би, әрі ғұлама. Қалқаман мен Мамыр хикаясында ол әділдікті жақтаушы. Оның мақсаты — ел бірлігі, ғашықтардың бақыты. Бірақ, көптің дегеніне қарсы тұрар дәрмені жоқ. Бұл халықтың сана ережелерінің шариғат ережесінен үстем екендігін аңғартқандай.

Поэмадағы күрделі кейіпкер — Көкенай. Дастандағы трагедиялық жағдайлар тікелей Көкенайдың қолымен жасалады. Оны ақын:

Жақыным қызымды алды, ұнамаймын,
Қорлыққа тартып алған шыдамаймын.
Егерде Қалқаманды тірі қойса,
Ел болып Кішікпен бас құрамаймын... —

деген сөзі арқылы Шәкәрім оның бүкіл болмысын, мінезін ашып көрсете білген. Бұл жолдардан Көкенайдың бойындығы қаталдық, қатыгездік, намысшылдық мінездерін анық аңғарамыз. Ол да өз заманасының перзенті. Рулық, патриархалдық мінездің сақшысы. Ол әділдікке, халықтық салт пен рулық мораль тұрғысынан көңіл аударады.

Шәкәрім өзінің «Еңлік — Кебек» поэмасындағы негізгі оқиға желісін баяндауда, сол «Қалқаман — Мамыр» поэмасындағы тарихи жағдайлардың сабақтастығын үзбей, одан әрі жалғастыра түседі.

Ақынның «Еңлік — Кебек» поэмасы Абайдың көзі тірісінде, соның ақыл-кеңесімен жазған шығармасы. XVIII ғасырдың 80 жылдары шамасында Шыңғыстауда өткен осы бір оқиғаны және Қалқаман мен Мамыр оқиғасын Абай шәкірттеріне айтып беріп, поэма етіп жазуды ұсынған. Міне, Шәкәрім соның екеуіне де мән беріп, поэма жазған.

Поэманың сюжеттік желісін Батыр Кебек өз болашағын болжау мақсатымен Нысан абызға келіп, бал аштырады. Абыздың айтуынша, Кебектің ажалы қара жартастың түбінде кездесетін биік қабақ сұрлау қыздан болатынын тілге алады. Содан сақтану керектігін де ескертеді.

Кебек хан тауында қыста түлкі қуып жүргенде адасып, бір шал мен кемпірдің үйіне тап болады. Осы үйде Еңлікпен жолығады. Сонда алғаш рет тілдесіп, бірін-бірі ұғына түседі. Бірақ, Еңліктің айттырып қойған жігіті бар, дегенмен ол болашақ күйеуін менсінбейді. Сөйтіп, Еңлік пен Кебектің алғашқы таныстығы махаббатқа ұласып, екеуі қол ұстасып қашып кетеді. Елден жырақ тау үңгірінде тұрады. Онда Еңлік босанып ұлды болады. Осы кезде екі ру арасында соларға байланысты үлкен дау басталады. Ақыры Матайлардың қысымымен жігіт жағы Еңлік пен Кебектің жасырынып жүрген жерін айтады. Сөйтіп, қос ғашық қапыда қолға түседі, бірге қаза табады. Жартастың қуысында кішкентай сәби шырылдап қала береді.

Поэманың негізгі оқиғасы Еңлік пен Кебектің басындағы қайғылы жағдайларға негізделгенімен, ақын сол кездегі заман сипатына, ел ішіндегі әлеуметтік жағдайларға да айрықша мән береді. Егер «Қалқаман — Мамыр» поэмасында халықтық салт-сана мен шарифат қағидалары тартысқа

түссе, «Еңлік-Кебек» поэмасында қауым мен қауым арасындағы күрес-тартыстар өз көрінісін тапқан. Ол —жерге, жайылымға талас даулар.

Шәкәрім қос ғашықтың қайғылы қазаға ұшырауын бір рудын, бір топтың не жеке адамның мойнына қоймайды. Оны қоғамдық, әлеуметтік тартыстың қаталдығынан көреді. Мәселен: «Еңлік-Кебектегі» Кеңгірбай бейнесі «Қалқаман-Мамырдағы» Әнет бабаға ұқсас. Екеуі де ғашық жастарға қол ұшын беруге ықласты болса да, соған жете алмайды. Әйтсе де Кеңгірбайдың Әнет бабадан өзгешелігі — ол поэма оқиғасының бірер тұстарында тартысқа араласады. Бірақ, шынтуайтқа келгенде, Кебекті ажалға байлап береді. Оның себебі — дауласқан екі жақтың күші тең емес. Заман — қара күштің заманы. Кеңгірбай әрекетіндегі шарасыздықтың түп тамыры осында.

Поэма кейіпкерлері — қарапайым шыншыл бейнелер. Поэманың бас қаһармандары Еңлік пен Кебектің бейнелері бір-екі ауыз сөзбен қысқа бөлшек арқылы ғана беріледі. Нысан абыздың аузынан айтылатын «биік қабақ сұрлау қыз» деген сипаттама Еңліктің бойындағы қайсар мінезді танытады. Ал Кебек батырды ақын былай таныстырады.

Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты, жаяу бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қараторы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау, кең иықты.
Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап...

Кебектің бүкіл сыртқы келбеті де, мінез-құлқы да, батылдығы да осында сыйдырылған. Кебек — алған бетінен қайтпайтын қайсар адам.

Поэмадағы Еңлік бейнесіне келсек, ол алдымен «биік қабақ, сұрлау қыз» ғана. Шәкәрім қыз бойындағы қасиеттерді іс-әрекет, қарым-қатынас, диалог, монолог арқылы жеткізеді. Еңлік Кебекті өзі оята тұрса да ол сыпайы да инабатты.

Көрінгенге көз сүзген көрсеқызар,
Әдепсіз қыз дейсің ғой әлде қалай..., —

деп, өз кінәсін мойындай тіл қатады. Қыз қанша өжет, тәкаппар болса да, әдеп алдында, халықтық этика алдында шарасыз екенін сездіреді. Еңлік пен Кебектің осы эпизодтағы диалогтері арқылы автор қыз басындағы қиындықты, ескі әдет-ғұрыпты сездірумен қатар, қыз бен жігіттің мінезін аша түседі. Оқиғаның шиеленісуіне апаратын байланыс та осында. Еңлік атастырылып қойылған. Ескі әдет-ғұрыпқа мойынсұнса, ол да белгілі бір күштің иесі. Еңлік пен Кебектің қосылуына бірінші кедергі — осы.

Кер кеткен кеселдіге душар болдым,
Осыдан құтыларлық бар ма лажың? —

деп жылайды Еңлік. Бірақ оған өзінің көне алмайтынын сездіреді. Соған жетемін деген үміті де бар. Кебекке айтқан мұнның аяғы ойлы шешімге ұласады. Еңліктің өресі өзіне көңіл аударып жүрген үміткерлердің деңгейінен әлдеқайда биік. Бұл оның жақсы менен жаманды тани білетін талғампаздығын көрсетеді. Кебекті ғана өзіне тең санайды. Енді Кебектің басына сын туады, ол көп ойланады. Ақыры қызды сынамақ болып, «аз күн ойын-сауық құрайық» деген тілегін айтады. Алайда Еңлік өзінің шынайы махаббаттың, ар тазалығының құлы екенін айтады.

Өйтіп уағда бермесең, әуре етпе,
Тең көрмесең, телміртіп, тентіретпе.
Қайда барсам обалым жібермейді,
Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе, —

деп, соңғы тоқтам айтады. Оның іздегені адал да мәңгілік махаббат. «Қайда барсам обалым жібермейді» деген сөзі арқылы Еңлік бұдан былай ғашығымен қосылу жолындағы кедергінің бәрін қайыспай көтерер қайсарлығын байқатады. Осы арқылы ақын дастанның трагедиялық сипатын еске салғандай болады. Еңлік мінезін аша түсетін бір эпизод — арманда қалған ғашықтардың қолға түсу сәті. Бұл жерде Еңлік:

Кебекпен мені азғана арыздастыр,
Өлген соң бірге қосып тасқа бастыр.
Мына бала — Тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр, —

деп, шуылдаған көптің алдында ашу мен ызаға толы тілегін айтады. Сүйген жары мен перзентіне деген махаббатын ту етіп көтерген қайсарлықпен көз жұмады.

Поэманың бас кезінде көрінетін Нысан абыз бейнесі де реалистік тұлға. Ол — ақыл мен көрегендік қасиеттің иесі, құдіретті жан.

Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары — жеке адамдар ғана емес, бүкіл халық басындағы трагедияны суреттеген реалистік шығармалар тобына жатады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шәкәрімнің өскен ортасы, алған өнегесі жайлы әңгімелеңдер.
2. Шәкәрім өміріндегі Абай тәрбиесінің маңызын ашыңдар.
3. Ақынның насихат өлеңдерінің көтерген тақырыптары қандай ғылым-білім үйренуге шақырады, ақын нелерді ескертеді?
4. Ақындық жайлы өлеңдеріндегі толғамдары қандай?
5. Ұстазы Абаймен үндестігін қалай дәлелдеуге болады? «Ақындарға» деген өлеңін жаттап алыңдар.
6. Шәкәрім поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін мысалдармен дәлелдеңдер.
7. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасының идеялық мазмұнын ашыңдар, негізгі кейіпкерлеріне сипаттама беріңдер.
8. Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасы кейіпкерлері әрекетінен қандай салт-сана, әдет-ғұрып және қоғамдық-әлеуметтік өмір шындығы көрінеді?
9. Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі», «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын қосымша оқыңдар.
10. Мұғалім ұсынған қосымша материалды оқығаннан кейін, Шәкәрім туралы өздерің қалаған бір тақырыпқа шығарма жазыңдар.





МАҒАУИЯ АБАЙҰЛЫ ҚҰНАНБАЕВ (1869—1904)



Мағауия — Абайдың келешегінен үміт күткен сүйікті балаларының бірі. Жас кезінен ауылда мұсылманша хат таныған оны Абай Семейдегі қалалық училищеге орысша оқуға берген. Бірақ екі-үш жыл оқығаннан кейін науқасқа шалдығып, елге қайтқан. Содан кейінгі өмірі әке қасында өткен.

Абайдың орыс әдебиетіне ден қойып, көп оқыған жылдарында оның қасында болған Мағауия да әке үлгісімен көп ізденген, орыс кітаптарын зер салып оқыған. Соның арқасында едәуір білім алған. Абай Мағауияны өзіне серік санаған. Адамгершілік қасиеті мол, бауырмал және әділ Мағауия Абайдан көмек сұрап, әділдік қуып келгендердің біразын әкесіне жеткізбей, шаруаларын бітіріп жіберетін болыпты. Даулы істерге де әділ билік айтқан.

Әкесінің ақындық еңбегін зор бағалаған және ақындықтың халықтық маңызын түсінген Мағауия өзі де әке өнегесімен өлендер шығарған. Әсіресе, ағасы Әбдірахман қайтыс болғанда өзінің көңіл күйін бейнелеген өлендері кең жайылған. Сонымен қатар Абай ақылымен, оның берген материалдары негізінде «Еңлік-Кебек», «Медғат-Қасым» атты поэмалар жазған.

«МЕДҒАТ — ҚАСЫМ»

«Медғат-Қасым» — Мағауия поэмаларының ішіндегі ең көркемі және көлемдісі. Оның оқиғасы үйреншікті қазақ ортасында емес, алыста — Африка жерінде, Ніл өзені бой-



ында өтеді. Мазмұны құл иеленушілер мен құлдардың арасындағы кек күресінен алынған.

Шығармада Мұрат деген байдың баю мақсатымен Мысыр қаласынан Ніл өзені бойына көшіп келгені әңгімеленеді. Оның Медғат атты ұлы, Ғазиза атты қызы болады. Оларға қоса Мария деген асырап алған қызы да бар. Мұраттың қарауында көп құлы болады екен. Солардың ішінде өзі бағыл, ержүрек, қайсар Қасым деген құл болыпты. Бірде Қасым Марияны кездестіріп, оны сүйетіндігін білдіреді. Медғатпен көңілде Мария Қасымды менсінбейтінін айтады да, бұл әңгімені бай ұлына жеткізіп қояды. Медғат Қасымды насостан атқылаған су тасқынының астына отырғызып жазалайды. Қасым талып қалады. Кейін есін жиған соң Марияны өлтіріп, қашып кетеді де, қарақшылар тобына қосылады. Осыдан соң поэмадағы әңгіме желісі үзіліп, бірнеше жыл өткеннен кейінгі оқиғалар сөз болады. Мұрат Мысырға қайта көшеді. Қасым олардың жолын тосып, байды өлтіріп, Медғат пен Ғазизаны қолға түсіреді. Ғазиза Сәлім деген жігітті сүйеді. Бірақ оны кедейсініп, әкесі қызын бермей, өлтірмек боп соңына түскен соң, аңшыларға қосылып кетіпті. Ғазизаның Қасымның қолына түскенін естіген

Сәлім оны құтқармақ болып аттанады. Қасым қызды алып қашып, кейін Сәлім жайын естіген соң, тоқтап, екеуін қосады. Бұлар Мұрат байдың мекеніне орналасады.

Поэмада өмір шындығына жанасымды жеке суреттер бола тұрса да, шығарма, негізінен, романтизм үлгісінде жазылған. Оқиға желісі де, кейіпкерлерге тән іс-әрекет, сезім күйі де соған ыңғайластырылады.

Кейіпкерлерді дағдыдан тыс жағдайларға тап еткен, әрекет пен мінез-құлықтағы төтенше қаһармандық ерлікке бастайтын түйін есебінде шығармада Медғат пен Қасым арасындағы кек пен Ғазиза мен Сәлімнің махаббаты алынады.

Оқиға жай дағдыдағы эпостық поэмалардың үлгісімен басталып, кейін басқаша дамиды. Олардың ішкі байланысы, шиелінісі, шарықтау шегі — бәрі күтпеген жерден кенет жалтарысқа ұшырап отырады.

Адам бейнелерін жасау әдісі де осыған ыңғайласқан. Солардың ішінде романтикалық қаһарман есебінде көзге елестете аларлық бейне — Қасым.

Қасым — өжет, қайратты, бір беткей, қайсар, мейлінше кекшіл адам. Істерінің қайсысын алсаң да ірі, басқалардан бөлек. Оның портретін ақын:

Дейтұғын бір құлы бар Қасым атты,
Қара сұрлау пішіні, зәңгі затты.
Отты қара көзі бар, ұзын бойлы,
Тәкаппар, тәуекелшіл, бек қайратты, —

деп бейнелесе, кейін оның қайсарлық мінезін де соған сай етіп суреттейді. Насостан атқылаған су серпінінің астына отырғызып, қатты жазалап жатқанда да, Қасым дыбысын шығармайды.

Ыңқ еткенімді естісе, сүйсінер деп,
Тістеніп жатып алды ернін шайнап.
Су құйылды краннан басына атып,
Қыңқ етіп дыбыс шықпай, қалды қатып.
Ойбайынан өлгенін оңай көріп,
Шыдай берді, жатса да қанша батып.

Қасым кекті қатты ұстайды. Жауына мейірімсіз және мейлінше қатал ол Мұрат пен Медғатты қолға түсірген кезде, оларды өлтіруден де тайынбайды. Оның көз алдына жалғыз-ақ нәрсе елестейді. Ол — Медғаттың бұдан үш жыл бұрын оған қолданған жазасы. Мұрат пен Медғаттың ғана емес, баяғыда өзін жазалап жатқанда ара түспегендігі үшін Ғазизаны да жазаға бұйырады. Қасымның сезімін оятып, Ғазиза жазадан аман қалады.

Қасымның қарақшылық әрекеттерін сөз еткенде, Мағауия оны қанішер кісі өлтіргіш есебінде кінәламайды. Бұл Батыс және орыс романтизмінің бас қаһармандары сияқты, қайырымды қарақшының бейнесі. Жазықсыз жәбір көрген адам дұшпаннан кек алу үшін қарақшылық жолға түседі, намысын ерлікпен қорғауды мақсат етеді. Осыдан барып, Қасым үстем таптың зорлығына қарсы адам болып суреттеледі. Ақын оны:

Әсіресе байларға рақым етпес,
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес,
Сорлы болған адамға тағы әдеті,
Бір жақсылық қылады естен кетпес, —

дейді. Сөйтіп, ол Қасымның Медғаттан кек алу үшін істеп жүрген іс-әрекетін әділет жолындағы күрес деп ұғады. Сол арқылы өткен дәуірдегі құлдар мен қожалардың арасындағы тартыстың бір көрінісін суреттейді.

Қасымға қарама-қарсы қойылған бай Мұрат пен оның баласы Медғат мейірімсіз, жауыздығымен көзге түседі. Олардың құлдарын адам деп санамайтыны, аяусыз жазалайтыны Қасымға көрсеткен қиянат үстінде көрінеді. Ақын Мұрат пен Медғат жайлы:

Құлды малша таяқпен жұмсаушы еді,
Адам деп обалына бір қарамай.
Бар еді Медғат атты жалғыз ұлы,
Мот¹ қылып бұзып еді малдың молы.
Қаталы әкесінен бетер еді,
Тітіреп тұрушы еді барша құлы, —

дейді.

¹ *Мот* — дүние, байлықты шашушы, ысырап етуші мағынасында.

Поэманың махаббат желісі Сәлім мен Ғазиза бейнелері арқылы өрбиді. Ғазиза әкесі мен ағасының рақымсыздығына қарамастан, сүйгеніне шын берілген, өжет сезімнің иесі ретінде көрінсе, Сәлім де күштілерден жәбір көріп, өз ортасынан қуылып жүрген, сүйгеніне адал, қайсар жігіт. Кейін Қасымның Ғазизаны қолға түсіргенін білгенде, сүйгенін құтқару үшін ерлік күреске аттанады. Сезіміне беріктігі мен мақсаттарына жету жолындағы бір беткей өжеттігімен бұлардың мінез-құлқы да романтикалық дәреже деңгейіне көтерілген.

Мағауия Қасым кегі, Сәлім махаббаты арқылы өмірі қанауда өтіп жүрген, бірақ бойында үлкен қайраты бар, арнамысы күшті еңбек адамдарының жоғын жоқтайды. Бай мен құлдың арасындағы бітіспес, таптық қайшылықты терең сезінеді. Қаншама романтикалық көтеріңкілікпен суреттесе де оның кейіпкерлерінің күрес, сезім әрекеттері шындықпен қабысып отырады.

Поэма тіл көркемдігі жағынан да құнды. Жаңа теңеу, жаңа эпитеттер тәрізді бейнелі сөздердің байлығына қоса, қаһармандардың романтикалық мінездерін шебер бере білуде де ақын едәуір табысқа жеткен. Мағауияның ақындық шеберлікті ұстазы Абайдан үйренгендігі анық байқалады.

Қорыта айтқанда, «Медғат — Қасым» поэмасы тақырыбы жағынан да, құрылысы жағынан да өз кезіндегі қазақ әдебиеті үшін тың жаңалық болды. Мағауия әкесі Абай айтпағанды айтып, қазақ әдебиетіне романтикалық поэманың жаңа үлгісін әкеп қосты.

Мағауия 1904 жылы, әкесі Абайдан 40 күн бұрын қайтыс болған.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мағауияның ақындық өнерінде Абай үлгісі, тәрбиесінің әсері таныла ма, оны неден байқауға болады?
2. «Медғат — Қасымды» неге романтикалық поэма дейміз? Онда романтизм белгілері, басты бейнелердің сипатындағы романтикалық үлгі жайлы ойлаңыздар.





АҚАН ҚОРАМСАҰЛЫ (1843 — 1913)



«АҚАН СЕРІ»

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың әнші-ақын, көрнекті өкілдерінің бірі — Ақан Қорамсаұлы.

Ақан 1843 жылы бұрынғы Көкшетау облысының, Айыртау ауданында Қоскөл деген жерде туған. Шын аты — Ақжігіт екен, ата-анасы еркелетіп, Ақан атандырып жіберген.

13 жасында әкесі Ақанды діни мектепке оқуға берген. Бірақ ұғымтал, сергек ойлы бала дүмше молданың шалдыршатпағына көнбей, оқуды тастап кеткен.

Одан кейін Қызылжар (қазіргі Петропавловск) қаласында Уәли дегеннің медресесінде екі-үш жылдай дәріс алған.

Бұл мектептердегі оқуды хат тану үшін пайдаланғанмен, Ақан дін шарттарын ешуақытта орындамаған.

Жасынан ән-жырға үйір жас жігіт он алты-он жетіге келгеннен кейін-ақ қолына домбыра алып, ән салып, өлең шығарып айтқан. Маңына ақын, әнші, домбырашы, палуан — неше түрлі өнерлі жастарды жинап, серілік, салдық жолына түскен.

Ит жүгіртіп, құс салып, аңшылық құрған. Алғыр қыран құс (оны «Қара торғай» деп атаған), жүйрік тазы («Базарала») ұстаған. Кейін атақты Құлагер деген жүйрік атқа ие болған. Ақынның осындай өзгеше өмірі мен дарқан мінезін, сырлы әні мен өткір сөзін сүйген халық оны «сері» атандырған.

«ЕТЕГІН АҚ КӨЙЛЕКТІҢ АЛТЫНДАҒАН»

Жастық, бозбалалық кезінде Ақан серінің көп жырлаған тақырыбы — достық, махаббат мәселесі. Ол сүйіспеншілікке беріктік пен адалдықты, махаббат еркіндігін аңсайтын тамаша өлеңдерін әнге қосып айтқан. Эстетикалық сезімі, талғамы күшті, нәзік жанды ақын өмірдегі небір сұлу, әдемінің бәрін әнге қосқан. Ол табиғатты да, алғыр қыран мен жүйрік атты да қызыға жырлаған. Сезімін оятқан әдемі, көркем құбылыстардың қайсысын болса да, ол егіле, беріле суреттейді. Ақынның «Жайықтың ақ түлкісі», «Ақ көйлек» т.б. лирикалық өлеңдерінен сұлулықты машықтай, сүйсіне жырлайтындығы айқын көрінеді. Ол адамның түсі де, ісі де, жаны да сұлу болуын тілейді.

Жайықтың ақ түлкісі аралдағы,
Алдымнан сен бір қашқан марал-дағы.
Формына төңкеріліп жайдым қанат,
Шарықтап ақиықша Оралдағы.
Ертістің құба талы секілденіп,
Алдымнан майысып шық бұрал-дағы...
Қапаста қиын-қыстау бекінсең де,
Тәуекел майданында тұрам-дағы.

Ақан өлеңдерінің лирикалық қаһарманы — әсем бейнелі, жаны сұлу адам. Ақынның оны суреттеу үшін алған баламалары да, теңеулері де ел ұғымындағы ең әдемі, нәзік суреттер, қазақ оқушыларының эстетикалық сезімін қозғайтын метафора, теңеу, эпитет, әдемі шендестірулер.

Оның метафора, теңеу үшін алып отырған ақ түлкі, ақ маралдары — өмірде сирек кездесетін, сүйкімді хайуанаттар. Ендеше ақынның да арман еткен сұлуы — оңайлықпен қолға түспейтін жан. Соны ойлап Ақан қияға қол созып, қиыннан тоят іздейді. Және оны кез келгенде бұрыла кететін көрсе қызар емес, сексен қыздың ішіндегі ең таңдаулысы етіп алады.

Етегін ақ көйлектің алтындаған,
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.
Сексен қыз серуенге шыкса-дағы,

Ішінде сен — қоңыр қаз қаңқылдаған...
Қаумалап қанша дұшпан тұрса-дағы,
Қалқажан айтар сөзден тартынбаған.
Болғанда сен аққу құс көлде жүзген,
Лашын құс не болады талпынбаған.

Бұл өлеңнің кейіпкерінде сыртқы көркемдік те, жайдары мінез, жан сұлулығы да, «айтар сөзден тартынбайтын» батылдық та бар. Осындай мінезіне көркі сай, ақын армандаған сұлу жандарды малға сатып, теңіне қоспауды Ақан қолдамайды. Оның «Сырымбет», «Үш тоты», «Балқадиша», т.б. ән-өлеңдері әйелдердің бас бостандығын аңсаудан туған. Сұлу әйелді мұрат тұтқан Ақанның бұл шығармалары өз дәуірі үшін әлеуметтік сыры терең туындылар болып саналады.

Ақан суреттеген бейнелер Шығыстың халықтық жырларында кездесетін қыздардың романтикалық сипатын еске салады. Ол Шығыс әдебиетін жақсы білген, оны қазақ өміріне жақындата жырлаған.

«МЫЛТЫҚ ПЕН МЕРГЕНШІЛІК»

Серілік құрып, аң атып жүрген Ақан кезінде мылтық пен мергеншілік жайында өлең қылған ақын. Осы аттас өлеңдерінде ол аңшылыққа құмартқан, мылтық атуды өнер тұтқан адамның психологиялық бейнесін әдемі ашады.

Өлең негізінен, үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде ақын жақсы мылтықтың қандай болу керектігін айтса, екінші бөлімінде аң атқан мергеннің көңіл-күйін суреттейді. Ал, үшінші бөлімде аң ату үстіндегі мергеннің ішкі сезімін, психологиясындағы әр түрлі өзгерістерді, тамаша құбылыстарды сипаттайды. Мәселен:

Ол кезде жатқан аңнан қатты қорқар,
Өлтіретін жауындай, басын алып.
Аяғын байқап басқан суда жүріп,
Тым ұялшақ болады сонда тұрып.
Мандайынан қарайды жылмырайып,
Қай жерден атамын деп ой ойланып.
Асығыс алабұртып қарағанда,

Жатқан аң екі болар сағымданып.
Сінбіретін дәрмен жоқ, ол бір тар жер,
Мұрны бітіп тұрса да қабаттанып.

Бұл үзінді де ақын аңшылардың аң атар кезіндегі басында болатын жайларды шыншылдықпен дәл бейнелеп бере алған. Аңшының аяқ басуы да, өзінен-өзі ұрланып, денесін жасыруы да, дем алысы да, тәтті үміт, қауіпті қорқыныш та — бәрі де көзге елестейді. Өлеңнің барлық көркемдік күші сол сәттегі аңшының басында болған қуаныш пен күдікті, қорқынышты шынайы бере білуінде. Сонымен қатар Ақан аңшылықты тек құмарлық емес, өнер деп ұғады. Қай өнер болса да адам мен оның тіршілігі, күн көрісі үшін аса қажет. Сондықтан да ол:

Окудан соңғы өнер — мылтық деген,
Халайық құлақ қойсаң тілге нанып, —

дейді.

Қазақ әдебиетіндегі саятшылдық тақырыпқа жазылған шығармалардың ең шоқтығы биігі — Абайдың «Қан сонар-да бүрітші шығады аңға» өлеңі десек, Ақанның «Мылтық пен мергеншілік» өлеңі де ақынның суреткерлігімен, аңшының қимыл-қозғалысын, психологиясын бере білуінің шындығымен соған жақын келіп қалады. Абай өз өлеңін:

Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың құс салып, дәм татпасаң, —

деп аяқтаса, Ақан да:

Атпағандар түсінбес құр айтқанға,
Көңілінде мергендердің бәрі де анық, —

деп, тамаша байлам жасайды.

«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ

Осындай жастықтың көңіл-күйімен еркін жүріп, серілік өмір кешкен Ақан отыздан аса бере-ақ қабат-қабат қайғыға тап болады. Феодалдық ескі салтпен тартысып жүріп

қосылған сүйген жары Ұрқия қайтыс болады. Қыран құсы Қараторғай бір түнде өліп қалады. Оның артынан қасқырға салынған күшаланы жеп, құмай тазысы Базаралы да өледі. Сөйтіп жүргенде ол, 1876 жылы атақты жүйрік аты Құлагерден де айрылады. Осы жылы Керей паң Нұрмағамбет деген үлкен бай, беделді кісі Ереймен бойында әкесі Сағынайға ас береді. Сол асқа Ақан Құлагерді бәйгеге қоспақ болып, алып барады. Бәйгеге үш жүзден аса ат қосылады. Бәрінің алдында келе жатқан Құлагерді бұрыннан Ақанмен өштесіп жүрген Батыра, Қотыраш деген байлар соққыға жығып өлтіреді.

Ақан сері үшін Құлагердің өлімі тіпті ауыр қайғыға айналады. Баласымен екеуі туған жері Қоскөлде қамысты қопаны мекендеп, оңаша өмір сүреді. Елсіз даланы, таутасты күңгірентіп, ән салады, өлең айтады. Құлагерін жоқтап, бірнеше өлең мен әндер шығарады.

Солардың ішіндегі ең көп тарағаны — «Құлагер» әні. Мұны Ақан өлген Құлагердің басында отырып айтқан.

Лирикалық ән — «Құлагер», екінші жағынан, психологиялық сыры да мол өлең. Онда болған оқиғаға ақынның көзқарасын көрсетуден гөрі, оның жан-дүниесіндегі тебіреністі, күйзелісті суреттеу басым көрінеді. Атын жанындай жақсы көретін ол зорлықшыл қиянатқа қарсы іштей ызаланады. Өлеңнің әрбір сөзі Құлагердің жоқтауындай естіледі.

Құлпырған күлте жібек құйрығың-ай,
Суырылып топтан озған жүйрігім-ай,

немесе:

Шынымен өлгенің бе, Құлагерім,
Салбырап сапты аяқтай төменгі ернің, —

деген жолдар осыны көрсетеді. Немесе:

Алдыңғы ат баран емес, қылаң деді,
Сол жерде тұра алмадым денем шошып, —

деген жолдар Ақанның сол сәттегі көңіл-күйін айқын байқатса керек.

Әрине, бұлар — әлі қайғы емес, қауіп, қорқыныштың белгілері. Ал Құлагердің мерт болғанын анық білу Ақанға

төбеден жай түскендей қатты әсер етеді. Ақын сол мезеттегі күйінішін ең шарықтау шегіне жеткізіп:

Құлагер мерт болды деп естігенде,
Жұлдым да сақалымды, ойбайладым, —

деп суреттейді.

Енді ол атын іздеп табады. Көріседі, жылайды. Әуелде күйіп-піссе, кейін сезімді ақылға жеңгізіп, амалсыз төзеді, болашаққа үмітпен қарайды.

Құлагер әкең — тұлпар,
 шешең — сұңқар,
Соғып ең дөненінде сегіз аркар.
Сен өлсен, орның басар Кербесті бар,
Болады, құдай қосса, о да тұлпар, —

деп, өзін-өзі жұбатады.

Сөйтіп, Құлагер өлеңінің бір құнды ерекшелігі ақынның өз басында болған психологиялық өзгерістерді көркемдікпен шынайы суреттеуінде, онда ат портретін де, жүйріктік қасиетін де бейнелер жарқын сөздер көп.

«Салбырап сапты аяктай төменгі ернің...»
«Бота тірек, қыз сағақ, сандал керім...»
«Құлпырған күлте жібек құйрығың-ай...»
«Ор болып калушы еді шапқан жерін...»

Осындай суреттеулер арқылы Құлагердің шын жүйрікке тән мүсінін де, шапқандағы қимылын да ақын толық көзге елестетеді.

Талай жарыста ер намысын, ел абыройын көтеріп жүрген атының өлімін Ақан Атығай, Қарауыл елдерінің қайғысындай қабылдайды.

Ор болып қалушы еді шапқан жерін,
Сүйсініп тұрушы еді қосқан елің,
Атығай, Қарауылға олжа салған,
Бота тірсек, қыз сағақ, сандал керім...

«Құлагер» өлеңін оқығанда, не әнін тындағанда оқыған, тындаған елдің Ақанмен бірге күйінетіні, ақынды, жүйрік атты аяп, оны өлтірген зұлымдыққа лағынет айтатыны даусыз. Ақанның азалы үні, қасірет-қайғысы баршаға ортақ сезіледі. Сөйтіп, «Құлагер» — жалғыз ат қайсын жырлаған өлең емес, озбыр зұлымдықты, замана қатігездігін әшкерлеген уытты шығарма.

«ЗАМАН АДАМЫ»

Заман ағысы мен қоғамдық өзгерістердің сыры, жайын ойлана келіп, Ақан бір кез заман адамының сипатын беруге ауысады. Оның «Заман адамы» атты ұзақ толғауы өз дәуірінің ұнамсыз мінездерін бойына жиған ел басшылары — болыс-билер, байлар мен ауылнайларды бейнелейді. Солардың әрекет-тіршілігін, мінез-құлықтағы өзгерістерін айта отырып, ақын оларды мінеп, сынайды. Сыртынан жылтыраған, бірақ іші надан адамдар типін ол:

Жұпар мен гүл майының иісін білмес,
Зұлматтың тұмауымен біткен мұрны.
Іші зұлмат болған соң керегі жоқ,
Қаншама болса-дағы жүзі нұрлы, —

деп суреттейді.

Ел әкімдері мен байлардың ұнамсыз қылықтарын сынағанда Ақан олардың кедейлермен қарым-қатынасын өлшем етіп алады. Кедейді қанап, ақысын жеушілерді айыптайды.

Қайтсем пайда қыламын деп нашардан,
Осы күнгі жақсылар құрар айла.
Жарты ақысын сіңіреді о деп, бұ деп,
Нашарлар қызмет қылып жүрсе байға.
Көңілінен шықпасаң, күнің қаран,
Байдың ісі барабар найзағайға.
Бәрі баймен бағалас, сөзі бір боп,
Би, болыс, бара алмаймыз ауылнайға.

Сөйтіп, өзінің заман адамы туралы ойын ақын нашардың ақысын жеп жүрген би, болыс, ауылнайлардың бұл істе

бірігіп кететін мінезін көрсетумен түйіндейді. Бұл — Ақан-ның ел әкімдерінің халыққа жасайтын қиянатын көре білгенін, оған сын көзімен қарағанын байқатады.

Ендігі бай әуелі нашарды жер,
Нашар көрсе, антұрған сөйлейді кер,
Бір нашар ақша қарыз сұрап барса,
Берейін, қызметке маған жүр дер.
Ауысып бір нәрсені жүрген болса,
Сұрағанда шығарар маңдайдан тер,
Қолда жоғын білген соң тым жабысар:
«Қызмет қыл, я болмаса малынды бер»
Басын сатып ала алмай бір кірген соң,
Осыменен қор боп жүр нешелер ер.

Ақанның «ендігі бай» деп отырғаны — жаңа заманның саудаға құныққан, елмен қарым-қатынасын есепке құрған байы. Оны ақын «қайыры жоқ, көк қарын жаңа бай» деп атайды. Қазақ даласына кеңестік дәуір өзгерістердің кіре бастауымен байланысты шаруасын соған ыңғайлап құрған, сауданы кәсіп ете бастаған байлар мен олардың жұмсауындағы адамдардың мінез-құлқындағы жаңалықтарды да ақын тап басып айтады.

Ақша ұстап, сауда қылар ырымдай ғып,
Бай жұмсап жүрсе-дағы құлындай қып.
Базарға барған сайын пайда бер деп,
Тапсырар ұстаушының құнындай қып.

Жаңа байлардың осындай жебір типіне Ақан өткен заманның байларын қарсы қояды. Оларды әділ, қайырымды еді деп суреттейді.

Би-болыс, байлардан түңіле отырып, Ақан жаңалық іздейді, жастарға сенім артады. Өмірді жөндейтін де, ел үшін күресетін де жастар деп ұғады. Осы өлеңнің бір жерінде ақын қазақтың осындай ауыр халге неліктен ұшырағанын айта келіп, жастарды өнерге, ғылымға шақырады.

Жігіттер, өнер үйрен заманында,
Денсаулық, әлің келген аманында.

Жайылып сахарада жатамыз деп,
Мінекей қалдық дұшпан табаныңда, —

дейді.

Ақын артта қалудың және бір себебі — еріншектік, жалқаулық екенін айтады да, жастарды содан сақтандырады.

Заман адамының нақты бір типін Ақан «Жүсіп төреге» деген өлеңінде шебер жасайды. Онда ақын Жүсіптің ғайбат айтуға ұсталығын, екіжүзділігін бетіне басады.

Жүсіп-ау, төрелік жоқ баяғыдай,
Дәрежең қара қазақ аяғындай.
Досыңды дұшпан көріп ғайбаттайсың,
Мінезің әзәзілдің таяғындай.

Өлең уытты ажуаға, өткір сынға толы. Онан күні өткен төренің бүгін дәрежесі төмендеп, өзі жұрт сыртынан сөз айтар ғайбатшыға айналғанын көреміз.

«ЖАҚСЫНЫҢ ӨЗІ ӨЛСЕ ДЕ, СӨЗІ ӨЛМЕЙДІ»

Егде тартқан шағында шығарған біраз өлеңін Ақан жастарға үлгі, ғибрат боларлық сөздер айтуға арнайды. Мұндай өлеңдерінің негізгі желісі етіп ақын көбінесе жақсылық пен жамандықты алады. Жақсы, жаман құбылысты салыстыра отырып, жас ұрпақты жаманнан жирендіру, жақсыға үгіттеу мақсатын қояды. Өмірде көргені мен түйгені көп ақынның өз тәжірибесі де қосылып, жастарға өнеге ретінде ұсынылады.

«Асыл мен жасық» өлеңінде Ақан пайдалы, пайдасыз ұғымдарды қатар алып әңгімелейді.

Аққаудың астығы жоқ шайнағанмен,
Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен, —

деген жолдарда ол өнімсіз іспен шұғылданатын берекесіздікті сынайды. Ой-пікір байлығымен қоса өлеңде тапқыр тіркестер де мол. Жігіттің жақсы қасиетке ие болуы қажеттігін ол:

Жігіттің көз тоқтаттық қандайына,
Шешеннің тәңір берген таңдайына,
Батырдың қайрат берген жүрегіне,
Малдының ырыс берген маңдайына, —

деп тұжырымдайды.

«Жаксы мен жаман» өлеңінде Ақан осы ойын тереңдете түседі. Онда айтылар өсиет өмір құбылыстарын суреттей отырып, қорыту арқылы түйінделеді. Ақын жаксы жігітке айтар үлгісін жарқырата көрсетіп, жаманнан бездіріп жіберерліктей таусыла сөйлейді.

Жаксының өзі өлсе де, сөзі өлмейді,
Жаманнан үлгі болар сөз қалмайды, —

дейді ол.

Ақан қысылшаң шақта ел бастайтын жаксы ұлдарды армандайды. «Жұрт алдында тысырайған», мақтан сүйгіш, қуыс кеуделерді жаман адам қатарына қосады.

Ер пайдасы тиеді сасқан жерде,
Ер жаңылып етегін басқан жерде,
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Жабысып қалады екен аспан жерге,
Жамандар көре алмаған қылады өсек,
Лайық заманында асқан ерге.
Билер көп жұрт алдында тысырайған,
Жол табар көсем қайда қысқан жерде.

Бұл жерде Ақан «Жаксы» деп ұнамды адамдардың типін, «Жаман» деп халыққа пайдасы тимейтін ұнамсыз бейнелерді алып отыр. Ақын адамдарды жаратылысынан «жаксы», «жаман» деп бөлуге бармайды, оның жаксы-жаман қасиетін ол еліне сіңірген еңбегімен өлшейді. Сондықтан өмір, тіршілік сырын терең білетін Ақан ұнамсыз бейнелерді «қу ілмейтен құладыңға», «жөнге жүрмейтін шошқаға», «қайрасаң да, өтпейтін жасық темірге» теңейді. Ал ұнамды, ер жігіттерді «дүбір шықса шыдамайтын шын тұлпарға», «жерде жатса да, шірімес алтынға» балап, былайша бейнелейді.

Жігіттің шешендігін дауда сына,
Мақтаған қыран құсты ауда сына.
Қарын тоқта әркім-ақ үй де батыр,
Жігітті батырсынған жауда сына, —

дейді.

Достықты берік ұста, қиянатшыл болма, кішіпейіл бол, адамгершілігің болсын, дұшпанға берілме, өз басың үшін досты, жолдасты сатып кетпе, жауыннан қорықпайтын ер бол, мансап, мал қуып, ердің, елдің намысына опасыздық жасама, іші-сыртың бірдей болсын, ғылым, өнер үйрен деген өсиеттері жастарға арнаған ұстаз ақынның ғибрат сөздері болып табылады.

Қорыта айтқанда, Ақан — өз кезіндегі әнші-ақындар тобының аса көрнекті өкілі. Өзіне тұтас әлеуметтік өмірдің көп мәселелерін шығармашылығына арқау етіп, өлеңімен де, әнімен де таратқан ол өзінің ерлік өмірімен де туған халқының сүйікті ұлдарының бірі боп қалды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ақан сері мен шығармашылығының өз тұстастарынан өзгешелігі неде?
2. Неге ол сері атанған? Оның ән-өлеңдеріндегі серілік сипаттары қалай?
3. «Құлагар» әні мен өлеңі қалай туылған? Онда әлеуметтік теңсіздік қалай сыр шерткен?
4. Ақан серінің әлеуметтік теңсіздік жайлы жазылған тағы қандай шығармаларын білесіңдер?
5. Ақанның өсиет өлеңдерінде нендей жәйттер көтерілген?
6. *І. Жансүгіровтің «Құлагар» поэмасын оқып шығып, онда Ақан трагедиясы қалай сипатталғанын айтып беріңдер.*
7. *Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері — Ақтоқты» пьесасын оқып, онда Ақан бейнесі қалай көрініс тапқанына назар аударыңдар.*





ШӘНГЕРЕЙ СЕЙІТКЕРЕЙҰЛЫ БӨКЕЕВ (1847—1920)



XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қалыптасып, дамыған қазақ жазба әдебиетінің өкілдерінің бірі — Шәңгерей Бөкеев. Ол Батыс Қазақстан облысының қазіргі Орда ауданында, Жасқұс құмында — хан ордасында дүниеге келген. Жәңгір ханның немересі. Ақын өзінің бір өлеңінде «Алпыс бөлме, жүз есік» көк орданың ішінде дүниеге келгенін ашық айтады. Әкесі Сейіткерей Шәңгерей бес жасқа келгенде қайтыс болған. Бірақ, жас Шәңгерей ауқатты ортада жетімдік көрмей өседі. Жасынан оқып, білім алады. Өнерге, өлең сөзге жас кезінен әуестенеді. Ордадағы медресені бітіріп, мұсылманша білім алғаннан кейін, Астрахандағы реальды училищеге оқуға түседі. Одан кейін Орынбордағы Кадет корпусында екі жыл оқиды. Орыс тілін үйреніп, орыс әдебиеті, мәдениетімен танысады.

Самар губерниясында бітімші сот болып жұмыс істейді. Әділдік жолын іздеу, шындықты қорғау жолындағы ой-санасы осы тұста қалыптасқан сияқты. Ол әкімшіл-тәрешіл биліктің зорлық, алдау, парашылдық сыр-сипатын көріп, бұл жұмыстан бойын аулақ салуды ойлайды. Сөйтіп, біраз жыл қызмет істегеннен кейін қызметін тастап, өз еліне келеді. Бұдан кейін кеңсе жұмысына араласпай, патша тарапынан дворян атағын алып, Самар губерниясындағы дворяндр тізіміне тіркеледі де, өнер үйреніп, еңтектене бастайды. Орданың Жәнібек жағындағы Көлборсы деген жерді өз меншігі етіп, сол кездегі орыс помещиктері сияқты тұрақ

жай тұрғызады. Онда ағаштан, тастан сәулетті үйлер, мектеп, медресе, мешіт салғызып, туыстарының балаларын оқытады. Бау-бақша, алма ағаштарын ектіріп, егін салады. Асыл тұқымды мал өсіреді.

Шәңгерей ашқан мектепте мұғалімдер жұмыс істейді. Сондай бала оқытқан, білімді әрі талапты мұғалімнің бірі, көрнекті ақын Ғұмыр Қараш болады. Ол Шәңгерейді аға тұтып, жиі араласып тұрады. Шәңгерей оның ой-өрісінің кеңеюіне, орыс әдебиетімен танысуына ерекше ықпал етеді. Ғ.Қараш «Жәңгір ханның немересі, сұлтан Шәңгерей Сейіткерей ұлына» деген толғауында:

Алғыр жүйрік сұлтаным,
Ақылың жетіп алысқа
Ілгеріні болжадың.
Болжағанның белгісі,
Атаңнан мұра қалған су —
Көлборсыны меншіктеп.
Жалғасынан жер алдың...
Кешегі өткен бабаңыз —
Хан Жәңгірден үлгі алдың. —

деп жырға қосқан болатын. Сонымен қатар ол Шәңгерейдің ақындығын, тілге шешендігін, сөз асылын қадірлеген көсемдігін, серілігін де суреттеген. Ақынның бұл толғауы 1914 жылы Уфада шыққан «Аға тұлпар» атты жинағында жарияланған.

Шәңгерей өз мекенінде оқшау өмір сүріп, аңшылықпен айналысады. Жақсы ат, қыран құс, құмай тазы ұстап, саяткерлікпен шұғылданады. Құс салып, ит жүгіртіп, саятшылық өнерін кең өріс алдырады.

Шәңгерейдің ерекше көңіл аударған бір ісі — әдебиет, өнер, ғылым болады. Ол орыстың классикалық жазушыларының шығармаларымен танысады. Лермонтовты, Гогольді сүйіп оқиды. Ән-күйге, сурет өнеріне, сән-салтанатқа ерекше көңіл қойған Шәңгерей, ақын, әнші, күйші, домбырашы, суретші секілді өнер иелерін өзіне жақын тартып, олардың өнерін тамашалайды. Ол қадір тұтқан өнер адамдарының бірі — орыс суретшісі Малыцев деген досы

болды. Оған шеберхана да салып берген. Орыстың Фет, Тютчев сынды ақындарының да өлендерін оқып, әсерленеді. Шәңгерейдің бай кітапханасы болған. Ғылыми әдебиеттерді, әр түрлі қазақ және орыс тіліндегі газет-журналдарды алдырып оқыған. XX ғасырдың басында қазақ және татар тілдерінде басылған ақындардың кітаптарын оқып, қоғамдық, әдеби өмірдің беталысынан үнемі хабардар болып отырған.

1911—1913 жылдары қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Оралда «Қазақстан» газетін шығару мәселесі сөз болғанда, бұл істі қолдап, оған қажетті қаржыны толықтыруға көмектескен де Шәңгерей болатын.

Шәңгерей прозалық шығармалар жазған деген де дерек бар. «Қара мұрт» атты роман, «Сұрау-жауап» деген көлемді әңгіме жазса керек, бірақ ол туындылары сақталмаған. Ол 1917 жылы шамасында Көлборсыдағы қонысын тастап, аталас төре тұқымдары мекендеген Ақбақай деген жерге (Батыс Қазақстан облысы, қазіргі Қаратөбе ауданы) көшіп келеді. Қоныс аудару себебі де беймәлім. Бізге белгілі болғаны — өмірінің соңғы кезінде ел ішінде даулы, талас тартысты мәселелерге көп араласпай, оқшау өмір сүргендігі.

Шәңгерей 1920 жылы қаңтарда сол Ақбақайда қайтыс болған. Ақынның біраз өлендері 1910—1912 жылдарда жарық көрген «Шайыр», «Көкселдір» деген жинақтарда жарық көрген. Бұл жинақтарды бастырған Ғұмар Қараш еді. 1933 жылы Кеңес дәуірінде Қызылорда қаласында ақын өлендерінің жинағы басылады.

АҚЫНДЫҒЫ

Шәңгерейдің шығармалары әлеуметтік өмірдің әр түрлі жақтарын қамтиды. Отаршылдық салдарынан туындап жатқан өзгерістерді көре білген ақын бұрынғы хандық дәуірдегі өмірді аңсайды. Оның қоғамдық ой-пікірлері, топшылаулары бірде өмір шындығын айқын көрсетсе, бірде өткенге алаңдау сарынында келеді. Жер-судың құты кетті, сәні кетті, бәрі адыра қалды. Бұрынғы асыл адамдар енді жоқ, бұрынғыдай билер, ерлер енді тумайды дейді.

Адыра дедім Нарынды,
Құсы ұшып көлінен,
Құты кетіп жерінен,
Саба құрсақ билерден,
Еңіреген ерлерден,
Айырылып адыра қалғанда ... —

дейді. Ақын өз кезіндегі жаңалықтардың бәрін бірдей қабылдай бермеген. Қазақ даласындағы ел билеудегі жаңалықтар мен заң, тәртіптер, отаршылдық, сауда-саттық, халықтың жерден қыспаққа ұшырауы сияқты өзгерістер Шәңгерейдің көз алдында өтіп жатты. Бұрынғы хан ордасындағы ата-баба билігі мен беделі жайлы ұғым-түсініктер оның ақындығын сол бағытта оқшауырақ қалыптастырды. Бұл кезеңде хан тұқымдарының да еркіндігі шектеле бастаған еді. Ақынның:

Құйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан жымия.
Қаранды үзіп барасың,
Бізден де, қайран дүния ...

деуі содан туған. Сондықтан да ақын бұрынғы ата-баба дәуірі еркіндік дәуір еді, дегенді білдіреді. «Ағасың ақылың артық асқармен тең» атты өлеңінде:

Ағасың ақылың артық асқармен тең,
Асылдың арқар ұранды тіреуі — сен.
Алла ту Абылайдың ала аттансаң,
Аламан артындағы біреуі — мен...

деп, ұлы дүбір шықса қалмас едім, ел тәуелсіздігі үшін аттанған сарбаздың қатарында мен де Абылайлап аттанар едім дейді. Хан тұқымдары арасында Абылай ханның ел тәуелсіздігі еткен тарихи еңбегі дәріптеліп, есімі қастерленді.

Ақынның өмір мен өлім туралы пәлсапалық толғанысынан өмір шындығының елесі көрінеді. Ол тумак, өлмекті табиғи құбылыс ретінде түсінеді. Бұл ойын өлеңінде лирикалық бейне арқылы жеткізеді. Барлық қауіп-қатерді се-

беп-салдарлы түрде көрсетеді. «Өмірдің өтуі» атты өлеңінде қырдағы құланның аман жүрмегі жоқ, құдыққа құлан құласа, құлағында құрбақа ойнар, суға құлан шұбырса, жолын тосқан жолбарыс жүрегін жұлып, жем етер. Ол да аман қалмайды. Бөкен терісін бөрік еткен, сексеуілді күрке еткен мерген жалғыз оқпен оның да қазасын жеткізеді. Мерген де ажалдан құтылмайды. Кім болса да ажал оғынан құтылмақ емес дейді. Өз заманындағы әлеуметтік құрылысқа жатырқай қараған ақын алдағы болашақтан үміт күтпейді. Ақын ескі қоғамдық құрылыстың күйреуін белгілі мөлшерде өз басының да трагедиясы деп түсінетін сияқты.

Бұл дүние пәнилығын етеді екен,
Бір дәурен өтіп, бірі жетеді екен...
Өзіне халық аузын қаратқан ер,
Тіріге, өлсе, қадірі кетеді екен ...

Бұл сөздерінен де өмірдің өтуі, ескінің өтіп, жаңаның келуі, елді аузына қаратқан ерлердің, көзден тайса, көңілден кететінін айтып, торыққандай болғанын көреміз.

Өнер, ғылым және білім тақырыптары да Шәңгерей шығармаларында ерекше жырланады. Ол ғылым жетістігіне үлкен сеніммен қарайды. Қоғамның дамуы үшін қажетті шарттардың бірі — ғылым екенін ұғындыруға күш салады. Жастарды оқуға, ғылыммен шұғылдануға шақырады.

Оқысаң, ғылым нұрын білім асар,
Көңілдің кіршік басқан көзін ашар.
Мас болған біліміне кейбір жастар,
Жерлерге аяқ жетпес аяқ басар.
Апырай, кімге аян бұл жиһанның
Белгісіз ұлылығы асқар-асқар!

Ғылымға ұмтылушы жастарға Шәңгерейдің үлгі еткені — Бұхарада, Қазанда оқып келген қазақ-татар молдалары емес, дүние жүзіне әйгілі ғалымдар. Ол атақты ағылшын ғалымы Эдиссонды (1847—1931) үлгі етеді. Эдиссон Томас Алва — американың атақты физигі, электротехника мен

байланыс жөнінде көп жаңалықтар ашып, әр түрлі құрал-жабдықтарды ойлап шығарған ғалым.

Шәңгерей ғылымға бөгет жасайтын надан молдаларды шенейді. Ақын Эдиссонға арнаған өлеңінде ғалым мен надандықты бір-біріне қарама-қарсы қояды. Ғылымды бұтағы көп, жемісі мол, биік шынар бәйтерек бейнесінде суреттеп, ғылымның әр саласын сол бәйтеректің жемісі ретінде бейнелейді.

Бұл ғылым — бір бәйтерек шектен асқан,
Шұлғанған бұтағына ғарсы-күрсі.
Бар ғаләм он сегіз мың саясында,
Таусылмас, бұтақ сайын бар жемісі.
Шайтани бұл өнерді қалай дейміз,
Әр өнер — сол жемістің бірдемесі.
Эдиссон мұны істеген — ғалым адам,
Оқымас, жалқау біздей емес надан.
Пәндерден кимие-симие ғылыми хикмет,
Көп сырлар ашты түпсіз дариядан...

Ақын ғылымның қоғамдық маңызын көпшілікке түсіндіруді оқыған адамға міндет етіп қояды.

Шәңгерей өлеңдерінде өмірдің әр кездерінің суреті көрініс тапқан. Ол бес, он жеті, жиырма алты жастағы өмірді суреттеп, балалықтың, жігіттіктің, егде тартқан шақтың бейнесін жасайды. Әсіресе қоныз бен көбелек қуған, асық ойнаған балалық шақ әсерлі суреттеледі. Өмір шындығына сай нанымды бейнелейді.

Алалы сақа атысқан,
Жалаң аяқ құм басқан,
Тал шыбыққа таласқан,
Бір күні едім мен бала..., —

деп, ол балалығын еске алады. Балалық шақтың қайта оралмайтын өзіндік ерекшелігін қосаяқ бейнесі арқылы шебер суреттейді. Өлең қосаяқтың жаратылыс бітімін, мүсінін, қимыл-қозғалысын үлкен суреткерлікпен сипаттайды. Қосаяқтың кескін-келбетін мүсіндеуге жүйріктігі, көзге түсе бер-

мейтін дене мүшелерін көре білуі, соның бәрін неше түрлі сыр бояумен бедерлеп, портретін жасауы ақын суреткерлігін, сезгіштігін, байқағыштығын танытады.

Сол қосаяқты қуалап,
Тал шыбықты шудалап,
Қарындай үрген домалап,
Байшешек бетті бала едім.
Сол күнімді ойласам,
Көз алдымда тұрады,
Кешегі өткен күндей-ақ, —

деп, өлеңнің мазмұнын сол қосаяқты қуып, балалықтың базарында жүрген баланың көңіл-күйін, ой сезімін суреттеуге ауыстырады.

Шәңгерей жастығы мен балалығын қызығып еске алғанмен, өз заманының күрделі шындығынан, әлеуметтік өзгерістерден бойын аулақ ұстауға тырысады. Ол қоғамдық шындықтан гөрі табиғатты, сұлулықты, әсемдікті жырлап, өз көңіл-күйін күйттейді. Мұндай бағыт ХІХ ғасырдағы орыс әдебиетінде Фет, Тютчев тәрізді ақындарда болған.

Махаббат, достыққа, саятшылық өнер, табиғат көріністеріне арнаған өлеңдері — Шәңгерей талантының ең күшті жақтары. Ақынның махаббатты, табиғатты суреттеуі өмірді қызықтаған бай эстетикалық көркемдік сезімінен, әрі ақындық шеберліктен туады. Бұл ретте Шәңгерей серілікті жырлаған Ақан серіге үндес келеді. Аң аулау, ит жүгіртіп, құс салу өнерін ақын жігіттіктің, жігерліліктің белгісі деп санайды. Құр ермек емес, тамаша серуен, көңіл көтеретін, ләззат алатын қызық спорт деп бағалайды. Мұнда саятшылықты үлкен халықтық өнер деп бағалаған ақынның жан сыры бар. Көбіне ол өзі мекен еткен Нарын мен Көлборсының табиғатын, сол жердегі саятшылық серуенді жырға қосады.

Алабын Көлборсының сулар алса,
Сыңқылдап қонар көлдің үйрек, қазы.
Ойнақы мініп атқа, ал қаршыға,
Зер қарғы сыландасып ерсін тазы.

Көлдерге ат ойнатып, тарлан ұшыр,
Жігіттің жігер туған бұл шандозы.
Жастықта жігіт адам жігер болса,
Қайт болмас қалқасына еткен назы.
Құлаққа киген сырға есітілсін,
Кұс салып кешкі соққан дауылпазы...

Ақын шығармасын оқыған адамның көз алдында кең сахараның ойы, қыры, шешек атқан көкмайса шалғыны, самғап ұшқан қыран құсы, қаңқылдап көтерілген қазы мен үйрегі, сыландаған тазы, тағы басқа тіршілігі елестеп өткендей болады.

Табиғат көріністерін ақын өзінің көңіл күйіне сәйкес сезініп жырлайды. Оның өмірді қызықтауы да, торығуы да осыдан байқалады. Көл суалады, бәйтерек құлайды, жапырақ солады, сол сияқты адамның өмірі де бірқалыпты тұрмайды дейді.

Шәңгерейдің тұспалды бейне жасап, сол арқылы өмірді суреттеуі — ақындық ерекшелігінің бір қыры. Балалық шақты, оның қуаныш қызығын қосаяқ бейнесі арқылы жеткізгені сияқты, өмірдің өтуін де табиғат көрінісін бейнелеп, суреттеу тәсілімен жеткізеді. Шәңгерей орыс әдебиетін көп оқып, жақсы білген.

Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Фет, Тютчев т.б. ақын-жазушыларды сүйіп оқыған, олардың кейбір шығармаларын аударған да, мысалы, ол Лермонтовтың «Қашқын» поэма-сын аударған.

Шәңгерей, негізінен, көңіл-күй, махаббат, табиғат лирикасын жазған үлкен лирик. Ол — халқымыздың бай ауыз әдебиеті мұраларынан, орыс, татар әдебиеттерінен нәр алған ақын. Өлендерінде кездесетін шешендік өрнектер, нақыл сөздер, қара өлең, қайым өлеңде кездесетін қайталау үлгілері ауыз әдебиеті дәстүрінен өрбиді. Кейде Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулар мұрасының әсері де танылады.

Ақын өлеңнің жана түрлерін, тың көркем бейнелі сөз тіркестерін жасап, өлеңнің бейнелілік сипатын, қуатын арттыруға күш салған. Ұтымды теңеу, салыстырулар тауып, орайын келтіріп тың сөз тізбектейді.

Құйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан жымия,
Қаранды үзіп барасың
Бізден де қайран дүния
Көп жылдар құдым артыннан,
Лашындай сызып жер қия...
Көрген түстей бәрі де,
Көзімнен болды зым-зия...

Өлең мазмұны — өмірдің өтуі жайындағы көңіл-күй лирикасы болса, сөз қолданысы, ұйқасы, дыбыс әуезділігінде тек өзіндік шеберлігі танылады.

Ақын дәл осы мазмұнды, яғни өмірдің өтуі, өзгеруі, сұлулыққа асықтық, табиғаттың заңды құбылысы екенін «Ұршық» атты өлеңінде бір шумақпен көңілге қондыра қояды. Ол халықтың қарапайым сөз тіркестерін шебер пайдаланады.

Адамнан артық ажар, ақыл айлаң,
Ажары ақ бетіңнің асқан айдан,
Адасқан арық қудай болдым асық,
Айдындай ақ төсіңе, асыл айнам.

Шәңгерейдің ақындық шеберлігі лирикалық бейненің портретін жасаудан да аңғарылады. Бұған Нарын құмының қосаяғын суреттеп беруі мысал бола алады. Қосаяқ бейнесі ақынның балалық шағының символындай елестейді. Қыз, аңшы портретін, табиғат суреттерін бейнелеуде суреткерлік басым жатады.

Аңшы бейнесін ол:

Бөкен терісін бөрік еткен,
Сексеуілді күрке еткен,
Бауырына тулақ жалғаған,
Қаңбаққа жүзін қамаған,
Білтелі қара қолында,
Жолында жатыр бір адам...

деген суреттеулермен танытады.



Шөңгерей ақынның бізге жеткен шығармалары көп емес. Бірақ сол аз мұраның өзі оның қалыптасқан жазба әдебиеттің кең тынысты өкілі болғандығымен Шөңгерей қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шөңгерейдің туып өскен ортасы, қоғамдық қызметі мен өмірі жайлы қандай мәліметке ие — болдыңдар.
2. Ғұмар Қараш Шөңгерейдің қайсы жинақтарын бастырып шығарды?
3. Шөңгерей шығармаларында қандай тақырыптар көтерілген.
4. Ақын өлеңдерінің лирикалық сипаты қандай?
4. Шөңгерей өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін ашып, дәлелдеңдер.
5. Шөңгерейдің орыс әдебиеті, өнері, мәдениетімен таныстығы, аудармашылық тәжірибесі жайлы не білесіңдер?
6. Төмендегі тақырыптар бойынша шығарма жазыңдар:
 - а) Шөңгерей поэзиясындағы лирикалық кейіпкер.
 - ә) Шөңгерей поэзиясындағы адам мен табиғат.





XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ
(1873—1937)



Кезінде, 1929 жылдан бастап 60 жыл бойы «Халық жауы» атанып, арамыздан әбден алыстап кеткен Ахмет Байтұрсынов, сондай-ақ, аса дарынды ақын Мағжан Жұмабаев пен белгілі прозаик, әрі ақын Жүсіпбек Аймауытов, 1988 жылдың 4 қарашасында ғана Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының шешімімен ақталды. Сөйтіп олар, халықтың нағыз ұлы, асыл азаматы, кемел де кемеңгер ой иелері ретінде тілге алына бастады.

Шынында да бұл ұлы тұлғалардың, оның ішінде Ахмет Байтұрсыновтың басып өткен өмір жолына, жазған шығармаларына байыппен үңіліп, көңілдің көзін тереңірек қада-сақ, онда оның ғұлама ғалым, кемел ақын, ірі қоғам қайраткері екендігін анық аңғара бастаймыз.

Оның үстіне ол, қазақ халқы үшін қабырғасы қайысып, оның болашағы үшін қайғырып, күллі жұртшылықты серпіліске үндеп, ұйқысынан оянуға жұмылдыра түскен кемел қаламгер болады.

Ел тағдыры, өз халқының болашағы үшін бүкіл ғұмырын арнап, Тәуелсіздік таңы атуын арман еткен ұлы тұлға дәрежесіне көтерілді.

Ол 1873 жылдың 28 қаңтарында Торғай уезіне қарасты, Тосын болысының Сарытүбек деген елді мекеннің бесінші аулында дүниеге келген. Кейбір тарихи мәліметтерге қарағанда, оның әкесі қарапайым ғана орта шаруалы

Байтұрсын Шошақов деген, Арғын руынан шыққан Үмбетей батырдың немересі болған деседі.

Ал Шошақтан — Байтұрсын, Ақтас, Ерғазы, Данияр атты төрт ұл өмірге келген екен. Тіл білімінің аса білгір маманы, белгілі ғалым, академик Рабиға Сыздықова берген мәліметіне қарағанда, олардың бәрі де аса намысшыл, қажырлы да қайратты, өжет жандар болған көрінеді. Академик Мұхтар Әуезов сөзімен айтар болсақ: «Ірі мінезді» адамдар болған екен.

Әсіресе Байтұрсын, жергілікті әкімдер мен уездасындағы ел билеушілерінің ығына жығыла бермейтін, олардың зорлық-зомбылығына ықпайтын тым қайсар кісі болған деседі. Мәселен: Ел арасында «Көрі ояз» атанып кеткен полковник Яковлев, 1885 жылдың 12 қазанында Жыңғылды жерінде отырған Шошақ аулына келіпті. Келе, ағайынды Ақтас пен Байтұрсынды ұстап алып кетпек боп: «Маған Ақтасты тауып бермедіндер» — деп, халық басына әңгір таяқ ойната бастапты. Сонда оған Байтұрсын тікелей қарсы шығады. Әлігі есалаң Яковлевті таяқпен ұрып, басын жарады да аттан аударып алады. Сөйтіп, оны бір топ адамдарымен елден қуып шығады.

Содан, Ырғыз бен Торғайдан жазалаушы отрядтар келіп, елдің мал-мүлкін талап, бала-шағаны шулатып, ер азаматтарды ұрып-соғып, ауылға от қояды. Ағайынды Байтұрсын мен Ақтасты, Ерғазыны тағы басқа да ел азаматтарының біразын ұстап алып, қолдарын арқасына байлап алып кетеді.

Сөйтіп оларды, Торғайдағы әскери абақтыға жабады. Нәтижеде, Қазаннан келген округтік әскери сот, 1886 жылы Ақтас пен Байтұрсынды бірнеше туыстарымен қоса 15 жылға соттап, Итжеккенге — Сібірге жер аударады. Сүргін қылады. Міне, осы жылы Ахмет Байтұрсынов небәрі 13 жаста болады. Осы зорлық-зомбылық пен қатыгездікті өз көзімен көреді. Одан іштей қатты қайғырып, әбден ызаланады.

Содан, арадан 23 жыл өткеннен соң Ахмет Байтұрсыновты да: «Патша режиміне қарсы пікірлер білдірген» — деген айыптар тағып, Семей түрмесіне қамайды. Онда көп азап шегеді. Сондықтан да ол, 1909 жылы Семей абақтысында отырып, анасына былай деп хат жазады. Мәселен ақын:

Қарағым, айналайын қамқор анам,
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтай
Көруге жазғай еді хақ тағылам.
Бара алмай өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң,

— деп, өзінің ауыр да аянышты халінен хабар бере отырып, одан әрі:

«Мал ұрлап, кісі өлтірген жазығым жоқ, үкімет қылған зорлыққа барма шараң? Оқ тиіп, он үшімде ой түсірген, Бітпейтін жүрегімде бір жарам бар», — деп, шындық бетін шынайы аша түседі. Ақтас пен Байтұрсын балаларын Шошақтың айдаудан аман қалған үшінші ұлы — Ерғазы, Ахметті өз қамқорлығына алады. Сөйтіп, Ақтастың Аспандияры мен Байтұрсынның Ахметін Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне беріп оқытады.

Жастайынан-ақ ерекше зейінді де алғыр ойлы болып өмірге келген Ахмет, оған дейін де өз ауылындағы сауатты кісілерден өзінше дәріс алып, кейде ауыл мектебіне барып сауатын аша түскен болатын.

Ахмет Байтұрсынов аталмыш училищеге 1886 жылы оқуға түсіп, онда бес жыл оқып, оны 1891 жылы үздік бағалармен аяқтайды. Не шара?.. Ахмет училищені бітіргенімен әкесі мен ағасы айдауда болады. Аталмыш қамқор ағасы да қайтыс болғаннан соң, көп қиындықтар мен жоқшылықтың азабын әбден тартады. Оны біз ақынның «Туысыма» атты өлең жолдарынан анық аңғара түсеміз. Мәселен ол:

Болармын неғып риза туысыма,
Туыппын таршылықтың уысында.
Шамам жоқ жан-жағыма қол созарлық,
Тар көздің тығылғандай қуысына,

— дейді де, замана келбетін, дәуірдің ұсқынсыз іс-әрекеттерін шебер аша түседі. Одан әрі:

Айта алмай шын сөзінді қорғалайсың,
Туғаның бүйтіп көрген құрысын да.
Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,
Мал құрлы мағына жоқ тұрысында,

— деп, өз басына түскен қиындықтар мен ауыртпалықтардың сырларын аша түседі.

Соңыра Ахмет Байтұрсынов оқу іздеп Орынборға барды да, ондағы Ыбырай Алтынсарин салдырған мұғалімдер дайындайтын мектепке оқуға түседі. Онда төрт жыл оқып, оны 1895 жылы бітіреді.

Айта кетерлік жәйт, Ахмет Байтұрсынов еңбек жолын ағартушылықтан бастайды. Мәселен ол, 1895—1909 жылдар аралығында Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездеріндегі ауылдық, болыстық мектептерде бала оқытып, екі сыныптық училище де сабақ береді.

Осы жылдардың өзінде-ақ Ахмет Байтұрсыновқа: «Патшалық самодержавиеге қарсы пікірлер айтып жүр» — деген айып тағылып, 1907 жылы Қарқаралы түрмесінде біраз отырып шығады. Сондай-ақ, 1909 жылы Семей губернаторы Троицкийдің жарлығымен айып тағылады да, алғаш Қарқаралы түрмесінде, соңыра Семей түрмесіне қамалады.

Сөйтіп Ахмет Байтұрсынов, Семей түрмесінде 8 ай бойы ешбір сұрақ-жауапсыз, тергеусіз, бекерден-бекерге, отырады. Соңра, ешқандай соттаудың қисынсыз екендігін байқаған патша үкіметінің басшысымақтары, оны ашықтан-ашық соттай алмайды. 1910 жылдың 21 ақпанында 2 жылға ел топырағынан аластатып жер аударады. Содан Орынборға 1910 жылдың 9 наурызында келген Ахмет Байтұрсынов, онда 1917 жылдың аяғына дейін болады.

Сол жылдары Уфадағы Ғалия медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының (Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда «Қазақтың ерте оянған тобы») ұсыныстары мен елден қаржы жинап, 1913 жылы тұңғыш рет «Қазақ» атты газет шығаруды, оның редакторлығына Ахмет Байтұрсыновты ұсынады.

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов 1913 жылдың басынан, 1917 жылдың соңғы айларына дейін, аталмыш «Қазақ» газетінің редакторы болып қызмет атқарады. Оның редакторлық қызметі мен «Алаш» партиясын құруын, тіл біліміне қосқан үлестерін, ойлы саясаткерлігін тілшілер, журналистер, саясаткерлер сыбағасына қалдырамыз. Нәтижеде, оның ақындық арыны жайлы ғана бір жөн мағлұмат беруді басты мақсат еттік. Рас, Ахмет Байтұрсынов 1936—1937 жылдардың зобалаңы салдарынан, 1937 жылдың 8 қазанында екінші рет

қайта ұсталады. Арадан екі ай өткеннен соң, сол жылдың 8 желтоқсанында «Халық жауы» деген атпен айыпталып, 64 жасында түрмеде атылады.

Әсіресе Ахмет Байтұрсыновтың ақындық болмыс-бітімі өз алдына ой толғататын, қазақ поэзиясының тамаша інжу-маржандары десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Өйткені, оның поэтикалық туындыларында өнер, білімнен, оқудан кенже қалған қазақ халқының тағдыры, тірлік-тыныстары өзіндік ерекшеліктерімен сәтті шешімін тапқан. Мәселен, ақын маса болып, ызындай ұшып жүріп, қазақ халқын қараңғылықтан, марғаулықтан, самарқаулықтан сақтандыра түсіп, оларды ұйқыдан оятпақ болады. Зеректікке шақырып, серпілте түседі. Олардың бойкүйездігіне іштей налып, бірде-бірін жасырмай ашық айтады. Мәселен ол:

Баяғы қалпы,
Баяғы салты —
Бұл неткен жұрт ұйқышыл!
Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейқам жым-жырт жай,

— деп, жайбасар халқының самарқаулығына ашына үн қатады.

Халқының серпілмеген сезімінен нали отырып, оларды жаңа өмірге, жарқын болашаққа жұмылдыра түседі. Сондықтан да ақын:

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес алысқа.
Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,
Дедім сен де қатарыңнан қалыспа,

— деп, халықты оқу-білімге, өнерлі болуға шақырады.

Қуыс кеуде болудан арылуға үндейді. Халқының жайбасарлығынан налып, серпілуге жұмылдыра түседі.

Ақын өз өлең жолдарында ешнәрсені жасырмай, барынша ашық айтып, ойын ортаға салады. Сол үшін де Ахмет Байтұрсынов: «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қалғанымыз, ордалы жерде орыннан, жоралы жерде жолдан қалғанымыз — бәрі надандықтың кесапаты» — деген, бірден-бір байлам жасайды.

Тағы бір ескерте кетерлік мәселе, ол өзінің «Оқу құралы» атты әліппе кітабының эпиграфы ретінде, мына бір өлең жолдарын береді. Мәселен:

Балалар, бұл жол басы жаңалыққа,
Келіндер, түсіп байқап қаралық та!
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер іздеп тауып алалық та! — дейді ақын.

Қараңызшы, ақын ойына қалай қосылмасқа. Шындық бетін шынайы ашып, жастарды өнерге, оқу-білімге шақырады. Халқының білікті де білімді болуын армандайды.

Тіптен ақын, халық арасында белең алған әпербақандықты, бақайтартпалықты, жайбасарлықты, ұйқышылдықты қатты сынай отырып, күллі жұртшылықты адалдыққа, тазалыққа баулиды. Мәселен ақын:

Қиын емес дарға асқаны, атқаны,
Қиын емес абақтыға жапқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз аулымның иттері үріп қапқаны!

— десе, тағы бір ұлағатты өлең жолдарында:

Біз қазақпыз алты миллион халықпыз,
Әлһәмдүлла мұсылманбыз анық бұл.
Күндестіктен бәйге берсе құдайым,
Оны біздер шаппастан-ақ алыппыз,

— дейді, ақын шындық бетін шынайы аша түсіп.

Иә, ақын ойы түгелдей рас! Күні бүгінге дейін бір-бірінің аяғынан шалу, өзара бір-біріне менсінбей қарау, күншілдік пен бақайтартпалық жасау, халқымыз арасында әбден етек алған бірден-бір індет. Міне, мұны ақын терең аңғарып, оны өз өлең жолдарында ашық айтып, сәтті байлам жасай алған. Бұл ақын өлендерінің өміршендігін аңғартумен бірге, дархан дарынның даралығында, өмірлік мәні бар мәселелерді дөп басып, оны поэзия тілімен әдемі жеткізе білгендігін де анық байқатады.

Оның үстіне ақын, 1912 жылы Орынборда Каримов пен Хусайиновтар баспаханасында бастырып шығарған «Оқу

құралы» атты «Әліппе» кітабында, жастарға ой тастай: Құлақ екеу, ауыз біреу, Ол не үшін болады?, — дейді де, оған өзі жауап бере:

Көп тыңдап, аз сөйлеуге,
Жаралған ғой ол солай.

немесе:

Ауыз біреу, көз екеу,
Ол не үшін болады?, —
дейді де, оған:
Көп көріп, аз айтуға,
Жаралған ғой ол солай, —

десе, тағы да:

Ауыз біреу, қол екеу,
Ол не үшін болады?, —

деп, оған:

Көп жұмыс қып аз жеуге,
Жаралған ғой ол солай, —

деп, жастарды еңбекке, ынсапқа шақырады.

Ақын орыстың ұлы классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, оларды қазақ халқының рухани игілігіне айналдырғандығын да байқау оншалық қиын емес. Мәселен ол, И.А. Крыловтың «Қырық мысалын» аударғанда:

Орыстың тәржімә еттім мысалдарын,
Әзірше қолдан келген осы барым.
Қанағат азға деген, жокқа сабыр,
Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым,

— дейді ақын.

Ақынның ұлылығы да, кереметтілігі де, оның өз халқына жақын, тыныс-тіршіліктерімен үндес мысалдарды ғана теріп алып, аударуы. Сөйтіп, қазақ жастарын адалдыққа, еңбекқорлыққа, ынсапқа шақыруы дер едік. Мәселен ақын И.А. Крыловтың «Қасқыр мен тырнасын» аударғанда:

Қыссасы қасқыр, тырна болды тамам,
Мінездес қасқырменен кейбір адам.
Басына бөле түсіп қысылғанда,
Жалынып, жалпаяды келіп саған.

Құтқарып ол бәледен жіберген соң,
Болмайды оған кісі сенен жаман.
Жоқ болған отқа күйген мүлкіндей-ақ,
Қайырың зая кетер еткен оған,

— деп, кейбір опасыз жандардың бетпердесін тамаша ашады.

Ақын өзінің «Қазақ қалпы» атты өлеңінде:

Қарғадан қарға туар қарқылдаған,
Жаксыдан жаксы туар жарқылдаған.
Дегендер мен жаксымын толып жатыр,
Жаксылық өз басынан артылмаған, —

деп, терең түйіндеулер жасайды.

Ақын ылғи да адамдықты, адалдықты, биік парасат пен білімді барлық нәрседен жоғары қояды. Сол үшін де ол:

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ қырға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың,

— дейді ақын.

Нақақтан халық жауы болып абақтыға жабылған кездерінің өзінде де, ешкімнен қаймықпай туралықты бүкпентайсыз ашық айтады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ахмет Байтұрсыновтың қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрін ілгері дамытушы ұлы тұлға екенін нақты деректерге сүйеніп дәлелдеңдер.
2. Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал» атты кітабы қазақтың ұлттық сана-сезімінің оянуына қандай әсер етті?
3. Ахмет Байтұрсынов аудармаларының Абай аудармаларынан айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі қандай?
4. Қазақ тіл білімінің негізін қалап, әдебиет теориясын тұңғыш жазған Ахмет Байтұрсынов екенін нақты мысалдар арқылы дәлелдеңдер.
5. Ахмет ұлттық сана-сезімді оятып, қазақты орыс отаршылдарының озбырлығынан құтқару үшін қандай әрекеттер жасады?





МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ **(1885—1935)**



Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері Міржақып Дулатов бұрынғы Торғай (қазіргі Қостанай облысының) уезінің Сарықопа облысының, Жангелдин ауданындағы Қызбел атырабында 1885 жылы 25 қарашада дүниеге келген. Әкесі Дулат ескіше оқыған, қолы шебер адам болған. Шешесі — Дәмеш ойын тойдың базары, әнші кісі болған. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897—1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады.

Бұл мектеп Міржақыптың білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды, Мұқан үлкен баласы Асқарды әуелі мұсылманша, кейін орысша оқытып, заң қызметіне бейімдейді. Кіші баласы Міржақыпты да ауыл молдасына оқуға береді. Екі жылдан кейін ол ауылдық мектепте Мұқан Тоқтабайұлы деген мұғалімнен орысша сабақ алады. «Менің алғаш білімге көзімді ашқан осы кісі», — депті кейінірек Міржақып. Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған Міржақыпқа бұдан былай қамқорлық істеген ағасы Асқар болады.

М. Дулатов өзі жазған өмірбаянында: «1897 жылы мен екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түстім (Торғайдағы), оны бітіргеннен кейін оқытушылар курсына оқып, ауыл мұғалімі деген мамандық алдым. Осымен менің оқу орындарынан білім алуым аяқталады. 1902 жылдан бастап

ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос уақытымды білімді жетілдіруге жұмсадым», — деп жазады.

Торғай топырағына білімнің ұрығын сеуіп кеткен Ыбырай Алтынсарин мектебі жас ұрпаққа бұл кезде игі ықпалын тигізді. Мұхан мұғалім де, А. Байтұрсынов та, ағасы Асқар да Ы. Алтынсарин мектебінің түлектері еді. Міржақып өз бетінше ізденіп, орыс тілін жете меңгереді. Орыс жазушылары шығармаларымен танысады. Ауыл мектептерінде бала оқыта жүріп Міржақып жәбір көрген, теңдігі жоқ қазақ халқының жағдайымен жете танысады. Оған жаны ашиды. Мұғалім болған 6—7 жыл ішінде оң мен солын танып, ұлт қамы үшін күресуге дайындалады. Ақындық таланты да сол жылдары таныла бастайды.

Бұл кезеңде патша үкіметінің қазақ даласында отаршылдықты күшейтіп, оты-суы мол, шұрайлы жерлерді тартып алып, орыс шаруаларын қоныстандыруы ұлт қамын ойлай бастаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салған еді. Міржақып та сол азаматтардың қатарында болды. Жасы жиырмаға тола қоймаған Міржақып өмірден көргені мен түйгенін, айтқысы келгенін өлең шумақтарымен жеткізуге талпынды.

1904 жылы Міржақып Омбыдағы қазақ оқығандарының бас косуына қатысады. Онда А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Ж. Ақбаевтармен кездесу, ел тағдыры жайында пікірлесу Міржақыптың ой-санасын, ұлтжандылығын оята түсті. Бұлар ниеттес, мұраттас болып шықты. Кешікпей Міржақып Ахмет ағасына еріп Қарқаралыға келеді.

«1905 жылы Қарқаралыда Ахаң менен біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция¹ (арыз, тілек) жіберген, — деп жазады М. Әуезов. — Ол петициядағы аталған үлкен сөздері бірінші — жер мәселесі, қазақтың жерін алуды тоқтатып, көшіп келушілерді жібермеуді сұраған. Екінші — қазақ жеріне земство² беруді сұраған. Үшіншісі — отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Қазақ

¹ *Петиция* — арыз, тілек деген мағынада.

² *Земство* — Ресейде 1864 жылы енгізілген буржуа, алпауыттардан құралған, жергілікті басқару мекемелерінің тізімі.

баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған». Солардың қатарында жалынды сөзімен, жастық жігерімен жұртты елең еткізген Міржақып та бар еді. 1905 жылғы дүмпулер тұсында Міржақып Қарқаралыда шеруге қатынасқандар қатарында болған.

Петербургте «Серке» деген атпен қазақ газетін ашу ұйғарылады. Сөйтіп, «Серкенің» бірінші саны Петербургте 1907 жылдың 28 наурызында шығады. Онда Міржақыптың «Жастарға» деген өлеңі жаряланады. Газеттің екінші санында оның «Біздің мақсатымыз» деген бас мақаласы да басылады. Бірақ, кешікпей полиция сақшылары татарлардың апталық «Ульфат» және «Серке» газетін тәркілеп, жауып тастайды. Полицияның айыптау хаттамасында «Серке» және «Ульфат» газетінің 1907 жылғы 6 шілдеде жарияланған «Біздің мақсат» атты мақаласы барлық қазақ халқын патша үкіметіне қарсы күреске шақырған үндеу секілді деген ойды алға тартады.

Сөйтіп, Петербургтен еліне оралған Міржақып өз ойына түйгендерін, ел-жұртына айтар сөзін өлеңге айналдыра бастайды. Ақынның ол өлеңдері жеке жинақ болып 1909 жылы «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Бұл жинақ оның есімін бүкіл қазақ еліне жайып, халық арасындағы абырой-беделін көтереді. Бірақ, патша әкімшілігі тарапынан қуғынға түсіп, еліне тұрақтай алмай Омбы жаққа, Қызылжар қаласына кетуге мәжбүр болады. Кешікпей «Оян, қазақ!» шығармасы да тәркіленеді.

Аз уақыт жеке адамдарға жалданып, мұғалімдік қызмет атқарады. Қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Қызылжарда одан Мағжан Жұмабаев та дәріс алады. Ол өзінің көп уақытын шығармашылық жұмыстарға арнайды. Міржақып бірнеше өлеңдерімен қатар «Бақытсыз Жамал» атты романын да жазады. Роман 1910 жылы Қазан қаласында басылып шығады.

1911 жылы Міржақып қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семейге жол тартады. Бірақ, Семей қаласына келген бойда-ақ жандаралдың қолына түседі де, Семей түрмесінде бір жарым жыл отырады. Патша үкіметі «Оян,

қазақ!» кітабының төңкерісшілдік рухына төзе алмайды. Тіптен, Міржақыпты қамауға алғандығы жайлы хабар бергені үшін «Айқап» журналы мен «Уақыт» газетіне патша әкімшілігі айып салады.

Түрмеден азат етілгеннен кейін Міржақып Орынборға келеді. Онда қазақ оқығандарымен тығыз байланыс жасайды. «Қазақ» гезетін шығаруға атсалысады. Газет редакторының орынбасары болып ұзақ жылдар бойы Ахмет Байтұрсыновпен бірге қызмет атқарады. Бұл жылдары оның публицистік-журналистік дарыны айрықша таныла бастайды.

Олар газет бетінде патша үкіметінің отарлау саясатын әшкерелеп, қазақ халқының бостандығы мәселесін батыл көтереді. Сол үшін олар бірнеше рет қуғын да көреді.

Міржақыптың «Оян, қазағы» 1911 жылы Орынборда екінші рет басылып шығады. Патша әкімшілігі кітаптың екінші басылымын жою жөнінде тағы да шешім қабылдайды. Патша үкіметінің осынша қаһарына карамастан, ел азаматтары бұл кітапты көзінің қарашығындай сақтайды. «Қазақ» газетінде 1917 жылы жазылған хабарда фельдшер Жұмағали Тілеулиннің үйінен «Оян, қазақтың» мың данасы табылғанын айтқан.

Орынборда Міржақыптың 1913 жылы «Азамат», 1915 жылы «Терме» деген өлеңдер жинағы жарық көреді.

Алаш қозғалысын ұйымдастыру, Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметін құру, Алаш әскерін жасақтау сияқты істерде де Мыржақып бел буып, белсене араласады. Содан да болар, ол Қазан төңкерісін, оның жеңісін қабылдамаған. Бірақ, Алаштың Ахмет Байтұрсынов сияқты қайраткерлері кеңес үкіметі жағына шығып жатқан кезде, Міржақып Дулатов та, өзге көп қайраткерлер сияқты, жаңа құрылысқа қызмет етуден жалтармайды.

Міржақып 1920 жылы Ташкентке келеді. Сол кездегі Түркістан Республикасының газеті болған «Ақ жолға» қызметке орналасады. Бірақ, көп тұрақтай алмай 1921 жылы Семейге келіп, сонда облыстық сотта жұмыс істейді. Содан 1922 жылы қамауға алынады. Әлихан Бөкейханов екеуі Орынборға жөнетіледі. Онда барған соң екеуі де босатылады. Бұдан кейін Міржақып Орынбордағы қазақтың

Халық ағарту институтында, қазақ баспасында «Еңбекші қазақ» газеті редакциясында әр қилы жұмыстар атқарады. Әрі «Қирағат», «Есеп құралы» сияқты оқулықтар мен «Балқия» атты пьеса жазады. 1928 жылдың желтоқсанында бір топ қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынады. Кейін, Ақ теңіз — Балтық бойы каналының бойындағы Соловки тұтқындар лагеріне жер аударылады. Сол жерде 1935 жылы қазанның 5-і күні ауыр науқастан қайтыс болады. Арада 58 жыл өткен соң, Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін 1993 жылы жазықсыз кеткен есіл ерлердің сүйегі туған жеріне әкелініп, ақ жуып, арулап қайта жер қойнына қойылады.

«ОЯН, ҚАЗАҚ!»

Міржақыптың есімін қазақ халқы арасына кеңінен таратқан туындысы «Оян, қазақ!» жинағы. Бұл кітап сол жылдары татар, башқұрт оқығандарының да назарын өзіне аударды. Ақынның өлеңі кімге арналғаны, не айтпақ болғаны, көңіл толқытқан қандай жайлар екені кітаптың сыртында жазылған. Мәселен:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты, —

деген беташар бір шумақ өлеңмен байқалады. «Оян!» сөзі — ақынның биік идеялық мақсаты, басты рухани нысаны. Ақын қазақты оятамын деп маса болып шаққан Ахмет Байтұрсыновқа қосылып, ұйықтаған жұрттың зердесіне ой сала бастайды. Осы жинағының қара сөзбен жазған «Сөз басында»: «Осыдан 15 жыл бұрынғымен салыстырғанда нашарлап кеттік, енді азғана жылда неміз қалады», — деп қынжылған болатын. Одан әрі: «Қой, бүйтпелік, әр халықтың күші — өнері болса, ол өнерге біз — қазақтар да ортақ болсақ керек. Сол үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін, көңілін ашып, мұнымен әрекеттік пайдамызды табайық! Екінші, дүниемізде қажетті

ақымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, орысша оқып, өнерлі болайық», — деп жазады.

Жинақтағы «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» атты алғашқы өлеңінде, ол қазақ халқының әлеуметтік ахуалына талдаулар жасайды. Қазақ неліктен жеке ел болудан қалды деген сұраққа жауап іздейді. Ақын алдымен халық тағдырын ойлау, оның мүддесіне қызмет ету — әрбір саналы азаматтың басты парызы екеніне назар аударады. Сондықтан да ол:

«Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шаманды қадари-хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай», —

деп, бекерден-бекер айтпаған. Ақынның бұл өлеңі сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу қазақ жастарына арнаған сөзі болатын. Одан әрі ақын туған халқының өз алдына ел болып, өзін-өзі билеген, төрт түлігі мыңғырған, көшпелі өмірін еске алады. Бірақ ол өткеннің бәрі жақсы еді деп жоқтамайды. Қайта өткен заманның көлеңкелі жақтарын сыншыл көзбен, сарапшыл оймен таразыға салып, бүгінгі мүшкіл халіміздің бір себебін сол кездегі бейқамдық пен берекесіздіктен іздейді. Мәселен ақын:

Сол кезде біздің қазақ ала болған,
Көлденең дұшпандары және болған.
Күштісі нашарларын шауып алып,
Бұрынғыдай болмаған пәле болған, —

дейді.

Өзге жұрт Отанын, елін қорғағанды «батыр» атандырса, қазақ бұл түсінікке қазан бұзар ауыл тентегіне де қосқан деген ойды алға тартады. Мәселен ол: «Ел шауып кісі өлтірсе батыр деген, батырлардың хақын жеген», — деп сын астына алған. Ел байлығын бір-бірінен тартып алғанына мәз, сырт дүниеде не болып, не қойып жатқанымен ісі жоқ, барымта, ұрлық қылып мал қуысқандар аз болмағанын да ашық айтады. Сөйтіп жүріп Әбілқайыр ханның Ресей патшасы қол астына кіріп пана табамыз, тіршілік етеміз деген

үмітінің ақталмағанын, патшаның отарлау саясаты халықты аяздай қарып, қыса түскенін де жыр жолдарына қосады. Оның үстіне, үлкенді-кішілі ел әкімдерінің қыспағын да сынап келіп:

Тұманға кірді қалың біздің қазақ,
Арты жар, алды тұйық — бұл не ғажап.
Адасқан ағайынға басшы болып,
Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ, —

деп, шындық бетін шынайы аша түседі.

Осындай қараңғы қапастан құтылудың бірден-бір жолы — өнерлі, мәдениетті жұрт болу, бірлігі мен ынтымағы жарасқан, болашақ үшін саналы әрекет жасайтын елге айналу деп түйеді.

Жинақтағы ақынның әрбір өлеңінен елін азапқа түсіріп, жерін тозаққа айландырған отаршылдық езгіге қарсы батыл үн көтеріп, ұлтын еркіндік санаға шақырған азаматтың тұлғасы жан-жақты аңғарылады. Мәселен, ақынның «Қазақ жерлері» атты өлеңінде патша үкіметінің 1868 жылғы жарлығы бойынша қазақтың жасыл жайлау, жайлы қонысының қазына меншігіне берілу зардаптарын ашына тілге алады. Отаршылдық саясат жергілікті халықты жер-суынан айырады. Егіндік жер қалмады. Ащы су, шөл далада ел күні не болады? — деп қатты налиды.

Ақынды толғандырар мәселелердің бірі — әлеуметтік топтың, белгілі таптың мүддесі емес, тұтас халық тағдыры, ұлт мұны, ел зары анық ағарылады. Мәселен оның «Таршылық халіміз хақында аз мінәжат» атты өлеңінде:

Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,
Кеттік қой отқа күйіп, өрттен қашпай.
Әр халық алға кетіп жатса дағы,
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай...
Күн көреміз қайда барып, алашым?
Білгіштердің хал мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ тіске жұмсақ болған соң,
Әркім жейді біздің қазақ баласын, —

деп халық басына түскен қасіреттен қатты күйзеледі.

Ақын халқының басындағы ауыр қасіретті айқын көре білген ақын, енді содан құтылудың жолдарын іздеп, халқын өнер-білімді игеруге, надандық-мешеуліктен құтылып, мәдениетті өрісі биік ел болуға шақырады.

Оны біз ақынның «Өнермен хасыл болған нәрселер», «Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта», «Қазақ халқына діни бір уағыз», «Насихат гумумия» сияқты т.б. өлеңдерінен анық аңғарамыз. Міржақыптың бірсыпыра өлеңдерінде қазақ тұрмысының келеңсіз жайлары ұлы Абайдың сыншылдық сарынында шенеуге де алынады.

Оларда Абайдың сатиралық стилі, реалистік дәстүрі байқалады. Мәселен, «Атқа мінер сұмдарға» өлеңінде «сайлау бар деп сабылып» айнала шауып, парамен болыс болған, содан кейін «берген пара есебін елден жиып алатын» атқамінерлердің жағымсыз бейнесі Күлембай сияқтылардың сатиралық тұлғасын еске түсіреді.

Тіптен оның «Сайлаулар хақында» атты өлеңінде қырық жылдан бері өткізіліп келе жатқан сайлау жүйесі ел тонаған кесепатқа айналғандығы сөз болады.

Әкімқұмарлық, дау-дамайға үйірлік мінездің көбеюіне отарлық ел билеу тәртібі себеп болғанын да ашық сынға алады.

Мәселен ақын:

Шыққалы болыс сайлау қырық жыл өтті,
Сол сайлау, байқасаңыз түпке жетті.
Бай болып, мырза атанып, мал біткендер,
Таласып болыстыққа ақша төкті.
Еліріп біреу шықты би болам деп,
Кейбірі би түсетін үй болам деп,
Желікпей үшіншілер неге тұрсын,
«Қалайша аналардан мен қалам» деп, —

дейді.

Билік үшін бәсеке-таласқа түсіп, елді араздастырып, олардың өзара сыйластық-ынтымағын бұзып, халықты аздыру саясатын ақын отаршылдықтан көреді. Халықты мұндай жат әдеттерден арылуға шақырады.

«АЗАМАТ», «ТЕРМЕ» ЖИНАҚТАРЫ

Міржақыптың 1913 жылы жарық көрген «Азамат», 1915 жылы басылған «Терме» атты жинақтарына енген өлеңдерінде, оның жана ізденістерін аңғаруға болады. Алғашқы кітабын саяси үгітке, халықты ояту идеясына арнаған ақын, соңғы өлеңдерінде заман ауыртпашылығын, адамның көңіл-күйін, күрес жолының қиыншылығын сезім суреттері арқылы ашуға ұмтылады. Бұларда ел, жер тағдыры, халыққа қызмет ету туралы ойлары тереңдеп, көркем бейнеленген суреттер арқылы көпке үлгі болар ғибратқа айналады. «Таза бұлақ» өлеңінде бұлақ басына келген үш жолаушының «болсаң, ей жолаушы бұлақтай бол!» деген жазуды оқып, оның мазмұнын түсінуге тырысқанын суреттеп, адамдарды бұлақ суындай мөлдір, таза жүректі, акпейіл, дертке шипа, халыққа пайдалы болуға жұмылдырады.

Бірқатар өлеңдерінде қауіп-қатерлі жолға түскен, қуғын-сүргінді көп көрген Міржақыптың жеке басының көңіл-күйін суреттеуге арналады. Олар бірде зарлы, шерлі, бірде жігерлі, ұранды, қайратқа мінген адамзаттың сезімін жырлайды. Өлеңдерінде осыған лайық әр түрлі ақындық стильді аңғартады. Оның қайғысы ел арманынан туындап жатады. Мәселен ақын:

Мен — біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жанқам, мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш..,

дейді ол өзінің «Шағым» атты өлеңінде. Онан біз ақынның халық қызметіне деген жүрек дүрсілі мен ыстық сезімін анық аңғарғандай боламыз.

Міржақыптың «Сағыну», «Жас қазақтар», «Елім-ай», «Зар заман», «Алашқа», «Жаңа тілек» өлеңдерінде қазақ халқының еркіндігін, бостандығын, тәуелсіздігін аңсаған тамаша ойлар сыр шертеді. Мәселен ол өзінің «Елім-айында»:

Ем таба алмай дертіне мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.

Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең түсті мұнша неге, елім -ай, —

деп, ел дерті ақын өзегін өртегенін суреттесе, «Зар заман» өленінде:

Кез болған соң кер заман біздің баққа,
Жау жарағын асынып, міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл — бір зор сын,
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа, —

деп ақын жас ұрпақты ерлік күреске шақырады.

Сонымен қатар Міржақып «Бүркіт кегі» атты баллада жазған. Онда құсбегі Есет пен Баймырза деген төренің арасындағы қақтығыс суреттеледі. Мұнда да ақын әлеуметтік теңдік, азаматтық идеяларын жырлайды.

Міржақыптың орыс ақындары Пушкин, Лермонтовтан аударған өлендері оның әдеби мұрасын толықтыра түседі.

ЖУРНАЛИСТ, АҒARTУШЫ-ПЕДАГОГ

Міржақып Дулатов — кезінде «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсыновпен бірге тең редактор болып еңбек етіп, ұлтының сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін жан-жақты көтере білген қаламгер. Ол — қазақтың еркін журналистикасының негізін салған, оның жанрлық формаларын жасаған, баспасөз мәдениетін, тілін қалыптастырған санаулы қаламгердің бірі.

Оның тұңғыш мақаласы «Біздің мақсатымыз» 1907 жылы «Серке» газетінде «Арғын» деген бүркеншік атпен жарияланған. Соңғы журналистік қызметін «Еңбекші қазақ» газетінде аяқтайды. Осы кезеңдерде, яғни 1928 жылы ұсталғанға дейін жиырма жылдан астам уақыт ол қазақ, татар баспасөз бетінде мақалаларын үздіксіз жариялап, сол дәуірдің өзекті, көкейтесті мәселелерін көтеріп отырған.

М. Дулатов мақалаларының негізгі тақырыптары — қазақ жерінің отарлануы, шаруашылық жайы, жер мәселесі, 1916 жылдың оқиғасы, тарихи адамдар жайындағы очерктері, әдебиет, театр, баспасөз, оқулық жасау, халықаралық жағ-

дай, ұлттық мінез сипаттары сияқты әр түрлі мәселелерді қамтыған. Мәселен, ол өзінің «Біздің мақсатымыз» атты мақаласында қазақ халқының Ресейге тәуелділігі, отарлық тепкідегі ел екендігі, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрыптың, тұрмыс-салттың, мұсылман дінінің қудалануы, орыстандыру, шоқындыру әрекеттерінің кең өріс алуы сөз болумен бірге, шұрайлы жерлер тартып алынып, шетжерліктер меншігіне айналуы, бұларға қарсылық жасағандардың қуғын-сүргінге түсіп, абақтыға қамалып, түрмелерде отырғанын ашып жазды. Мәселені ашық қойып, соған дәл жауап іздеген мақаласының бірі — «Жер мәселесі» 1911 жылы «Айқап» журналында жарық көреді. Мұнда Ресейден қаптап көшкен орыс мұжықтарының қазақ жеріне орналасуы салдарынан ата қоныстың тарылуы, елдің құм-шөлге ығысу тағдыры ашына сөз болады. Мәселен: «Қазақ халқы мал баққан халық. Қазіргі бағып отырған малына лайық жер қалдырмай тастауын ақылға сыйдыруға болмайды», — деп жазады. Патшаның 1916 жылғы маусым жарлығы шыққанда қазақ жұрты қатты сасып, не істерін білмеген болатын. Осы кезде қазақ оқығандарынан — Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов «Алаш азаматтарына», «Торғай һәм Ырғыз уезінің халқына» деген мақалаларында сол мәселелерге азаматтық тұрғыдан жауап береді. Жігіт бермегені үшін Түркістанда, Жетісуда патшаның қатал жазасына ұшырап жатқандарды ескерте келе, алынатын жастар басын қорғаймын деп, үйдегі кемпір-шал, қатын-баланың обалына қалмасын деп, жандары шырқырап, ара түседі.

Міржақыптың Абайға арнаған екі мақаласы 1908 жылы «Уақыт», 1914 жылы «Қазақ» газеттерінде жарияланып, оның әділ бағасын алады. Ол алғаш рет Абайды қазақтың жаңа әдебиетінің басы, негізін салушысы дей келіп, ақын шығармаларын талдайды. Әрі Абай өлеңдерін жариялау мәселесін көтереді. Тарихи тұлғаларға арнаған «Хан Абылай», «Шоқан Уәлиханов» атты мақала-очерктерінде — танымдық мазмұны аса терең, тарихи деректерінің молдығымен айрықша көз тартады. Сол сияқты татар ақыны Ф. Тоқай, қазақтың тұңғыш заңгері А. Бірімжанов, әйгілі ғалым-саяхатшы Г.Н. Потанин туралы жазған мақалалары да тарихи-ғұмырнамалық сипатқа ие.

Ақынның «Хазірет Сұлтан», «Қазақ, қырғыздың ата-тегі туралы» мақалаларында ел тарихын зерттеумен шұғылданғандығын аңғартады.

Міржақып Дулатов — Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық дәстүрін мұрат тұтқан қаламгер. Оның мектеп, медресе, оқу орындарына арналған мақалаларынан ағартушылық-демократтық көзқарастары, озық дүниетанымы, ұлттық дамуды көксеген арман-мүддесі анық аңғарылады. Ол 1902 жылы мұғалімдік қызметін бастаған кезден-ақ қазақ балаларына арналған оқу құралының тапшылықтарын көре біліп, сол салада өнімді еңбек етеді. 1911 жылы оның «Қирағат» атты оқулығы жарық көреді. Онда ауыз әдебиеті үлгілері мен бірге Абай мен Ыбырайдың шығармалары және өзінің шағын әңгімелері енгізіледі. «Қирағат» кітабының екіншісі 1911 жылдың 6 маусымында Семей қаласында тұтқындалған кезде тәркіленіп, жандаралдардың қолына түседі. Бірақ патша өкіметінің қатаң тыйым салуына қарамастан, ол 1914 жылы толықтырылып қайта басылады. Оның «Алғы сөзі» ретінде жазған «Мұғалімдерге» деген мақаласының да үлкен әдістемелік мәні бар. Мұнда мұсылманша, орысша білім алған мұғалімдердің шәкірттерді қазақша оқытуда қандай тәсіл-амал қолдану керектігі сөз болады. Ол шәкірттерге ұлттық рухты сіндіруге айрықша мән береді.

М.Дулатов өзінің педагогикалық қызметінде ана тіліне айрықша мән берген. Мәселен, 1911 жылы «Шора» атты татар журналында қазақ тіліне байланысты үлкен пікірталас болады. Ол өзінің «Қазақ тілі хақында» атты мақаласында қазақ тілі мен әдебиеті, татар тілі мен әдебиеті сияқты түркі мәдениетінің гүлденген бір бұтағы екендігін дәлелдей түскен.

1914 жылы Орынборда А. Байтұрсыновтың «Әліппесі», М. Дулатовтың «Есеп құралы» кітаптарының басылып шығуы елеулі жаңалық болды. Төңкерістен кейінгі мектеп оқулықтарының тапшы болған жылдарында М. Дулатовтың «Есеп құралы» қайта басылды. Сөйтіп, ол оқулық жазудың алғашқы тәжірибесін көрсетті. М. Дулатов Соловец лагерьінде айдауда жүрген кезінде де ағартушылық жолдан қол үзбей, түрік-орыс тілі сөздігін құрастырған.

М. Дулатов қазақ журналистикасының көптеген жанрлық түрлерін — ашық хат, фельетон, біреу жазған арызды

сөйлету, айтыс, сын-рецензия, тарихи құжаттарды пайдалану, қазақ және орыс тілінде очерк, проблемалық шолу, ғұмырнамалық мақала жазу үлгілерін қалыптастырды. Оның үстіне ұзақ жылдар педагогтік қызмет атқара жүріп, ағартушы-педагог ретінде мол мұра қалдырды.

«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» РОМАНЫ

Міржақып Дулатовтың өз дәуірі үшін маңызды, әрі ірі еңбегі — «Бақытсыз Жамал» романы. Ол XX ғасырдың алғашқы жылдарында жазылып, 1910 жылы Қазанда басылып шықты. Қазақтың ұлттық әдебиетінде алғашқы роман саналады. Бұл шығармаға арқау болған оқиғалар — XX ғасырдың басында қазақ өлкесінде жиі кездескен жас қыздардың қалың малға сатылып, сүймеген адамына ұзатылуы, олардың тендік үшін күрес мәселелері. Автор қазақ қоғамының қайшылықты жақтарын адам тағдыры, нақты әрекет, тартыс арқылы суреттеп ашады, көркем бейнелер жасайды. Шығарманың негізгі желісі басты кейіпкер Жамал тағдырымен сабақтас өрбиді. Жамал — әкесі Сәрсенбайдың мойнына бұршақ салып, құдайдан жалбарынып сұрап алған баласы. Шешесі Шолпан — әкесінің бір перзентке зар болып жүріп үйленген екінші әйелі. Қиын-қыстау кезеңде қызы үшін шырылдап отқа түсетін де осы байғұс ана.

Бұл кезде заман өзгерістері қазақ ауылына да жаңалықтар әкелген. Соның бірі — қолға молда ұстап, балалардың сауатын ашу, хат таныту. Осындай әрекетке кіріскен Сәрсенбай да алақанға салып еркелетіп, тіпті ұл балаша киіндіріп қойған Жамалын молдаға оқуға береді. Ол бес ай-ақ оқыса да, тез сауаттанып, қисса-жырларды саулатып оқып, ауыл-аймақты аузына қаратады.

Өзі де жанынан өлең шығаратын дарынды бойжеткен тез көзге түседі. Зеректігімен, ақыл-көркімен, шешендігімен ауызға ілінеді.

Сөйтіп жүргенде Жамалдың мойнына қыл тұзақтай болып, әкесі Сәрсенбай мен Байжан арасындағы құдалық құрығы түседі. Бұрынғы қызықты күндер көрген түстей көзден ғайып болады. Қайғылы, мұнды шақ туады. Жамалға анасы Шолпаннан өзге қол ұшын берер ешкім болмайды. Байжан

құдасы арқылы билікке жету ақыл-ойын билеп алған әкесі Сәрсенбайды тоқтатар күш жоқ. Тағдырына наразы қыз:

Мен қайран, атам малға сатқанына,
Бір тазды жалпақ елден тапқанына.
Аты өшіп, тумай кеткір Жұман деген,
Мал беріп, мені өзімсіп жатқанына, —

деп, көз жасын көлдетіп жүргенде, бір тойда жас, оқыған, сыпайы, сұлу жігіт Ғалимен танысады. Осылай бір-бірімен той үстінде өлең арқылы танысқан екі жас ғашық боп, тез тіл табысады, хаттар жазысады.

Бір алла жалғыз өзі болсын айғақ,
Тұралық уағданы бекем байлап,
Сен үшін бір басымды еттім құрбан,
Шынжырлап жіберсе де Сібірге айдап, —

деген Жамал сөздері ендігі қадамдарының тұжырымындай естіледі.

Ғали Жамалды алып қашып, қаладағы саудадос, ниеттес татар байы Фатихолланың үйін паналайды. Бірақ екі жастың бақытты күндері ұзаққа созылмайды. Жұманның әкесі Байжанның қоқан-лоқысынан сескенген жастар Ғалидың нағашыларын жағалайды. Аяқ асытанан ауырған Ғали он үш күн төсек тартып, кенеттен дүние салады.

Сонымен, Жамалдың жалғыз қалуы, еріксіз Байжан босағасына барып, Жұманнан зорлық көруі, қайғылы махаббат уын ішуі оны боранды түнде адасып өлуге алып барған себептер ретінде шығармада сенімді суреттеледі.

Жамал бейнесі

Романның бас қаһарманы Жамал — өз тағдыры үшін күресуге дайын, сауатты, саналы қыз. Бақыт жолында қандай қиындыққа да төзуге даяр қайсар жан. Жамал бейнесін жазушы бірнеше жерде берілген жанама портрет, мінездеулер арқылы ашады. Оны қыздың құрбылары мен ауылдастарының сөздерімен толықтырады. Жамалдың рухани жан дүниесі, ішкі әлемі ғашығына өлең хатында ашыла түседі.

Қосылсам нәсіп болып сеніменен,
Кім айтар жүрмеді деп теңіменен?
Сенімен отқа түссем — арманым жоқ,
Жуылмаған Жұман атты періменен, —

деген үзінді мұны айқын дәлелдейді.

Ғали қабірі басындағы Жамал монологі — бостандық, бақыт жолындағы күресте жеңіліс тауып, өмірден үміті кесілген жанның трагедиясы. Ғалидың қазасынан кейін Байжан мен Сәрсенбай арасындағы гүілдеген сөзді естіп, анасы Шолпан: «Енді қайтеміз?» — дегенде, Жамал: «Апа, енді мен үшін жаманатты болмаңыз, маған енді, Ғали болмаған соң, бәрібір, суға батырып, отқа жандырса да, ықтияр бере беріндер, алла тағала менің маңдайымды ашайын десе, Ғалиды мұндай қылмас еді», — деп мұнын шағады. Сөйтіп, басқа амалы қалмаған соң, тозаққа өз ризашылығымен түседі.

Ғали бейнесі

Романдағы екінші басты кейіпкерлердің бірі — Ғали. Оның келбетін жасауда автор біршама нақтылық танытады. «Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты, азырақ бетінде қарасан дағы бар, жаңа мұрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі ноғайшалау Ғали есімді бір зат еді», деп таныстырады оны. Медресе бітірген Ғали мұғалім де болып кете алатын еді. Бірақ оқуды қойып, саудамен айналысқан. Бай болмаса да, ынталы жігіт. Автордың бағалауында ендігі қазақ даласындағы «жаңа адам» саудасаттыққа икемді болмақ. Сүйгені үшін жанын құрбан етуге даяр Жамалдың тәуекелі Ғалиға да қатты әсер етеді. «Айтқан сертіне қыз жетіп, мен жетпей қалсам, маған тірідей өлім ғой. Мен тәуекел деп бұл іске басымды байладым», — дейді ол достарына.

Сөйтіп, романдағы Жамал да, Ғали да адамгершілік, адалдық, әділдік жолында жанын қиған, махаббаты үшін не қиындық болса да төзе білген өз заманының жаңа адамдары ретінде бейнеленген. Олардың бойында күрес, намыс, үміт сезімі тең көрінеді.

Сәрсенбай мен Байжан бейнесі

Шығармада әр түрлі әлеуметтік ортаның өкілдері де көрініс табады. Жамалдың әкесі Сәрсенбай — жүздеген жылқысы, үш жүздей қойы, дөңгелек шаруасы бар, негізі жұмсақ, момын адам. Жамалды бетінен қақпай өсіруі, тіпті еркек балаша киіндіріп тәрбиелеуі, Уфадан келген Ғазиз мұғалімге жаңаша оқытуы — оның жағымды жағы. Байлықтың буы Сәрсенбайдың басын айналдырып және қыздырманың қызыл тіліне еріп, ол болыстыққа таласады. Көп шығынданады. Үш жүз теңгесі босқа кетіп, сайланбай қалады. Осыдан опық жеп, намысы қозған Сәрсенбай қайтсе де есе қайтармақ боп, өзіне қолдаушы іздейді. Сөйтіп, бұрын момын, жуас, қақ-соқпен шаруасы жоқ жан енді билік үшін, дәреже үшін неге болса да белін буады.

Жазушы Сәрсенбай санасындағы өзгерісті сенімді көрсетеді. Өзіне жақтас іздеген мансапқордың тапқаны — Байжан деген адам. Ол — болыстың құдасы. Сөзінен де, қолынан да келетін, артына ерткен тобы бар. Сәрсенбай соның қолдауымен билікке жетуді армандайды. Сондықтан Байжанның он жеті жастағы өзі таз, өзі ақылсыз Жұман деген баласына он бірдегі Жамалды ұзатуға келіседі. Мұны Сәрсенбайдың бәйбішесі мақұлдайды, туған шешесі — Шолпан наразы. Бірақ Сәрсенбай онымен есептеспейді.

Автор Сәрсенбайды қазақ жерінде билікке ұмтылған жаңа дәуірдің қаһарманы ретінде бейнелейді. Бірақ оның есебі шолақ, ісі ұсақ, басына іс түскенде, бұғып қалатын қорқақ. Жамалдың қашып кеткені мәлім болғанда, не істеудің амалын таба алмай, құдасы Байжанға алдымен өзі хабар береді.

Байжан — құбылмалы, есебін білетін қатал адам. Әуелде Сәрсенбайды жаңа байыған, елге беделі жоқ деп кемсіткен ол Нұрпейісті билікке өткізу үшін күрескен. Енді тез құбылып, артынан Сәрсенбаймен құда болып, батасына қырық жеті мал, екі жүз теңге ақша беріп, туыстасып шыға келеді.

Болашақ келіні Жамалдың Ғалимен қашып кеткені белгілі болғанда, Байжан қаһарына мініп, кек қайтаруға бел буады. Алдымен Ғали ауылынан, артынан Сәрсенбай

ауылынан барымтамен жылқы алдырады. Ол аз болғандай, елдегі көрнекті болыс-билерді топтап, Сәрсенбай аулында жиын аштырады. Шығынға батса да, Сәрсенбай қыңқ ете алмайды.

Байжан көп алдында сендіре, төндіре сөйлейді. Өз басындағы жағдай ертең-ақ әркімге келетіндей етіп көрсетеді. Малға бітпейтінін, намыс үшін ақырына дейін күресетінін сездіреді.

«Бақытсыз Жамал» романы — XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамдағы өзгерістерді, ескі мен жаңа арасындағы күресті бейнелейтін шығарма болып есептеледі.

РОМАННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

«Бақытсыз Жамал» романы туралы алғаш пікір айтқан Ахмет Байтұрсынов: «Қазақта бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазған Міржақып Дулатов болды», — деп жазды.

Абайдың кара сөздері, Ыбырайдың шағын әңгімелері, «Дала уәлаяты», «Айқап» беттерінде жарияланған бірен-саран әңгіме үлгілері қазақ әдебиетінде кең көлемді проза дәстүрін жасай алмаған еді. Сондықтан «Бақытсыз Жамал» жаңа жанрдың төлбасы саналады. Қазақтың батырлық, қаһармандық және ғашықтық эпостарындағы әңгімелеу, қызықты сюжет құру дәстүріне жаңа роман мықты үлгі болғаны даусыз.

«Бақытсыз Жамал» романының жаңашылдығы оның бұдан былайғы қазақ романының тақырыбы мен проблематикасына жол сызып бергендігінде. Және де ол көркем прозаның тілі мен стилі қандай бағытта даму керектігіне де үлгі болды. Композициялық тұрғыдан келгенде, романда лирикалық шегініс, қатар өрбитін желілер, қосымша эпизодтар жоққа тән. Оқиғалар тізбегі бірімен-бірі байланысып, желісі үзілмейді.

Шығарма қаһармандарының көзқарасы мен есебінен туындайтын ішкі тартыс, оқиғаны дамытуға әсер етеді.

Романда сол кездегі қазақ ауылының реалистік келбеті, біртіндеп ене бастаған жаңалықтардың суреттері бар.

Авторлық кейіпкердің ой-сезімін өлең жолдары арқылы толғанысқа толы монологтермен беруі эпостық, лиро-эпостық жыр дәстүрінің әсерінен туған. Шілдехана, тойлардағы кездесулер, айтыс үлгісінде өлең арқылы сұхбаттасуы, көңіл білдіру, өлеңмен хат жазу көріністері — ұлттық әдебиеттегі дәстүрлі тәсілдер. Бас қаһарманның сезімі, ой-әрекеті көп жағдайда баяндау стилімен беріледі.

Сонымен қатар, шығармада табиғат суреттері кейіпкер көңіл-күйімен орайласып жатады. Жамал мен Ғалидың кездесіп, уәде байласып, сырласатын сәттері «Май жұлдызы, таң қысқа, ай жарық, дүние тып-тыныш, жел жоқ. Ауа жақсы, жаңа қонған жұрт, көкорай шалғын, жапырақ, гүлдердің исі аңқып, біздің жастарды көріп тұрған — жалғыз алла, екінші — аспандағы Ай мен Жұлдыз еді», — деп суреттеледі. Ал мұңлы, бақытсыз Жамалдың дұшпан торынан қашып шыққан соңғы сапары қалың қарлы қыстағы, дүние көрінбейтін боран суретімен астаса өріледі.

Роман стилінде таза реалистік проза тіліне лайық байсалдылық бар. Онда дәстүрлі халық прозасының байлығы еркін қолданылған. Халық аузында айтылатын мақал-мәтелдер де, тұрақты сөз тіркестері де қажетті жерде пайдаланылып отырады. Мысалы, «Мал бітпес жігіт болмас, құрарына қара, ұл таппас қатын болмас, тұрарына қара», «Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш», «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді», сол сияқты «аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты», «бәлемнің шаңырағына қобыз тартайын» деген сияқты тіркестер айтар ойды көріктей түскен.

Міржәқыптың поэзиялық шығармаларында жиі араб, парсы, татар сөздері «Бақытсыз Жамал» романында жоққа тән, оның есесіне, кейбір орыс сөздерін өз қалпында алады. Романның кей тұстарында автор оқырманға тікелей тіл қатып отырады. «Шолпан кісі көзіне түспей үйіне барып, жата тұрсын, біз мезгілсіз аттанған жолаушыларымызды жолға салып жіберелік» деген сияқты ауызекті тілде айтылатын байланыстырулар кездеседі. Романның басы мен аяғы өлең сөзбен көмкерілген.

Сөйтіп, өз мезгілінің күрделі әлеуметтік, қоғамдық мәселесін көтерген, махаббат бостандығын жыр еткен, жанр-

лық тұрғыдан қазақ әдебиеті үшін жаңалық болған «Бақытсыз Жамал» романы арқылы жиырма бес жастағы Міржақып Дулатов ұлттық әдебиетімізде тұңғыш роман жазған жазушы.

«Бақытсыз Жамал» романынан кейін оның ізін баса С. Көбеевтің «Қалың мал» (1913 ж.), С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1914 ж.) романдары дүниеге келді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М. Дулатовтың өмірі мен қоғамдық көзқарасының қалыптасу жолы туралы не білесіңдер?
2. А. Байтұрсыновпен пікірлес болуы оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына қаншалықты әсер етті?
3. М. Дулатовтың Орынборда болған жылдары оның қоғамдық көзқарасы мен қызметінің дами түсуіне қаншалықты ықпал жасады?
4. Алаш қозғалысы жылдарында М. Дулатов қандай істер атқарды?
5. М. Дулатов поэзиясының басты тақырыптары қандай?
6. М. Дулатовтың қазақ халқының басындағы ауыр жағдай, одан шығу жолдары жайлы ойлары қандай өлеңдерінде көрінеді?
7. «Бақытсыз Жамал» романының тақырыбы мен негізгі түйінді ойы қандай? Романның басты кейіпкерлеріне сипаттама беріңдер, романның өзіне тән қандай ерекшеліктері бар?
8. М. Дулатовтың журналистік қызметі жайлы не білесіңдер? М. Дулатовтың ағартушы-педагогтігіне сипаттама беріңдер.
9. Мұғалімнің тапсыруымен Міржақып өлеңдерін оқып талдаңдар. Өздерің қалаған бір өлеңін жаттап алыңдар.
10. «Бақытсыз Жамал» романы бойынша еркін пікір алмасу ұйымдастырыңдар.
11. «Бақытсыз Жамал» романының тақырыбы мен идеясы атты тақырыпта шығарма жазыңдар.





ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ **(1889—1931)**



Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы (кей деректе 1890 жылы) қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданына қарасты Қызылтау, қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылында туған. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан — текті, дәулетті, атақ-абырой біткен, ел арасындағы білікті кісілер болған. Жас күнінен Жүсіпбек бірге туған бауырлары Ахмет, Жақыпбек секілді арабша хат тану, оқу үстіне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренеді. Он бес-он алты жасында өзі ұмтылып, үй ішінің рұқсатынсыз Павлодарға қашып барып, орыс-қазақша екі сыныпты мектепке түседі, бір жағынан бала оқытып, қаражат таба жүріп, оқуын 1914 жылы бітіреді де, Семейдегі оқытушылар семинариясына түседі, оны 1918 жылы аяқтайды. «Қазақ тілі» газетін өңдеу, «Ақ жол» газетінде істеу, Шымкенттегі педагогика техникумының директорлығы — міне мұның бәрі Жүсіпбек Аймауытовтың жаңа өмірді орнықтыру жолындағы күрес жолын, өмір белестерін көрсетеді. 1929 жылы басталған зобалаң кезінде кармаққа ілінген Жүсіпбек Аймауытов 1931 жылы атылған.

Астан-кестен ауыр, бірақ ерекше қуатты да қызық, әлеуметтік төңкерістер, ұлы өзгерістер заманында өмір сүрген Жүсіпбек Аймауытов өзінің осы қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгірді.

Ол В. Шекспир, В. Гюго, Г. Мопассан, А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, Л.Н. Толстой шығармаларын, бірқатар ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударды, педагогика, психология, әдістеме, тәрбие туралы зерттеулер тудырды, әдебиет,

эстетика, сын саласына араласты, сан қилы публицистикалық мақалалар жазды. Сол сияқты «Күнікейдің жазығы» атты повесі, «Ақбілек», «Қартқожа» атты романдары мен алуан тақырыптағы пьесалары күрделі таланттың қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орнын аңғартып тұр.

КӨРКЕМ ПРОЗА

Ж. Аймауытовтың қазақ әдебиетіндегі ең алғашқы реалистік проза талаптарына, жанрдың еуропалық шарттарына жауап беретін толыққанды, көркем, күрделі шығармалардың бірі — автор ұзақ әңгіме, орысша аннотациясында роман деп көрсеткен «Қартқожа» 1926 жылы Қызылордада басылып шықты. Бұл — қазіргі өлшеммен алғанда, аса ұзақ шығарма емес, 7—8 баспа табақ көлеміндегі шымыр, ықшам жазылған дүние, «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Қалың мал», «Қыз көрелік» атты қатарлас туындылардағыдай бірде өлең сөз аралас жүретін аралас стильмен емес, бастан-аяқ саликалы, сабырлы, ұстамды проза үлгісінде жазылған. Оқып көрейік: «Сол кезде қожадан талай бала оқиды. Сол балалардың ішінде босаға жакта, астында бір жапырақ тай тері, мұрнын қос-қос тартып, қожасының ақсабауына қарай түсіп, шиге шанышқан бір жапырақ қағазына үңіліп, құнысып бір бала отыратын еді. Жасы 10—11 шамасы болар ма екен, қалай, екі жеңі де сауыс, бетінің бір жағы да сатпақ, көзінің былшығы да жөнді тазармайды. Сол баланың қақ-соқпен ісі жоқ, момақан, аңқау отырғаны. Жасында болпиган, сүйкімді бір бала болады ғой, тап сол бала осы еді. Құдай ондап аты да түріне сай кетер ме? Қартқожа».

Автор қоршаған ортаны, тіршілік тынысын, барлық іс-әрекетті осы басты кейіпкердің ой-түйсігі, сана-санылауы, талғау-байламы арқылы бейнелейді. Кедей-кепшік, жалқы-жарым ортадан шыққан бала ес білгеннен мазақ, қорлық, тепкі көріп өседі. Табиғатынан жуас, момын Қартқожаны жоқшылық тауқыметі шыр жұқтырмай, инеліктей қатырып тастағанмен, ол жарыққа ұмтылады, хат танысам, оқысам, білсем деп әрекет жасайды. Қайта-қайта талабы кесіліп, қанаты қырқылады. Әсіресе, малдан шұрай кетіп, мәйек алмай, түйеге ком, атқа үйек, қойға шайыр, сиырға әуке бітпей

жұт қаптаған кезде, ең алдымен сорлайтын кедей байғұс қой, сол шоқпар Қартқожа шаңырағына тиеді. Шырылдаған аш балапандай ауыз ашқан бала-шаға үшін уыс дән табу қамымен азапқа түсіп, қалың қар, сақылдаған аязда малтығып жүргенде әкесі Жұманға суық тиіп, ақыры қайтыс болады.

Өңкей өз қолы өз аузына жетпеген сарыүрпек «балапандар» зарлап қалады. Жазушы аштық суретін психологиялық тұрғыдан дәл бейнелейді, бір ретте Кнут Гамсуннің әйгілі «Аштық» романы ойға оралады. Ел басына келген нәубет, зобалаң, селебе тұсында да жуан-жінішкені, бай-кедейді, қожа, молда, момынды қарға аунатып, домалатып жем қылып жатыр.

Ескере кетерлік жәйт, бұл романда жазушының әлеуметтік көзқарасы айқын, қазақ ауылындағы тап күресі дәл ажыратылып, айқын дараланып, нақты адам тағдырлары жанды тірі тұлғалар арқылы бейнеленеді. Болыс, билер, молдалар портретін, мінезін, сөйлеу ерекшеліктерін жазушы реалистік дәлдікпен, сенімді бояулармен түсіреді. Көбінесе басқа кейіпкерлер Қартқожа сезімі, ойы, талғамы арқылы сүзгіден өтіп отырады. Әкеден айырылып жетім қалған, үйішінің ауыртпалығын ағасы Тұңғышбай екеуі көтере бастаған тұста Қартқожа қазақ даласына келген зор кесепат — он алтыншы жыл зобалаңына ұшырайды.

Ру арасында ит жығыс күресі болмаса, кейінгі алпыс-жетпіс жылда аса үлкен қырғынға ұшырап, соғыс-сүргін көрмеген, мал бағып, жай жатып, кеш тұрып, кең сахарада толықсып көшіп жүрген жалпақ жұрт үшін он тоғыз бен отыз бір арасындағы ер-азаматын солдатқа беру қол-аяқты байлап, зынданға тастағандай, айтып келген ажал, ақырзаман көрінгені рас. Осы тұстағы әділетсіздік, опасыздық, мал, дүние, пара беріп, кісі салып жіберу, тізім төңірегіндегі тартыстар, болыс кітапшасын өртеумен бәрін тындырдым санаған көрбалалық, халық наразылығы ұшыға келіп, асқынып барып, байларға, отаршылдыққа қарсы көтеріліске ұласу, жасақ құру, қарулы патша әскерімен шайқаста қанжоса болып қырылу, содан кейін еріксіз тұсалып, көгенге тізілгендей күйге түсіп, майданға жөнелтілу — осылардың барлығын жазушы үйірім-үйірім оқиғалар, бір-бірімен са-

бақтас әрекеттер арқылы көрсетеді. Көпшілік көріністерінде диалог, монолог, полилог үлгілерімен қоса, тұрмыс-салт суреттері, күрес, ән салу көріністері шебер бейнеленеді. Әсіресе батыр, әрі әнші Дәрмен тағдыры, Дәрмен — Бәтіш махаббат хикаясы үлкен жазушылық шабытпен жазылған. Дәрмен тағдырынан атақты Мәди өмірінің кейбір сарындарын аңғаруға болады.

Аласапыран, ақ қар, көк мұзда Қартқожа үлкен әрекет-зор қимылмен көріне алмайды, ол қосақ арасында жүрсе де, оң мен солын танып, көзі ашылып, марқая бастайды. Бұл эволюция, әсіресе, солдатқа алынып, Рига түбінде тыл жұмыстарына жегілген кезде өрістей түседі. Андрей атты орыс дос табады. Әділін айтқанда, соғыс көріністері келте, шолақ қайырылған, майдан өмірін көрсететін бір-ақ елес бар. Ақпан төңкерісі, жігіттердің Мәскеу, Омбы арқылы елге қайтуы тарихи шолу түрінде, атүстілеу бейнеленеді. Романның бірінші, екінші бөлімдерінде тиянақтылық, тәптіштей суреттеу, дәлдік, оқиғалардың дөңгеленіп аяқталып отыруы разы етсе, үшінші бөлімде әліптеме (очерк) сарындары, әр нәрсенің басын шалу, асығыстық қылаң беріп қалады. Қартқожа басынан көп оқиғаларды өткізеді. Зорлап жеңгесіне үйлендіру бір қайғы болса, Баянауыл, Семей, Омбыға барып, оқуға түсу әрекеттері көп қиындық, азап шектіреді. Алаш қозғалысы тұсындағы сан алуан оқиғалардың ішінде де Қартқожа бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кете алмайды. Қазан төңкерісінен кейінгі дәуіріндегі Қартқожа әрекеттерінде лоқ етіп түсіп кету, көз жұмбай, нар тәуекел мінездер жоқ. Жазушының табиғатынан бұйығы, ұстамды, сабырлы, жоқ-жітік, кедей-кепшіктен шыққан адамның бірте-бірте оянып, жарыққа ұмтылып, зор қиындықпен білім алып, әлеумет күресіне тартылып, ақырынақырын өзгере жүріп жаңа заман күрескерінің қатарына қосылуын психологиялық тұрғыдан сенімді бейнелеуін «Қартқожа» романының ең басты, кемелді олжасы деп білеміз. Мұнымен қоса суреткерлік тұрғыда кейіпкерлерді мінездеу, даралау, айқындау үстінде сан алуан көркемдік тәсілдер сәтімен қамтылған.

Таза көркем проза тәсілдерінің үстіне кейде жазушы оқырманға тікелей тіл қатады, сырласады, кейде көсемсөз

құралдарын да пайдаланады. Шығармада тарихи белгілі адамдардың, оның ішінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың да көрінетін тұстары бар. Романның өмірлік материалы нақты дәлді ортаны қамтиды, негізгі әрекеттер Баянауыл төңірегінде, Семей, Омбы қалаларында өтеді.

Бас кейіпкер — Қартқожа өмірде болған адам, мұғалім болып, ұстаздық еткен екен. 1937 жылы қан қырғында мерт болған Қартқожадан қалған ұрпақ — Төлеш Қартқожаұлы Тоғанбаев техника ғылымының кандидаты, Қазақ ауыл шаруашылық институтында доцент болып жұмыс атқарған.

Жүсіпбек қазақ әдебиетінде реалистік роман принциптерін алғаш меңгерген қаламгерлердің бірі болып есептеледі. Ол стиль, композиция тәрізді көркемдік құралдарға ерекше көңіл бөлді, әсіресе, халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолдана отырып, Еуропа, орыс әдебиетіндегі бейне жасау, мінездерді даралау, сезім бұрқағын, ой толғауларды көрсету дәстүрлерін еркін пайдалана білді. Жазушының талант мүмкіндіктері, қабілет ерекшеліктері әсіресе оның «Ақбілек» романында айқын көрінеді.

Қаламгер әлеуметтік тартыстар, тарихи оқиғалар, тап күресі ерекше шиеленісіп тоғысқан, ел мойынына салмақ түсіп, жеке адамдар тағдырының ширыққан буынын дәл басады, бұрын айтылған, сарыжұртқа айналған тақырып емес, соны, мүлде тың, тіпті сирек оқиғаларды романға арқау еткен.

Шығармада оқырман бірден шытырман әрекеттер үстіне түседі. Алыстағы Алтай таулары, аласапыран күрес жүріп жатқан азамат соғысының сұрапылы қазақ ауылдарына да жеткен, өрт шалмаған шаңырақ жоқ. Мамырбай аулын банды шауып, әйелін өлтіріп, бойжетіп, оң жақта отырған қызы Ақбілекті солдаттар алып қашып кетеді. Сұмдық осыдан кейін басталады. Бір ауыз орысша тіл білмейтін соры қайнаған жас қыздың азап-қорлыққа толы, өлім мен өмір, өң мен түс арасындай аянышты, жиіркенішті күндері басталады. Бұрын етегін жел көтермеген, еркек бетіне тіктеп қарамаған ақ періште, енді табиғаттан алған асыл қазынасын рәсуа етіп, еріксізден еріксіз, ұяттан күйіп, ар-иманы өртеніп, қайдағы бір қашқын, банды, тіпті атын да білмейтін орыс әскерінің офицері қарамұртқа ермек болады.

Қысталаң, шекаралық жағдайдағы, өлім мен өмірдің тай-таласқан бір сәтінде адам психологиясына жазушы терең бойлап, жан-жақты күй шертеді. Он екіде бір гүлі ашылмаған бойжеткен қыздың шеккен қорлығы, тапталған сезімі, жер болған намысы, былғанған ары — осының бәрі реалисттік дәлдікпен, бейнелі, суретті, сенімді көрсетіледі. Оқырман бауыры езіліп, жүрегі тілініп, Ақбілекпен бірге жылайды. Тұтқынға түскен сорлы қыздың не тілін, не дінін білмейтін, өмірінде бұрын көрмеген, жүріс-тұрысы, киім киісі, тамақ ішісі бөлек, әдет-ғұрпы, салт-санасы басқа — қарамұрт орыс офицеріне еріксіз әйел болу хикаясы айқын психологиялық саралаумен берілген.

Өмірдің тепкісіне қарсы тұрар күш жоқ, көп иттің мазағына айналмай, қарамұрт қармағында қалғанының өзінен жынданып кете жаздап, қорлық күйінген, өліп қалардай күйге жеткен Ақбілектің енді кіре бастаған есі бірте-бірте маңайында не болып, не қойып жатқанын аңғарып, әр нәрсені сезіп, ой түйе бастайды.

Осындай екі ұдай, естен танғандай күйдегі Ақбілектің санасы алдымен қарамұрт офицердің өзіне жасалған қорлығын ғана емес, мүсіркеуін, еркелетуін сезінеді, мұның үстіне тау-таста ақпен бірге қашып-пысып, елден-жұрттан безіп, түн қатып, бел шешпей ұйықтап, ылғи ат үстінде күн кешіп келе жатқан түсі суық, сыры белгісіз, мақсаты тұманды топтың да аужайын аңғарады.

Екінші жағынан, жазушы қарамұрт офицердің өз аузымен өмір-тарихын айтқызады, мұндай халге қалай түсті, ата-бабасы, шыққан тегі кім, Кеңес үкіметіне неге қарсы күреседі, қырдың енді қылтиып шыққан қызғалдағын жұлып алып, табанға басқанына қиналмай ма, ары-ұяты қайда — мұндай сауалдардың баршасына психологиялық тұрғыдан нанымды жауаптар берілген. Екі халық өкілі, бірі — жазықсыз, оң жақта солқылдап отырған бойжеткен, екіншісі — Кеңес үкіметіне қарсы қару көтеріп, атысып-шабысып, ақыры басқа айла қалмаған соң Қытай асып бара жатқан офицер. Қарамұрт әрекеті әлі келгенше тіршіліктің жылы-жұмсақ, дәмді-тәттісінен бір қарппы қалу, ал сорлы қыз қасірет тартқан құлындай зар еңіреп ол отыр.

Арттан қуып жеткен орыс әскерлер дүмпуімен, безе қашқан әскерлер өз бастарын қайда тығарын білмей, жан-жаққа бытырай зытып жөнелген кезде, Ақбілек бандылардың ескі жұртында керексіз бір заттай болып қалып қояды. Бұдан кейін сорлы жанның тау-таспен, өзен-көлмен, ағаш-жапырақпен, аспан-көкпен, қара жермен мұндасып, зар-еңіреп, балалық, асыл қасиеттерінен айырылғанын жоқтап, терең қайғы шыңырауына батуы зор шеберлікпен бейнеленген.

Қасқырға жем болып қала жаздап, арып-ашып, ажал тырнағынан әрең құтылып шығып, өліп-талып туған ауылына жеткен Ақбілекті бұрынғыдай да сорақы азап, мазақ, қорлық күтіп тұрған. Банды қолындағы зұлымдық зұлымдық па, нағыз тозақ енді басталады, өрттей қаулаған өсек-аяң тірі адам бетіне қаратпай, жандырып-күйдіріп барады. Бұрын ғашық болған, сөз салып жүрген Бекболаттың өзі де тоят алған соң, сұмдық оқиғаның мәнісіне көзі жеткеннен кейін, түк көрмегендей болып, теріс айналып кете барады.

Мамырбайдың төсек жаңғыртуы, Өрік тоқалдың қатігез мінезі, Ұрқия жеңгенің адамгершілігі, қарамұрт офицерден біткен жазықсыз сәби Ескендірдің өмірге келуі — мұның бәрі сала-сала реалистік оқиғалар болып берілген.

Алдымен есіркеп, мүсіркеу, аяу, артынан қорлық, мазақ, табалау атаулының тозақ отына өртенген Ақбілек бәрібір тірі қалады. Заман ағысы, өмір толқыны бірте-бірте ескі жараны емдеп, тіршіліктің жаңа жапырақтарындай қылтиып, көгеріп өсе бастайды. Ағасы Төлегеннің соңынан іздеп барып, оқуға түседі. Семей, Омбы қалаларын көреді, қырық шырақты әйел емес пе, келер күндерден үміт күтіп, әрекет жасайды.

Романда кейіпкер, оқиға көп емес, ықшамдылық, жинақылық, әсіресе драматизм принциптері ерекше ескерілген. Бір қарекетке қатысып, үзіліп қалатын кейіпкерлердің өзін жазушы даралап, есте қалатындай етіп, сомдап соғып береді. Кескін, сөз мақамы, қимыл-қозғалыс — бәрі образ жасауға аса қажет көркемдік құралдар, кейіпкерлердің өзін-өзі сипаттауы — Жүсіпбек Аймауытов жиі қолданатын әдеби тәсілдердің бірі. «Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарқабақтау, кірпі шаш, қарыс мандай, қара сұр

жігітпін. Жасым отыз бесте. Әкем Тойбағар, өзім Мұқаш болғалы ауым асқа, ауым атқа жарыған емес». Кедейден шыққан осы Мұқаш тап тартысының мәнін, табиғатын анық түсініп болған кісі емес, қолынан келсін-келмесін, мансапқа ұмтылады, біреуге өшіксе, аянбай жауласады, сорлы қыз Ақбілекті қасқырлардың аузына тастап жіберген себебі — Мамырбаймен ескі араздығы.

Екінші бір қу мүйіз, пәлекор — Жылтыр деген көксоққан, естімейтін өсегі, білмейтін пәлесі жоқ. Кейін ашаршылық, репрессия тұстарында осындай қара жүректер мыңдаған жазықсыз боздақтарды қан қақсатып, қынадай қыратын болады. Жазушы сорақы әлеуметтік құбылысты күн ілгері танып, нақты образдар арқылы таңбалап берген.

Негізгі сюжет желісі Ақбілек тағдырын қуалап отырғанмен, автор ретті тұстарда уақыт сарынын таныту үшін әр түрлі ортаның өкілдерін көрсетіп кетеді. Ақбала, Балташ, Доға, Жорғабек, Төлеген, тағы басқалардың мінез-құлық ерекшеліктері, Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік ой ағымы, зиялылар ортасындағы сан алуан дағды-салт бұлардың баршасын жеріне жеткізбей, шолу түрінде ат үсті бейнелегенмен, ықшам, дәлді суреттер, мағынасы терең монолог, диалогтер, көп көмбені ашатын кең толғаулар талай сырдан хабардар етеді.

Романның алғашқы үш бөлімі тиянақты, шебер көмкерілген, үзіліп қалатын, аяғына жетпеген ситуация сирек, негізінен, Ақбілек басындағы психологиялық күйлер реалистік қуатпен сенімді, дәлді беріледі де, төртінші, соңғы бөлімде толғаулық, очерктік сипат бел алған. Ақбілек — Кәмила арасындағы ұзақ сыр, оқудағы жайттар, зиялылар хикаясы, Балташ—Ақбілек арнасы — бәрі де жалпылама көрсетіледі. Стильдегі көтеріңкі леп, оқырманға тікелей тіл қату романның көркемдік қуатына салқынын тигізген. Ақбілектің Балташ сынды азамат, өмірлік жар тауып, азапта туған перзенті Ескендірін қайта сүюін жазушы басқа өмірдің бір белгісі, мезгіл мінезінің сипаты дегендей көркем ой тастайды.

Қаламгердің проза жанрында шебер, ықшам, көркем жазылған шығармаларының бірі — «Күнікейдің жазығы» хикаяты. Төңкерістен бұрынғы қазақ ауылының тұрмыс-салт

суреттері, көш рәсімінің ерекшеліктері, қыз-бозбаланың, жігіт-желеңнің сауық кештері, алтыбақан, ақсүйек ойындары, той қызықтары, құдаларды қарсы алу, күту, бәйге қызығы ерекше ілтипатпен, зор суреткерлік шабытпен, көркем, кестелі тілмен өрнектелген. Баянауыл атырабының Айдабол, Күлік, Ақбура, Тұлпар, Қозған, Қаксал секілді әйгілі руларының Шідерті, Өлеңті өзендерінің бойына қарай қаздай қалқып көшу салтанаты, үлкендер мінезі, балалар ойыны, жастар қылығы, ер-азамат әрекеті көз алдыңнан тірі, жанды сурет болып өтіп жатады.

Қараша үйде күн кешкен қойшының қызы табиғат сұлу жаратқан Күнікей кедейшілікті кемдік санамай, нұрлы тіршілік рақатына батады. Шешесі Шекер бай қызынан кем қалдырмаймын деп, арнап кебіс тіккізбек. Бойдақ етікші Тұяқты күйеу бала етіп алу дәмесі де жоқ емес. Ордабай байдың қызы Шәмшіні ұзату хикаясының аясында жазушы жастық, серілік күндер, рақат, тәтті түндер, сахарадағы еркіндік хақында көп сырлар шертеді. Шешесі бермекші Тұяқ та емес, артына түскен бай баласы Қасым да емес, Күнікей әрі батыр, әрі палуан Байменмен жұлдызды аспан астында табысады. Бұл хикаятты қазақтың көшпелі аулының бұрынғы тіршілігін қаз қалпында бейнелеген асыл, реалистік туынды деп бағалау керек.

РЕАЛИСТІК ДРАМА

Жүсіпбек Аймауытов әдеби мұрасының негізгі, салмақты саласының бірі — драматургия. Ол көптеген пьесалар жазумен қоса, кезінде өз шығармаларын, үзенгілес қаламдастар туындыларын сахнаға қойған алғашқы режиссер болғаны да тирихи шындық. Автордың негізгі туындылары алдымен Семей өңіріндегі сауық кештерінде тұңғыш топтардың (группа) күшімен ойналып, кейін Қызылордада ұлт театрының сахнасына шыққан. Төңкеріс алдындағы тұрмыс-салтты, 1916 жыл оқиғасының шығғандарын, әйел теңдігі үшін күресті, Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы тартысты, болыстар, тілмаштар, оқығандар, шаруалар тәрізді түрлі әлеуметтік топтар арасындағы толып жатқан өзгеріс, құбылысты, эволюцияны жан-жақты көрсетіп берген Жү-

сіпбек Аймауытов драматургиясы өзінің құнарлы тіл өрнегімен, айқын, дара мінездері бар кейіпкерлерімен, биік халықтық нысана-идеясымен ерекшеленеді.

Поэзия, проза, көсемсөз, сын, зерттеу, салаларында тең-қатар қалам тартқан, олардың әрқайсысында тамаша туындылар берген автордың драматургиядағы жолы да ерте басталған. 1926 жылы Мәскеуде басылып шыққан «Қанапия — Шәрбану» пьесасына берілген ескертпеде: «Бұл драма 1917 жылы жазылған еді, Семейде және басқа қалаларда бірлі-жарымды ойналғаннан кейін жазған дәптерім жоғалып кетіп еді. Биыл кітапты қолыма түсіріп, түзетіп жаздым. Ескі жазбасы қолында бар кісілерден, ол күйінде ойналмауын тілеймін», — деп көрсетуінен бірталай сыр аңғарсақ керек. Ең алдымен Жүсіпбек — Көлбай Тоғысов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов қатарлас алғашқы қазақ драматургтерінің бірі, екіншіден, оның туындылары әуелде қолжазба күйінде тарап, сахнада қойылған.

Шығармада халық өмірінің терең шындығы, ауылдағы байлар мен кедейлердің ара жігінің ашылуы, әйгілі 1916 жылдың зарлы оқиғасы «Қанапия — Шәрбану» драмасында дөп басып, дәл көрсетіледі. Қазақ даласында жиі кездескен, әр жерде қайталанған оқиға алынады. Момын қара шаруа Шатай мен оның әйелі Ұмсынай жалғыз ұлы Ынтықбайды солдатқа кетсе, өлімге баратындай көріп, қолдағы малын түгел шығындап, қарызданып-қауғаланып, әлекке түскенмен, баласын құтқара алмайды. Қайта қыздары Шәрбану Сазамбай бай мен оның көкайыл бәйбішесі Қалипаның қорлығына түседі. Тұрмыс-салттың, ескілікті тіршіліктің шынайы суреттері көз алдына келеді. Қай кейіпкерді алсаң да, өз бойына шақ киім киген. Жүріс-тұрыс, қылық-әрекет, бәр-бәрі сенімді мөлшерде. Қысқасы, артықкемі жоқ, қалыпты өмір ағысы.

Шәрбанудың сүйген жары Қанапияның солдаттан келуі, оның дуана кейіпіне еніп, Шәрбануды алып қашуы, ақыры жандаралдың алдында әділетке жету көріністерінде, пьесаның «Жасасын бостандық! Жасасын әйел тендігі! Жасасын бұқара үкіметі!» деген сөздермен аяқталуында сол заман талабына лайық үгіт-насихат әуендері, жаңа идеяларға ден қою байқалады.

Жазушы езілгендер мен тапталғандардың бас көтеру, ұйқыдан ояну, қорлықтан құтылу, мәңгірттіктен сілкініп тұру салдарын көптеген шығармаларына арқау етіп алған. Мәселен, «Рабиға» пьесасында да осы күйікті мәселе көтерілді. Жас алшақтығы өз алдына, ең бастысы, рухани кереғарлық адамдар басын бір шаңырақ астына біріктіре алмайды деген ой айтылады. Байділде қойшыны мазасыз жұмыс есейту орнына есеңгіретіп, жабайыландырып жіберген, оның ұғымында алдындағы жыбырлаған малы да, жаны да, әйелі де бір секілді, ұра ма, соға ма, не істейді — өз еркінде. Автор қойшы деп жалған патетикаға бармайды, сүйіспеншілік жоқ жерде теңдік жоқ, теңдік болмаса, ерлі-зайыпты адамдардың тату-тәтті өмірі жоқ деп біледі. Сондықтан жас Рабиғаның шідер үзіп кетуіне сенесін.

Шығармада комедиялық, трагедиялық элементтер бар болғанымен негізінен, Жүсіпбек пьесалары таза драма шарттарына орайлас келеді. Тақырып тандау, кейіпкер сомдау, тартыс-күрестің өрістеу сипаттары тұрғысынан да бір шығарма екінші шығарманы толықтырып жатқандай әсер болуы, түрлі мінездердің айқындығы, сахналық талаптардың берік сақталуы, оқиғалардың шашау шықпай, шымыр қозғалуы, тіл, бояудың қанықтығы.

Ескі қазақ аулының қат-қабат, шытырман тұрмысынан алынған «Мансапқорлар» драмасының негізгі тартысына қатысатын адамдар — Қасқырбай болыс, оның әйелі Күләнда, болыстың туысқан інісі, тілмаш Мүсілім. Ал молда, қажы, ауылнай, шабармандар қосақ арасында жүр. Бас-аяғы сегіз-ақ кейіпкер. Сахналық әрекет ширақ, салған жерден кеселді түйіннің үстінен түсеміз. Негізгі тартыс бірден ашық көрінеді. Қасқырбай — қордалы байлықпен мансапқа жеткен, көп кебеже қарынның бірі емес, тепсе темір үзетін, көзді бақырайтып отырып, зорлық жасайтын, тапа-тал түсте түйені түгімен, биені бүгімен жұтатын жалмауыз, қадалған жерден қан алатын, адамды аяуды білмейтін жендеттің өзі. Сорына қарай бір шикі өкпеге зар, ол аздай жас әйелі Күләнда көзіне шөп салып жүр. Інісі Мүсілім, бармақ басты, көз қыстымен топ жинап, болыстықтан дәмелі. Автор классикалық драматургиядағы тартыс өршіту тәсілдерін жақсы білетіндігін аңғартады. Бұл ретте әсіресе Шекспирдің

«Гамлет» трагедиясындағы кейбір ситуациялардың сарыны еске түседі. Қасқырбайдың жақын інісі әрі тілмашы боп істеп жүрген, жас, оқыған Мүсілім ғашық сүйген болып, жеңгесі Күләнданың басын айналдырып, түбі саған үйленем деп сендіріп, алдап-сулап жүріп, ақыры күйеуі болыс Қасқырбайға у бергізеді. Болыс болу үшін топ жинау, сайлаушылар аузын алуға берілетін пара, жуанның кедейге жасайтын зорлығы — осы алуандас ұстасулар қатар жүріп отырады. Ағасын өлтіріп, жеңгесін күнәһар етіп, елді алдап, оязға пара беріп, ақыры мансапқа — болыстыққа қолы жеткен жас, оқыған, тілмаш Мүсілім жаңа жауыздықтың, енді бел алмақ зұлымдықтың кескінін танытады.

Жүсіпбек Аймауытов уақыттың көкейтесті әлеуметтік қайшылықтарын айқын көріп, әр жанрдағы шығармаларында жан-жақты бейнелеп отырады. Ол көп мәселелерді қалың қауым алдына тайсалмай, ашық жайып салады. 1925 жылы Ташкентте басылып шыққан «Ел қорғаны» атты драмасында жазушы позициясы, оның саяси көзқарасы «Оқыған» деген атпен берілген кейіпкердің аузымен айтылатын толғау сөздерде анық көрінеді.

Азамат соғысы кезіндегі елдің сергелдеңге түсуі, бандылардың, ақтардың жасаған қылмыстары, намыс оянып, саяси көзқарастың тууы сияқты көпшілік психологиясындағы өзгерістерді драматург «Ел қорғаны» атты пьесасындағы оқығандар — Ораз, Әбіш, комиссар бейнелері арқылы көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев қорынан жазушы Зейтін Ақышев тапқан материалдардың ішінде Жүсіпбек Аймауытов 1927–1929 жылдар арасында жазған хаттар кездеседі. Соның бірінде: «Былыр ойын кітабын жазуға бәйге жарияланғанда, «Шернияз» деген кітап жазып қосып едім. Соған бірінші бәйге беріліпті. Мен оны алғам жоқ, екінші бәйге алған Мұхтар Әуезовтің «Қарагөзіне» беріндер дедім, өйткені ол шетте оқып жүрген шәкірт, ақша менен гөрі оған керегірек қой», — деп жазыпты. Бұл мәліметті бұрын әр түрлі адамдар ауызша айтса, енді нақты дерек табылып отыр.

Әділіне келгенде, Жүсіпбектің ең үздік пьесасы — өлеңмен, ішінара ақ өлеңмен жазылған, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналған, 1926 жылы Семейде басылып шыққан, кейін театр сахнасында қойылған әйгілі «Шернияз»

драмасы. Бұл шығармада, негізінен, алғашқы ұлттық интеллигенция өкілдерінің екі ұдай түсуі, екі қиырға тартуы, екі түрлі сенім-наным қақтығысы бейнеленеді.

Шернияз үшін туған жер қасиетті де қадірлі. Аманат борышты, қарыз-парызды өтеу жолында күреспек керек, осы орайда үйленбек, қызмет қылмақ, бойдағы бар күш-қайрат, білім-талант түгелдей ел қамына жегілсін арманда болады.

Базарбай да оқыған, оның елге барғандағы мақсаты — ағайын-туыстардың, ауылдас руластардың шокпарын соғу, пара алу, серілік-салдық құру, әр шырынды бір сорып тастау. Дағдылы әдеті ар-ұятты, достық-жолдастықты ұстану емес, реті келіп жатса, жақын-жуықты қаралаудан тайынбайды. Шернияздың сүйіп қосылған алғашқы әйелі, оқымаған, қыр қызы Раушанда тазалық, адамдық болғанымен, таным-талғам жетіспейді, осыдан барып аралары суып, ақыры ажырасып тынады. Гимназия бітірген Жәмила — қала қызығына түскен, ойын-сауық, ләззат-рахатты өмір мәні деп білген жеңіл жүрісті әйел. Шерниязбен жанып-күйіп қосылса да, ол арада уақыт өткен соң жар төсегін місе тұтпай, күйеуінің көзіне шөп салады.

«Ой, кер заман, кер заман,
Қабак қату, кансырау
Талан-тараж, қан жылау.
Азаматы жабылу.

Малы күнде сабылу —
Ұлып жатыр ұлы жүз
Қырғын тауып аштықтан,
Ел еңіреп егілу.

Кіші жүзі тұншығып,
Елін әскер жеміру
Орта жүзі ойсырап
Сұм Колчактан езілу.

Сорлатам деп қазақты,
Қазақтың бір көзқарақты
Азаматын қырам деп
Атаман Дутов желпінді,

— деп тебіреніп, толғанып, азабын шеккен Шернияз әлеуметтік істе де, үй-ішінде де опасыздық көріп, басын тауға да, тасқа да соғып, аласұрып, шығар жол таба алмай тұрған шақта төңкеріс дабылы қағылады.

Тәуелсіздіктің арқасында Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов сынды ұлы талант иелерінің аса көркем, өте құнарлы шығармалары елімізге, Сіз оқырман жұртшылыққа қайта оралды. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге, оның ақ қарасын парықтауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршендігіне кепіл болмақ.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ж. Аймауытовтың өмірі мен шығармашылық мектептері туралы қандай мәліметке ие болдыңдар?
2. Ж. Аймауытов қандай жанрларда қалам тебіrentкен?
3. «Ақбілек» романында қандай мәселелер көтерілген?
4. Ж.Аймауытовтың «Психология» еңбегінің алғашқы педагогикалық тәл оқулық екенін аңғара отырып, оның негізгі мәнін әңгімелеп беріңдер.
5. Орыс отаршылдардың жасаған қиянатын жазушы қалай көрсете алған?
6. Жазушының драмалық шығармаларының біріне талдау жасаңдар.





СПАНДИЯР КӨБЕЕВ **(1878—1956)**



Спандияр Көбеев — Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог — жазушы. Өз ұстазына еліктеп, ол ұстаздық қызметін ағартушылық ісін дамыту үшін пайдаланған, қазақ халқы арасында озық елдердің мәдениетін, әсіресе, орыс әдебиетін көп насихаттаған қаламгер. Сол арқылы Спандияр ұлы Абай мен Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократ-ағартушылық бағытты одан әрі қарай жалғастырды және жаңа жағдайға лайықты дамытты.

Спандияр 1878 жылдың 1 қазанында бұрынғы Торғай облысы, Николай уезі, Обаған болысына қарасты № 3 ауылда — қазіргі Торғай облысының, Мендіқара ауданында туған. Оның өзі де: «Менен бұрын бес баласы, бір қызы бар ата-анам мен дүниеге келгенде, сірә, қуана қоймаған болу керек, — дейді жазушы естелігінде. — Ес біліп, етек жапқан кезде анамыз «Сен әрі суық, әрі қатты мұқтаждық көрген кезде туып едің», — деуші еді», — деп жазады.

Спандиярдың әкесі Көбей — мұсылманша хат таныған, шыншыл, етік тігу өнерімен күн көрген адам болыпты. Ол балаларын оқыту жағын көбірек қарастырған көрінеді. Анасы Айтбоз да, жазушының айтуы бойынша, қайратты, есті, ауылдың ортақ анасы сияқты қадірлі адам болған екен. Отбасының жарастығы, үлгілі тәрбие болашақ педагог-жазушының мінез-құлқының қалыптасуына да әсер еткен.

Спандияр мектеп жасына жетіп қалған кезде ауылда, «Ыбырай Алтынсарин мектеп ашады» екен деген хабар тарап, әкесі баласын осы мектепке орналастыруды армандайды. Бірақ, мектеп ашу ісі біраз созылықырап кетеді де,

Көбей 9 жасар Спандиярды ескіше оқуға береді. Алайда діни-схоластикалық мектептің қатал дене жазасына шыдай алмай, Спандияр оқуды тастап кетеді.

1887 жылы уәделі Ыбырай мектебі ашылады да, Спандияр ұлы ағартушының өз көмегімен сол мектепке орналасады. Оны 1892 жылы бітіреді. Содан кейінгі жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте (1892—1895), Қостанай қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде (1895—1897) оқиды.

Болашақ педагог-жазушы бұдан кейін тағы да оқып, мұғалім болып шығуды армандайды. Сондықтан да ол: «Ыбырайдың өлімі менің оқытушы боламын деген ынтаниетімді енді бір жолата баянды етіп, бекітті», — дейді. Сол ниетпен Орынбордағы оқытушылар семинариясына түсуге талпынады да, оның сәті түспей қалғаннан соң, Қостанайдағы екі жылдық курсқа түсіп (1898) оқиды. Курсты 1901 жылы бітіріп, бастауыш мектеп мұғалімі болып шығады.

Жасынан Ыбырайдың ағартушылық, ұстаздық жолын үлгі тұтқан Спандияр енді мақсатына жетіп, алған білімін ел мүддесіне жаратуға мүмкіндік туғанын өз естеліктерінде былайша еске алады: «Алдымда туып-өскен ауылым. Мәдениеттен кенже қалған қараңғы ауыл. Менің ендігі өмірім сол ауылда өтпек. Сол ауылда қолымнан келгенше мәдениет шам-шырағын жақпақшымын. Бір кездегі өзім сияқты, кіршіксіз таза, уыз тілекті жас жеткіншектерді оқытып, олардың көзін ашып, ғылым жолына, мәдениет соқпағына түсіремін деп асығып келемін», — дейді.

КІШІҚҰМДА

Спандияр өз ауылында және оған таяу жердегі мектептерде орын болмай, Қостанайдан мың шақырымдай Ырғыз уезіндегі Толағай болысына қарайтын Кішіқұм деген жерге жіберіледі. Жүрегі надандық торына шырмалған халқы үшін білім шырағын жағу үмітіне толы жас жігіт жердің шалғайлығына карамай, онда оқытушы болып барады. Онда бірталай қиыншылықтарға кездеседі. Арнаулы салған мектеп үйінің жоқтығы, жабдықтар мен оқу құралдарының жетімсіздігі, балаларын орысша оқытуға ел ішіндегі наразылық көзқарас

—бәрімен жас мұғалім жалғыз күреседі. Балаларды Ыбырай әдісімен орысша оқытады, ғылым негіздерін үйретеді. Сөйте жүріп, Спандияр өзіне тілектес достар табады. Ол ел адамдарына ғылым салаларынан түсінік бере бастайды. Орыс әдебиетінің көрнекті өкілдері Пушкиннің «Дубровский», Н.В. Гогольдің «Өлі жандар» атты шығармалары мен А.П. Чеховтың күлкілі әңгімелері, И.А. Крыловтың мысалдары Спандиярдың ауызша әңгімелері арқылы ел арасына тарай бастайды.

Кейін Спандияр Крылов мысалдарын аудара бастайды. Мұны ол ескі ауылдағы ұнамсыз мінез-құлық пен ел әкімдерінің, бай-шонжарлардың кертартпа көзқарастарын сынауға пайдаланады. Жазушы өз естеліктерінде бірде бала оқытып жатқан үйге Ыбырай деген байдың жас төлдерін әкеп қамағандығын тілге алады. «Үй менікі, бұл үйді салдырған — менмін. Арық-тұрақ төлдерімді далаға қоя алмаймын, мына отырған қу маңқаларыннан маған төл артық», — дейді бай. Бұған ыза болған Спандияр Крыловтың «Көлбақа мен Юпитер» атты мысалын аударып, бай қылығын әшкерелеуге жұмсайды. Оны кешке жиналған достарына оқып береді. «Бүгін мен оларға өлеңмен аударылған «Көлбақаны» оқып бердім, — дейді жазушы. — Бұл тыңдаушыларыма қатты ұнады. Тағы-тағы оқышы деп, екі-үш рет оқытты. Әрі күле, әрі ойлана тыңдап отырған Оспан ағай: «Соңғы бір шумағын қайта оқышы», — деді. Мен қайта оқып шықтым. Ол менің аудармамда:

Болады бір өзіне берсе алла,
Жамандық тілегені бөтен жанға.
Шіркіннің бес тиындық іші ашымас,
Өзі аман, дүниені өрт алса да, —

деген еді.

— Бұл біздің Ыбыкең ғой, — деді Оспанның кіші інісі Хасен. Оның Ыбыкең деп отырғаны Ыбырай бай еді.

— Дәл өзі, — деді тағы бір жігіт.

Оспан ағай «Көлбақаны» көшіріп алды. Осы өлең көп ұзамай-ақ ауылдан-ауылға тегіс тарап, «оқытушының Ыбыкеңе шығарған өлеңі екен» деген хабар жайылып кетті, — деп жазады жазушы Спандияр.

Кішіқұмда жүргенде Спандияр Крыловтың басқа да мысалдарын аударған. Мәселен, Спандияр өз естелігінде: — «Жазда болыстың сайлауы болып, Ыбырай бай қулардың айдауымен болыстыққа таласып, көп шығынданады. Бірақ сайлауда бұрынғы болыс қайта сайланды да, Ыбырай өтпей қалды. Осы оқиғаға байланысты мен Крыловтың «Иттің достығы», «Қара бұлт» деген мысалдарын аудардым. Бұл мысалдар бай-болыстардың намысына тиіп, мені бұрынғыдан да жаман қудалай бастады. Менің үстімнен арыздар да жаудырып жатты», — дейді.

Бұл жағдай Спандияр Көбеевтің басқа мектепке ауысуына бірден-бір себеп болады.

«ҮЛГІЛІ ТӘРЖІМӘ»

1903—1905 жылдар ішінде Спандияр Петропавл уезіндегі Нілді болыстық мектебінде істейді. 1905 жылы жазда Омбы қаласында бір айлық ауыл шаруашылық курсына оқиды. Бұдан кейін ол Петропавлдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне орналасады. Онда 1910 жылға дейін мұғалім болып істейді. Осы жылдарда (1908—1909) ол өзі Кішіқұмда бастап аударған Крылов мысалдарын көбейтіп, жөндеп, баспаға ұсынады. Осы аудармалары 1910 жылы Қазанда «Үлгілі тәржімә» деген атпен басылып шығады.

И.А. Крылов мысалдарын кезінде Абай мен Ыбырай, одан кейін Спандиярдың замандастары Ахмет Байтұрсынов пен Бекет Өтетілеуов те аударған. Солардың бәрінің Крылов мысалдарына жүгінуі кездейсоқ емес болатын. Өйткені, сол дәуірдегі орыс қоғамы мен қазақтың тұрмыс-тіршілігінің, олардағы әлеуметтік теңсіздіктің, зорлық пен әделетсіздіктің ұқсас жақтары да аз болмайтын. Сондықтан қазақ ақындары Крылов мысалдарында суреттелетін арыстан, аю, қасқыр, түлкі сияқты жыртқыштардың қой-қозы, өгіз тәрізді момын жануарларға жасаған зорлығынан ел өмірінің шындығын таныды. Оны тұспалдау арқылы сынауға мүмкіндік алды.

Қаладан шалғайда, қараңғылықтың қаймағы бұзылмаған заманда Ыбырай байдың ауылы сияқты жерлерде Көбеев те осы тәрізді сорақылықтарға тап болады. Оларды жас ұстаз

ақын Крылов үлгісімен сынауға тырысты. Мұның бәрі сол заманның талабы болатын.

Зорлық пен әділетсіздікті ғана емес, надандық пен тоғышарлық, мақтаншақтық пен көрсеқызарлық, әлін білмей, қолдан келмес іске ұмтылушылық сықылды өрескел қылықтарды да Спандияр Крылов мысалдарын аудару арқылы сынға алып отырған. Мысылы ол: «Маймыл мен көзілдірік» атты мысалда біреудің айтуымен көзілдірік алып, оны іске жарата алмаған маймылды күлкі етеді. Мысал идеясы — әр затты өз орнына пайдалану, оның қадірін, бағасын білу. Ал «Аққу, шортан, һәм шаянда» алауыздықты сынау арқылы қазақ халқына ытымақ, бірліктің аса керек екендігін ескертеді.

«Көлбақа мен Юпитер» атты мысалында Крылов әлін білмей әлекке түскен және өз ісінің оңға баспағанына біреуді кінәлайтын тоғышар адамдарды сынайды. Онда батпақты, сулы жерді тастап, тау басына шығып кеткен көлбақа жер кепкен кезде мекеніне жете алмай, тәңірден топан су ағызуды тілейді. Тілегі орындалмаған соң Юпитерге тіл тигізеді. Юпитер оған елге жамандық ойлағанша, ақырындап төмен түс дейді. Бұны Спандияр Көбеев:

Көбі-ақ бұл кездегі адамзаттың
Ұқсайды ғибратына үшбу хаттың.
Көл тастап, тауға шыққан бақадай-ақ
Тілегі бір басына ақымақтың, —

деп, әдемі қорытады.

Крылов мысалдарын оқу, аудару Сандиярдың демократиялық көзқарасының қалыптасуына өзінің зор әсерін тигізді. «Қойлар» мен «қасқырлардың», әлділер мен әлсіздердің, момындар мен жемқорлардың арасындағы күрестерді айтқанда, ол үнемі халықты, әлсіз момынды жақтайды. Оларға зорлық жасамауды уағыздайды. Ақын «Арыстан мен масалар» атты аударма өлеңінде:

Нашарға күлменіңдер күші жоқ деп,
Кемдікке қалдырмаңыз не қылар деп.
Жиылып өңшең жаман кейбір жерде,
Алатын сыбағасын басып көптеп.

Іс етпе күшіне сеніп болсаң мықты,
Кінә қып жоқ нәрсені барды-жоқты.
Аң патшасы кәдуілгі Арыстанды,
Тыңдаңыз сары масалар не қылыпты, —

дейді. Одан әрі күштісінген Арыстанды сары масалардың талап, орманға қуып тыққанын сөз етеді.

«Арыстан мен тышқан». «Жапырақтар мен тамырлар» атты мысалдардың идеясы да қалың бұқараның бойында үлкен күш барын аңғартуға негізделген.

Сөйтіп, Спандияр Көбеевтің тәуір аудармалары өз кезі үшін ғана емес, бүгінгі оқырмандар үшін де мәнін жойған емес. Олардың тәрбиелік те, тәлімдік те мәні аса зор.

«ҮЛГІЛІ БАЛА»

«Үлгілі тәржімәнің» шығуы Спандиярдың шығармашылық өмірінде елеулі оқиға болды. Сондықтан да ол: «Осы жинақ шыққаннан кейін мен жазушылыққа бет бұрдым», — дейді.

Оның үстіне ол өзінің «Орындалған арман» көркем шығармасында: «Маған жазу жұмысы қолымнан келетін іс сияқты болып көрінді. Бірақ ол кезде ең алдымен мектеп балалары үшін қазақ тілінде оқу құралдары керек еді. Сондықтан мен ең алдымен оқу құралын жазып, кітап етіп бастырып шығаруға талаптандым», — дейді.

Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала» атты кітабы 1912 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Ол бастауыш мектептегі қазақ балалары үшін оқу құралы ретінде құрастырылған. Оған ол өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғат жайлы балаларға мәлімет беретін қысқа-қысқа әгімелерді енгізген.

Бұл шығармаларда педагог-жазушы балалар үшін тәрбиелік мәні бар мәселелерді көтереді. Мәселен: «Құмырсқа мен көгершінде» қиын жағдайда екеуінің біріне-бірінің көмектесуін айта отырып, адамды адамға жақсылық жасауға үндесе, «Ат пен есекте» жүгі ауыр есекке көмектеспей, ақырында аттың өзі бейнет көргенін сын астына алады.

«Сауысқан мен қарғада» мылжындықты шенесе, «Екі соқада» еңбекқорлықты мадақтайды.

С.Көбеевтің «Үлгілі бала» еңбегінде өзінің де бір жөн төл шығармаларын енгізген.

Оларда — әлеуметтік теңсіздіктерді, зорлық-зомбылықты, үстем тап иелерінің қатыгездігін әшкерелейтін, жетім-жесірді аяуға үндейтін өлеңдері мен әңгімелері орын алған. «Жетімнің өлеңі» деген шығармасында жастай жетім қалған баланың аянышты тағдырын суреттей отырып, жалпы халықтың азаттық идеясын көтереді.

Мәселен:

Шөлдесең сусын болар көлдер қайда?
Қарын ашса, тамақ болар жерлер қайда?
Қаңғырып, жүдеп-жадап жүргенінде,
Сипайтын маңдайыңнан ерлер қайда? —

деп, жетім тағдыры арқылы, жалпы халық тағдырына ойысады.

«Жетім» өлеңінде шаршап, жаураған жетімді үйіне әкеліп, тамақтандырып, жылы төсекке жатқызған кемпірдің ізгілік, адамгершілік бейнесін әдемі ашады.

Спандиярдың осындай тақырыптағы шығармаларында қалың бұқара өкілі мейірімі мол, ыстық жүректі, кең пейіл адамдар болып суреттеледі. «Жарлы мен бай» әңгімесінде бір жарлы бай есігіне барып қайыр сұрап кетпеген соң, бай оны таспен ұрады.

Кедей тасты алады да, «сені ұратын күн туғанша сақтаймын» дейді. Бірақ кедей, бай кедейленген кезінде де оны ұрмай, аяйды. Ал, «Қайыршы» өлеңінде қайыршы шал елден жинаған табыстарын жарлы-жақыбайларға бөліп береді.

Сөйтіп, Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала» кітабының маңызы оның алғашқы оқу кітаптарының бірі екендігінде ғана емес, ондағы шығармалар оның жазушы ретіндегі демократтық, ағартушылық көзқарасының толыса түскендігінің айғағы деуге болады.

«ОРЫНДАЛҒАН АРМАН»

1951 жылы Спандияр Көбеев «Орындалған арман» атты мемуарлық кітап жариялады. Кітап 1954 жылы өңделіп, екінші рет басылды.

«Орындалған арман» — педагог-жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Онда автор заман шындығын әр қилы оқиғалар мен адамдар тағдыры арқылы көрсетеді. Кітапты оқып отырғанда, ең алдымен, өзінің көп жылдық өмірін халық қызметіне арнаған, екі дәуірді басынан кешірген, талай қилы кезеңдер, қалтарысы мол жылдардан өтіп, халқына адал қызмет еткен, көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген қарт пен педагог-жазушының бейнесі көз алдыңнан өтеді, оның көзқарасының қалыптасуы нанымды суреттеледі. Айналасында болып жатқан өзгерістерге бақылаушы болып сырттан қарап тұрмай, С. Көбеев өмірге етене араласып жүреді. Сондықтан оның қандай оқиғаға болмасын өз көзқарасы, өз қатынасы бар.

Жазушы өз бейнесін қазық етіп ұстайды да, ескі қазақ аулындағы байлар мен кедейлер арасындағы стихиялық қақтығыстар, жер дауы, жесір дауы, 1905 жылы алғашқы орыс қақтығыстарының қазақтарға әсері, 1916 жылғы көтеріліс, орыс-қазақ достығының нығаюы жайын кейде кесек оқиғалар, кейде шағын эпизодтар арқылы айқын көрсетіп отырады. Шығарманың негізгі кейіпкері ел басындағы ауыртпалықты бірге көтереді, қолынан келгенін халық мүддесі жолына жұмсайды.

Кітапта Ыбырай Алтынсариннің халық мүддесі жолындағы қызметін көрсетуге бірсыпыра көңіл бөлінеді. Автор қазақ даласында алғаш мектептер ашқан, сол мектептердің біріне өзін оқуға орналастырған ағартушы-педагогтің жарқын бейнесін жасайды, онымен кездесулерін әсерлі баяндайды.

Автор ескі ауылда етек жайып, оны рухани жүдеткен қараңғылық пен надандықты әшкерелейді. «Қара баксының хикаясы», «Надандық құрбаны» атты тарауларда өлмелі шалдың жас қызды алып азапқа салғанын, надан елді алдаған басқы-балгерлердің топастығын көрсетеді. Сүйген қызы

Сағиланы өлімге душар еткен даланың тоң мойын, суық жүрек тағы адамдарын (Нұржақып) еске алады.

Кітаптың соңғы бөлімін Спандияр өзінің Кеңес үкіметі жылдарындағы қызметіне арнаған.

Спандияр өмірінің соңғы жылдарына шейін өзінің туған ауылы Ақсуаттағы (Мендіқара ауданы) он жылдық мектепте оқытушы болып істеді. 1956 жылы 21 желтоқсанда 78 жасында қайтыс болды.

«ҚАЛЫҢ МАЛ» РОМАНЫ

«Қалың мал» романы — қазақ әдебиеті тарихындағы қара сөзбен жазылған алғашқы көлемді шығармалардың бірі.

Роман тақырыбы — әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы мәселесі. Тақырыпты таңдау және жазу себептері жайлы жазушының өзі былай дейді:

«Романды жазуға тағы бір ең басты себеп болған нәрсе — қазақ әйелінің қас жауы, қазақ әйелдерін теңсіздікте, қорлық-зорлықта тұтып, малға тенеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу мақсаты еді. Демек, роман арқылы феодалдық шірік салтты әшекерелеу, қалың халық бұқарасын одан бездіру, әйелдерді азаттық күреске шақыру еді».

XX ғасырдың бас кезіндегі халықты отаршылықтан азат ету, теңдік үшін әлеуметтік күрес кезінде қазақ әйелдерінің тағдыры айрықша көзге түсті. Қалың мал, көп әйел алушылық, әменгерлік салттары ескіріп, оған қарсылық та молая бастап еді. Теңіне бара алмаған, әйел үстіне тоқалдыққа малға сатылған қыз ғана емес, оның тілектестері — анасы да, жеңгесі де, сіндісі де, қыздың сүйген жігіті де, жаны ашыр ағайыны да, туған-туысқаны да қыз мұңына қосыла дауыс көтереді. Ол кездегі әлеуметтік теңсіздік мәселесін әңгіме еткенде, ең алдымен әйел мәселесі сөз болатын себебі де осында.

1905 жылы буржуазия-демократиялық төңкеріс езілген ұлттардың оянуына, ұлт аймақтарында қоғамдық ой-пікірдің жандануына үлкен себепкер болғаны мәлім. Әлеуметтік өмірдегі осындай өзгерістер лебі қазақ ауылында да сезілді. Ескіліктің қатал тәртібіне, феодалдық әдет-салтқа қарсы бой көтеру белең алды.

«Елден шыққалы жиырма шақты күн болып қалды, — дейді «Қалың мал» романының бір кейіпкері Байғазы би. — Бас ауылнай жағына барып, съезд құрып келеміз. Халық арасында бір-біріне ауысқан-түйіскендері бар, тоқты-торымдай жанжалдары бар екен, сондайларды бітіріп келеміз. Елде дау-жанжал мұндай көп болар ма! Ел де бұзылып біткен ғой, әсіресе жесір дауы-ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айырылған келіншек, кейбіреулер құдасынан айырылмақшы... Құрекеннің (Құрымбай биді айтады. С.Қ.) пышағы май үстінде, қалтасы да толған шығар».

Бұл — сол заманның шындығы еді. Дәуір лебін сезініп, «бостандық», «азаттық» деген сөздер құлағына іліне бастаған халық арасында, осындай аласапыран істердің туа бастауы да заңды. Кедей байдан неше жыл ала алмай жүрген ақысын даулайды (Байғазының «халық арасында бір-біріне ауысқан-түйіскендері бар, тоқты-торымдай жанжалдары бар екен» деп майдалап отырғаны осы), жастай малға сатылып, шалға тиген қыз өз басына азаттық алуға ұмтылады, т.б.

«Қалың мал» романында қазақ әйелінің теңсіздігімен бірге ескі патриархалдық әдет-ғұрып сыналады, қазақ ауылындағы таптық жіктелушілік пен байлардың қалың бұқараға жасап отырған озбырлығы суреттеледі.

Жазушының бағыты айқын. Ол феодалдық салт-шырмаудан босатып, әйелді сүйгеніне қосуды, қалың малды жоюды ұсынады. Екіншіден, байлардың зорлығына қарсы кедейлердің бой көтеруін мақұлдайды. Бұл — романда Бірке, Әлкен, Жүністердің іс-әрекеті арқылы көрінеді.

Жазушы төңкерістен бұрынғы кедейлер өміріне үлкен аянышпен қарайды. Тұрлығұл байдың Медеу руына жасаған зорлығын суреттей келіп, «Әй бишара кедей-ай! Саған атар таң, шығар күн бар ма екен!» дейді.

Романның негізгі идеясын автор характерлер арқылы ашуға тырысады. Олар көзқарасы, іс-әрекеті жағынан екі түрлі. Бір жағында Ғайша, Қожаш және олардың жақтастары болса, екінші жағында Итбай, Тұрлығұл мен олардың тілектестері көрінеді. Роман осы екі көзқарастың тартысына құрылған. Тіпті Қожаш пен Ғайша арасындағы сүйіспеншілік, махаббат жайы да осы әлеуметтік күрес идеясына бағындырылады.

Ғайша бейнесі

Романның басты кейіпкері — Ғайша. Шығарманың негізгі түйіні қазақ әйелінің теңсіздігі мен оны кіріптарлыққа душар еткен қалың мал — осы Ғайша өміріне байланысты.

Ғайша—сол кездегі қазақ әдебиетіндегі жаңа бейне. Ол қалың малға сатылып, әкесінің еркімен сүймеген адамына бармауға бекінеді, өз бостандығы үшін күреске шығады, өзіне тең, адал жар іздейді. Тұрлығұл үйіне барып мал әкеліп, байдан көрген сый-сыяпатын айтып жеткізе алмай отырған Итбайға өз наразылығын өлеңмен естіртеді:

Әй, аға, шыныңменен шалға беріп,
Ғайшаның теңін таппай, малға беріп,
Жиылған ағайынға отырғаның,
Біреудің бақ-дәулетін қызық көріп,
Мен сорлы екі-үш күннен отқа түскен,
Отырған ажал жетпей қалуға өліп.
Жүрегім, басым дал боп, ішім күйіп,
Қайғылы, уайымды, шаттық сөніп.
Қор болу қиын емес екендігін
Түсініп, есіме алдым бүгін біліп.
...Ғайшаның ұзақ жатыр жылар күні,
Халықтың бұл қалай деп сынар күні,
Ескермей ешбір нәрсе жүруші едім,
Бар ма екен қасірет-қапа шығар күні!
Ғайшаның теңі қайда, елі қайда?
Кешегі уайымсыз күні қайда?
Қалқамды сүйгеніне берем дейтін,
Әкенің жаны ашырлық сөзі қайда?
Көз жасыма, ренішіме қаламысың?
Балаңды от пен суға саламысың?
Болмаса, жаның ашып, жалғызынды
Айырып жау қолынан аламысың?

Ғайшаның әкесіне айтқан бұл өлеңінен басына іс түсіп, не істерін білмей дал болған шерлі адамның ауыр күрсінісі сезіледі. Өзегі өртеніп, қасірет пен өксікке тұншыққан қыз үні әкеге тек жалбарыну емес, оған айып артқандай естіледі.

Файша осы өлеңімен феодалдық ескі салт-санаға, әдет-ғұрып заңына қарғыс айтады.

Бірақ малдан басқа сенері де, сүйенері де жоқ Итбай Файша мұнын түсіне алмайды, жанына жара түскен қызына мейірім көрсетпейді, осыдан барып Файша бас бостандығын іздеудің басқа жолын қарастырады. Өзіне тең, басына азаттық берер ер іздеген Файша Қожашпен кездесіп, қашып кетеді.

Жазушы Файшаны «сұлу, ай десе аузы, күн десе көзі бар, киген киімінде бір кіршік жоқ, бармақтары майысқан, талбойы шыбықтай» деп суреттейді.

Қожаш және оның достары

Қожаш және оның жолдастары — Жүніс, Әлкен, Біркелер Файша бейнесін толықтыра түсетін, бас бостандығын аңсаған жастар.

Қожаш — кедей таптың өкілі. Файшаның теңіне қосыла алмауы сияқты, Қожаштың да өзі теңдес қызды айттыра алмастай себебі бар еді. Оның қалың беріп, қыз айттырарлықтай шамасы жоқ. Қалың мал Файшаны ғана жылатып қоймайды. Қожаштың да қолын байлайды.

Тұрлығұлдың Файшаны айттыруы мен Итбайдың қалың мал алып, қызын ұзатуға даярлануы, қыздың бұл іске наразылығы Қожаш әрекетін жеделдете түседі. Ол Файшамен көңіл қосып, оны алып қашады, бұл істе оған жолдастары көмектеседі.

Жүніс, Бірке, Әлкендер — Тұрлығұл, Байғазылардың тізесі талай батқан кедей ауылдың бас көтерер жастары. Тұрлығұл мен олардың арасындағы тартыс арқылы жазушы қазақ ауылындағы таптық жікті, олардың шиеленісе бастағанын көрсетеді. Кедей ауылдың жігіттері өздерін жазықсыз жәбірлеушілерге қарсы стихиялық түрде болса да, бой көтеріп, қарсы тұра бастайды. Олар Кеңшалғынды даулап, ауылына келген би-болыстарды жанжал шығарып, түсірмей жіберуге дайындалады, ұрыншақ, тентек бай баласы Шалқанды сабайды, т.б.

Тұрлығұлдың Файшаны айттыруы мен Қожаштың қызды алып қашуы туралы ойы — тек Жүніс, Әлкен, Біркелер ғана

емес, Тұрлығұл тізесі батқан көп адамның ескі жарасының аузын ашады. Олар ел болып Ғайшаны Қожашпен қашырып жіберуге, сөйтіп Тұрлығұлдан кек алуға бекиді.

Серғазы Ғайшаны Тұрлығұлға беруге ашық қарсы бола алмаса да «Ғайша жас, Тұрлығұл алпыста ма, әлде одан да артық па, аппақ шалға барып бишара қалай адам болады? Бишарада күнә жоқ, қайтсін байғұс, қалай зарламасын? Обал!...Обал!.. Алғашқы кезде, осының обал-сауабына кіріскендей болып ем, енді реті келсе құтылуына себепкер болсам» деп ойлады. Кейін Серғазы өз басына келетін ауыртпалыққа қарамастан, Қожаштың Ғайшаны алып қашуына көмектеседі.

Қожаштың Ғайшаны алып қашуы, Тұрлығұлдың жеңілуі — ескі қазақ ауылының сүйегіне сіңіп, берік орын тепкен әдет-ғұрып заңына берілген қатты соққы еді.

Итбай бейнесі

Ұнамсыз кейіпкерлердің ішінен ерекше дараланып, әр жақты суреттелетін тип — Ғайшаның әкесі Итбай. Шала молдалығы бар, бірақ онымен берекелі мал тауып көрмеген бұл адамның есіл-дерті — баю, мал жию. Ол Тұрлығұлдай бай болуды армандайды. Дүниеқоңыз, малқұмар адам баю жолындағы кедергінің бәріне де өзінің өресіз әрекетімен қарсылық көрсетіп, Ғайша арқылы дәулет жинап қалуды көздейді. Тұрлығұл байдың бәйбішесінің өлуі мен оның Ғайшаға сөз салуы Итбайдың тәңірден сұрап ала алмай отырған тілегі еді. Сондықтан ол Тұрлығұл құдалыққа кісі жібергенде қатты қуанады.

«Бұл Тұрлығұл байға біздің Ғайшажанды айттыра келген шығар, қазыны бұзбай сал» — дейді Итбай әйелі Айсұлуға.

Итбайдың мінездеуде көрнекті рөл атқарып тұрған осы бір деталь оның жомарттығын аңғартпайды. Әйтеуір қонақтардың көңілін тауып, олардан құдалық туралы жылы сөз естіп қалуға асығады ол.

«Егер Ғайшажанды айттыра келген болса, он құлынды бие сұрасам ба екен, болмаса таза мың теңге ақша сұрасам ба екен. Қой, ақшадан да он құлынды бие дұрыс болар, бес-алты жылда, құдай бұйырса, жүзге тарта жылқы болмай

ма? Жазғы қызығының өзі қандай, үй сыртына ұзын желіні құрып, шыңғыртып байлап жатқан қандай?.. Құдай тілекті берсе, мұратқа жетсем!».

Малдан басқа көрері де, арманы да жоқ сасық байлыққа құмар Итбай қызын сатып баюды осылай қиялдайды. «Осы қалқам ер жетіп, бай жерге беріп, көп мал алсам» деген оның өмір бойы тілегі еді. Сондықтан Тұрлығұлға Файшаны беруге тез келіседі.

«Файшажанға сенің жаның ашығанда, менің жаным ашымай ма? Бара бәйбіше болатын орын емес пе? Арманың не? «Файшажанды жылатып қойған сен итсің ғой! Ендігері жылағанын маған естіртпе!»

«Сен Файшажанды шалға бердің деп жаратпаған болып жүрсің-ау! Ит болмасаң, құдай сонша ма, сондай дүние берген кісіні адам кеміте ме екен! Ен дүниеге бара күмп ете түсетін Файшам бақытты емес пе? Тұрлығұлдың ел десең, елі бар, мал десең, малы, бақ десең, бағы бар. Сол ел, бақ, мал, Файшанікі емес пе?»

Бұл — Итбайдың әйеліне ренжіп айтатын сөздері. Бұдан оның ой-пікірі анық көрінеді.

Итбай бейнесін жасауда жазушы юморды шебер пайдаланады. Ол Итбайдың теріс мінез, оғаш қылықтарын үнемі келекелеп, сынап отырады.

Жазушының суреттеуінде, Итбай тек малқұмар, дүние қоңыз адам емес, данққұмар, данғой, мақтаншақ адам. Онда өз шаруасына пысықтық, ұқыптылық, тәкаппарлық, менмендік мінез бар. Байи қалған күнде Итбай сарандығымен ғана емес, жалпы адамгершілігінің төмендігімен аты шыққан қатыгез қазақ байларының қай-қайсынан болса да кем түсе қоймас еді. Оның ойлауынша, байлық болса, қалған дүние өзі құрала береді. Данқ, атақ, абырой, бедел, тағы басқалары Итбай үшін — байлық төңірегіндегі қоңсы дүниелер.

Тұрлығұл үйіне барып келгеннен кейін Итбай әңгімесі үнемі сол үйдің байлығы, құрметі жайында болады. Жолшыбай қалтасына қолын салып, бай берген ақшаны қайта-қайта сипайды. Жаздыгүні сауатын биелерін санайды. «Сен ит қымызды әркімге бір құйып, шалпуыштап, астың берекесін алатынсың. Енді қалыпты бәйбішенің салтымен

бұдан былай асты берекелендіріп ұста», — деп әйеліне ұрсып қояды. Бұрын мал мен ақша көрмеген адамның байлыққа мас болуын жазушы осы эпизодтарда реалистікпен суреттеген.

Файшаны ұзатарда Итбай жасау алу үшін қалаға барады. Көп дүкеннің ортасында тұрып:

— Екі жүз елу сомның саудасын істеймін, қайсың маталарынды арзан бересіндер, — деп айғай салады. Сауда жасап болған соң дүкеншіге:

— Енді, бай, шынынды айтшы. Өзің ес білгелі мендей тұтас екі жүз елу сомның саудасын істеген кісі бар ма? — деп сұрайды.

Бұл айтылғандар Итбайдың шебер жасалған реалистік бейне екенін көрсетеді.

Тұрлығұл бейнесі

Романдағы ұнамсыз кейіпкердің бірі — Тұрлығұл. Жазушының суреттеуінде ол — «ұзын бойлы, мес қарын, түксиген қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймыққандай, елге зәбірлі, көршілеріне мазан, қатал мінезді адам». Сыртқы бейнесі осындай Тұрлығұлдың іші де — толған арамдық пен надандық. Ол — «шынжыр балақ, шұбар төс» атанған ескі ауылдың байы. Тұрлығұл жалпы адамшылық қасиеттерімен, жақсы қылықтарымен емес, елді өзінің байлығымен сатып алғысы келеді. Байлық — ол үшін жақсы, беделді болудың кепілі. Тұрлығұл өзінен гөрі малына көбірек сенеді. «Маған бермегенмен де, малға береді ғой» дейді ол Файша жайын алғаш сөз еткенде.

Осындай малға ғана сүйенген, одан басқа сенері де, сезері де жоқ, сасық бай Тұрлығұл — сезімсіз, топас, қара жүрек адам. Жасының жетпістен асып кеткеніне қарамастан, ол малға сатып жас қыз алады. Файшаның жасына, обалына қарамайды.

«Мұның өз күнн өзіне көп қылайын — деп ойлайды Файшаның көнбейтінін білген бай. — Әлде болса бір жеті, он күн байқап, егер бұл қылығын қоймаса, осы малдың арқасында тағы бір қатын алайын. Сөйтіп мұны күң есебінде жұмсайын».

Бұл үзінді көп қатын алуды жақтайтын надан байдың түйсік-түсінігін айқын көрсетеді. Тұрлығұлдар өз кезінде мұндай құқын шексіз пайдаланады. Олар, біріншіден, патриархалды-феодалдық қоғамның салт-санасы мен әдет-ғұрпына, екіншіден, патша үкіметі мен оның чиновниктеріне сүйенді. Бұл екі заң да Тұрлығұлдар құқын шексіз қорғайды.

Жазушы Тұрлығұл бейнесі арқылы сол кездегі қазақ байларына тән типтік характер даралайды. Автордың айтуынша, оның прототипі Кішіқұмдағы Ыбырай бай. «Тіпті Тұрлығұлдың түрі-түсі, жалпы сыртқы пішіні, мінез-мұлқы Кішіқұмдағы Ыбырай байдың айнымаған бейнесі деуге болады. Тұрлығұлды көр де — Ыбырайды көр. Алайда, романдағы қаһарманда жеке бір адамның ғана бейнесі емес, сол уақыттағы өмір шындығына тән кейіпкер жиынтығы деп білуіміз керек» — дейді С. Көбеев.

Романда суреттелетін Байғазы, Құрымбай деген билер де Тұрлығұлмен тамырласып, байланысып жатқан ескі ауылдың әкімдері. Жазушы олар жайлы «Бетіне жан келмейтін билер». Айтқаны келіп, атқаны тимеген жер жоқ. Екеуі де өлгенше парақорлар, жемқорлар, кісі етінен басқаны арамсынбайтындар», — дейді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. С. Көбеев өмірі мен қызметінің Ыбырай Алтынсаринге ұқсастығы неде? «Орындалған арман» кітабынан Спандиярдың Ыбыраймен кездесуін, ұстазы жайлы ой-пікірлерін тауып оқыңдар.
2. Спандияр жазушылық жолға қалай келді? Оның Крылов мысалдарын аударуына себеп болған жағдайлар қандай?
3. «Үлгілі бала» кітабына кірген әдеби шығармалардың идеялық мазмұнын ашыңдар.
4. «Қалың мал» романын жазуға себеп болған жағдайлар қандай және жазушы ол роман арқылы нені көрсетпек болды?
5. Романның басты кейіпкерлері кімдер? Оларға қысқаша сипаттама беріңдер. «Қалың мал» романының ұнамды кейіпкерлері деген тақырыпқа шығарма жазыңдар.
6. «Орындалған арман» кітабын Спандияр қай кезде жазды және онда нені көрсетті?





СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ (1893—1920)



Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылдың 28 қазанында Омбы уезінің, Шағырай болысында, Қарауыл Шабар ауылында дүниеге келеді. Әкесі Шоқпыт атанған (шын аты Әбубәкір) кедей, момын, ақкөңіл адам болған екен. Шаруасы күйсіз Шоқпыт Қарауыл еліндегі бай жездесіне паналап, соның малын баққан. Сонда үйленген. Сұлтанмахмұт пен Байқоңыр (Бәшен) деген балалары да сонда туған.

Сұлтанмахмұттың екі жасында шешесі өліп, болашақ ақын жетімдік пен жоқшылықтың тақсіретін көріп өседі. Әйелі өлгеннен кейін балаларын алып, Шоқпыт өзінің туған жері — Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшіп барады. Сөйтіп, ақынның балалық шағы сонда өтеді.

Әкесі Шоқпыттың көмегімен алты жасында хат таныған Сұлтанмахмұт, біраз уақыт ауылда Әлі, Тортай, Мұқан деген молдалардан сабақ алады. Солардың ішінде Мұқан молда ғана жас баланың ынта-жігерін, әдебиетке деген құмарлығын түсініп, көмек қолын созады. Өзі де аздап өлең жазатын болған. Шығыс әдебиетінен хабары бар Мұқан Сұлтанмахмұттың ақындық талабын қолдап-қуаттайды. Сондықтан да жас ақын өзінің «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» атты өлеңінде:

Әкемнен «Әліп-биді» үйде оқыдым,
Үйреніп намаз, сабақ жат тоқыдым.
Әлі молда алдында дәл екі жыл
Әр түрлі ескі кітап бір, шоқыдым.

Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс аяған жоқ ойда барын.
Ғылымның орны бас пен көкіректе,
Бүйір шығып, кампия тоймас қарын.
Ұйықтасам да, көңілім оқуға алан,
Лепес қып өзі бастан ақын бол деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған, —

деп, өз ойын алға тартады.

1908 жылы Сұлтанмахмұт Баянауылдағы Әбдірахман молданың медресесіне түсіп, онда екі-үш жылдай оқиды. Өз үйінде жатып оқыған баланы молда малай орнына жұмсайды. Оның үстіне катал ұстап, әр түрлі сылтаулармен ұрып-соғатын да болады.

Сұлтанмахмұт молданың надандығын, каталдығын айтып өлеңдер шығара бастайды. Молда оны одан әрі жаза-лап, өлең жазуына тыйым салады. Ондай каталдыққа шыдамаған ол оқуын тастап кетеді. Олардан жарытымды білім ала алмаған, әрі каталдығын көрген болашақ ақын, молдалардың надандығын, ескі діни мектеп ешнәрсе бере алмайтындығын өлең жолдарына қосады. Бұл оның «Орнымыз — медресе оқып жатқан», «Дін», «Соқыр сопы» сияқты өлеңдерінде ашық сыналады. Ақын:

Молда көп «молда» деген атын сатқан,
Бас алмай өтірік соққан шарифаттан.
Өзі хат білмесе де «оқуы» көп,
Бас айналған, мылжыңнан діңкең қатқан, —

деп түйрей түседі.

1911 жылы Сұлтанмахмұт бір қыс бойы Нұрғали деген мұғалімнен сабақ оқиды. Ол жаңаша оқыған адам болғандықтан, оқушыларын пән негіздерімен таныстырып, олардың білімге деген ынтасын арттыра түседі. Нұрғалидің көмегімен

Сұлтанмахмұт қазақ, татар тілдерінде шыққан көркем әдебиеттермен, газет, журнал оқуға дағдылана түседі. Болашақ ақын одан әрі оқуды армандай бастайды.

ТРОИЦКІДЕ

Осы мақсатпен Сұлтанмахмұт 1912 жылы Троицк қаласына барып, онда Ахун Рахманқұли деген татардың медресесіне оқуға түседі. Бірақ ол онда ұзақ оқи алмайды. Тұрарға үй таппай, әрі қаражаты болмай көп қиыншылық көрген Сұлтанмахмұт ауруға шалдығады. Қатты жүдеп кетеді. Соның салдарынан медресені қыс бойы ғана оқып, жазғытұрым Троицк маңындағы бір ауылға бала оқытуға кетеді. Ондағы ойы — бала оқыта жүріп, денсаулығын көтеріп, қаражат жинап алып, қайта оқу іздеу болды. Мектептен бос кезінде өзінше ізденіп оқып, өлеңдер жазады.

Сұлтанмахмұттың бұл кезде жазған өлеңдерінен оқу-білімге деген құмарлық айқын байқалады. Жас ақын өз талабын бүкіл ел қажеті, халық мүддесі тұрғысынан түсіндіреді. Халықтың қараңғылық күйден шығуы үшін өнер-білімнің қажет екенін айтып ағартушылық идеяға көтеріледі.

Ақын өзінің бұл тақырыптағы өлеңдерін қазақ жастарына арнайды. «Оқып жүрген жастарға» атты өлеңінде ол лирикалық кейіпкер атынан сөйлеп, оның оқуға деген ынтасы мен келешекке деген сенімін сипаттайды:

Үмітпенен жоқ қуған,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтып қаламыз.
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ, бәрін шаламыз.
Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз, —

дейді ол. Өлеңде ынталы жас ұрпақтың өнер-білім игерсек, өмірден керегімізді аламыз деген сенімі ашық берілген.

Ақын оқудың мақсатын халыққа пайдалы қызмет ету міндетімен байланыстырады. «Шәкірттерге» деген өлеңінде өз замандастарына: «Ұйқы басқан миллатыңды — ұлтыңды көр, соларды оят, ілгері баста, ол үшін өнер-білім үйрен», — деп ашық айтады:

Миллаттың кел де берік, ал жастары,
Қызмет қыл өткір қылыш, алмастары.
Бәріміз қуат қосып, бірге тартсақ,
Анық қой надандықта қалмастары, —

дейді. Осы идеяны ақын «Оқуда мақсат не?» деген өлеңінде одан әрі тереңдете түседі. Яғни, оқудың мақсаты — молда болып, ескілікті бағу емес, әкім болып, шен тағу да емес, өнер табу, халыққа пайдалы іс істеу деп түсіндіреді. Өлеңде сондай жолды қуушыларды кекете сынау сарыны бар. «Жемтік көрсе тістей қататын» молданың арам мінезі мен «тілмаш боп, жем табуға» ұмтылушыларды ол жек көреді. Сөйтіп, ол замандастарын:

Өнер-білім алуға,
Алға қарай баруға,
...Миллат көзін ашуға,
Терістікпен қашуға,
Заманаға көз салып,
Аяқты жөндеп басуға, —

деп үндейді.

Сұлтанмахмұттың бұл тұста жазған өлеңдерінде ізденіс, ұмтылыс сарыны күшті. «Шығамын тірі болсам, адам болып» деген өлеңінде ол:

Шығамын тірі болсам, адам болып,
Жүрмеймін бұл жалғанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып.
Мен — балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белін буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған, —

деп, ақындық, азаматтық бағдарламасын ұсынады. Өзінің іздену жолындағы зор талабын, асқақ қиял-арманын ол лирикалық кейіпкер бойына дарытады. Осыдан бастап ақын өлеңдерінің кейіпкерлерінде шарқ ұрып талмай іздену басталады. Сол жолда ол нелер қиыншылықты жеңуді міндетіне

алады. Өзін «жарық күн іздеп, сәуле қуған халық баласы» деп атайды. «Елдің бетін толған айдай болып көруге» уәде береді.

Осы ойын жалғастыра отырып, Сұлтанмахмұт «Ендігі бет алыс» өлеңінде:

Тұрмыста үмітім көп жеңем деген,
Жеңуге жігерімен сенем деген.
Ырқыма менің жүрер қай дүние,
Көнбесе өз ырқыма өзім денем.
Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен,
Баспаспын жаман жолға көнуге мен,
Ақтармын оқып жетіп адам атын,
Басқаға жоқ ықылас бөлуге мен.
Менде жоқ қажу деген, ашу деген,
Торығып болымсызға, жасу деген.
Ісіне құрт-құмырсқа ілтифатсыз,
Ойымда тек сол белден асу деген.
Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ бір табармын деп көңілім сонда, —

деп жазады. Өз ойын бекіту үшін ол өлеңінде Сократтың «Адам құл өзін жеңіп ұстамаған» деген сөзін келтіреді. Ақын қиындыққа шыдап, ерлікпен төзе білсе, мақсатқа жететініне күмәнданбайды.

Сұлтанмахмұт — тым ерте оянған және халық, ел мұңын ерте түсініп жырлаған ақын. Осы бала жігіт (19—20 жаста) кезінде жазған өлеңдерінің өзінде ол әлеуметтік теңсіздікті, қазақ халқының қоғамдық өмірінің мешеулігін, ескі ауылды езіп-жанышқан әдет-ғұрып заңдарының қырсығын жіті көреді. Өз дәуірінің озат ақыны есебінде аталған ауыртпалықтардың серпілуін аңсайды. Сондықтан ол қараңғылықпен мешеулік өмірді, үстем таптың озбыр өкілдері мен дін адамдарын, олар берік ұстап отырған феодалдық салтты аяусыз шенеді. Қазақ халқының күнкөрісін, тіршілігін басқа елдермен салыстыра суреттеу арқылы айтар ойын оқушысына шебер жеткізе білді. «Анау-мынау» өлеңінде ол:

Анау қырда татар тұр,
Басқалармен қатар тұр.
Мынау қырда қазақ тұр,
Бастарында азап тұр, —

дей келіп, осы азапты өмірге себеп болып отырғандарды санап өтеді. Олар — ишандар, молдалар, мырзалар, болыс-билер, т.б. Сұлтанмахмұт осылардың әрқайсысына қысқаша мінездеме береді. Ұлт, халық қамын ойламай, «тоқты-торым жиып», өз құлқын қамдап жүрген ишандарды, кедейлерді дінмен қорқытып, байлар алдында құрдай жорғалайтын алдампаз молдаларды, паракор болыс-билерді, сайлауға сабылып жүрген мырзаларды сынайды. Малына сеніп, жас қыздың соры болған надан шалдарға ызасын білдіреді.

Алға басудың жолын Сұлтанмахмұт жігерлі талапта деп түсінеді. Келешек — күресшіл, өр мінез жастардікі, өмір иесі солар деген үміткер пікір айтады. «Бір балуанға қарап» деген өлеңінде бұл ойын:

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең,
Тәуекел, күреске түс, бардағы жең.
Дүниеде барлығынды кім біледі,
Үйінде ынжықтанып отырсаң сен, —

деп тұжырымдайды.

«Қымыз» атты өлеңінде Сұлтанмахмұт ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктің көріністерін анық таниды. Ол қымыз ішкен топ ішінен құдайына сыйынып, баталарын жаудырып отырған «Қажы, сопы, кожа, молданы», «Мырза-еке, ие, солай» деп бас изеткен ел басшыларын бөле қарайды. Сол топқа кіре алмай жүрген кедейлерге аяныш білдіреді.

Кәсіпсіз көзін сатқан сорлы кедей,
Қоя ма піспек андып тентіремей.
Атағынды көтерер, алғыс айтып,
Байғұсқа бір, жұтқызсаң, кет, шық, демей.

1913 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт Троицкіге қайтады. Онда келіп, «Айқап» журналының редакциясына қызметке орналасады.

«Айқапта» істей жүріп, Сұлтанмахмұт шығармашылық қызметін үдете түседі. Журнал беттерінде бірнеше өлендер (осы өлендердің көпшілігі сол жылы «Айқапта» басылған) мен «Ауырмай есімнен жаңылғаным» атты әңгімесін, «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең және айтушылары», т.б. мақалаларын жариялайды. «Қамар сұлу» романын жазуға кіріседі.

«Айқап» редакциясында Сұлтанмахмұт ұзақ істемейді. Сол дәуірдің қайшылықты, талас-тартысы мол жағдайында бірбеткей, қайсар ақын ешкіммен ымыраға келе алмайды. Ескілік, ру таласын қоздырушылар оның соңына түседі. Ойындағысын тіке айтатын, шапшаң мінезді Сұлтанмахмұт ақырында редакциядан кетуге мәжбүр болады.

БАЯНАУЫЛДА

1914 жылы жазда Сұлтанмахмұт Баянауылға барады. Өз ауылында біраз бала оқытып, қаражат жинап алып, үлкен қалалардың біріне оқуға кетуді ойлайды. Ел жастарын оқуға, мәдениетке бастар мәдени-ағарту ұйымын (өзі оны «Шоң серіктігі» деп атаған) құруға талап жасайды. Ұйымға қаражат жинау мақсатымен ол өзінің ауқатты аталас туысы Шорман ауылында болады. Бірақ Шорман балалары ақынға көмек көрсетпейді. Оларға ренжіп аттанған Сұлтанмахмұт Шорманның Садуақасына қоштасып тұрып:

Шоң, Шорман едік,
Бір-бірімізге қорған едік.
Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары
Бұтағыңа келіп қонған едік.
Онымызға қарай сіз де:
«Кім келіп, кім кетпеген ауыл едік», —
Деп бауырлығыңды білдірмей,
Арқанның жауырлығын білдірдің ...—

депті.

«Шоң серіктігін» ұйымдастыру идеясының іске аспауы «Айқаптан» ренжіп кеткен Сұлтанмахмұт үшін тағы бір соққы болады. Ақын өз ортасына, оның адамдарына деген

сенімін жоғалтып, жалғыздық сезімге беріледі. Оның осы кезде жазған өлеңдерінде лирикалық кейіпкердің дарашылық сипаты көбірек байқалады.

Малға басын имеске,
Рия тонын кимеске,
Кісінің құрметін сүймеске,
Өз ісіме тимеске,
Кісі тіліне ермеске,
Қазақшылыққа сенбеске,
Аштан өлсем, адамға
Намысымды бермеске,
Май тамызса тілінен,
Еш адамға сенбеске,
Өз ақылымнан басқаға көнбеске,
Кәміл уағда етілді, —

депті ол Шорман ауылынан аттанып бара жатқанда.

Тағдырға наразылығын, ел адамдарына сенімінің жоқтығын айтқанмен, Сұлтанмахмұт өмірден түңілмейді. Онда тұрмыстың ауыртпалығына өжеттікпен қарсы тұру сезімі молырақ көрінеді.

Ден сау болса, тағдырдың
Көкке ұшырам күлдерін,
Түрлентемін гүлдерін,
Жігермен талап еткен соң,
Қоям ба екен сүлдерін...
Серпіп тастап түндерін,
Туғызамын күндерін!
Қаңқылдатып қаздарын,
Шығарамын жаздарын!, —

деді ол «Тұрмысқа» деген өлеңінде.

Ақын тағдыр ісіне өзінің «менін» қарсы қояды. Адамның өз еңбегімен, өз күшімен өзіне бақыт, жол іздеуін мақұлдайды.

Жақсылық көрсем — өзімнен,
Жамандық көрсем — өзімнен.

«Тағдыр қылды» деулерді
Шығарамын сөзімнен.
«Өзім қылдым» деулерді
Таса қылман көзімнен.
Жазалы емес құдай да,
Күн мен жұлдыз һәм ай да.
Жұмақ күткіш наданның
Орны тозақ әр қайда.
«Теңгелер соңыра» деген сөз —
Тек жұбатқан бір айла.

Бұл өлеңдер Сұлтанмахмұттың қандай күйде болса да, келешектен үміт үзбеген өр, романтикалық сезім күйін, зор талабы мен асқақ арманын танытады. Ақын мұңын бәрін әділет іздеу жолымен байланыстырады. Өзінің надан, қараңғы замандастарына ренжігенмен, ол туған халқын шын жүректен беріле сүйеді. «Туған еліме» өлеңінде ол: «бала-лыққа жарасам, аталыққа жарайсың» дейді халқына.

Қайтейін, елім, қимаймын,
Қия алмай жанды қинаймын.
...Алты қырдан ассам да,
Сөздерінді сыйлаймын, —

деп түйіндейді.

Осы жылы жазған «Айт», «Бір адамға» деген өлеңдерінде Сұлтанмахмұт қоғамдық теңсіздікті бұрынғыдан да гөрі айқынырақ көрсетеді. Алғашқы өлеңде ол «сойған қой, берген қымыздың құрметіне» кердең басып жүрген байлар мен қайыршылықтың зардабасын шеккен кедейлерді бір-біріне қарсы қоя суреттейді.

Жалғыз-ақ дорба асынған кедей кәріп,
Аштықтан өңі кеткен, беті де арып.
Өркімдер тиын-тебен беріп жатыр,
Дегенге құтты болсын: «айт шәріп».

Діни мейрам күнінде де теңдік тимеген сорлы кедейдің мүсәпіршілік бейнесін ақын осылай суреттейді.

Ал «Бір адамға» деген өлеңнен Сұлтанмахмұттың бектік-феодалдық қанаудың ішкі сырын терең түсінгенін көруге болады. «Шоң серіктігі» шаруасымен барғанда, ақынға көмектесу орнына Шорманның Садуақасы қонақтарға бұрынғы аталарынан қалған шен-шекпен, асыл бұйымдарды көрсетіп мақтаныпты. Өлеңді Сұлтанмахмұт сол оқиғаға арнап жазған. Ол ақсақал шал көрсеткен «асыл нәрселерді» көріп отырып, мынадай дүниеқоңыз, шен-шекпенге құмартқан «басшы» баққан халқын ондырған-ау» деп ойлайды. Шал күміс кесе, алтын аяқтарын көрсеткенде: «Қай момынның малы бар бұл аяқта» деп шалдың байлығы момындардың еңбегімен жиналғанын мысқыл түрінде білдіреді.

Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп, —

деген жолдардың өзінде үлкен ақындық ой жатыр.

АЛТАЙДА

1914 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт тағы да оқу іздеп, Семей қаласына барады. Орысша оқуға талпынады. Бірақ төменгі дәрежелі оқуға түсуге жасы келмейді. Жоғары дәрежелі мектепке түсуге білімі жетпейді. Өз бетімен кісі жалдап оқуға қаржысы жетпейді.

Бұл жайлар Сұлтанмахмұтты біраз дағдарысқа түсірген. Ақын ой —арманы іске аспағанына, мақсатына жете алмағанына күйініп, көңіл-күйінің әсерімен біраз өлеңдер («Ләнет бұлты шатырлап», «Алты аяқ» т.б.) жазған. Ақырында басқа амалы таусылған ол Алтай бойына, яғни қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Қотанқарағай ауданына жалданып бала оқытуға кетеді. Ол туралы ақынның өзі: «Қотанқарағайға кеткенім — ызаға шыдымадым, ең шыны — күн көру үшін кеттім. Қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жететін болды. Семей, қанша айтқанмен, қалалы, сынды жер ғой, мұнда кем көрініп жүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым», —деп жазады ол бір хатында.

Алтайға кетуін Сұлтанмахмұт өлеңдерінде суға кеткен адамның тал қармауы есебінде бағалаған. Сол арқылы ол өмірге қайта оралады.

Алтайдан бір тал, білмеймін,
Не ғып түсті қолыма, —

дейді ол «Алтын аяқта». Өмірге қайта оралған ақын «маңдай термен жанды қинап, жігер етіп, тұрмысты жағасынан алып соғуға» шығады («Жаңғырып Алтай тауы саласынан»).

Алтайда Сұлтанмахмұт 1916 жылдың күзіне шейін болған. Қотанқарағайдан кейін Зайсан маңында бала оқытқан. Өзі де аздап білімін көтерген. Еліне жазған бір хатында ол: «Школ басқару, бала оқыту, орысша оқу — әйтеуір уақытым бос өтпейді. Сондықтан өмірім маңызды (серьезный) болуға айналды», — деп жазған.

Бұл жылдары ақын махаббат тақырыбына арналған бірсыпыра өлеңдер мен «Кім жазықты?» атты өлеңмен роман жазады.

Қазақ еңбекшілеріне Кеңес өкіметінің жолын, саясатын түсіндіруге қатысады. Оның бұл істерінде әділдікті алдан күткен үлкен үміт бар еді. Бірақ ол жаңа өкімет жұмыстарының арғы жағын көре алмады. Ауруы асқынып, 1920 жылы 21 мамырда қайтыс болады.

«ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫ

«Қамар сұлу» — өзінің тақырыбы мен мазмұны жағынан әлеуметтік роман. Жазушы қазақ әйелінің теңсіздіктегі жай-күйін роман оқиғасының негізіне алғанмен, сол арқылы өз дәуірінің қоғамдық шындығын әлеуметтік тұрғыда талдайды.

Қалың малға сатып шалдардың жас қыз алуын, әлділердің әлсіздерге зорлығын, дінмен шырмалған халықтың қараңғыдағы қапас тіршілігін Сұлтанмахмұт өткір сынайды.

Сұлтанмахмұт — адам құқын қорғаушы, азат өмірді аңсаушы. Жастардың теңіне қосылып, білім алуына, халқын өрге сүйрер қатардағы азамат болуына тілекші. Романда жазушы өз ортасынан талпынып, бостандық іздеген осын-

дай жастың әр қилы кедергілерге кездесіп, ескі салттың құрбаны болғанын тебірене жазады. Сол арқылы аянышты тағдырға ел назарын аударуды, халық сезіміне әсер етуді көздейді. Бұл — жазушының ағартушылық көзқарасын танытады.

Романның негізгі идеясын Сұлтанмахмұт әр қилы тағдырлар, адам бейнелері арқылы ашуға тырысады. Оның кейіпкерлері көзқарасы, әр түрлі адамдардың қақтығыстары негізінде жіктеледі. Қамар, Ахмет және оларды жақтаушы Омар ұнамды кейіпкерлер ретінде танылып, Жорға Нұрым, Қалтан қажы, Оспан би, тағы басқалар жаңалыққа қарсы іс-әрекеттерімен дараланады.

Қамар бейнесі

Қамар — жазушының суреттеуінде, аса сұлу, ұстамды, сөзге шешен, ақын қыз. Сұлтанмахмұт оны романтикалық бейнеде алып, сирек туатын жан етіп суреттейді. Қыздың портреті мен мінездемесі де соған лайық берілген. Түр-тұлғасы, мінез-құлқы тең келген Қамарды ел әсемдіктің, ақылдылықтың символындай көреді. «Бір нәрсені көңілдері ұнатып, мақтағысы келсе, «Уай, шіркін, мынау Қамардай екен» десуші еді», — дейді автор.

Әрі өткір, әрі сөзге ұста Қамар — ауыл жігіттерінің де қол жетпейтін асылы. Олардың көбі қызды көргеніне мәз болып, бір ауыз тіл қатса, оны аузынан тастамай айтып жүреді. Сырттай ғашық боп жүргендердің кездесе қалса, тілаузы байланып, үндей алмай қалатыны тағы бар. Сұлтанмахмұт бұл арқылы Қамарды өз заманынан артық туған, биік бейне ретінде танытады.

Қамар өзіне тең жар боларлық адамды сұлудан, байдан іздемейді, ақылды, сырлас, мұңдас боларлық адамдардан іздейді. Мұндай адам деп Ахметті таниды. Бірақ қыз ғашықтық сезіміне беріліп, жалған күйректікке түспейді. Сезімді ақылға жеңдіріп, алды-артын ойлайды. Сол дәуір жағдайында Қамар мен Ахметтің қосылуына мүмкіндік те жоқ еді. Қамар — ауқатты ортадан шыққан қыз. Ахмет — кедей жігіт. Екеуі екі ортаның адамдары. Оның үстіне қалыңсыз қыз берілмейтін қатал әдет заңы тағы бар. Қалың мал

берерлік Ахметте әл жоқ. Осы жайлар Қамарды да, Ахметті де қатты ойландырады. Сондықтан Қамар теңім еді деп, Ахметке құлап түспей, екеуі қосыла алатын мүмкіндік жоғын айтып түсіндіреді: «Ахметті сүйемін-ақ...Күні ертең ел-жұртым екеуімізді екі айырып жібереді... Онда не болдым... – Әке, ағаларым болса, оған бермек тұрсын, бұл жазғанын сезсе де, бұл күнімізді өзімізге көп қылады ғой», – деп ойлайды Қамар Ахметтен хат алғанда. Қыз ойының қорытындысы мынау: «Қой, бүйтіп күйік үстіне күйік-жалқын салмаймын, өзімдікі қабірге бірге түсетін күйік, енді Ахметті күйдіріп, кәрі әке-шешесінің обалына қалмайын, бірдемеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой... Обалымыз қиюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай, солға басқан қазақтың қара ғұрпына болсын!»

Осы үзіндіден Қамардың өз заманының әділетсіз тәртібіне, «оңға баспай» солға басқан қазақтың қара ғұрпына деген наразылығы айқын көрінеді.

А, құдай, жасты-жасқа пар қылғаның,
Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның.
Біреуге алтын, гауһар тақыт беріп,
Астана жұрт билеген хан қылғаның.
Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның.
Біреуге Аплатондай білім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның.
Қыздарын теңге бермей, малға беріп,
Қазақты қара көңіл аң қылғаның.
Мейлі қоңыз болсын, доңыз болсын,
Малды кісімсітіп, паң қылғаның, —

деген Қамар сөздерінен қоғамдық әділетсіздіктің адам тағдырына әсері байқалады.

Бірақ қыз жолына бөгет болған қиыншылықтар Қамар мен Ахметтің арасындағы махаббат сезімін, адал сүйіспеншілікті сөндіре алмайды. Осыдан былай екі жас үшін қайғылы оқиғалар басталады. Арманына жете алмаған Қамар уайымдап, жүдей бастайды. Оның үстіне, әйелі өлген болыс Жорға Нұрым кездеседі. Әйелінің тірі кезінде тоқалдыққа

алғысы келіп, қызығып жүрген ол Қамарды айттырады. Қамардың басындағы қайғылы хал күйшейе түседі.

Нұрымды Қамар сүймейді, тіпті мейлінше жек көреді. Оның кәрілігін, ұсқынсыздығын мазақ етіп, өлең шығарады.

Ағатай, болдым ғашық мұрынына,
Көк бурыл иектегі құрымына.
Кірпідей аяқ-қолы жиырылған
Қосылар күн бар ма екен тұлыбыма, —

деген Қамар өлеңі ел арасына жайылып кетеді.

Қамар қанша қарсылық көрсеткенмен, ескі әдет-ғұрып заңынан аса алмай, бай туыскандарының зорлауымен Жорға Нұрымға ұзатылады. Қалтан қажы, Оспан би сияқты ауылдың белді адамдары Қамар түгілі, әкесі Омардың да үнін шығармайды. Солардың ыркымен Жорға Нұрым Қамарды түнде зорлап алып кетеді.

Нұрымның қорлығына көнбеуге тырысқан Қамар ол үйде неше түрлі айуандық зорлықты бастан кешіреді.

Ең алдымен, ол зорлыққа көнбейтін Жорға Нұрымға бетпе-бет отырып айтады:

Айтайын шын сырымды ауызба-ауыз,
Дөңкиген күйек сақал, сасық ауыз!
Ақ жүзді, ақыл-ойлы ақ сұңқарға
Дәрі емес мал секілді малды жауыз.
Уай, шіркін, өмір сүрмек меніменен,
Мал шашып, маңызданған ебіңменен;
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Бір минут тұра алмасын сеніменен, —

дейді. Бұл сөзден ол қандай зорлық-зомбылық көрсе де таймайды. Нұрымға көнбеу үшін өлімге де дайын екендігін сездіреді.

Бір өлсем, күнде өлгенше саған тиіп,
Кетемін келмес жерге жаным қиып.
Ол жерден ала алмассың, бара алмассың,
Болыспын деп айқайлып, кісің жиып, —

дейді.

Келтірген үзінділердің қайсысын алсақ та, Қамарда романтикалық қаһармандарға тән бірбеттілік, айтқанынан қайтпайтын, неге де болса біржолата құлай берушілік айқын байқалады. Жазушы романда әуелде кейіпкердің ішкі мінез-құлқының беріктігін, қайсарлығын, күйініш-сүйінішін суреттеу арқылы көрсетсе, кейін Нұрым үйінде зұлымдықпен бетпе-бет кездесу үстінде іс-әрекеті арқылы ашады. Ол жоғарыдағы сөздерді Нұрымның бетіне айтса, неке қимақ болған молдамен айтысып, оны маскараалап жеңеді. Бірақ әділетсіз ортада надан қара күштің қолына түскен Қамар босанып шыға алмайды. Мұнды қызды жынданған, оның басын Ахмет айналдырған деп ұққан қожа-молдалар Қамарды соққыға жығып, төбесін ойып өлтіреді.

Жазушы Қамар бейнесі арқылы қазақ қызының басындағы ауыр халді көрсетіп, елдің ең ардақтысы Қамарды осындай ит-қорлықпен өлтіргенде, басқа қыздардың күйі не болмақ? деген сұраққа жауап іздейді. Осы мысал негізінде ескі ауылды құрт аурудай жайлап, есенгіретіп бара жатқан әдет-ғұрып заңын айыптайды. Автордың бұл ойы Қамардың өлердегі сөзінен айқын көрінеді.

Тоқтау бер, мұнан былай қазағына,
Шалдардың қызды салмай мазағына.
...Сонан соң жұртты аздырған ишанды ал,
Соңынан судай ақсын жөні жоқ мал,
Надан сопы, мұридін айырмастан,
Тамұқтың дәл өзіне апарып сал.
Тағы да балгер-бақсы — бәрін де жой,
Жалғыз-ақ жаны ашитын жастарды қой.
Қақшандаған қақпас шал тағы кетсін,
Қабыл қыл тілегімді, құдайым-ай!
Қазақта қыз туған жоқ менен артық,
Құлпырдым он бес кеше бағым артып.
Майысып пісіп тұрған дер кезімде,
Малды шал анталады иттей тартып.
Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы,
Түйрейтін мал менен шал — саған бізі.
Оңбайды бұл әдеттен қазақ халқы,
Бұл себеп ақырында қалмасқа ізі.

Бұл үзіндіде Сұлтанмахмұт қазақтың феодалдық салтына қарсы шығып, ескі қоғамдық құрылысқа айтар лағынатын Қамар аузына салған. Ол жалғыз жастарды қалдырып (өйткені келешектегі жастардан күтеді), ескішіл топты түгелдей ескілікпен бірге жоюды жақтайды. Осы бетпен кете берсе, халықтың тозып бітетінін ескертеді. Жауыздыққа жауапты. Қалтан, Оспан, Ишан, басқы тәрізділер берік ұстаған ескіліктің зиянды әдет-ғұрпын аяусыз шенейді.

Қамар — феодалдық ортада қазақ әйелдері бастан кешкен ауыр халді айқын танытарлық бейне.

Ахмет бейнесі

Ахмет — кедей шаруа ортасынан шыққан, аздап оқыған жігіт, сөзге шешен, ақын, ел аузына ерте ілінген қадірлі жастардың бірі. Оны жазушы былай суреттейді: «Ахметтің ақыл-ой зеректігінің үстіне, сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, газет, журнал, кітап оқып, насихат айту болсын, ең арты, біреуді сықақтаған қулық болсын, бас бәйге Ахметтікі еді. Тартынбай тамылжытып сөйлегенде де өзінен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. Соның үшін де елдің атқамінер, ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт. Өне сондай болсайшы» — деп, біреуге ақыл айтқанда, қызға Қамарды үлгі қылатыны сықылды, бозбалаға Ахметті үлгі қылып ұрсушы еді. «Қыз қылығынан деп», не қылса да Ахмет осындай-осындай қылықты мінездерімен құрбы-замандастары арасында айтулы, ағайын, халқына сүйкімді болып, жас та болса, біраз жұртқа атағы шығып кетті. Міне, осылай Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді».

Ахмет — жазушының ұғымында, жаңа дәуірдің өкілі. Оның тіршілігі қаламен байланысты, сонда оқыған. Бірақ Ахметтің қаладағы қызметі жайлы Сұлтанмахмұт ештеме айтпайды. Және ол романның міндетіне де кірмейді. Жазушы оны Қамарға байланысты ғана суреттейді.

Ахмет жас буынның жаңашыл өкілі есебінде адамды бағалай, қадірлей біледі. Бұл — оның Қамарға жазған хаттарынан анық байқалады. Өзі өмір сүріп отырған ортада Ахмет — жасқаншақ. Оны жасқандыратын — сол дәуір, қатал ескілік заңы. Автордың ойынша, Ахмет сияқты оқыған жігіттер қанша талапты, пысық болғанымен, тілегіне жете алмайды. Өйткені олардың талабына кедергі, бөгет болып отырған әділетсіз күш бар. Сондықтан осы әділетсіз күш құлауы керек. Ал оны қалай құлату қажеттігін Сұлтанмахмұт ашып айта алмайды. Ахмет жауыздықтан кегін күшпен алады. Қысылған жерде Жорға Нұрымға пышақ салады. Бірақ бұл жоспарлы әрекет емес, ескі әдет-ғұрып заңы мен қоғамдық жөнсіздіктер ашындырған Ахметтің ыза үстінде көрсеткен әрекеті.

Омар бейнесі

Халықтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің кейбір нұсқаларында еріксіз ұзатылатын қызға жаны ашитын адам шеше ғана болатын да, әке көбінесе, қатал мінездерімен көзге түсетін. Қазақ ауылындағы әке атаулының бәрі қатал еместігін, оның ішінде қызының тағдырына қабырғасы қайысатын, мейірімді әке де барын, бірақ олардың заман әділетсіздігінен аса алмағанын Сұлтанмахмұт көре білді. Омар — осындай әкенің бірі.

Омар — өзі аздап оқыған, көзі ашық адам. Сондықтан ол оқудың пайдасын жақсы түсінеді. Ұлы Қасенді, қызы Қамарды оқуға беріп, олардың елі үшін пайдалы тәрбие алуына көмектеседі. Оның үстіне, жазушы оны ешкімге жасар қиянаты жоқ, әділ, момын адам ретінде бейнелейді. Ахметтің Қамарға жазған хаты ұсталып, Оспан би, Қалтан қажылар дау көтеріп жүрген кезде, Омар бұл айғайға қосылмайды.

Омар Қамарды Нұрымға беруге бірден-ақ қарсы шығады. Оспан мен Қалтан келіп, Қамарды Нұрымға беру жайлы сөз еткенде, шошып кетеді. «Сыпыра бұзылған иттер, дендерің сау ма? Мәжнүн болмасаңдар, қаражүрек болмасаңдар. Апырмай, апырмай, ұялмай-қызармай періштедей қарашығымды аяқты малдан жаман дөңкиген жауызға

ұйғардық деп не беттеріңмен айтып отырсыңдар? Неден қысылдыңдар? Неден жүректерің үзілді? Түсіңе кірсе қорқатын Ноянға Қамарды барады, мені береді деп ойладыңдар ма?... Көз жас, обал деген нәрсе естеріңде бар ма? Жоқ, малсыңдар ма? Сендер бір аяқ ас берген кісіге имандарыңды сатасыңдар. Қысқасы, мойныма қапшық салып, қайыр тілеп күн көрсем де, Қамарымды оған беріп, жылата алмаймын. Байлығы, болыстығы өзіне. Өзім де аштан өлейін деп отырғаным жоқ. Ет жегілерің келсе, өзім-ақ сойып берейін. Болмаса, Қамардан басқа ермек жетпеді ме? Қамар тұрсын, Қамардың тырнағын да бермеймін. Дорба сақал Нұрымың басқан ізінен садаға. Аулақ жүріңдер, аулақ!... — деп ұшып көкке, ұшып жерге түсті».

Бірақ заман әділетсіздігі, ескі ауылдың мықтылары Оспан би мен Қалтан қажы Омарға ырық бермейді. Оның өз баласына өзі арашашы болуға шамасы келмейді. Нұрым әкесінің басын жарып, қызын тартып әкетеді. Омар әлсіз наразылықтан аса алмайды.

Жорға Нұрым, Оспан би, Қалтан қажы

Романдағы ұнамсыз бейнелерден аса айқын суреттелген адам — Жорға Нұрым. Ол — төре тұқымынан шыққан болыс, жан-жақты байланысы бар, қазақ ауылының ірі байы, озбыр әкімдерінің бірі. Жазушы Жорға Нұрымды өзі өшіккен ескіліктің жасауылы етіп алады да, бүкіл феодалдық ортаға деген өшпенділігін соған төге жазады. Оны бойында ешбір адамгершілік пен гуманистік сезімнің нышаны да жоқ бейне етіп суреттейді. «Жануар еді» дейді. Романдағы Нұрымның суретінің өзі-ақ ебедейсіз, зұлым екені бірден байқалады.

«Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елді қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, канды ауыз атанған бір жауыз еді».

Немесе «Құр Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас,

елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар, жай форымының өзі сұп-суық, бүйі секілді, түксиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді».

Нұрым — ескі ауылдағы әдет-ғұрып заңдарын, оның катал тәртібін қорғаушы. Феодалдық ғұрыптың барлық тізгінін қолына берік ұстаған ол — елді жеп, қан қақсатып талап жүрген адам. Елдің оған бір шумақ өлеңмен берген бағасы — әділ баға.

Халқынды қан жылаттын, Жорға Нұрым,
Болдың ғой заманында сорға Нұрым.
Оспан деген жұтқышы тағы шықты,
Бара-бара қайтерсің, қайран күнім.

Нұрым мен оның сыбайластырының жауыздығын әшкерелейтін осы өлеңде халықтың басына төнген ауыртпалықтың мұңлы сарыны бар.

Жорға Нұрымның ұнамсыз бейнесі Қамармен байланысты тіпті ашыла түседі. Ол Қалтан мен Оспан арқылы Қамарды ризалықсыз, күшпен айттырады. Қыздың наразылығымен есептеспей, оны зорлықпен тартып әкетеді.

Оның үстіне, Жорға Нұрым — адам айтқысыз надан. Ол дінге, дуаға шексіз сенеді. Ахмет Қамардың басын айналдырыпты деген өсекке нанып, бар малын шашып, бақсы-балгерлер жинайды. Олардың Қамарды азаптауына жол береді. Ақыры Қамарды өлтіріп тынады.

Қалтан қажы мен Оспан би — Нұрымның жемтіктес достары. Бұлар да Нұрым тәрізді, феодалдық дөкір каталдық пен зұлымдыққа сүйенген топас адамдар. Оспан би туралы Сұлтанмахмұт: «Белгілі қазақта ондай залым адамдардың (Нұрымды айтады) өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сумен алдап қоятын иттері болатын. Сол арсылдатып қойған иттерінің ең басты төбеті — біздің Оспан би еді» дейді.

Оспан мен Қалтанның каталдығы мен сезімсіздігі Ахметтің Қамарға жазған хаты ұсталған кезде тіпті анық көрінеді. Сыныққа сылтау таппай отырған олар Қамардың абыройын сақтауды ойламай, осы даудан өздеріне пайда

тауып қалуды көздейді. Оспан Ахметпен бірге жүресің деп, Қамардың ағасы Қасеннің басын жарады.

Оспан, Қалтандар үшін Нұрымның Қамарды айттыруы аса бір ыңғайлы іс еді. Өздерінің елге жасап отырған зорлық-зомбылығына мықты тірек, сүйеніш Нұрым болады деп санайды олар. Сондықтан Омардың қарсылығына қарамастан, Қамарды Нұрымға беруді шешеді. Қалың малын да (40 жылқы, 10 түйе, 500 сом) келісіп қояды. Ескілік салттарды берік ұстап отырған осы адамдарды Сұлтанмахмұт жаңалық атаулыға жаны қас, еркіндік, бостандық дегенді түсінбейтін көне заманның көздері ретінде бейнелейді. Олар оқыған адамды «шоқынды», «бұзық» деп бағалайды. Әншейінде мүләйімсіп, ешнәрсеге кіріспегенсіп жүретін Қалтан қажы Омардың Нұрымға қыз бергісі келмейтінін естіген жерде бұрқырап: «Бұларға өзі секілді қара жүрек болмаса не Ахмет секілді сып борбай, шала қазақ болмаса, басқа мұсылман кісі жаға ма? Сен шоқынды, былшылдады екен деп, мен пайғамбар жасынан асқанда, қажы басыммен өтірік айта алмаймын. О баланың билігі өзімде. Шоқындырған Қасенінді қайда шоқындырсаң, онда шоқындыр. Қамарды тағы орысша оқыған біреуге беріп, сүйегімізге таңба қыла алмаспыз.

Қазаққа берсек, қазақта бұдан артық кім бар? Соған барып та обал табатын болса — қияметте мен арқалайын, куә болындар! Нұрымнан артық пайғамбарға береміз ба? Басқа былшыл сөзді қой. Келер сәтке құда түсір! Ендігі сұм заманның адамы да бір түрлі, бала бармайды дегенді тауып алыпты. Әке берсе, қыз қайда бармаушы еді. Сені көріп отырып, бала қалай оңсын! Қақ бастан салып жіберейін бе?!» — деп ашуланады.

Бұлардың зұлымдық айласы қысылшаң жерде Нұрымнан да асып кетеді.

Нұрымға Қамарды тартып алу жағын сездіреді де, айтқанын істемегені үшін Нұрымның жігіттеріне Омардың үйін талатады. Мұның бәрі Нұрым, Оспан, Қалтандардың ескі қазақ аулындағы билеп-төстеуші таптың өзара жемтіктес өкілдері екендігін толық дәлелдейді. Олардың іс-әрекеттері, дөкір қылықтары өз дәуірінің шындығына, өз ортасы мен тәрбиесіне лайық берілген.

«КІМ ЖАЗЫҚТЫ?» РОМАНЫ

XX ғасырдың басындағы қазақ ауылының әлеуметтік өмірін кең камти суреттеуде Сұлтанмахмұт «Кім жазықты?» атты өлеңмен жазылған романының да мыңызы үлкен. Жазушы бұл романда «Қамар сұлуда» көтерген ескілікке қарсы үнін тереңдетіп, әлеуметтік өмірдің басқа жақтарын суреттеу арқылы жан-жақты аша түседі. Әйел теңсіздігі, олардың қорлықтағы өмірі мұнда басты тақырып болып бөлінбейді, қоғамдық теңсіздіктің көп мәселелерінің бірі ретінде көрінеді. Ол қазақ ауылының тіршілігін, ел арасында етек алған зиянды әдет-ғұрып салттарын кеңірек камтиды.

Қазақ халқының қоғамдық, шаруашылық, мәдени дамуда мешеу қалып отырғанын, қараңғылық пен талапсыздықты, жалқаулық пен шаруаға қырсыздықты, алауыздықты сынай отырып, халықтың тағдыры, оның саяси-әлеуметтік өмірінің түйінді мәселелері жөнінде сұрау қояды.

Романның негізгі кейіпкерлері — қазақтың билеуші табының өкілдері. Олардың өскен, тәрбие алған ортасы, ел басқару жүйесіндегі мінез-құлықтары роман оқиғасының негізін құрайды. Тасболат байдың үш буын ұрпағы (Өзі, Әжібай, Қабыш), орта шаруаның өкілі Байбол, ауылдың жас, жана ұрпақтан Әнуар, Күлтай бейнелері жасалады. Бұлардан басқа романда аздаған қала адамдары көрінеді. Шығарманың негізгі идеясын автор осы бейнелер арқылы ашады.

Әжібай бейнесі

Романның негізгі кейіпкерлері Тасболат байдан тарайды. Тасболаттың өзін автор жан-жақты бейнелеп жатпайды, оған шығарманың басында эскиздік суреттеулер беріледі. Ол — ескі ауылдың байы, 15 жыл болыс болған, қажыға барған. Ел билеу жүйесіндегі өзгерістер ескінің өкілі есебінде Тасболатты сахнадан тайдыра береді. Болыс болу үшін орысша тіл білу қажет болған кезде, Тасболат ұрпағына ел билеу қызметінен айрылу қаупі төнеді. Бар байлығын шашып, тартыса-таласа жүріп, ол үлкен баласы Жақыпты болыстың кандидатығына зорға өткізеді де, кіші баласы Әжібайды қала-

ға оқуға береді. Кейін Жақып қайтыс болады да, әкесі Әжібайды оқытпай қайтып алады.

Сұлтанмахмұт Әжібайды жасында алғыр, зерек, отты бала еді деп суреттейді. Бірақ бай отбасында нашар тәрбие алған ол жасынан бұзық жолмен өседі. Осы арқылы жазушы қазақ ауылындағы тәрбиесіздікті сынайды...

Әжібай ерке өскен қағу көрмей,
Бетіне еш біреуден шіркеу келмей.
Балаға тілі шықса айналасы,
Қоя ма тұрмысынан өрнек бермей.
Тәрбие жоқ қой қазақ баласында,
Солайша өскен ата-бабасы да,
Көргені әке-шеше қалай болса,
Алмақшы одан үлгі баласы да,
Еркінше ел-жұртына еркелеген,
Әкесі: «бұл қарағым ерке!» деген
Жан біткен қымыз бенен еттің құлы
Ел оны еркелетпей қойсын неден.
Боктаса, «қарағым» деп беттен сүйген,
Болмай ма байға алакөз оған тиген.
Жан-жағы тәрбиесіз надан болып,
Солардың жұқа-жұқа кебін киген.

Жасында алғыр, шешен, зейінді, пысық Әжібайды осы тәрбиесіздік бұзады. 5 жастағы Әжібайға әкесі 11 жасар Жәmilаны қалыңдыққа айттырады. Оның үстіне Тасболат оны оқытпай қайтып әкеледі. Ескі әдет заңы бойынша Әжібай Жақыптың айттырған жесірін алуға тиіс болады. Осыдан бастап әке мен бала арасында келіспес тартыс басталады. Әкесінің ырқымен және ел-жұртының азғыруымен өз қалыңдығы Жәmilаны, Жақыптан қалған жесір Жаңылды сүймей алған Әжібай үйінен безіп, «кезбе» атанады. Осы тұста Әжібайдың өмірін мысалға келтіре отырып, Сұлтанмахмұт қазақ ауылы жігіттерінің жастық салтын шенейді. Олардың бір-бір атқа мініп, ауыл аралап, ойын-сауық күйттеген мағынасыз өмірін сынға алады. Әжібай да осылай өмір өткізеді.

Сөйтіп жүріп Әжібай «Қызық су» қаласындағы Бейсен деген шалдың қызы Аппақайға «ғашық» болады. Қыз көзіне

сүйкімді көріну үшін шылым тартып, көзіне көзілдірік салып, орысша киінеді. Аппақайдың басын айналдырып бер деп, бақсыларға жалынады. Ақыры бұл әрекеттерінен ештеме шықпаған ол қыздың сүйген жігітін қудалауға салады.

Тұрмыста осындай азғындаған Әжібай кейін тағы екі әйел (Зылиқа, Рысты) алады. Бірақ олардың бірде-бірімен тату, тұрақты шаңырақ құра алмайды.

Сұлтанмахмұт Әжібайдың қоғамдық қызметінен — оның болыстығын көрсетеді. Ол таласып жүріп болыстыққа сайланады.

Бірақ Әжібай болыс қоғамға пайдалы еңбек ету мақсатын көздемейді. Өз пайдасын ойлайды, елге үстемдік жасап, зорлық-зомбылық жүргізеді. Ел ішінде өлген бір қарт адамды «әйелдер өлтірді» деп даулап, 40 жылқы, 6 жамбы пайда өндіреді. Өзінен бұрын болыс болған, орта шаруалы туысы Байболдың үстінен пәле іздеп, арыздар жазады.

Сөйтіп, әуелде әдет салтына наразы болып әкесі айттырған қалыңдықтан безіп жүрген Әжібай енді өзі сол салттың мықты қорғанына айналады. Ол ауыл өміріне кірген жаңалыққа қарсы күреседі, ауыл мұғалімі Әнуарды қуғындап, қызы Күлтайды қалың малға сатады.

Қазақ байларының шаруаға қырсыздығы — Әжібайға да тән. Бір қатты қыста малдары жұтап, ол дәулетін әлсіретіп алады. Ұры ұстап, алыс жерден мал алдырамын деп жүріп, болыстықтан түсіп, жауапқа тартылады.

Сұлтанмахмұт осыдан Әжібай да сабақ алды, кейін әділ болыс болды дейді. Бірақ бұл сол кездің шындығына сыйымсыз, әділетті ел басшыларын армандаған жазушының қиялының ғана көрінісі еді.

Романның соңғы бөлімдерінен бір Әжібайдың өз заманының әлділерімен жан-жақты байланыс жасап, іргесі шайқалған шаруашылығын қалпына келтіруге әрекеттеніп жатқанын көреміз. Ол қызы Күлтайды ауқатты жерге ұзатып, ұлы Қабышқа бір болыстың қызын айттырады.

Тасболаттың үшінші ұрпағы Қабыш та Әжібайға үлгісімен өсіп келеді. Оның көрген тәрбиесі де Әжібай тәрбиесі. Ол да шаруаға қарамай, қалада қаңғып, бозбалашылықпен өмір өткізуде. Арақ ішіп, карта ойнайды. Өстіп жүріп қала жігіттерінен таяқ та жейді. Әкесі ұрысса, атына мініп кетіп

қалады. Сөйтіп, Әжібайдың жасында Тасболатқа істеген мінездері түгелдей алдынан шығады.

Қабыштың ұнамсыз тіршілігі Әжібайға қосымша міндеттер жүктейді. Оған Қабыш жанжалдасқан адамдармен соттасуға тура келеді. Оның үстіне, романның соңында Қабыш біреудің мал берген жесірін алып қашады. Әжібай тағы да жесір дауына қарсы тұруға мәжбүр болады.

Міне, романда суреттелетін Тасболат ұрпағының — ескі ауылдың ел билеуші адамдарының тіршілігі осындай. Сұлтанмахмұт осы жайларды жан-жақты көрсете отырып, қазақтың қайратты деген жігіттері не істеп жүр, надан әдет-ғұрып салты елді, оның адамдарын қалай аздырып бара жатыр, бұған кім жазықты деген әлеуметтік мәні зор сұрақтар қояды.

Әжібай әйелдері Жаңыл, Жәмила, Зылиқа, Рыстының аянышты тағдыры — ескі қазақ ауылында әйелді күң есебінде пайдаланған феодалдық салттың көрінісі. Олардың ешқайсысы да Әжібай үйінен бақыт таба алмайды. Бұл да жазушының назарынан тыс қалмаған. Жалпы, романда көтерілген көп түйінді мәселенің бірі ретінде Сұлтанмахмұт қалың малға сатылып, ескілік пен надандық салттың құрбаны болған осы аянышты тағдырларға кім жазықты екенін іздейді.

Байбол бейнесі

Байбол — шағын шаруасы бар, саналы, аздап оқыған жігіт. Романда Сұлтанмахмұт оны ұнамды кейіпкер есебінде Әжібайға қарсы қоя суреттейді. Тіпті көп жерде Әжібай мен Байболдың үй тұрмысын, шаруа басқаруын, ел билеудегі қызметтерін салыстыра отырып, автор Байболдың артықшылығына оқырманның көзін жеткізеді.

Байбол — өз басы — Тасболат тұқымынан жоғары адам. Ол ел басқару жұмысына мал шашу, сатып алу жолымен емес, заң, қоғамдық тәртіп бойынша белгіленеді. Тіпті болыс болмаймын десе де, ел оны зорлап сайлайды. Үй-жай мәселесінде де Байбол Әжібайдан жоғары. Болыс кезінде ол елдің дау-шарына әділ биліктер айтады. Ауыл мұғалімі Әнуарды Әжібайдың жазықсыз қуғынға ұшыратқанын біліп,

оған араша түседі. Әжібай болыстыққа таласып, оның үстінен арыз жазып жүрсе, Байбол, керісінше, тұтқынға түскен Әжібайдың ісін қуып, оның ақталуына көмектеседі. Бұл эпизодтарда ол адамгершілігі мол, қиянатсыз адам болып бейнеленеді.

Шаруа басқаруда, күнделікті тіршіліктің пайдалы жақтарын игеруде де Байбол — жаңашыл. Ескі қазақ ауылын үнемі жоқшылыққа ұшыратып, малдарының жиі қырылуына себеп болатын жұттың негізгі төркіні шаруаға қырсыздық екенін ол жақсы түсінеді. Байбол аз ғана малына қыста жылы қора, мол шөп дайындайды. Сөйтіп Әжібай малы жұтқа ұшырап қалғанда, Байбол шаруасы түгел аман шығады. Сұлтанмахмұт бұл арқылы шаруашылықты жаңа, пайдалы түріне көшуді уағыздайды.

Байбол бейнесі — Сұлтанмахмұт жақсы, әділ ел басшыларын армандағанының көрінісі. Әжібайды кейін «түзелді» деп көрсетуінің өзі де ақынның осы арман-қиялымен байланысты.

Әнуар мен Күлтай бейнесі

Әнуар мен Күлтай — ескі қазақ ауылындағы жаңа типті жастардың өкілі. Әнуар — ауылдың өз адамы, сырттан келген, оқыған мұғалім. Оның өмір тіршілігінде ескі ауылдың адамдарының күнкөрініс кейпінен өзгешеліктер байқалады.

Болған соң ас ішетін ыдыс кірлі,
Әнуар өзі тұрып жуып жүрді, —

дейді автор. Бұл — қазақ ауылында ерлер істеуге жатпайтын оғаш іс көрінер еді. Ал, Әнуар мұны жатсынбайды. Бұл — жаңа ұрпақтың ескі қазақ ауылының надандық ғұрпына наразылығын, тазалық үшін күресін танытады.

Әнуар надандыққа қарсы күресе отырса да, ел адамдарынан безбейді. Қайта ол халықтың ынғайына көне отырып, олардың сеніміне кіру, содан кейін ғана оларды жаңа жолға — ағарту, мәдениет ісіне үндеуге мүмкіндік алады.

Ол қылды шүу дегеннен басты тақыр,
Демеске қажы, сопың «азғын, кәпір».
Тұрса да терістікке іші күйіп,
Дей берді жұрттың қылған ісі мақұл.
Жүрмейді сопыларға тілі тиіп,
Жолықса, сәлем берді басын иіп.

Бұл — Әнуардың ауылға сіңу үшін пайдаланған әдісі. Бірақ ол ескі ауылдың зиянды әдеттерін қабылдамайды. Қайта халық сеніміне кіре отырып, оларға қарсы күреседі. Ол ел санасын оятып, ілгері жетелеуші, халықты өрге қарай бастаушы әрекет иесі болып көрінеді.

Халыққа сөйте-сөйте нандырды өзін,
Алғыза бастады ептеп айтқан сөзін.
Әнуар онан сайын қылды ыждаһат,
Үміттің көргеннен соң жылы жүзін, —

дейді ақын.

Күлтай — Әжібайдың Жаңылдан туған қызы. Сұлу, ақылды, ауыл мектебі көлемінде білім алған, мінезді жан.

Жасынан мазасыз үй-ішінің қайғылы күйін көріп өскен Күлтай кейін әкесінің қатыгез мінезіне, зұлымдық әрекеттеріне қарсы тұрады. Отбасындағы дау-жанжалдың басылуына да көп күш жұмсайды.

Өзіне жар боларлық шын жолдас тандауда да Күлтай жаңа қыздың бейнесін танытады. Ол ауыл мұғалімі Әнуарды сүйеді және өз бақытын арашалауға жасқанбай қатысады.

Әнуардың жаңашыл идеясы және оның Күлтаймен көңілdestігі ұнамайды да, Әжібай оны үкіметке қарсы деген жаламен қуғындатады. Қабыштың сандығын ұрлады деп айыптап, үйінен қуып шығады. Осы кезде Күлтай әке мінезінің терістігін бетіне басады. Сүйген жігітіне болысып, әкеге қарсы келу ескі қазақ ауылының қызына жат мінез болатын. Ал, Күлтай осы бұйығылықты бұза біледі. Әжібай мен Күлтайдың келісе алмауының өзі екі дүниенің — ескілік пен жаңашыл күштің ымыраға келмес күресінің басы екенін аңғару қиын емес.

«АДАСҚАН ӨМІР» ПОЭМАСЫ

«Адасқан өмір» поэмасының да негізгі сарыны — қоғамдағы әділетсіздіктің, теңсіздіктің себептерін ашу және теңдік жолын іздеуге талпыну. Сұлтанмахмұт бұл поэмасында жалпы қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің шеңберінен шығып, бүкіл қоғамға тән әділетсіздіктер жайын қозғайды. Сол қоғамның іріп-шіріп, азғындап бара жатқан белгілерін танып, адам баласының қанаудан құтылып, өз еңбегімен күн көретін, өз талантын халық игілігі жолына жұмсайтын кезін — бақытты өмірді аңсайды.

Поэма 1918 жылдың аяқ кезінде жазылған. Бұл кезде ақынның туған жерінде Колчак үстемдік құрып, Ресейдегі монархтық қоғамдық құрылысты сақтап қалу үшін күрес жүргізіп жатқан болатын. Сұлтанмахмұт ескі қоғамның негізі шіріп біткенін, оның қайта жасауға мүршасы жоғын батыл көрсетеді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сұлтанмахмұт өмірінің негізгі кезеңдері жайлы әңгімелеңдер. Оның ақындық ізденуі жолында бұл кезеңдердің қандай маңызы бар?
2. Сұлтанмахмұттың оқу-білімге үндейтін өлеңдері қай кезде туды, нені уағыздады?
3. Қазақ ауылындағы таптық жік пен қайшылықтың Сұлтанмахмұт өлеңдеріндегі көріністері қандай? Ақын оларды қалай түсінеді және қалай бағалайды?
4. Қазақ қоғамының даму бағытына Сұлтанмахмұт қалай қарады? Одан не күтті? Басқа елдерден не үйренуге шақырды?
5. «Оқып жүрген жастарға», «Шәкірт ойы» өлеңдерін жаттап алыңдар.
6. «Қамар сұлу» романының идеялық мазмұнын ашыңдар. Басты кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.
7. «Кім жазықты?» романында Сұлтанмахмұттың не айтқысы келді? Оның идеялық мазмұнын талдаңдар. Басты кейіпкерлеріне сипаттама беріңдер.
8. Поэмадағы Сұлтанмахмұт суреттеген әділетті қоғамды қалай түсінесіңдер?





СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ **(1894 — 1933)**



ІЗДЕНІС ЖОЛЫНДА

XX ғасырдың бас кезіндегі демократтық, ағартушылық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі — Сәбит Дөнентаев. Ол — Абайдың реалистік дәстүрін берік ұстап, әдебиеттің халықтық принциптерін ілгері дамытқан, өз дәуірінің маңызды проблемаларына үн қосып, сол кезең шындығын сыншылдық бағытта жырлаған ақын. Сәбит кейін Кеңес заманында да жаңа әдебиетке қызмет етіп, бірқатар елеулі шығармалар жазды.

Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Семей губерниясы, Кереку уезі, Ақсу болысының төртінші ауылында (қазіргі Павлодар облысы, Ақсу ауданы) кедей шаруаның отбасында туған. Жас кезінде ауыл молдасынан оқып, хат таныған, 1907—1908 жылдары Маралдыда Нұрғали деген молдадан төте оқу әдісімен сабақ алған. Онан кейін Павлодар қаласындағы Қасым қажының медресесінде (1911—1912) оқып, өзінің білімін толықтырады. Мұнда пән негіздерін үйренеді, өз бетімен ізденуге мүмкіндік алады.

Бұл жылдары Сәбит өз бетімен оқып, ізденіп, прогресшіл татар әдебиетімен танысады, Абай шығармаларын оқиды, «Айқап» журналын үзбей оқып тұрады. Орыс әдебиетін, әсіресе, Крылов мысалдарын қызыға оқиды. Осы негізде оның ой-санасы есейіп, ақындық таланты оянады.

1913 жылы «Айқап» журналында (№22) Сәбиттің «Қиялым» деген өлеңі жарияланады. Бұл — ақынның баспа бетін көрген тұңғыш шығармасы. Онда Сәбит халық жыршысы болуды армандайды. Өлеңде ақынның бұл ойы

жұмбақтау, астарлап айту үлгісімен беріледі. Ол түсті әдемі сандуғаш болып, «зарымды жұртқа айтып», «мұнымды шақсам» деп қиялдайды. Бірақ ол орманның жыртқыш құсы — қаршыға мен тұзақшыдан қорқады.

Осы кезден бастап өз заманының маңызды мәселелерінің бәріне үн қосқан ақын өлеңді үзбей жазады. Оның өлеңдері мен публицистикалық мақалалары «Айқап» журналы мен «Қазақ газетінде жарияланып тұрады.

«УАҚ-ТҮЙЕК»

1915 жылы Уфа қаласында Сәбиттің «Уақ-түйек» деген атпен алғашқы өлеңдер жинағы басылып шығады. Бұл жинаққа кірген өлеңдер ақынның сол дәуірдегі қазақ халқы өмірінің әр алуан күйін, қоғамдық шындықты көркем бейнелеуге ұмтылғанын, сөйтіп демократтық, ағартушылық әдебиетке үн қосып, оның идеялық-көркемдік арнасын толықтыруға қатысқанын көрсетеді. Бұл өлеңдерде Сәбит, ең алдымен, қоғамның көкейкесті мәселелерін зерттеп, соны көркем бейнелеуге ұмтылады. Қазақ халқының отар болып Ресей мемлекетінің қарамағына кіргенін, кіріптар боп билеушіге жалтақтап отырған халықтың психологиясын ол жақсы түсінеді. Оның аяғы немен тынарына күдікпен қарайды. «Биік тау» өлеңінде ақын:

Біз келдік биік таудың панасына,
Жиһанның сыймай сахара даласына.
Құйын мен жел, дауылдан аман-есен,
Биік тау, бізді сақтап қаласың ба?
Тынышты ап, төбемізден тас құлатып,
Әлде өзің тырнағынды саласың ба?
Келген тау панасына оны қылса,
От болып есіл жүрек жанасың да! —

деп жазды. Өлең тұспалмен жазылған. Ондағы «биік тау» деп отырғаны — Ресей мемлекеті екенін оқырман бірден түсінеді. Оның панасына келіп, пана бола ма, әлде төбесінен тас құлатып, тынышын кетіре ме деп келешегіне күдікпен қарап отырған лирикалық қаһарман қазақ халқы. Риторикалық сұрақтың жауабы белгілі. Пана бола алмаған биік

таудың қылығына налыған ақынның жүрегі от боп жанып, күйзеледі.

Лирикалық қаһарманның күйін «Менің жайым» өлеңінде де жарқын суреттермен жеткізеді.

Кез келіп арыстанның арбауына,
Тап болдым қу түлкінің алдауына.
Бірі ойнап, бірі шындап итермелеп,
Тықсырдың жердің биік жарлауына,
...Кетуге су түбіне тұрмын таяу,
Қолымның қай тал жақын қармауына,
...Тұншығып әлім бітті, есім шықты,
Бұрқылдақ жердің кез боп шандауына.
От салып біреуі әкеп, бірі үрлеп тұр,
Кім менің су құймақшы жанбауыма?

Бұл өлең отаршылдыққа душар болған, екі жақты қанау езген халықтың көңіл күйін әдемі бейнелейді. Осыдан бастап Сәбит поэзиясында шындықты тұспалдап, бейнелеп айту стилі қалыптасады. Ақын әлеуметтік теңсіздікке, біреуді-біреудің қанауына негізделген қоғамды жыртқыш аңдар дүниесі ретінде алады. Үстем тап өкілдерін, күштілер мен азулылар, тырнақтылар мен тістілер кейіпінде суреттейді. Бұл, әсіресе, «Заман кімдікі?» атты өлеңде анық байқалады. Өлең тақырыбын сұрақ түрінде қоя отырып, ақын оған өзі жауап береді.

Бұл заман байқағанға күштінікі,
Азулы, тырнақты мен тістінікі.
Дүниенің патшалығы, батырлығы —
Тыпырлап тыныш жатпаған істінікі.
Жуас қой ен жайлаған қасқырдікі,
Құл еркі қожайын-тақсырдыкі.
...Даулы мал ебін тапқан шешендікі.
Пыш-пышқа бағы ашылған «көсемдікі».
Еті мол, қымызы мол, қалтасы тоқ,
«Мінеки мен-ақ кісі» десеңдікі», —

дейді. Ол атқамінер пысықтар мен дәулеттілердің жарлы-жақыбайларға зорлық-зомбылық етумен бірге, көлгірсіп аяр-

лық жасайтындығы, олардың қорқау құлқынын, мал құмарлығын да қоса аңғартады.

Отаршылдық езген халықтың психологиясындағы өзгерісті, жалтақтықты, шешімсіздікті Сәбит жақсы байқайды. Қазақтың кешегі дұшпанына қарсы тұра білген батырлығын, досқа дос, қасқа қас бола білген адамгершілігін іздейді. Сол мінез қайда кеткен деп күйінеді («Қайда кеткен?»).

Ақын халқының қараңғылық пен надандыққа шырмалып, алды-артын барлай алмай отырғанын сынайды. Қалың бұқара тұрмысындағы жүндеушілікті, елдің қараңғылық пен ескілік шырмауынан шыға алмаған мешеу күйін суреттей отырып, ол халықты бұл жолдан өнер-білім үйрену, ағарту арқылы шығаруға болады деп ойлайды. Сондықтан бұл саладағы өлеңдерін халыққа тікелей үгіт айтуға құрады.

Қамалған қараңғыда, қалың қазақ,
Қайратсыз қамсыз тұрып қалдың, қазақ.
Қарулан, қуатсызды қуаттандыр,
Құрдан-құр кампитқанша қарын, қазақ, —

деп жазады ол «Қазақтарға қарап» деген өлеңінде.

Қазақ елінің артта қалуын, қоғамдық дамудың мешеулігін Сәбит тікелей надандықтан, қазақтардың талапсыз бейқамдығынан көреді. Надандықты ерке қып, мойнына мінгізіп отырған халықтың мінезіне налиды. Одан туындап жатқан жамандықтарды сынайды. «Соңғы сөз» өлеңінде ол:

Қазақ, біздің түпке жеткен надандық,
Надандықтың шеңгелінде қамалдық.
Сол еркенің арқасында болып тұр,
Болса бізде не секілді жамандық, —

дейді.

Ақынның ағартушылық көзқарасы, ой-пікірі халық бойындағы жақсы мінез-құлықты оятуға, оны тіршілік үшін күреске қосуға арналады. Ол ел бірлігін («Бірлік»), талапты болуды («Талап»), сөз қумай іс тындыруды («Тіл мен көңіл»), ақылды («Ақыл») және ойлы («Ой») болуды уағыздайды. Осы өлеңдер, негізінен, ақын көңілінде қорытылған ойдың

түйіні сияқты суретке түсіп, оқырманға үлкен ғибрат ұсынады.

Тіл — көңілдің тілмашы,
Көңілдің жоқ сырласы.
Тілмашынды оң жұмсап,
Теріске, көңілім, бұрмашы!
Айтқанын қып қожаңның,
Тілім, қарап тұрмашы!
Аңғырттанып беталды,
Масқара мені қылмашы!
Тым құтыртпай, тия ұста,
Тілмашынды, мырзасы! —

деген шағын өлеңде тіл мен көңілдің ара қатынасы, тілді теріске емес, оңға пайдалану керектігі, «бір елі ауызға екі елді қақпақ» қою қажеттігін тапқыр, ұтымды, әзіл араластыра отырып, айтқан.

Ақын адам өміріндегі талаптың орнын зор бағалайды. Ең жаманы — талапсыздық, талапсыз бақ та, дәулет те, білім де келмейді дей отырып, халық ұғымына талапқа үлкен мән берілгенін еске салады:

Әр дәулет саған даяр, етсең талап,
Бақ келмес іздеп сені, жатсаң қарап.
«Нұр жауар талаптыға» деген қарттар,
«Жүргенге жөргем» бар ғой бұрыннан-ақ!
«Жалғызбын, жарлымын» деп қорғаламай,
Сал құлаш, бір өзінді жүзге балап.
Әрбірі талаппен тауып жатыр,
Дүниеде неше өнерлі көрсең санап.
Бұлайша кетіп кейін тұрғаныңа,
Дос күліп, дұшпандарың жүр табалап.
Көз салып осыларға, ойланатын,
Біздерде жігер, намыс бар ма, қазақ?!

Кейде ақын өзінің ағартушылық ойын мысалдап жеткізеді. «Жұмыскердің өкініші» өлеңінде бұрынғы бай баласының бұландап жүріп алды-артын ойламағанын, білімсіз қалып, байлық өткен соң қара жұмыс істеп жүрген өкінішін

жазады. Ол мал жұтайтынын, өнер, білім жұтамайтынын кеш сезінеді. Ақын оқырмандарына осыны ғибрат етеді.

Ақын замандастарын қараңғыдан жарыққа шығуға, өнер-білім үйреніп, озық елдермен теңелуге шақырады.

Жабысайық өнерге,
Ынтықпай қарап өлерге.
Өзіміз керек демесек,
Керек қып бізді келер ме?!
...Жұмулы болып көзіміз,
Ізденбесек өзіміз,
Білімінен білгендер,
Бөліп бізге берер ме?!

«Замандастар» атты өлеңінде осылай жар салған ол ел басшыларына, көзі ашық оқығандарына халыққа қызмет істеу қажеттігін ескертеді.

Қызмет көрсет халқыңа,
Игі қалсын артыңда.
Пайдалы басқа өнерден,
Ұлт керегі дегеннен,
Жан қиналып, жолыңда,
Бас кетсе де, тартынба! —

дейді.

Сәбит ел басқарған адамдардың еңбегін халыққа сіңірген еңбегімен өлшейді. Ол әкім болғандардың халықтың мүддесінен гөрі өзінің қара басын, құлқынын көбірек ойлайтынын сынайды. Олардың қылығы халықтың алғысы емес, қарғысына ғана лайық екенін ескертеді.

Өзің шыққан ұлтыңнан,
Басшы қылған жұртыңнан.
Бұл мінез, бұл құлқыңнан,
Қайтып қарғыс алмайсың, —

дейді ол «Қайтып қарғыс алмайсың» өлеңінде.

«Уақ-түйекке» Сәбиттің бірсыпыра мысалдары кірген. Өмір шындығына тұспалдап айту тәсілі оның мысал жанрына баруына да себеп болғаны байқалады. Көрші халық-

тардың мысал ақындарын (Крылов, Тоқай, т.б.) оқу арқылы өз талантын ұштап, ол өз кезінде осы жанрдың дамуына едәуір үлес қосты. Сәбит мысалдары оқырманға ғибрат боларлық жайларды суреттеп, содан тәлім алуды, үйренуді ұсынады. «Ұры мен баласы» атты мысалда ұры баласын ертіп, біреудің бағына түсіп алма ұрлайды. Баласы: «Әке, көріп қойды», — дейді. Әкесі: «Кім?» — деп сұраса, «Құдай көріп тұр ғой», — деп жауап береді. Мысал ұрлықты біреу көрмейді деп ойлама, бәрібір белгілі болады, арың алдында таза бол деген насихатқа құрылады. Ұры да баласы сөзінен ұялып, мазасызданады.

Білмеді не айтарын жазған ұры,
Ұялып, текке қарап тұрды құры.
Ұрыдан ұрлық кетті мұнан кейін,
Еріген қар секілді жазғытұры, —

дейді ақын.

«Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке» мысалдары көп халықтарға ортақ, кең жайылған сюжетке жазылған. Алайда Сәбит олардың оқиғасын қазақ ұғымына лайықтап жазады. Оларда ел арасындағы өсек-аяң, шағыстыру, қанағатсыздық, бәсекеқұмарлық сияқты жағымсыз мінез де сыналады. Мысалы «Ауырған арыстанда» ауырып қалған аң патшасының көңілін сұрауға барлық аңдар келгенде, түлкінің келе алмай қалғаны сөз болады. Мұны пайдаланған қасқыр арыстанға түлкіні шағыстырады. Арыстан ашуланып түлкіні шақыртқанда, ол патшаның ауырғанын біліп, ем іздеп қалғанын айтып ақталады. Ол емі — қасқырдың артқы аяғының сіңірі боп шығады. Сол арада арыстан қасқырды ұстап өлтіріп, артқы аяғының сіңірін жейді. Мысал түйінін:

Қазақта қасқыр да көп, түлкі де көп,
Алайда жіп тақпаймыз ешкімге дөп.
Сөз жүгіртіп, шағыстырған қасекендер,
Түлкіге қалып жатыр күлкі де боп, —

деп аяқтайды.

«Көзі тоймайтын итте» сүйек тістеп, көпір үстінен өтіп бара жатқанда судағы өз сәулесін басқа ит екен деп, сүйегін

тартып алмақ үшін суға секіріп түскен иттің азабын суреттесе, «Екі текеде» көпір үстінде кездесіп, біріне-бірі жол бермей, ерегісіп, сүзісіп, суға құлаған екі текенің қылығын жазады. Екеуі де адам бойындағы қанағатшылықты, кішіпейілдікті мадақтайды.

Бұл айтылғандар алғашқы беталысынан-ақ Сәбиттің қазақ қоғамы дамуының көкейкесті мәселелерін жырлаған әлеуметтік ойдың ақыны болып қалыптаса бастағанын көрсетеді.

«ЗАМАН ӨТІП БАРА ЖАТЫР ЖЕЛДЕТІП»

«Уақ-түйек» шыққаннан кейін жазған өлеңдерінде де Сәбит жоғарыда айтылған мәселелерді жаңғырта көтеріп, көркемдікпен, тереңдей қозғауға тырысты. Ол «заманның желдей есіп бара жатқанын» айтып, оның даму үрдісіне қазақтардың да ілесуін тіледі. Өз елінің дәрежесін балалық шақпен салыстырады. «Балалық» (1915) өлеңінде балалықтың ақ көңіл адалдығын, сенгіш аңғалдығын, кез келген нәрсеге алданып отыра беретін мінезін суреттей келіп, қазақ қоғамының күйін сонымен салыстырады.

Заман өтіп бара жатыр желдетіп,
Өзге халық өсіп жатыр ер жетіп.
Текке отырған көздің жасын көлдетіп,
Қашан кетер біздің елден балалық, —

деп налиды.

Ақынның әлеуметтік теңсіздікті суреттейтін өлеңдерінде жаңаша ізденіс, көркемдік шешім бар. Оларда дәуір шындығы, адам бейнесі тереңдей, нақты ашылады. «У жеген қасқырға» өлеңінде ол паракорлығымен аты шыққан, кейін соның жазасын тартқан озбыр болыстың бейнесін жасайды. Оны қорқау кәрі тарлан бейнесінде алады да, кезінде елге жасаған озбырлықтарын суреттейді.

Жерің кем шарламаған, бармай қалған,
Ісің кем ойға алмаған, болмай қалған.
Жалғызды, жарлыны да, қимасты да
«Ер» едің көмекейге бүкпей салған, —

деген жолдардан өлеңінің сатиралық өткірлігін де, әшкере-леушілік күшін де көреміз. Ақын оны осы күйге түсірген «қу құлқынның» сырын ашады.

Әлеуметтік теңсіздіктің сыры мен шынын Сәбиттің бұл кезде тереңірек түсінгенін «Бозторғай» атты өлеңі айқын танытады. Бұл — мысал түрінде ойды тұспалдап айтуға, аллегориялық үлгіге құрылған шығарма. Өлең сюжеті бозторғайдың тұрымтайдан зорлық көріп, мұңын шағу үшін қырғиды іздеуінен басталады. Бірақ қырғидың бөденені жеп жатқанын көріп, оған әділдік іздеп бармайды. Енді қаршығаны іздейді. Оны көлдегі момын құстарды шуылдатып, өлтіріп жүрген жерінен кездестіреді. Одан кейін лашынды іздейді. Оның да бір теректің түбінде қаздың етін жеп отырғанын көреді. Ең соңында амалсыз бүркітті іздеуге шығады. Өлең:

Тапқанын бүркітті іздеп, таппағанын,
Шаққанын ішкі мұңын, шақпағанын.
Білмеймін, әлі күнге естігем жоқ,
Жатқанын, жаны тыныш жатпағанын, —

деген тұспалмен аяқталады.

Өлеңде Сәбит қарапайым халық өкілін бозторғай бейнесінде алып, ел билеуші өкілдерді тұрымтай, қырғи, лашын, бүркіт тәрізді жыртқыш құстар кейпінде көрсеткен. Оның бірінен қорлық көріп, жоғарыға мұңын шақпақ болған бозторғай ешқайсысынан әділдік таба алмайды. Ақын сол арқылы ел билеушілердің әділетсіздігін, халық мұңын тыңдайды деген әкімдердің өздері оларды жеп жатқанын өткір сынға алады. Ол мұның түп төркіні патша үкіметінің ел билеу саясатында жатқанын сездіреді.

Жаным-ау мынау біздің төреміз бе?
Шынымен ақтық көрмей өлеміз бе?
Кемтарға бұлар қайтіп кек әпермек?
Күдірет көн деген соң, көнеміз де, —

деп ойлайды бозторғай лашынның қаз етін жеп отырғанын көргенде. Осы шумақта өлеңнің бүкіл ой түйіні жатыр.

Әлеуметтік теңсіздіктің тағы бір айқын көрінісін Сәбит әйелдер тағдырына арнаған өлендерінде ашады. Мысалы, ол «Жәмила қыз» атты туындыда поэмаға жүк боларлық оқиғаны шағын өлеңге сыйғызар шеберлік танытады. Заман шындығы мен адамдардың іс-әрекетін жарқын суретпен бейнелейді. Жас қыз Жәмиланың аянышты тағдыры да, қатыгез әке Төкештің мал құмарлық, дүние қоңыз кейіпті де, алпыстан асса да қыз алғысы келген Берденнің ынсапсыздығы да өлеңде шынайы көрініс табады.

Өлең Бекіш деген жігіттің қатыны өліп, Төкештің қызын айттыра келуінен басталады. Бірақ Төкеш қыз бермейді.

Қыз бермеймін, «кәрі» деп,
«Қатыны өлген әрі» деп
Беттетпеді Төкеш бай, —

дейді ақын. Мұны көргенде Төкешті қызына жаны ашитын ұнамды әке ме деп қаласың. Бірақ Сәбит қыз бермеген себебін:

Жүзге малы толмаған,
Жексұрын ғой оңбаған, —

деген жолдарда аңғартып тастайды. Төкеш Бекішті кәрі деп емес, кедей деп менсінбейді. Ол адамның қасиетін байлықпен өлшейтін адам екен. Мұны Сәбит оқиғаны әрі қарай дамыта отырып, толығырақ ашады. Жәмиланы Берден деген бай сұрап келеді.

Болса, алыңыз, қыз керек,
Маған жалғыз сіз керек,
Деп Төкеш бай жалпылдап,
Алпыстағы жасына,
Боз қыраулы басына
Қарамастан, қарқылдап,
Уәде қылды, қол соқты,
Әлде кімді сол соқты, —

деп жазады ақын. Жәмила жылап зар иелейді де, анасы шалды жақтырмай, қызына жаны ашығандық білдіреді. Оған Төкеш «түк білмейсің, шаласың» деп ұрсады.

Шайтан алсын, шал алсын,
Төкең байғұс мал алсын, —

деген кекесінмен аяқталады.

Сәбит Төкештің қылығын әшкерелеу арқылы қызын малға сатып, байымақ болған өз дәуірінің дүние қоңыз шалдарын өткір тілмен түйрейді. Өленде уытты сатира да, тапқыр юмор да мол. Сол арқылы автор қазақ ауылы өміріндегі феодалдық кертартпа салттың көрінісін шенейді.

Бұл өлендер Сәбиттің «Уақ-түйектен» кейінгі дәуірде де ақын ретінде толыса түскенін, оның қоғамдық көзқарасы терендеп, қалыптасқанын көрсетеді. Ол әлеуметтік теңсіздіктің, феодалдық ескі әдет-ғұрыптың өткір сыншысы болды.

1916 жылы маусым жарлығы кезінде Сәбит майданның кара жұмысына бармай қалу үшін Екібастұз кен өндірісіне барып, жұмысқа кіреді. Өмірі қазақ ауылымен, қазақ шаруасының жай-күйімен байланысты ақын енді өндірістегі қоғамдық әділетсіздікті, жұмысшылардың ауыр бейнетін көзімен көреді. Бұл жайды ол «Екібаста» деген өлеңінде суреттейді. Өленде өндірістен жұмыс іздеп «сабылған» қалың көпшіліктің дағдарысты күйі мен жұмысшылардың ауыр тұрмысы қатар алынып, тәп-тәуір көркемдік бейне табады.

Тамаққа тапқан табыс жетпейтін боп,
Айтқан көп елге сәлем «ас жібер» деп, —

дейді Сәбит жұмысшылар тұрмысын суреттей келіп. Ауылдан келген ақынның өндірістегі қиыншылыққа көндікпей, елді аңсауы сияқты сарын да байқалады.

Ел әкімдерінің қудалауымен Сәбит бәрібір майданның кара жұмысына алынады. Рига қаласы маңында жұмыс істейді. Одан тек 1917 жылғы ақпанда патшаның құлауымен байланысты босанады.

«ТІЛЕКТІ БҮГІН ХАҚТЫҢ БЕРГЕН КҮНІ»

1917 жылғы ақпандағы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс пен патшаның тақтан құлауын Сәбит қуана қарсы алады. «Бостандық» атты өлеңінде ол:

Тілекті бүгін хақтың берген күні,
Көл дария көздің жасын көрген күні,
Талайдың тіршіліктен қол сермеген,
Қайғысын тас-талқан ғып бөлген күні, —

деп жазады. Ол Семейде Алашорда автономиясын құрушы қазақ оқығандарының талабына тілек қосады. Алайда, Алашорда ел билеуші үкімет болып қалыптаса алмады. Оған жедел болған Қазан төңкерісі кедергі жасады. Алашордашылардың алған қаулы-қарарлары іске аспай, өздері жана өкіметке қарсы әр түрлі пана іздеп әуре болды. Өзі тілектес болған ұйымның мұндай берекесіздікке ұшырағанын Сәбит 1918 жылы жазған «Қаулы» атты өлеңінде сынап, олардың ұлт қамы үшін жартулы іс істемегенін көрсетеді. Онда ет жеп, қымыз ішіп отырып, халық қамы деп қаулы алатын, кейін тез ұмытатын басшылардың іс-әрекеті әшкере болады.

Сонымен жұрт тарапты асын ішіп,
Таң атса таз қалыпқа қайта түсіп.
Қаулыны күнде-күнде жасайтұғын,
Ет қайда қайта-қайта тұрған пісіп.

Өлеңде улы кекесін бар. Ол жиналыс басында сөйлеп отырған «басшыны» да, алынған қаулыны да, желінген еттің жайын да кетте сөйлеп, тұтастықта суреттейді. Өлең аяғын сөйтіп:

Сөз бітті, ет желінді, қаулы қалды.
Халықта өкпе бар ма, аузына алды.
Еттің де, халықтың да өркені өссін,
Ермектік бір әңгіме болды, қалды, —

деп бітіреді.

1919—1920 жылдары Сәбит Семей, Павлодар облыстарында ауылдағы кенес жұмысына қатысады. Ағарту, сот қызметтерін атқарады.

1924 жылы Сәбит Семейге келіп, «Қазақ тілі» газетінің редакциясына жұмысқа орналасады. Осы кезден бастап ол

әдеби шығармалар жазуға қайта оралады. Өлеңдер, мақалалар, очерктер мен фельетондар жариялайды. Өз кезіндегі басқа да ақын-жазушылар тәрізді Сәбит те кеңес шындығын нағыз демократияның үлгісі деп ұғады, оған ризалық білдіреді. Ол жаңа заманда қазақ елінің өміріне кірген жаңалықтарды жырлауға атсалысады. Негізгі шығармаларын қазақ кедейін дәуірдің қаһарманы етіп, олардың өсу жолын көрсетуге арнайды. Мысалы, Сәбит «Қазақстанның алты жылдығына» атты өлеңінде еңбекші, жалшы қазақтың өсіп, қоғам қызметіне араласуын Әбен бейнесінде береді. Ол Әбеннің қойшы, жылқышы, жұмысшы болғанын, ең соңында болыстың төрағасы болғанын көрсетеді.

Талай болған Әбен мазақ,
«Әбен жалшы», «Әбен қазақ».
Болғанына толды алты жыл,
Әбен — қазақ арманы аз-ақ.

Тендік өмірге ие болып, өнер-білім ізденуге ден қойған жастың кейпін танытуда Тасқара бейнесінің де едәуір маңызы бар. «Кім не ойлайды» өлеңінде ақын әркімнің әр түрлі ойы барын суреттей келіп, Тасқараның мақсат-мұраты оқу, өнер үйрену екенін айтады.

Тасқара үйде талмай ойлайды,
Жас мектепте сабақ ойлайды.
Білген сайын білсем-ау деп,
Күннен-күнге талап ойлайды.
Оқып болса, анықты ойлайды,
Бұрын-соңғы қалыпты ойлайды.
Адам болып адамшылық,
Жарықты ойлайды, халықты ойлайды.

Тасқаралардың жолы — ендігі жас ұрпақтың жолы екенін суреттей отырып, ақын болашақ қайраткерлерін осылардың қатарынан іздейді.

«Азат жетті» өлеңінде Сәбит әкесі 1916 жылы майданның кара жұмысында жүріп өлген жетім бала Азаттың тәрбиеленіп, жаңа дәуірдің қатардағы азаматы болуы жо-

лын әңгімелейді. Келешегі айқын баланың рухани өсіп, өмірге ие болып келе жатқаны — өлеңнің негізгі идеясы. «Азаттар ер жетсе» өмірді одан да жаңартып, жақсартып түсетініне ақын сеніммен қарайды.

Жаңа шындық жағдайда өсіп, ер жетіп жатқан кейіпкерлер қатарында Сәбит әйелдердің, қазақ қыздарының да орны барын көреді. Бұрын малға сатылған Жәмилалардың тағдырына енді ол ерікті қыз Айшаны қарсы қояды. Он бір жаста жетім қалып, тұрмыстың ауыр бейнетін тартқан Айшаны он төртте тоқалқұмар бір шал айттырады. Шал үйінде зар илеген оны жаңа өкімет заңы босатып, теңдік береді. Айшаның ерікті өмірін ақын басқа әйелдерге үлгі етеді.

Ерікті Айша,
Толған Айша.
Жарқылда да, жарық бол!
Басқа Айшалар,
Сендер де бар.
Күндіктен шық, қарық бол! —

дейді ол.

Жаңаша тәрбие алып, өсіп келе жатқан жастарды суреттеу талабы Сәбит адамды тануына, оның кейпін ашудағы жаңа ізденістеріне жол ашты.

САТИРА ТІЛІМЕН

Сәбит Дөнентаевтың бұрынғы сыншыл өлеңдерінде таңылған сатириктік таланты Кеңес өкіметі жылдары толысып, өсе түседі. Ол өзінің улы тілі мен сөзін, ащы ажуасын өмірден өз орнын таба алмай жүрген, әр қилы типтерді бейнелеуге, әдет-ғұрптың зиянды көріністеріне қарсы жұмсайды. Бұл салада ақынның «Дәуітбек», «Құсайынның арманы», «Ой, жалған-ай», «Жәкең молда», т.б. өлеңдері көрнекті орын алады. Бұл өлеңдерінде Сәбит ұнамсыз типтерді тәп-тәуір бейнелейді.

Дәуітбек — өткен заманның беделді адамы. Ақын оны:

Бір кезде Дәуітбек те болып еді,
Қарны да, дәулеті де толып еді.

Өшіксе, жоқтан пәле салушы еді,
Өштессе, жерін тартып алушы еді, —

деп суреттейді. Ал кейінгі Дәуітбектің халін:

Бақ кетті, дәулет кетті, қарын қалды,
Бұрынғы бүтін көңіл жарымдалды, —

деген жолдардан көрінеді.

Айдалы, қу Дәуітбек заманының өткеніне қарамастан, амалдап күн көруге кіріседі. Өзін «кедеймін» деп жариялап, сайлауға қатысады. Ақын оның бұл қылығын былай ажуалайды:

Дейді де, атқа мінед — мен де кедей,
Малым аз, мен немене, кедей емей.
Сайлауға кейде кіріп, кейде шығып,
Бұғып жүр, жорғалап жүр бөденедей.

«Құсайынның арманы» өлеңі де осымен тақырыптас. Мұнда оқуды өнер-білім үйрену үшін емес, мал табу, бақ іздеу мақсатына пайдаланатын адамдардың іс-әрекеті сыналады. Осы мақсатпен баласы Құсайынды оқытқан Жұмақан оның ойынан шықпағанына ренжиді.

Басқаның ілінгені мал табады,
Көрмей ме кешегі анау Тасқараны.
Болды деп несін адам жұрт шулайды,
Әлі анық енгізген жоқ қараны, —

дейді.

«Ой, жалған-ай» өлеңі елді алдап, ебін тауып жеп жүрген саудагерді шенеуге арналады. Ақын өленді оның өзін сөйлетуге құрады. Бұрын оңай олжа тауып, дүрілдеген саудагер «мырза» атанған кезін еске алады.

Көк ат жектім, қара ат жектім,
Пар ат жектім, дара ат жектім.
Талай баймен қалыс болып,
Банкеге де таныс болып.

Кейінгі жылдары ол кооперативке басшы болып, тағы да «екі жыл қарыштайды». Бірақ ендігі өміріне қауіп төнген саудагер заманының өтіп бара жатқанын уайым етеді.

Сәбиттің бұл айтылғандардан басқа да сыншылдық өлендері бар. «Нағиманың өкпесінде» ол орынсыз сән қуған әйелдің мешендік мінезін сынға алса, «Ақ жорға шығыпты», «Бір адвокаттың мінезінен» атты өлендерінде қоғамдық тәртіпті бұзып, маскүнемдікке берілген адамдардың рухани тозуын бейнелейді. «Мұқан мен Серікте» әкімдікке құмарлықты сынайды.

Өмірінің соңғы шағында Сәбит ауру себепті өндіріп жаза алмады. 1930—1931 жылдары ол Павлодарға барып, Бесқарағай ауданында халық ағарту жүйесінде қызмет істейді. 1932 жылы қайтадан Семейге келіп, газетте әдебиет бөлімін басқарады.

1932 жылы Сәбит Алматыда болады. Шығармаларының жинағын баспаға тапсырады. Астананың әдеби өмірімен танысып, жаңа бағытта жұмыс істеуге әзірлігін білдіреді.

Бірақ ақын арманына жете алмайды. 1933 жылы 23 мамырда Семей қаласында қайтыс болады.

Мұның бәрі Сәбиттің қазақ әдебиетіндегі көрнекті орнын белгілейді. Шығармашылық жолын демократтық әдебиеттің үлгісінде бастап, кейінгі дәуір өзгерістерін жырлаған ақын екі дәуірдің куәсі болып қоймай, оны әдебиетте көркемдікпен бейнелеуде де едәуір еңбек етті.

МАЗМҰНДЫ, ҚЫСҚА ӨЛЕҢНІҢ ШЕБЕРІ

Сәбит — өзіндік ерекшелігі мол ақындардың бірі. Ол — мазмұнды, қысқа өлеңдердің шебері. Өлеңге аз сөзбен көп мағына сыйғызуда, оның қарапайымдылығын сақтауда, тіл бейнелігін көтеруде Сәбиттің жетістігі аз емес. Ол сырттай жалтылдақтыққа құмартпайды, көтеріңкі лептілікке де бармайды, өлеңді боямасыз, реалист ақынға тән жұпыны жазады. Сондықтан да оның өлеңдері ойға бай, сөзге сараң келеді. Ақынның «Ой» деген өлеңін алайық.

Қаза берсе, түбі жоқ,
Қазбағанша, суы жоқ.

Ой деген бір шыңырау.
Талаптыға жеткізбей,
Талапсызды өткізбей,
Жынды қылған құрғыр-ау.
Сені қуған кісі әуре,
Қумағанның ісі әуре.

Бас-аяғы сегіз-ақ тармақ. Бірақ оның өзіне Сәбит тапқырлықпен көп ой сыйғызған. Ойлай берсе, ой түбіне жету мүмкін еместігін, ойламаса түк те жоғын, ойласаң — өзін әуре, ойламасаң — ісін әуре екенін жеткізіп айтқан. Мұндай өлендер Сәбитте көп. Әсіресе ақынның адам сезіміне байланысты өлендері тапқыр, әрі көркем.

Өзінің ақындық ізденісінде Сәбит Абайға көп еліктеген, одан үйренген. «Абайға» деген өлеңінде ол:

Бәрі бала, жас еді,
Бәрі ұйқыда мас еді,
Барлық қазақ баласы.
Сонда ішінен жарқ етіп,
Ақыл ойын сарп етіп,
Жөн бастаған данасы, —

дейді. Бұндағы Сәбиттің Абай данышпандығының сырын ұғынуы, оның «бәрі жас, бәрі мас» ортада туып, «жөн бастағанын» тани білуі көрінеді. Өзінің халықпен байланысында, оның өмірін көркем бейнелеуге ұмтылысында ақын Абай жолын ұстанады. Абай пәзиясының ойшылдығы мен сыршылдығы, философиялық топшылаулары да оған едәуір әсер етеді.

Сәбит өлендерінің түрінде де Абай үлгісі мол. Ол «Сегіз аяқ», «Алты аяқ» үлгісінде көп өлендер («Жүрекке», «Атылғандарға», «Темірге», «Ерікті Айша», т.б.) жазған. Жоғарыда ақынның өзіне арнаған өлеңі де соның бір айғағы.

Сәбит — шебер сатирик. Оның мысалдары да, сыншылдық өлендері де ақынның бұл саладағы үлкен табысы. Ол мысал жанрын қазақ әдебиетінде кеңінен дамытты. Ыбырай мен Абайдың, Ахметтің, Спандиярдың мысалдары, негізінен, аударма арқылы туса, Сәбит жанрды өзінің төл

шығармаларымен байытты. Оның «Бозторғай», «Сұңқар мен қарғалар» атты мысалдары өз дәуіріндегі қазақ поэзиясының бұл жанрдағы таңдаулы үлгілеріне жатады.

Кейін де Сәбит едәуір мысалдар жазды. «Шошқа мен саудагер», «Бөшкенің зары» сияқты мысалдар арқылы ол арам жеп, елді алдап жүрген саудагерлерді, қылмысты адамдарды әшекерелейді. Алдыңғы мысалда бай саудагер шошқаны көріп, нас жейсің деп жазғырса, шошқа оған сенің жеп жүргенің менен де арам дейді. Ал, соңғы мысалда Бостанбай байдың бос тұрған бөшкесі желмен сырласып, екі айдан бері іші бос тұрғанын, бай малын «партияға», «қалыңға», тағы басқа жолдарға жұмсап жатқанын сотқа жеткізуді сұрайды. Мысалдың құрылысы, жазылу тәсілі жайында ақын көп толғанып, ізденгенге ұқсайды. «Партияшыл, жікшіл, оның үстіне қалың мал төлеп заңға қайшы қылмыс істеп отырған адамды мысқылдап, келеке сықақ ету өлеңнің өзгеше түрін іздедім. Далада, есік алдында бос тұрған бөшкені жел күні сөйлеттім... Менің өз атымнан айтқаннан гөрі, жансыз бөшкені сөйлетуім оқушы үшін әсерлі, қызықты әңгіме болар деп ұйғардым. Бостанбайдың партия жасап, елді өзіне тартып алу әрекетінде жүргенін, қылмысын, залымдығын бөшкеге сөйлету арқылы әшкереледім», — деген ақынның өзі.

Сәбит өзінің сатириктік талантын кейінгі дәуірде кеңестік саясаттың солақайлығынан жолын таба алмай жүрген адамдарды, қоғамдық жүйенің әділетсіздігін, салт-сананың кертартпа жақтарын сынау арқылы дамытып, жетілдірді. Бұл ретте оның «Дәуітбек», «Құсайынның арманы», «Сүлейменнің нануы», «Ақ жорға шығыпты», «Қаржаубайдың ашуы», т.б. өлендерін атаса да жеткілікті.

Ақын өленді сюжетке құруға шебер. Ол нақты бір оқиғаны алады да, соны дәл бейнелей отырып, одан көркем ой түйе біледі. Оқушыға сол арқылы әсер ете алады. Өлендерінде диалогтың жиі кездесуі де, кейде өленді кейіпкердің ойына құруы да Сәбиттің көркемдік тәсілдің әр алуан түрін қолданғанын көрсетеді.

Сәбиттің сыншылдық өлендерінде ирония көбірек қолданылады. Сол арқылы суреттейтін, сынайтын кейіпкерін ол мақұлдағансып отырып, кекетеді. «Жәмилә қызда»:

Шайтан алсын, шал алсын,
Төкең байғұс мал алсын!—

деп, қызды кімге берсе де, «Төкен байғұстың» мал алуына тілектес сияқтанғанымен, мұның ар жағында өз баласына жаны ашымаған адамға деген ұлы кекесін, сын жатыр. «Қаржаубайдың ашуы» өлеңінде Сәбит Қаржаубайдың әйелі өліп, оның Жанбикені әпер деп Қайырбекке күнде баратынын суреттейді. Қайырбек «жарайды» деп шығарып салады. Жанбикенің тимейтінін айтуға бата алмайды. Әңгіме созылған соң Қаржаубай ашуланып, кеше босағасында құл болған Қайырбектің бүгінгі қылығына риза еместігін айтады. Акын өлеңді қарапайым, жұпыны қорытады.

Деп бұркылдап атқа мінді,
Білмегендер дер ед жынды.
Ашуланар жөні де бар
Қайырбек қу әуре қылды?

Қаржаубайдың ашуын мақұл көрген тәрізденгенмен, өлең идеясы оның заманының өткенін білмей, қолынан келмеске ұмтылып, ашуланып жүргенін кекетуге құрылады. Ал «Нағиманың өкпесінде»:

Ол емес өзгелердей киім құмар,
Орысша он-ақ түрлі көйлегі бар, —

деген жолдармен оның мода құмарлығын тез-ақ аңғартады.

Сәбит ақындық, жазушылық өнерге жауапкершілікпен қараған. Кейінгі жастарға да соны үлгі қылған. Әдебиетті ермек, оңай іс көретіндерді ол өткір сынап, шенеген. «Драмашыға» деген өлеңінде ақын:

Драма ма, құрама ма?
Сөз осылай құрала ма?
Сен жазушы болса екен деп,
Өмір бетін бұра ала ма?
Ағаң менен апаң сөзі,
Барлық сөзге тұра ала ма?

Сендей тауық балапанды,
Бір-ақ күнде шығарма ма? —

деп, үйіп-төгіп жазып, ағасы мен апасына ұнағанын айтып редакцияның мазасын кетіретін бір жасты өлтіре сынайды. Іздену керектігін, «бір күнде тауық та балапан ашсып шығармайтынын» ескертеді.

Лақ емес, асық емес,
Уалама, қуалама,
Ішіне кір, сығалама,
Сынып кетер, сыналама, —

дейді. Және өлең аяғында өзінің ирониялық әдісіне көшіп,

Сенен басқа зердесіздер,
Мұндай сөзді ұға ала ма?

деп қорытады.

Сәбитте қазақ өлең құрылысын интонацияға қарай жанарта қолдану, сөз тіркестерінің орнын, тұлғасын, өзгерте пайдалану талабы да зор. Ақын сөзге жаңа мағына беруге тырысады.

Мұның бәрі Сәбиттің қазақ әдебиетіндегі көрнекті орнын белгілейді. Шығармашылық жолын демократтық әдебиеттің үлгісінде бастап, кейінгі дәуір өзгерістерін жырлаған ақын екі дәуірдің куәсі болып қоймай, оны әдебиетте көркемдікпен бейнелеуде де едәуір еңбек етті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сәбиттің өскен ортасы мен өмірі жайлы әңгімелеңдер.
2. «Уақ-түйек» жинағы қай жылы шықты және оған кірген өлеңдердің мазмұны қандай? «Заман кімдікі» өлеңін жаттап алыңдар.
3. Сәбиттің оқу-білімге шақырған өлеңдерін талдаңдар. Оның адам бойындағы жақсы мінез-құлықты оятуға арнаған лирикалық өлеңдерін оқыңдар.
4. Сәбиттің мысалдарын оқыңдар. «Сәбит — мысалшы» деген тақырыпқа шығарма жазыңдар.
5. Сәбиттің «Балалық» өлеңін жаттаңдар.
6. Әйел теңсіздігі мәселесін Сәбит қалай жырлайды?
7. Сәбит жаңа заманды жырлауға қалай келді? Ол қазақ жастарын жырға қалай қосты?
8. Сәбит өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін айтып беріңдер.





■ ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН ■



ЗАХИРИДДИН МҰХАММЕД БАБЫР (1483 – 1530)



Өзбек әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан талантты ақын, кемел прозашы, әрі белгілі мемлекет қайраткері — Захириддин Мұхаммед Бабыр. Ол бүгінгі таңдағы Өзбекстан Республикасына қарасты Әндіжан қаласында 1483 жылдың 14 ақпанында дүниеге келіп, 1530 жылдың 26 желтоқсанында, 47 жасында дүние салады.

Бабыр кезінде Ферғана өңірінің әмірі, Үндістан елінің билеушісі, қолбасшы болумен бірге, Үндістанда Моңғол империясының (1526—1858) негізін қалаушы ретінде кеңінен танылған ірі мемлекет қайраткері.

Оның әкесі — Омар Шейх (1456—1495) атағы әлемге әйгілі, ұлы қолбасшы Әмір Темір Көрәганидің немересі болса, шешесі — Құтлық Нигар ханым, Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай әулетінен шыққан, Уәйіс ханның баласы, кезінде Ташкент қаласының әкімі болған Жүніс ханның бәйбішесінен туған, үлкен қызы.

Ескерте кетерлік жәйт, осы Жүніс ханның ең кіші, кенже қызы Хуб Нигар ханым, қазақ халқының белгілі тарихшысы, әрі ақыны Мұхаммед Хайдар Дулатидің анасы. Солай екен, Бабыр мен Мұхаммед Хайдар Дулати апалы-сіңділінің перзенттері болғандықтан, олар бір-біріне бөле болады.

Ал қазақ ханы Сұлтан Ахмет немесе Алаша хан Жүніс ханның екінші әйелі Шаһ Бегімнен туған, оның баласы. Міне көріп отырсыздар, Жүніс хан мен Бабыр қазақ халқы

үшін де кездейсоқ адамдар емес, етене жақын, түбі бір туыс жандар екендігін байқатады.

Әрі бұл — өзбектер мен қазақтардың шығып келу тарихы бір, түбі бірге туысқан халық екендігін аңғартумен бірге, олардың тағдыры тұтас ел екендігін де анық байқаймыз. Әрі олар, өзара бір-бірінен қыз алып, бір-біріне қыз беріп, әбден араласып кеткен, құда-құдағи болған халық екендігін де дәлелдей түседі.

Бабырдың өмір жолдарына, басып өткен бел-белестеріне назар аударсақ, оның ерте жетілгендігіне қаныға түсеміз. Өйткені ол, өнер-білімге жастайынан-ақ құштар болады да, түркі тілдерін жетік меңгеріп, араб, парсы тілдеріне айрықша мән беріп, ерекше зейінмен үйренеді.

Әсіресе, Шығыс поэзиясының інжу-маржандарынан нәр алып, рухани дүниесін кең өріс алдырады да, тарих, философия, табиғаттану ғылымдарына ерекше көңіл көзін қадайды.

Оның үстіне, сәулет өнері мен соғыс шеберлігін айрықша игеріп, аса батыл, тым ержүрек, ерекше зейінді болып өседі. Сондықтан да оны жұртшылық жас кезінен-ақ «Бабыр» деп атап кетеді.

Ал, «Бабыр» сөзі арабша — «Арыстан», «аса батыл», «айбатты» деген мағына береді.

Әкесі Омар Шейх 1494 жылы дүниеден өткенде, үш перзентінің ең үлкені болған Бабыр, не бәрі 12 жасында Ферғана өңірінің әмірі болып таққа отырады. Нәтижеде ол, аз уақыттың ішінде-ақ Ходжент, Исфара сияқты т.б. қалаларды өзіне бағындырып алады да, Әмудария мен Сырдария аралығында, яғни Мауаранахрда бір орталыққа бағынған ірі мемлекет құрмақ болып, өз айналасына талай рет суыт жорықтар жасайды.

Үндістанның ірі мемлекет қайраткері, тамаша публицист Жавахарлал Неру өзінің 1955 жылы Мәскеуде жарық көрген «Индияны ашу» атты әйгілі еңбегінде, Үнді елін билеген Бабырға аса жоғары баға береді. Мәселен ол, Бабырдың азаматтық тұлғасы, қайраткерлігі жәйлі тоқтала келіп: «Жылы жүзді, батыл, іскер жан» — дейді де, одан әрі: «Өнер мен әдебиетті бағалай білген қайраткер» — дей отырып, онан соң тағы да: «Бұл кезде Үндістанда үлкен игілікті өзгерістер

өмірге келді. Жаңа бір леп есіп, мұның өзі өнер, архитектура тағы басқа мәдениет салаларын құлпыртып, жасартып жіберген еді» — деп, үлкен құрметпен тілге алады.

Расында да, ірі мемлекет қайраткері, әрі қолбасшы болған Бабыр, Үнді еліне билік жүргізіп тұрған шағында да өнер мен әдебиетке, архитектураға, мәдениетке, оның экономикасының дамуына айрықша мән береді. Өзі де бір жөн лирикалық шығармалар жазумен бірге, «Әліппе» жазу мәселесіне де ерекше көңіл бөледі.

Әсіресе, араб әліппесінің өзіндік ерекшелігін терең таныған ол, 1503—1504 жылы «Бабыр хаты» деген әліппе еңбегін де жазады. Әрі, ұлы ақын Әлішер Науаи дәстүрін одан әрі жалғастырып, 1525 жылы өзінің «Аруз» өлшемі негізінде, өлең құрылысы жайлы өз ойларын ортаға салады.

Сондай-ақ, Темур ұрпақтарының ел билеулері жөнінде де бір жөн ой айтқан «Муфассал» атты еңбегін жазу мүмкіндігіне де ие болады. Оның үстіне, аса тамаша лирикалық шығармалар жазумен бірге, «Бабырнама» атты әлемге әйгілі өмірбаяндық еңбегін жазып, әлем әдебиетінің дамуына өзінің сүбелі үлесін қосады.

Бабырдың жинақ ретінде топтаған өлеңдері, бүгінгі таңда қол жазба күйінде Париж бен Үндістан кітапханаларында сақтаулы.

Ақын өмірді шынайы сезіммен ерекше сүйсіне жырлап, адам баласын биік парасат иесі болуға баулиды. Өмірдің тамаша сырларын дәріптей отырып, нағыз адами ұлы қасиеттерді ардақтайды да, көктемнің әсем көріністерінен де сыр шертеді. Әсіресе, сұлулық пен іңкәр сезімді ерекше ардақ тұтқан ақын, өзінің көңіл күйін, сүйген жарына деген ыстық ықласын былайша сипаттайды.

Мәселен ол:

Сен — әдемі қызғалдақсын, мен — бейшара бұлбұлмын.
Сен — жалынсын,

ал мен болсам — желге ұшатын құр құлмін.

Екі арамыз жер мен көктей алшақ жатыр дей көрме,
Халқым үшін патша болсам, өзің үшін бір құлмын.

десе, тағы бір сезім сырларында:

Қайтсек екен? О, қасірет махаббаттың жолында,
Гауһар да жоқ, ерік те жоқ әулетті бұл қолымда.
Әлем білген атақ қайда, даңқ қайда ел білген?
Солып біттім саған деген махаббаттың торында.

дейді акын, өзінің сүйіспеншілік жолындағы дәрменсіздігін ашық айтып.

Тіптен акын, сүйіспеншілік жолында, іңкәр көңіл күйінде жасырмай ашық айта келіп, өзінің ыстық сезімін айқын аша түседі. Мәселен ол:

Бір сен деген үмітпенен гүлденеді көңілім,
Бақ — дәулетті бір сенде деп, білген еді көңілім.
Медеу болар көңіліме күтерім сен болған соң,
Алтын нұрға бөлеген боп жүрген еді көңілім.

деп, өзінің сезім сырларын аша түседі.

Акын қаншалық ел билеп, патша боп тақта отырса да, ата жұртын, туған елін аңсап, өз өңірін, жерін сағынатындығында өз өлең жолдарында ашық тілге алады. Мәселен акын өз рубаиларының бірінде, өз Отанына деген ыстық сезімін, шынайы сүйіспеншілігін:

Жат өлкеде жабыраңқы жүреді, екен бұл адам,
Көңілдегі күйзелісті біледі екен бұл адам.
Туған елі еске түссе, ұйқы — күлкі ұмыт боп,
Жанды жеген сағынышпен жүреді екен бұл адам.
(Аударған — Ә.Дүйсенбиев).

деп акын туған жерден, өз Отанынан ешнәрсе артық емес екендігін шынайы сезіммен өте әдемі жеткізді.

Акын ойынша «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болу» барлық нәрседен абзал екендігін ашық тілге алады. Кейбір тарихи мәліметтерге қарағанда Бабыр, 14–15 жасында-ақ Гератта тұратын ұлы акын Әлішер Науаиға талай рет өлеңмен хат жазып, әлденеше рет жауап та алғандығы анық аңғарылады.

Әсіресе ол, ұлы акын Әлішер Науаиды өзіне ұлағатты ұстаз ретінде танып, оның шығармаларын ерекше сүйіспеншілікпен оқиды. Бірақ олар бір-бірімен кездесіп, сұхбаттасу мүмкіндігіне ие бола алмайды.

Дегенмен, Бабыр өлеңдеріне тереңірек назар аударсақ, онда оның Шығыстың классикалық әдебиетінен, оның ішінде Өлішер Науаи поэзиясынан рухани нәр алып, ерекше сусындағандығын анық аңғарғандай боламыз.

Оның үстіне ақын Бабыр, өз өлеңдерін, шағын-шағын төрт жолдан тұратын көңіл-күй лирикаларын, ғазал, рубаяттарын «маснавий» үлгісінде аса мол жазғандығын да байқаймыз.

Бабыр поэзиясында ар тазалығы, сезім пәктігі үлкен серпіліс пен тілге алынады да, ол әділет пен адалдыққа, қайырымдылыққа барып ойысады. Зорлық пен зомбылыққа, зәбір мен зұлымға, дәрекілікке қарсы пікір қозғайды. Мәселен ақын:

Әрқашанда таза болсын ар-ожданың, жүрегін,
Өзгелер де саған адал, әділ болар білемін.
Зорлық қылсаң өзгелерге-өзің зәбір көрерсің,
Қиянаттың құрбаны боп қорлықпенен өлерсің.

дейді ақын, адамдарды пәктікке, адалдыққа жұмылдыра түсіп.

Қараңызшы, қандай тауып айтылған тамаша ойдың жемісі. Жүректің тазалығы, сезімнің пәктігі — адам бойындағы асыл қазына екендігін ескерте келіп, «Сен зорлық қылсаң, екінші біреуден қорлық көресің» деген идеяны алға тартады.

Сөйтіп ақын, өз оқырмандарын адалдыққа, достық пен бауырмалдыққа, саф тазалық пен ар пәктікке баулиды. Түбінде зорлықтың негізі қорлық екендігін ашық айтып, адамдарды ынсапқа, ынтымақ-бірлікке, тән тазалығымен жан тазалығына жұмылдыра түседі.

Оның үстіне ақын ел көру, жер көру мәселесін өзіне міндет ете отырып, одан рухани нәр алатындығын да өз рубайларында ашық тілге алады. Мәселен ол:

Үйкүшік боп өлгеніңше — қаңғыбастық ғажап-ақ,
Кір көңілді кең дүние кетеді-ау бір тазалап.
Қаңғыбастық, кедейшілік айып емес пендеге,
Жиһанкездік бала кезден жүрді мені мазалап, —
дейді ақын.

Тіптен ақынның ғазалдарында саф махаббат пен шын сүйіспешілік, шынайы іңкәрлік сезімдері өзінің сәтті шешімдерін таба түскен. Ақын өз сүйгеніне деген іңкәр көңілін бүкпей, ашықтан-ашық тілге алып, оны өзінің жыр жолдарында емірене тілге алады. Өзінің шынайы сезімін ашық айтады.

Мәселен ақын:

Сая бақтай сарғайдым, күйі кеткен күздегі,
Сен сүйкімді қызғалдақ ешкім батып үзбеген.

Сен дегенде қайғыдан, кеудем қалды қақырап,
Аяғыңның астында, қалған мен бір жапырақ.

Гүлдене бер, қызғалдақ, тұра бергін жасарып,
Қайғы-мұңға берілме, құлпыра түс қасарып.

Дерт жүрекке дауа еді, сенің айтқан бір сөзің,
Дауаң қайда ауадай? Қайда кетті нұр сезім?

деп ақын, өзінің сүйген қызына деген ыңкәр көңілін, шын сезімін бүкпей, ақтарыла айтып, шынайы махаббаттың үстемдігін, поэзия тілімен өте әдемі жеткізеді. Мәселен ақын:

О, қызғалдақ, неге көңлің қалды, шеттедің?
Мен көңліңді тапқанша қанша қайғы шекпедім,
Сол сәулетті, бақытты шақ болмады әттең баянды,
Беттен қақтың, жанға батты үмітімді тепкенін.

Бұл азапқа түсірмесін досымды да қасымды,
Саған деген сенім оты су сепкендей басылды.
Әлдеқайда жан сауғалап кетер едім егер де,
Аяғыңның астына әкеп тастамасам басымды.

Міне бұл — ақын құдіреті, ақын тапқырлығы, ақынның шынайы сезім сырлары, көңіл күйі іңкәр жүректің терең тебіреністері.

Тіптен ақын өзінің сүйген қызына деген ыстық сөзімін ашық айта отырып, оның өз уәдесінен шықпай, бой тасалай түскен сәттерінде жасырмай ашық айтады.

Мәселен ақын:

Қайда сенің уәден, антың қайда, қарағым?
Қайда сенің наз күлкің жарқын айдай, қарағым.

Мен еріксіз кеткенде, есілді ме зар-мұным?
Қайда сенің Мәжнүннің? Қайда жүрек жарлығы?

Дерт жүрекке дауа еді, сенің айтқан бір сөзің,
Дауаң қайда ауадай? Қайда кетті нұр сезім?

Мына Бабыр бейшара тез-ақ ұмыт болды ма?
Антың қайда? Үмітім шынымен-ақ солды ма?

деп, шынайы сүйіспеншілік алдында дәрменсіз екендігін өз рубаиында өте орынды жеткізе түседі.

Сөйтіп, аса талантты ақын Бабырдың өлеңдері мен рубайларында, ғазелдері мен маснавилерінде ыстық сезіммен іңкәр көңіл сырлары, шынайы сезім, мөлдір махаббат сипаттары өзінің тамаша шешімдерін жан-жақты таба түседі.

Не шара?... Міне осындай пәк сезімді, аса асқақ талантты ақын, жиһангез, әрі ірі мемлекет қайраткері, белгілі тарихшы, ғалым — Бабыр 1530 жылдың 26 желтоқсанында, не бәрі 47 жасында, Үндістанның сол кездегі астанасы Агра қаласында дүние салады.

Қорыта айтқанда, өз соңына аса тамаша көңіл-күй лирикалары мен әлемге әйгілі «Бабырнама» атты әйгілі еңбек қалдырған ұлы тұлға — Бабыр, түркі халықтар әдебиетінің даму тарихына аса мол сүбелі үлес қоса білген ірі талант иесі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бабыр неше жасында Ферғана өңірінің әмірі болып таққа отырады?
2. Бабырдың ғылым мен мәдениетке, өнер мен әдебиетке қосқан үлесі жайлы әңгімелеп беріңдер.
3. Бабырдың бүгінгі таңда қолжазба күйінде топтаған өлеңдері қай кітапханаларда сақтаулы және оның лирикалық шығармалары қандай үлгіде жазылған?
4. Ақынның поэзиялық туындылары қандай тақырыпқа негізделген?
5. Ақын өзінің «Бабырнамасында» қандай мәселелерді көтерген?





НҮРМУҲАММЕД АНДАЛИБ



XVIII ғасырда жасап, өз соңына тамаша көркем туындылар қалдырған аса талантты ақындардың бірі — Нұрмұхаммед Андалиб. Ол түрікмен халқы арасына Андалиб есімімен кеңінен танылған. Оның өз есімі — Нұрмұхаммед Ғариб.

Ол өзінің аса тамаша лирикалық шығармаларымен бірге, «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха» деген дастандарымен халық арасында кеңінен танылған ірі тұлға. Бірақ, күні бүгінге дейін оның қай жылы туылып, қай жылы дүние салғандығы жайлы анық мағлұматқа ие емеспіз.

Кейбір тарихи мәліметтерге қарағанда Андалиб негізінен Хиуада жасаған Ташауыздық түрікмендерден болған деседі. Ол көбінше Ташауыз облысындағы Жыланды ауданына қарасты Қорамази деген елді мекенде жасаған көрінеді.

Кейірек, қатты сырқаттанып қалған шағында, туысқан өзбек халқының арасына көшіп барып, олардық ыстық-ықласына бөленеді. Сөйтіп ол, өмірінің көбін Хиуадағы Үргеніш қаласында өткізеді.

Сондықтан да, кейбір тарихи мәліметтерге тереңінек назар аңғарсақ, онда Андалибтің Шығыс шайырлары шығармаларынан, оның ішінде Әлішер Науаидың поэтикалық туындыларынан нәр алып, ақындық әлемге ден қойғандығын анық аңғарамыз.

Әрі ақын Андалиб, көптеген өзбек ақындарына өзі де бір жөн ықпал етіп, ұстаздық жасаған да көрінеді. Ол жайлы, Андалиб шығармаларын зерттеушілердің бірі, белгілі түрікмен ғалымы А. Мередов, Андалибтың 1976 жылы Ашқабат қаласындағы «Ғылым» («Ылым») баспасында жарық

көрген «Лирика» атты өлеңдер жинағына жазған «Алғы сөзінде», ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы жан-жақты тоқтала келіп: «XVIII ғасырдағы Орта Азиядағы ең белгілі, әрі аса бай әдеби мұраға ие ақындардың бірі. Ол өзінің аса тамаша шығармаларымен түрікмен әдебиеті тарихы мен өзбек әдебиеті тарихында өз орнына ие» — дей келе, одан әрі: «Оны, XIX ғасырдағы бірнеше өзбек ақындарының, Андалиб соңына ергендігінен, оны өздеріне ұстаз тұтынғандығынан анық аңғаруға болады» — деген болатын.

Расында да Нұрмұхаммед Андалиб өзінің аса тамаша лирика және ғазал, дастандарымен, XVIII–XIX ғасырларда жасаған Хорезм облысы ақындарына ерекше ықпал етіп, оларға үлгі-өнеге болғандығы сонша, оның ғазалдарына кейбір өзбек ақындары назирагөйлік пен жанасып, ылғи да «мұхаммас» байлап отырған.

Андалиб өз заманасына сай аса сауатты болумен бірге, кең тынысты кемел, данышпан адамдардың бірегейі де болған. Әсіресе ол араб-парсы тілдерін өте жақсы білгендігі сонша, сол тілдерден бірнеше шығармаларды түрікмен тіліне де аударып, оларды түрікмен халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырып отырған.

Ол өз өмірінің көбін Үргеніш қаласында өткізгендіктен, оның шығармашылық жолы Хорезм әдеби ортамен тығыз байланыста дамып, кең өріс ала түскен. Өйткені, Хорезмде жасаған өзбектердің тілі түрікмен тілімен үндесіп, сарындасып кететін тұстары өте көп.

Міне бұл, аса талантты ақын Андалибтің Хорезмдегі әдеби ортамен тығыз байланыс жасауына өзінің игі септіктерін тигізіп отырған. Ол жайлы белгілі түрікмен әдебиетінің зерттеушісі, ғұлама ғалым Саид Қариев өзінің «Түрікмен әдебиетінің Кенестік Шығыс халықтары әдебиеттерімен болған өзара байланыстары тарихынан» атты монографиясында: «Хорезмдік өзбектердің сөйлесу тілі, басқа өзбек диалектілеріне карағанда, түрікмен тіліне тым жақындығы, түрікмен әдебиетінің Хорезм поэзиясымен аса жақын байланыста болуына мүмкіндіктер тудырған» — дей келе, одан әрі: «Өз өмірінің көбін Хорезмде өткізген Андалиб сияқты ақындар шығармашылығы, сол жердегі өзбек әдебиетімен жақын байланысы, түрікмен әдебиеті мен Хорезм поэзия-

сының өзара байланысы кең өріс ала түскендігін аңғартады» — дейді.

Шынында да ол кезде, Хорезм өңірінде «Көроғлы», «Шаһсанам мен Ғарып», «Таһир мен Зұхра», «Хұрлика мен Хамра», «Саят хан мен Хамра» сияқты т.б. ауыз әдебиеті үлгілері, өзбек және түрікмен тілдерінде бірдей айтылып, екі халықтың рухани игілігіне, мәдени байлығына айналған болатын.

Сондықтан да Андалиб өзінің «Оғыз-нама», «Насими», «Садуақас», «Жүсіп-Зылиха» атты шығармаларын түрікмендер мен өзбектерге түсінікті тілмен жазған болатын.

Оның үстіне Андалиб, XVIII ғасырдағы түрікмен әдебиеті тарихында дастаншы ақын ретінде кеңінен танылған ірі тұлға. Дегенмен оның лирикалық шығармалары мен ғазалдары да, түрікмен классик әдебиеті тарихында үлкен орын иелейді.

Андалиб өзінің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанында Мәжнүнді бір жөн сауаты бар, сүйіспеншілік-ғашықтық жолында жынды болған, аса қызық табиғатты адам ретінде сипаттайды. Оның үстіне, Ләйлі той үстінде өзіне емес, Ибн Саломды өлтіру үшін, ылғи да өз жанына жасырып қанжар ұстайды. Ибн Салом Ләйліге жақындамақ болған сәтте, ол Мәжнүнді шынайы сезім, шын жүрекпен сүйетіндігін, онымен бірге болуға, бір шешімге келгендігін де ескерттеді. Сол үшін Мәжнүнге ерекше мән беру керектігінде тілге алады. Оған да көңіл бөлмеген Ләйлі, өзіне тиісетін болса, Ибн Саломды өлтіретіндігін де ашық айтады.

Ибн Салом Ләйлі сөзіне мән бермей, оған тиіспекші болып, қолын соза түскенде, Ләйлі өзінің уланған қанжарымен оған ұмтыла түседі. Сол сәтте Ибн Салом, Ләйліге талақ айтып, қатты ашу үстінде үйден шығып кетеді.

Сөйтіп, Андалиб дастанында Ләйлі өз сүйгеніне барынша адал, әрі аса батыл, ержүрек қыз ретінде тілге алынса, дастанда көрініс тапқан қолбасшы Навфал, барынша екі жүзді, айлакер, өз досына қастандық жасайтын, басқыншы, жауыз адам ретінде тілге алынады.

Бірақ ол, арабтармен болған соғыста жеңіске жетеді. Ләйлі тұрған тайпалардың үйлерін талап, мал — мүліктерін тартып алады. Көптеген адамдары қолына түсіреді. Міне олар

арасында Ләйлі де болады. Ләйліні көрген Навфал, оның асқан сұлулығына бірден ғашық болып қалады. Ләйліні Мәжнүнге көрсетпеуге тырысады. Өзінше: «Мұндай гауһардай сұлу, тек маған ғана бұйырған» — деп, Мәжнүнді өлтіріп, Ләйліні алу ниетінде болады.

Бірақ ол, бұл ниетін ешкімге білдірмейді. Өзінше: «Егер Мәжнүнді өлтірмей Ләйліге үйленсем, Мәжнүн меннен өш алады. Сол үшін ешкімге сездірмей, Мәжнүнге у беріп өлтіруім керек» — деген ойда болады.

Сөйтіп ол, қол астындағы қызметшісіне: «Уды, шарбатқа қосып әкел» — деп, бұйрық береді. Қызметшісі у қосылған шарбатты оған әкеп береді.

Не амал? Бүкіл ой — арманы, сүйгені Ләйлі болғандықтан, өзі айтқан сөздерін ұмытады да, у қосылған шарбатты байқамай өзі ішіп қояды. Арадан көп өтпей өзі көз жұмады. Сөйтіп, арам ойда болған Навфал, өзі қазған қорасына өзі түседі.

Сөйтіп акын, бұл дастанында опасыз, озбыр адамдар ешқашан алға қойған мақсатына жете алмайды. Өмірде пәктік пен адалдыққа ешнәрсе жетпейді деген идеяны алға тартады.

Акын бұл образ арқылы XVIII ғасырдағы феодалдық қоғамда бой көтерген әділетсіздіктер мен опасыздықтардың бетін жан-жақты аша түседі. Өр көкірек, арам ниеті адамдардың тірлік-тыныстары үнемі алға баспай, оның өзі трагедиялық халде өмірден өтетіндігін де ашықтан-ашық тілге алады.

Оның үстіне, Нұрмұхаммед Ғарып Андалиб жазған бірнеше дастандар арасынан, ол жазған «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны ерекше орын иелейді. Ол негізінен өзбек әдебиетінің классигі Әлішер Науаиының «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының сюжетін, образдар жүйесінен толық пайдалана білгендігі де анық байқалады. Әрі, онда XVIII ғасырдағы түрікмен халқының өмірін, тірлік-тыныстарын, арман-асқарларын жан-жақты сипаттауға ерекше мән береді.

Ол өзінің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын түрікмен тілінде, поэзия мен прозаны араластыра отырып жазумен бірге, онда түрікмен ауыз әдебиеті үлгілерін молынан пайдаланғандығы да анық аңғарылады. Дастанда Ләйлі, Қайыс, Зайд бей-

нелерімен бірге, олардың ата-аналары да кеңінен сыр шертен.

Дастанда Ләйлі мен Қайыс бір мектепте оқып, тәлім-тәрбиені бірге алады. Олар сол мектепте оқып жүрген кездерінде-ақ, бірін-бірі жақсы көріп, бір-біріне ғашық болып қалады. Оны білген Ләйлінің атасы қызын оқуға жібермей қояды. Мектепте Ләйліні көре алмаған Қайыс, одан қатты налып, құса болып ауыра бастайды. Одан оқытушылары сабақ сұрағанда, ол тек Ләйліні ғана есіне алып: «Ол гүлдей боп сабаққа келетін, күлгенде аузынан дүрлер шашатын, бүгін неге келмеді, не болды оған?» — деп, өзінен өзі сөйлеп, көңілсіздігін жан-жақты аңғартады.

Оның үстіне ол, араб-парсы тілдерін жетік білгендіктен бір жөн шығармаларды түрікмен тіліне аударып, олардың рухани игілігіне да айландырған.

Сондай-ақ, аса талантты ақынның лирикалары мен дастандары, ғазалдары өзінен кейінгі ақындарға да үлгі, өнеге болған. Бұл ретте ақын шығармаларынан рухани нәр алған, XIX ғасырдағы ағартушы-демократиялық бағыттағы ақынның бірі — Закиржан Фурқат болды. Мәселен оның «Саиди құя бер шараф, жүрегі пара-пара екен мендей» — деп басталатын өлеңі, ұлы ақын Андалибтің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанында сыр шертетін «Саиди, құя бер шараф, жүрегі пара-пара екен мендей» деген өлеңі негізінде жазылғандығы анық аңғарылады.

Қорыта айтқанда Нұрмұхаммед Андалиб, XVIII ғасырдағы түрікмен әдебиетінің даму тарихына аса мол үлес қосқан шынайы талант иесі бола алған кемеңгер ақын. Оны біз ақынның көңіл-күй лирикалары мен ғазалдарынан, сондай-ақ, «Жүзіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарынан анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Андалиб қай халықтың ақыны және нешінші ғасырда өмір сүрген?
2. Ақын қандай жанрларда қалам тебіреткен?
3. Ол өзінің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанында қандай мәселелерді көтерген?
4. Андалиб түркімен тілінен басқа қайсы тілдерді жете меңгерген?
5. Андалибтің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны мен өзбек әдебиетінің классигі Әлішер Науаидың «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын салыстыра оқып талдаңдар.





ӘЖІНИАЗ ҚОСЫБАЙҰЛЫ (1824 – 1878)



XIX ғасыр қарақалпақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан ақындардың бірі — Әжінияз Қосыбайұлы. Ол 1824 жылы бүгінгі Қарақалпақ Республикасына қарасты Мойнақ ауданындағы Қамыс бөгет деген елді мекенде дүниеге келіп, 1878 жылы 54 жасында бұл пәниден арғы дүниеге аттанады.

Кейбір тарихи деректермен мағлұматтарға назар аударсақ, оның ата-бабалары негізінен балықшылық, аңшылық жұмыспен кеңінен шұғалданып, егін егіп күн көрген қарапайым еңбек адамдары болыпты.

Ел арасында сақталған кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда оның әкесі Қосыбай, арғы атасы Балтабек, оның әкесі Ақжігіт өз дәуірінде өз елінің намысын қорғай білген, ел қамқоры болған көрінеді. Әрі олар, ешкімге есесін жібермейтін аса намысқой, әрі аса батыр адамдар болған деседі.

Ал анасы — Нәзира сөзге дес бермейтін аса шешен, әсіресе жұмбақ айтысында алдына жан салмайды екен. Оның үстіне ол хисса-дастандарды көп білетін, ақыл-парасаты аса мол, көзі ашық, көкірегі ояу жан болған да деседі.

Әжінияздың әкесі Қосыбай да өз жанынан өлең шығара білген, ақын жанды адам болумен бірге, құралайдың көзінен атқан мерген де болған.

Жастайынан-ақ өмірге аса зерек боп келген Әжінияз, ата-анасынан хисса-дастандар, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдарді, жұмбақтарды көп есітеді. Әрі өзі де қолына түскен хисса-дастандардан рухани нәр алып, ерте жетіле бастайды. Ол алғаш Қожамұрат деген кісінің медресесінде

оқып, одан аса мол тәлім-тәрбие алып, сауат ашады. Осы тұста анасы Нәзира тым ерте дүние салғандықтан жетімдіктің тауқыметін көп тартады. Үйдің бар ауыртпалығы оның мойнына түседі. Оның үстіне, байлардың есігінде жүріп, олардың отын, суын, көп қиындықтар көреді.

Дегенмен оны, Бұхарадағы Мир-араб медресесінде оқып, тәлім-тәрбие алған Елмұрат деген нағашысы, өзінің қолына алып, оған көмек қолын созады. Оның маңдайынан сылап, арқасынан қағады. Одан қамқорлығын аямайды.

Сондықтан да ол: «Жиенімді өзім тәрбиелеймін» деп, өзінің медресесіне әкеліп оқытып, оның білімінің дами түсуіне өзінің игі ықпалын тигізеді. Сөйтіп онда болашақ ақын діни кітаптармен бірге, Фирдауси, Сағди, Хафиз, Әлішер Науаи, Беділ, Мақтымқұлы шығармаларымен кеңінен танысып, әдебиет әлемінің бал-бұлақтарынан еркін сусындай бастайды.

Әжинияз енді ғана он жетіге аяқ басқан шағында, нағашысы Елмұрат та кенеттен қайтыс болады да, одан әрі оның оқуға мүмкіндігі болмай қалады. Нәтижеде ол, қолына түскен Шығыс ақындарының шығармаларын, хисса-дастандарды өз қолымен көшіріп, оларды ел арасына кеңінен тарату жұмысына ерекше мән бере бастайды. Ол ауыл арасында бала оқыту жұмысымен шұғылдана бастайды.

Онан соң өз білімін одан әрі жетілдіру мақсатында Хиуаға барып, онда Шерғазы деген ауқатты ханның медресесіне оқуға түсіп, оқуын одан әрі жалғастыра түседі. Соң ол, Құттымұрат деген адамның медресесінде бес жылдай оқып, бір жөн тәлім-тәрбие алып, өмірге деген көзқарасы әбден қалыптасады.

Дегенмен, жоқшылықтың, кедейшіліктің салдарынан аса көп қиындықтар көреді. Үстем тап иелерінің қарапайым жарлы-жақыбайларға көрсеткен зорлық-зомбылықтарын, әділетсіздіктерін өз көзімен көреді.

Сондықтан да ақын, өзінің поэтикалық шығармаларында қарақалпақ халқының мұңын мұндап, жырын жырлайды. Қарапайым жарлы-жақыбайлардың үстем тап иелерінен көрген зорлық-зомбылықтарынан налиды. Оны өзінің жыр жолдарына арналы арқау, өрісті өзек етеді. Ақын өзінің поэтикалық шығармаларында бай-манаптардың ұсқынсыз

іс-әрекеттерін мінеп-шеней отырып, өзі жасаған замананың келбетін жан-жақты аша түседі. Оны біз ақынның «Дәурен болмады» деген өлеңіне назар аударсақ анық аңғара түсеміз. Онда әділетсіздік пен теңсіздік сын астына алынады.

Әжінияз жайлы ең алғашқы мәлімет, кезінде Ташкент қаласында қазақ тілінде жарық көрген «Түркістан уәлаяты» газетінің 1878 жылғы 11 қыркүйек санында жарыланған болатын. Әсіресе оның Меңеш қызбен айтысы жарық көруі, ерекше мәнге ие екендігінде дау жоқ.

Өйткені «Әжінияздың Меңеш қызбен айтысы» қарақалпақ әдебиеті тарихында ең алғаш рет баспа бетінде жарияланған айтыс өлең. Оның үстіне бұл айтыс, қарақалпақ тілінде емес, қазақ тілінде басылып шығуы да қуанарлық жәйт.

Кезінде қарақалпақ халқының тағдырына ерекше мән беріп, оның тәуелсіздігін, бас бостандығын аңсап, болашағына ерекше мән береді. Қарақалпақ халқының халық болып қалыптасуын ойлаған Әжінияз, өзінің «Менің елім» атты өлеңінде, қарақалпақ халқының қандай ел, қандай халық екендігін жан-жақты аша, тілге ала келіп:

Сұрасаң елің кім деп, Қожбан бізден,
Қалпағы дәу қазандай елдерім бар.
Қате шықса кешірім мына сөзден,
Қоңырат, қытай атты елдерім-дүр.

Жайлауым — Үргеніш, артым теңіз-дүр,
Жауырыны қаппақтай малы семіз-дүр.
Рұқсатсыз бір-біріне салмайтын іздер,
Ынтымақты қоңыраттай елдерім бар-дүр.

дей отырып, одан әрі халқының ел байлығын, жер байлығын емірене тілге, ерекше ыстық сезіммен дәріптей түседі. Мәселен ақын:

Табылады іздегеннің керегі,
Көлінде бар қасқалдағы, үйрегі.
Аққуы мен қыздың бүтін бүйрегі,
Бар жаһанның құстары көлімде бар — дүр.

Өтірікті рас етіп айтпаған,
Тура жолдан бас кессе де қайтпаған.
Ниеті арамды өмірі жолдас тұтпаған,
Қарақалпақ деген менің елім бар-дүр.

Сөйлегенде балдай етер сөзінді,
Жолыққанда балқытатын өзінді.
Нұрландырар көргенде екі көзінді,
Ләйлі менен Зүлейхадай қыздары бар-дүр.
(Аударған Кәбдікәрім Ыдырысов)

деп, қарақалпақ халқының қандай халық екендігін, қыз—келіншектерінің әсем келбетін оқырмын жұртшылыққа барынша анық, әрі ашық айтып, поэзия тілімен тым тартымды өрнектей түседі

Расында да, XIX ғасырда жасап, өз соңына аса тамаша поэтикалық туындылар қалдырған, сөйтіп бүгінгі таңда қарақалпақ әдебиетінің мақтанышына айналған, кемел ақындардың бірі — Әжінияз Қосыбайұлы деуге болады. Оны қарақалпақ халқының аса талантты ақыны Ыбырайым Юсупов «Дала бұлбұлы» деген болатын.

Шындығында да Әжінияздың тамаша лирикалық шығармалары мен қазақ халқының ақын қызы Меңешпен айттысы, «Боз отау» атты поэмасы, қарақалпақ әдебиетінің даму тарихында ерен орын иелейді. Ақынның бұл көркем туындылары күні бүгінге дейін оқырмандар жүрегінен бекем орын алған, аса нәрлі де құнарлы көркем шығармалар деу орынды ғой деп ойлаймыз.

Не шара, 17 жасқа келгенде нағашысы Елмұрат молда кенеттен қайтыс болғаннан соң, одан әрі оқуға шамасы келмеген Әжінияз, қолына түскен кітаптарды өз бетінше іздене оқып, әдебиет әлеміне еркін кіріп келе бастайды.

Көптеген өлең-жырларды, хисса-дастандарды дәптерлерге көшіріп, өзінше жат алып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. Соңыра біраз уақыт Әжінияз ауыл балаларын оқыту ісімен де шұғылданады.

Тұрмыстың ауыртпалығын, қиыншылықтарын көп тартқан Әжінияз, өз шығармаларында өз көзімен көрген әділетсіздікті, теңсіздікті, үстем тап иелерінің зорлық-зом-

былықтарын қатты сын астына ала отырып, адамдарды адалдыққа, пәктікке, ынтымақ, бірлікке үндейді.

Ел арасынанда айтылатын кейбір деректерге қарағанда, Әжінияз қазақ халқы арасына 20 жасқа енді ғана тола түскен шағында барған көрінеді. Сөйтіп, 1845–1846 жылдар аралығында туысқан қазақ халқы арасында болып, олардың ыстық илтипатына, ерекше құрметіне бөленеді. Өйткені Әжіниязды қазақ халқы жатсынбай, бауырларына тартып айрықша құрмет етіп, ауыл молдасындай қадір-құрмет тұтады.

Дегенмен, қазақ елінде біраз болып, олардың ерекше құрмет, илтифатына бөленген ақын, сонра еліне қайтып келгеннен соң, Хамыра деген қызға үйленіп, одан үш ұл мен Хұрзада есімді бір қыз көргендігін тарихи мәліметтерден жақсы білеміз.

Әжінияз Қосыбайұлы өз еліне келгеннен сонда қазақ бауырлары арасына әлденеше рет барып, олардың той-жиындарына, мерекелеріне қатысып, ақындық арынын олар арасында да кеңінен байката түседі.

Әсіресе ол, қазіргі Қызылорда облысы маңындағы қазақтар арасында жиі-жиі болып, олардың өз ақынындай ардақталып, қазақ халқының құрметіне, ыстық илтипатына бөленеді.

Сол кезеңде ақын қазақ ауыз әдебиеті үлгілерімен кеңірек танысып, Мақтұмқұлы өлеңдерінен рухани нәр ала түседі. Әсіресе Әжінияз қазақ жерінде болған шағында, шамамен 1864 жылдары қазақтың ақын қызы Меңешпен танысып, үлкен бір жиында айтысқа түскен көрінеді. Бұл кезде Әжінияздың жасы қырықтар шамасында болады. Әбден толыса түскен, қайратты кезі болады. Өйткені Әжінияз айт-тыс барысында, жасын сұраған Меңеш қызға салған жерден-ақ:

Той болса қызыл тонды киермедің,
Отына ғашықтықтың күйермедің.
Жылым қой, жасым қырықта,
Сен маған жасты сұрап тиермедің?

деп, әзілге басып қақтығыса түседі.

Тағы айта кетерлік жәйт, Әжінияздың Меңеш қызбен айтысы, Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған «Түркістан уәлаяты» газетінің 1878 жылғы 11 қыркүйек санында тұңғыш рет жарияланады. Жалпы бұл айтыс аталмыш газеттің екі санында толық басылады.

Бұл — қарақалпақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет баспа бетінде жарық көрген көркем шығарма екендігімен де аса құнды дүние.

Ел арасында сақталған кейбір деректерге қарағанда Әжінияз Қосыбайұлы, өзі туып өскен Қуысарық деген елді мекенде 1878 жылдың қараша, не желтоқсан айларында дүниеден өткен көрінеді.

Сондықтан да Әжінияз ақын, Меңеш қызбен айтысқан айтысының «Түркістан уәлаяты» газетінде басылғанын көрді ме, жоқ әлде көре алмады ма, ол жағы күні бүгінге дейін беймәлім.

Бұл — қарақалпақ әдебиет зерттеушілерінің алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Қазақ елінде бірнеше рет болқан Әжінияз Қосыбай ұлы, осы кезеңдер де өзінің «Елдерім», «Бармекен», «Меңзеу», «Айрылса», «Қаш-қаш», «Елді көрер күн бар ма?» сияқты т.б. өлеңдерін шығару мүмкіндігіне ие болады.

Әжінияз қазақ өңірінде жүрген шағында, Қожбан деген қазақ байының «молдасы» ретінде, халық арасында айрықша құрметке бөлене түседі. Нәтижеде, елді имандылыққа, әдептілік пен пәктікке баули түсумен бірге, өзінің ақындығымен де жан-жақты таныла бастайды.

Кейірек Әжінияз, өз еліне оралғаннан соң Боз отау, Қамыс бөгет, Жетім өзек деген елді мекендерде діни мектептер ашып, бала оқыту жұмысымен де кеңінен шұғылданады. Әрі, өзінің ақындық арынын кең өріс алдыра түседі.

Ақыннан бізге, 150 ден астам лирикалық өлеңдер мен «Боз отау» поэмасы, Меңеш қызбен айтысы жетіп келген. Олар күні бүгінге дейін оқырман жұртшылықтың сезім дүниесіне нұр сеуіп, олардың рухани игілігіне айнала түсуде.

Сондықтан да Әжінияз, қарақалпақ әдебиеті тарихында лирикалық жанрды дамытуға аса мол үлес қосумен бірге,

белгілі айтыс ақыны ретінде де қазақ, қарақалпақ халқы арасында кеңінен танылған ірі тұлға.

Ақыннан бізге, 150 ден астам лирикалық өлеңдер мен «Боз отау» поэмасы, Меңеш қызбен айтысы жетіп келген. Олар күні бүгінге дейін оқырман жұртшылықтың сезім дүниесіне нұр сеуіп, олардың рухани игілігіне айнала түсуде.

Сондықтан да Әжінияз, қарақалпақ әдебиеті тарихында лирикалық жанрды дамытуға аса мол үлес қосумен бірге, белгілі айтыс ақыны ретінде де қазақ, қарақалпақ халқы арасында кеңінен танылған ірі тұлға.

Расында да, ақынның «Көңілім менің», «Елім бар», «Дәурен болмады», «Боз отау», «Сел болды», «Майдан шебінде», «Қанатынан қайрылса», «Заман керек», «Аман ба?», «Бермен кел», «Сұлулар» секілді т.б. өлеңдерінде қарақалпақ халқының асқақ арманы, алға қойған мақсат-мұраттары өзінің тамаша шешімдерін тапқан.

Олар да дәуір шындығы, замана келбеті өз ерекшеліктерімен жан-жақты сипатталған десек, артық айтқандық болмас.

Қорыта айтқанда, Әжінияз Қосыбайұлы өз өлеңдерінде өмірден көрген-білгендерін, көкірегіне түйгендерін ашық айта отырып, өз дәуіріндегі замана қайшылықтарын, әлеуметтік теңсіздіктер мен әділетсіздіктерді сынға алады. Әрі, үстем тап иелерінің озбырлықтарын мінеп, шеней отырып, әйел-қыздардың бас бостандығын жыр жолдарына қосады. Халықтың аянышты да ауыр тұрмыс-тіршілігін жан-жақты жырлай келе, халықты ынтымақ, бірлікке шақырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әжінияз Қосыбайұлы қай жылы, қайсы республикада дүниеге келген?
2. Ақын өзінің поэтикалық шығармаларында қандай мәселелерді жан-жақты аша түседі?
3. Әжінияз жайлы ең алғашқы мәлімет қай жерде, қайсы газетте жарияланған?
4. Ақын өзінің «Менің елім» өлеңінде қайсы мәселелерді ерекше тілге алады?
5. Әжінияздың «Боз отау» поэмасының идеялық мазмұнына сипаттама беріңдер.





ТҮГЕЛБАЙ СЫДЫҚБЕКОВ (1912 – 1997)



XX ғасыр қырғыз әдебиетінің даму тарихында өзіндік орны бар, ірі талант иелерінің бірі — Түгелбай Сыдықбеков. Ол Қырғызстан халық жазушысы, қырғыз әдебиетінің көш басшыларының бірі.

Ол Қырғызстан Республикасына қарасты Ыстық көл өңіріндегі Кең-су, бүгінгі таңдағы Талдысу деген елді мекенде, 1912 жылдың 14 мамырында шағын шаруалы жанұяда дүниеге келіп, 1997 жылы 85 жасында дүниеден өтеді.

Түгелбай Сыдықбеков енді ғана 2 жасқа аяқ басқан шағында, әкесі кенеттен дүние салып, анасы Айымханның тәрбиесінде болады. Алғаш аулындағы Түнқатар деген молдадан дәріс алып, өз сауатын ашады. Бірақ оған ескі діни оқу, оншалық ұнай қоймайды. Содан алғаш рет Кең-суда жанадан ашылған ауыл мектебіне барып, сонда оқиды.

1925 жылы ол, Қаракөлдегі (Пржевальскідегі) ескі танысы Каровин деген орыстың үйінде жатып, А.П. Чехов атындағы бес жылдық орыс мектебінде оқиды. Оны бітіргеннен соң, жеті жылдық мектепте оқып, тәлім-тәрбие алады.

Түгелбай Сыдықбеков өзінің ең алғашқы тырнақ алды туындыларын, осы мектеп қабырғасында оқып жүрген шағында жаза бастайды. Әсіресе, орыс халқының ұлы ақыны А.С. Пушкин шығармаларымен танысуы, оның көркем әдебиетке деген ықласын ерте оята бастайды. Осы кезде ол өзінің ең алғашқы өлеңдерінің бірі болған «Қалпақпай» атты өлеңін жазады.

Ол 1928–1931 жылдары бүгінгі Бішкек қаласындағы Ауылшаруашылығы техникумында оқып, оны бітіргеннен

соң, 1931 жылы Ашхабаттағы Орта Азия мал дәрігерлік институтына окуға түседі. Бірақ, болашақ каламгер кенеттен ауыр сырқатқа тап болғандықтан, окуын одан әрі жалғастыра алмайды.

Дегенмен өз бетінше ізденіп, қырғыз халқының ауыз әдебиеті үлгілерінен рухани нәр алып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Түгелбай Сыдықбеков әдебиет майданына 18 жасында, алғаш акын ретінде кіріп келеді. Нәтижеде, оның ең алғашқы «Бұлар кімдер?...» атты өлеңі 1930 жылы жарық көрсе, «Шал қобызы» деген поэмасы 1932 жылы «Шабуыл» («Чабуул») атты, қазіргі таңдағы «Ала-Тоо» журналында жарияланады. Оның ең алғашқы өлендер жинағы 1933 жылы «Күрес» деген атпен жарық көрсе, онан соң 1936 жылы «Батырлар» атты өлендер мен поэмалар жинағы да басылып шығады. Содан соң, 1938 жылы «Ақын — бұлбұл» атты жыр жинағы да жарық көреді.

Кейін келе аңыз-әңгімелер, ертегілер негізінде шағын - шағын әңгімелер жазып, әдебиет әлеміне еркін ене бастаған Түгелбай Сыдықбеков, өзінің аса талантты прозашы екендігін де жан-жақты аңғарта бастайды.

Дегенмен, әдебиет майданына алғаш акын ретінде кіріп келген ол, өзінің алғашқы тұңғыш кітап тұнық ойын 1933 жылы «Күрес» деген атпен жарияласа, онан соң 1936 жылы «Батырлар», 1938 жылы «Ақын — бұлбұл», «Біздің қалам» сияқты т.б. жыр-жинақтарын оқырман жұртшылыққа ұсынады.

Ол аса талантты ақындығы мен бірге, мықты прозаик екендігін де жан-жақты таныта түседі. Нәтижеде ол 1932 жылы «Шал қобызы» атты жыр жинағын бастырған болса, 1939 жылы «Түнгі хабар», 1940 жылы «Сараң әке» деген поэмаларын жазып, жыр сүйер қауымға ұсынады. Мәселен акын өзінің «Шал қобызы» атты дастанында, өмір қиындығын аса көп көріп, трагедиялық жағдайға тап болған балықшы шалдың аянышты тұрмыс-тіршіліктерін жыр жолдарына қосады.

Ақын өзінің «Шабуыл», «Қалпақпай» атты поэмаларында қырғыздың аса сараң байларын, олардың озбырлық, қытымырлық іс-әрекеттерін, топастықтарын сын астына алады.

Сөйтіп ол, үстем тап иелерінің сатиралық бейнелерін сипаттап, оқырмандарды олардан жирендіреді.

Әсіресе, аса талантты ақынның халық аңызына құрылған «Қобызшы» атты поэмасы, күй-құдіретінің адам баласы өмірінде алатын орнын ерекше екендігін аңғартады. Ақынның бұл туындысы — күй-құдіреті мен оның негізгі сыр сипатын терең түсіндіре білген, аса тамаша көркем шығарма екендігімен де құнды дүние.

Оның үстіне, ақынның «Күрес», «Батырлар», «Мың бір жан» сияқты т.б. жыр жинақтарымен бірге, «Ақын — бұлбұл», «Ашкөз ата», «Түн жаршысынан хабар» секілді т.б. поэмалары, өзінің көркемдік жағына да, өмірлік мәселелерді көтере білген өзектілігімен де көз тартып, көңілге ұялай түсетін көркем туындылар.

Түгелбай Сыдықбеков XX ғасырдың 30 жылдарының екінші жартысынан бастап-ақ, өзінің аса талантты прозашы екендігін жан-жақты таныта түседі. Бұл ретте оның 1937–1938 жылдар аралығында жазған «Кең-су» атты романын ерекше тілге алу қажет. Бұл қырғыз әдебиеті тарихындағы өмірге келген тұңғыш роман. Қаламгер оның бірінші кітабын 1937 жылы жазған болса, ал екінші кітабын 1938 жылы оқырман жұртшылыққа ұсынады.

Дегенмен қаламгер, өзінің «Кең-су» романын, оқырман жұртшылықтың ұсынысына орай, әдебиет сыншыларының кейбір сын-пікірлерін ескере, қайта қарап шығады. Сөйтіп, біраз өзгерістер енгізіп 1958 жылы «Тау арасында» деген атпен, екі кітап етіп бастырып шығарады. Оның бірінші кітабын 1955 жазған болса, екінші кітабын 1958 жылы жазады. Мұны оқырман жұртшылық жақсы күтіп алады.

Сондай-ақ, аса талантты суреткер 1939–1940 жылдары өзінің «Темір» атты романын оқырман жұртшылыққа ұсыну мүмкіндігіне ие болды. Қаламгердің «Темір» романы, оның «Тау арасында» атты романының заңды жалғасы сияқты.

Рас, ондағы кейіпкерлер басқа-басқа болғанымен, онда сыр шерткен негізгі оқиғалар бірін-бірі толықтырып, одан әрі өз жалғасын тауып жатқандай ой тудырады. Оның үстіне «Тау арасында» атты романында қырғыз халқының жиырманшы жылдардың соңына таяу кезеңіндегі ұжымшар

жұмыстарын ұжымдастыру, ұйымдастыру кезеңінен кейінгі дәуірлері жан-жақты сыр шертеді.

Қаламгердің «Кең-су», «Темір» атты романдары қырғыз әдебиетінің даму тарихында өзіндік орны бар көркем шығарма ретінде, оқырман жұртшылықтың сүйіп оқитын шығармаларының біріне айналған, аса тартымды көркем туындысы.

Оның үстіне, Түгелбай Сыдықбеков 1945–1946 жылдары өзінің «Біздің замана адамдары» атты романын жазып бітіреді. Бұл роман қаламгердің шығармашылығында ғана емес, бүкіл қырғыз әдебиетінің даму тарихында ерекше орын иелейтін көркем туынды ретінде оқырман жұртшылық жақсы қабыл алды.

Сондай-ақ, аса талантты суреткердің 1955 жылы жазған «Тау ішінде» атты романы да ерекше көркем дүние. Ол негізінен екі кітаптан тұрады. Бұл негізінен «Кең-су» романының қайта өңделіп басылған жаңа нұсқасы. Романның негізгі оқиғасы жайымен ғана өрбіп, барған сайын дамып, онда көрініс тапқан әр түрлі адам тағдырлары өз жетегіне үйіре түседі. Онда бұрындары аяусыз езіліп, әбден қиындықтарға тап болған, көп зорлық-зомбылықтар көрген Сапарбай, Иманбай, Саматыр, Өскенбай сияқты жарлы-жақыбайлардың жаңа дәуірде, жаңа заманада жасаған жарқын өмірі сипатталады. Өмір бойы жақсылыққа зар болып, кедейшіліктің тауқыметін әбден татқан олар, жаңа заманда игі табыстарға кенеліп, биіктей түскендігін аңғарамыз.

Романда жаңа дәуір мен жаңа замана келбеті, қоғамда белең алған қайшылықтар нанымды көрініс табумен бірге, жаңа өмірге, жарқын болашаққа бет бұрған қарапайым еңбек адамдарының Кигізбай, Шаорақ, Саадат, Қасейін секілді т.б. қас дұшпандарын «баскесер», «қанішер» деген сөздермен табалап, оларды «жау» деп қарап, көкіректерінен әрі итермейді. Соның нәтижесінде, Саадат секілді қу-сұм ел үшін жанын пияда еткен болып, олардың ауыртпалығын өзі арқалағандай сыңай танытады. Сол үшін да ол, бөгде біреуге атастырып қойған, Ешім руының «ақыл-өйы» ретінде танылған Қасейіннің туысқан қарындасы Айнаны алып қашқан кезде, оны бүкіл Батыр руы қызғыштай қорғайды.

Жазушы өзінің «Тау ішінде» атты романында жатып ішер жалқаулар мен бойкүйездерді қатты сын астына алады. Мәселен романда өн бойына жарамсыз қылықтарды жинай түскен Иманбай бейнесі, шығармада барған сайын алдыңғы шепке шығып, ол роман соңына басты кейіпкердің біріне айналады.

Нағыз реалист қаламгер өмірде болған оқиғаларды қаз қалпында сипаттап, тау арасында мал бағып жүріп, әлі де жер емшегін еме қоймаған қырғыз халқының тірлік-тыныстарын өте әдемі көрсете алған. Қырғыз халқының көшпелі өмірінің терең сырлары әдемі ашыла түскен.

Онан соң ол өзінің «Зайыптар» атты трилогиясының алғашқы екі кітабын 1955 жылы бастырып шығарады. Қаламгердің бұл шығармасы 1961 жылы қазақ тілінде де жарық көреді.

Аса талантты қаламгер аңыз әңгімелер негізінде өзінің «Жер баласы Жанболат пен күннің қызы Нұрай» атты әңгімесі арқылы, қырғыз балалар әдебиетінің дамуына өзінің сүбелі үлесін қоса алды.

Аса талантты қаламгердің төрт томдық «Шығармалар» жинағы 1969–1970 жылдары жарық көрсе, онан соң «Сыр ашу» (1977), «Құрбылар» (1977), «Иманбай бейілі» (1980) сияқты романдарында қырғыз жастарының өмірінен сыр шертетін оқырмандарына ұсынады.

Түгелбай Сыдықбеков 1980 жылы «Қайнар бұлақ» деген атпен өзінің әңгімелер мен повестері енген кітабын қырғыз оқырмандары ерекше ыстық ықласпен күтіп алды. Оның «Жол» (1982), «Көк асаба» (1989), «Бел-белесте» (1996) «Мезгіл сабақтары» атты мемуарлық-автобиографиялық романдарын да оқырман жұртшылық жақсы күтіп алды.

Олар да заман мен қоғам, адамгершілік пен қатыгездік, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, діл мен тіл, ғылым мен білім, саясат, тарих, әдебиет пен мәдениет мәселелері жан-жақты сөз болады.

Соң қаламгер 1992 жылы өзінің мақалалар жинағында «Табылғы» деген атпен жариялап оқырмандарға ұсынады. Онда қырғыз ақын-жазушыларының көркем шығармалары жайлы өз ойларын ортаға салады.

Сөйтіп, Кеңестік дәуірдегі кыргыз әдебиетін кең өріс алдыруға аса мол үлес қосқан Түгелбай Сыдықбековтың көркем туындылары, өзінің кең тынысты кемелділігімен оқырмандарды өз жетегіне үйіре түсетін кемел дүниелер болғандығына дау жоқ.

Оның аудармасында кыргыз оқырмандары А.С. Пушкин, Н.А. Некрасов, Д. Бедный, А.П. Чехов, А.Серафимович, М. Шолохов шығармаларын өз ана тілдерінде оқу мүмкіндігіне ие болды.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр Кеңестік дәуірдегі кыргыз әдебиетінің ірге тасын қалап, белгілі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген – Түгелбай Сыдықбеков, поэзия, проза, драматургия жанрларында өнімді қалам тебіреніске түскен ірі тұлға.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Түгелбайдың өскен ортасы, алған өнегесі жайлы әңгімелеңдер.
2. Ақын поэмалары мен жыр-толғауларындағы тақырыптарда көтерілген және сынға алынған мәселелер жайлы әңгімелеңдер.
3. Ол өзінің шығармаларындағы келеңсіз құбылыстар мен әлеуметтік теңсіздіктерге қалай қарады?
4. Түгелбай Сыдықбековтың «Кең-су», «Темір», «Тау арасында», «Тау ішінде» атты романдары мен «Тау балалары» т.б. әңгіме-жанрларында көтерілген мәселелер жайлы әңгімелеңдер.





ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН



САҒДИ ШИРАЗИ (1203–1292)



Парсы-тәжік әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі— Сағди Ширази. Ол — әлем әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан аса дарынды ақындардың бірегейі. Ол өзінің «Бостан», «Гүлстан» атты әйгілі шығармасымен кеңінен таныла түсіп, бізге дейін жетіп келген кемел ақын.

Ақын 1203 жылдың 10 наурызында Шираз қаласында дүниеге келіп, 1292 жылдың 9 желтоқсанында, сол қалада 89 жасында дүние салады.

Шираз қаласы XIII ғасырда, Иран жеріндегі мәдениеті өркендеген елді мекен болған. Сағдидің балалық шағы сонда өтеді. Сағди ақынның лақап есімі. Ал оның шын аты — Әбу Мұхаммед Абдуллах Ибн-Мушрифаддин.

Ол негізінен діндар, тақуа жанұяда өмірге келген. Кейбір деректерге қарағанда, оның ақындық пен ғылым жолына түсуіне, әкесінің ықпалы аса зор болған көрінеді. Өйткені әкесі Сағдиға ертегілер, аңыз-әңгімелер, халықтың даналық сөздерін айтып беріп, оның рухани дүниесін алты-жеті жасынан-ақ нәрлендіріп отырған екен.

Әке шешеден 11–12 жасында жетім қалған Сағди, өмірдің ауыртпалығын көп тартады. Сондықтан да ол:

Патшадан да бақытты едім бір кезде,
Патшаны да білмеуші еді жұрт өзге.
Шыбын батып қона алмайтын басыма,
Әкем байғұс отырғанда қасымда,

— дейді.

Сол кездегі Шыңғысханның басқыншылығына орай, болашақ ақын Шираз қаласын тастап кетуге мәжбүр болып, Бағдат қаласына барады. Онда ол, сондағы «Низамия» деп аталатын медресеге оқуға түседі де, білімін одан әрі жетілдіре бастайды. Онан соң ол «Мустансия» медресесінде оқиды. Әрі онда Сағди, Ислам дінінің негізгі қағидалары мен философия, медицина, тарих, математика, логика, зоология пәндерінен дәріс алып, өмірге деген көзқарастары жан-жақты қалыптаса бастайды. Әсіресе, араб тілін, Құрани кәрімді жетік меңгерумен бірге, араб поэзиясынан айрықша сусындайды.

Ислам дінін ерекше бағалаған Сағди, Меккеге барып зиярат етеді. Онан соң Үндістан, Орта Азия мен Шығыс Түркістанды, сондай-ақ, Ходжас пен Солтүстік Африка елдерін аралайды. Онда халықтың тыныс-тіршіліктері, өмірі және әдет-ғұрыптарымен жан-жақты танысады.

Ақын, ел аралап, жер көріп жүрген шағында, Ирсалум құмында крест тағушылардың қолына түседі. Оны олар Алеппонның бір саудагеріне сатып жібереді. Саудагер оны өзінің шолжақай, қыңыр мінезді, ерке қызына үйлендіреді. Оның оғаш қылықтарынан әбден мезі болған Сағди, бір амалын тауып, Шам қаласына қашып кетуге мәжбүр болады. Сөйтіп Сағди Ширази өмірдің қиындықтарын көріп, қартайған шағында, 1257 жылы өз еліне қайта оралады. Өз еліне келгеннен соң, өзінің «Сағдинама» атты дастанын жазса, 1258 жылы «Гүлстан» дастанын жазу мүмкіндігіне ие болады. Ақынның «Сағдинама» дастаны кейіншелік «Бостан» деген атпен халық арасында кеңінен тарап кетеді.

Ақын өзінің бұл еңбектерін Шираз қаласының әкімі Бәкир Ибн Сағди (1226–1260) деген кісіге сыйға тартады. Әрі ақыннан бізге, қара сөзбен өлең араластыра жазған «Бес мәжіліс», сондай-ақ, ылғи ғазелдерден тұратын «Таржибанд» деген өлеңдер жинағы да жетіп келген.

Дегенмен ол өзінің шығармашылық жолын ғазелдер жазумен бастайды. Кейін келе «Маснауи» үлгісімен өлең жазуға да ерекше мән береді. «Маснауи» үлгісінде жазылған өлеңдер ылғи да екі тармақты болып келеді: Онда өмірлік мәні бар терең ойлар қозғалады. Әрі, онда тәлімдік – тәрбиелік мәселелер көтеріледі.

Мәселен ақын:

Құдайдан қорыққанға тізгін бер де,
Өзіңнен қорыққанға бір күн сенбе.

Немесе:

Турашыл пенде ғана Құдай деген,
Дарға да шындық үшін шыдайды ерен.

яки болмаса:

Өзіне ғұмыр бойы еңбек еткен,
Жаны адал достарыңды сүй құрметпен, —

дейді ақын.

Сағди поэзиясы Еуропаға XVII ғасырда, белгілі жиһан-гез Адам Олери арқылы жетіп барады. Ақынның «Гүлстан» атты дастаны Француз тіліне 1634 жылы, неміс тіліне 1635 жылы аударылып, олардың рухани игілігіне айналады. Аталмыш дастан 1651 жылы латын тілінде басылып шығады.

Сағди шығармаларының игі әсерлерін біз, Абай шығармаларынан да анық байқай аламыз. Мәселен: Сағдидың «Бостан» дастанында көтерілген адамгершілік идеялары Абайдың «Алла деген жеңіл сөз», «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңдері мен 38-қара сөзінде көтерілген ой түйіндері іштей жымдаса түсетіндігін анық аңғаруға болады. Онда ой тұтастығы, пікір бірлігі байқалады.

Ақын шығармалары қазақ оқырмандары арасына XX ғасырдың 60–70 жылдарында жетіп келді деуге болды. Мәселен, қазақ оқырмандары оның «Бостан» дастанынан 1966, 1973 жылдары бір жөн үзінділерін оқу мүмкіндігіне ие болған болатын. Оның үстіне, 1981 жылы ақынның «Жәннат» («Жеміс бағы») дастанын, белгілі ақын Мұзаффар Әлімбаев қазақ тіліне аударып, «Жазушы» баспасында бастырып шығарған.

Қорыта айтқанда, парсы-тәжік әдебиетінің ұлы тұлғасы Сағди Ширази, бүкіл Шығыс әдебиеті тарихында ерекше орын иелейтін, аса талантты жыр дүлдүлдерінен. Оның шығармалары қазақ оқырмандарының да рухани игілігіне, мәдени байлығына айнала түскендіктен, ақынның үні мен

әуені қазақ халқы арасында да өз шоқтығымен жан-жақты танылған.

Бұл ұлы тұлға — бір халықтың, бір елдің шеңберінде ғана қалып қоятын кемеңгер, дархан дарын ғана емес. Ол бүкіл әлемдік әдебиетте өз шоқтықтығымен жан-жақты таныла түскен данышпан ақын.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сағди Ширазидің өскен ортасы мен ақындығы туралы әңгімелеңдер.
2. Ақын өзінің шығармашылық жолын нелер жазумен бастайды?
3. Сағди Ширазидің өлеңдеріндегі көтерілген негізгі мәселелер қандай тақырыпқа арналған?
4. Ақын шығармалары қазақ оқырмандары арасына қай ғасырдың нешінші жылдарында жетіп келген?





ЖОРЖ ГОРДОН БАЙРОН (1788–1824)



Ағылшын халқының аса талантты ақындарының бірі— Жорж Гордон Байрон. Оның поэтикалық шығармаларының халықшылдығы соншалық, ол — әлем поэзиясының жарық жұлдызына айналған аса талантты ақындардың бірегейлерінен.

Байрон 1788 жылы, тың жоқжұқана барынша кедей, ағылшын — Лордтың отбасында дүниеге келіп, 1824 жылы 36 жасында дүние салады.

Ал «Лорд» — деген сіздің негізгі мағынасы, ағылшын аксүйектерінің ең жоғарғы дәрежедегі бектік белгісі деуге болады. Яғни, Лордтар палатасы негізінен «Жоғарғы үкімет» деген мағына береді.

Аса талантты ақын, 1812 жылы алғаш рет Лордтар палатасының мінбесінде тұрып сөз сөйлейді де, онда сана-сезімі оянбаған қарапайым халықтың қанауда, зорлық-зомбылықтың астында екендігін ашық айтады.

Сөйтіп, тұңғыш рет еңбек адамдарының, жұмысшы табының мұңын жоқтаған аса талантты ақын, өз өлең жолдарын да, қарапайым халықтың мұңын мұндап, жырын жырылайды. Бұл — бұрын-соңды болмаған ұлы жаңалық, бірден-бір асқан ерлік деуге болады.

Байронның алғашқы саяси қайраткерлігі, оның өлең жолдарынан осылай басталады. Сондықтан да Байронды, күні бүгінге дейін Еуропадағы төңкерістік поэзияның, жаңалықтың жаршысы деп таниды.

Ұлы ақынның өлеңдері көркемдігімен, ғажайып сыршылдығымен оқырман жұртышылықты өз жетегіне үйіре түседі.

Ол — асқан сезімтал сұлулыққа жаны құштар, барыныша сыршыл да сыншыл ақын болған. Оның үстіне көп саяхат жасаған ақын, бірталай елді аралай жүріп, олардың табиғатын, халықтың ыстық мейірі мен сезімтал ойларын тебірене жыр жолдарына емірене қоса түскен. Тіптен, махаббаттын, сүйе білу сезімінің тамаша түйдектерін шынайы жыр жолдарында аса шеберлікпен жырлай түскен. Мәселен ақынның, «Корсар», «Мазепа», «Чаиль Гарольдінен», «Гяур», «Манфред», «Авидосе қалыңдығы» сияқты поэмалары тек ағылшын әдебиетінде ғана емес, әлем поэзиясында ерекше орын алады.

Сондықтан да ұлы ақынның өлеңдерін, 1965 жылы ақын Ғафу Қайырбеков қазақ тіліне аударып, «Жазушы» баспасынан шығарған болатын. Оған ұлы ақынның «Еврей саздары», «Бақыттысын», «Кадикстің қыздары-ай», «Бас сүйегін жасаған, тостағандағы жазу», «Жылармысын», «Еске алмашы» деген сияқты т.б. шығармалары енгізілген.

Қорыта айтқанда Жорж Гордон Байрон — ағылшын әдебиетінің ірі тұлғасы, аса талантты ақыны ғана емес, ол бүкіл әлем әдебиетіндегі поэзия жанрының дамуына өзінің тамаша үлесін қоса білген шынайы талант иесі десек, ол артық айтқандық та, асыра мақтағандық та емес. Ол — бірден-бір шындық.

ҚЫЗ ПАТШАСЫ — ЖАЛҒЫЗ СОЛ

Қалай құдірет жаратады пендесін, —
Дер едің сен, көрсең сұлу бейнесін.
Оның әсем жанарының түбінде,
Түн жұлдызы, сәулесі бар күннің де.
Сол екеуі бір қосылған шақта сен,
Одан асқан ешбір нұрды таппас ең.
Қара бұрым ақ денеге жарасқан,
Бар тұлғада сол екі нұр таласқан.
Егер оның қара түсін молайтып,
Жарық түстің сәл азайтсақ сәулесін,
Мына ғажап сұлулықты жоғалтып,
Жояр едің әсемдіктің әммесін.
Жанар беті, жанар жүзі, біл түсін,

Ерінінде ояу тұрған күлкісін,
Тыныш тірлік, тұнық өмір, мөлдір жан,
Пәк көңілін асыл ойға шомдырған.
Онашада өскен қалпы гүл атып —
Қол тимеген сәбилігің тұр айтып.

ЖЕРДЕГІ ПАТША, КӨКТЕГІ ҚҰДАЙ ЕРКЕСІ

Жердегі патша, көктегі құдай еркесі,
Өмірші-ақын арфасы тынды ал бүгін.
Ең ұлы жүрек егіле жылап жерде осы,
Қасиетті көз жас тігіп те бітті барлығы
Арфада шек жоқ, еселе көздің жаңбырын
Құлағын, көңілін түк қозғамас, селт етпес.
Темірдей жандар тебіреніп еді бір соған
Оларға ерлік, күш беріп еді мерт етпес,
Сол әсем үнмен солардың жаны жұмсаған
Дәуіттің жыры, таласар күшпен кім саған!
Жырлады арфа патшаның жеміс күндерін
Жырлады көкте тәңірінің даңұын асырып.
Шарлады асыл аймақтың бәрін сол бір үн
Жылжыды таулар, жылжыды емен бас ұрып.
Сол өлең шіркін көкте де тұрды асылып,
Сол өлең енді естілмес жердің бетінен.
Тек қана биік сенім мен серік махаббат
Сол жырдың шыққан жеріне жетіп еркімен
Шарықтап барып болады соны асырмақ
Қайтпайды бірақ алғасын менен ол таңдап.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Байрон қандай отбасында дүниеге келген?
2. «Лорд» сөзінің мағынасы нені білдіреді?
3. Ақын өлеңдері қазақ тіліне қашан, кім тарапынан аударылған?
4. Ақынның «Қыз патшасы — жалғыз сол» атты өлеңін үйде оқып, сыныпта сыр-сұхбат жүргізіңдер.
5. «Жердегі патша, көктегі құдай еркесі» өлеңінде қандай мәселе тілге тиек етілген?



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. («Мағауияның шығармалары» бөлімі). Алматы, 1967.
3. Дербісалин Ә. Ыбырай Алтынсарин. Алматы, 1965.
4. Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. Алматы, 1964 ж., (Шоқан Уәлиханов» бөлімі).
5. Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар (Абай бөлімі). Алматы, 1964.
6. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1958 («С. Торайғыров» бөлімі).
7. Қалижанұлы У. «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым», Алматы, «Білім», 1998.
8. Қирабаев С. Спандияр Көбеев, Алматы, 1958.
9. Сейданов Қ. «Дархан дарындар». — Т.: 2015.
10. Сейданов Қ. «Абай абадияти». — Т.: «Чўлпон» баспасы, 1995.
11. Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың өмірі мен шығармашылығы. Алматы, 1966.
12. «Қазақ әдебиеті» 10-сыныпқа арналған оқулық. Алматы, 2005.
13. «Шәкәрімтану мәселелері» сериялық тағылымдық жинақ. 2-т. Алматы «Раритет», 2007.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Шоқан Уәлиханов.....	9
Ыбырай Алтынсарин.....	19
Абай Құнанбаев.....	32
Шәкәрім Құдайбердіұлы.....	71
Мағауия Абайұлы Құнанбаев.....	91
Ақан Қорамсаұлы.....	96
Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев.....	107

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті

Ахмет Байтұрсынов.....	117
Міржақып Дулатов.....	125
Жүсіпбек Аймауытов.....	144
Спандияр Көбеев.....	158
Сұлтанмахмұт Торайғыров.....	174
Сәбит Дөнентаев.....	201

Туысқан халықтар әдебиеті үлгілерінен

Захириддин Мұхаммед Бабыр.....	221
Нұрмұхаммед Андалиб.....	228
Әжінияз Қосыбайұлы.....	233
Тугелбай Сыдықбеков.....	240

Әлем әдебиеті үлгілерінен

Сағди Ширази.....	246
Жорж Гордон Байрон.....	250
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	253

**Qaldibek Seydanov,
Serik Qirabayev,
Aytmurat Bektayev Urazbayevich**

ADABIYOT

O'rta ta'lim muassasalarining 10-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

1-nashri

*Редакторы **Ө. Байқабылов***

*Тех. редакторы **Е. Толочко***

*Дизайнері **Н. Адилханова***

*Корректоры **Д. Бектаева***

*Компьютерде беттеген **Г. Азизова***

Лицензия нөмірі АІ № 163. 09.11.2009. Басуға 2017 жыл 9 тамызда қол қойылды. Пішімі 60×90^{1/16}. Times KAZ гарнитурасы. Кеглі 11. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 16,0. Есептік баспа табағы 14,35. Таралымы 5321 нұсқа. Келісім № 99—2017. Тапсырыс № 17-593.

Макетті әзірлеген Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің Чұлпон атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-10-45. Факс: (371) 244-58-55.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «O'zbekiston» баспа-полиграфиялық шығармашылық үйінде басылды. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Сейданов, Қ.

С 31 Әдебиет — [текст]: 10-сыныбы үшін оқулық/Қ. Сейданов, С. Журабаев, А. Бектаев. — Т.: Чулпан атындағы БПШҮ, 2017 — 256 б.

ISBN 978-9943-05-985-6

**УЎК 821.512.122(075)
КБК 83.3(0)я721**

***Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын
көрсететін кесте***

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерийі негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.